

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Е.С. БЕЛГІБЕКОВ

**ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

Талдықорған 2013

УДК 341(075)
ББК 67.401.1 я73
Б41

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған (26.06. 2013ж. № 5 хаттамасы)

Пікір жазғандар:

Сабыкенов С.Н. заң ғылымдарының докторы, профессор
Сериев Б.А. заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Белгібеков Е.С.

Б41 Жедел-іздігіру қызметінің негіздері: оқу құралы./ Е.С. Белгібеков
–Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013. **-267 б.**
ISBN 978-601-216-202-8

Оқу құралында «Жедел-іздігіру қызметі» туралы Заң және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де Конституциялық заңдары, нормативтік құқықтық актлері негізінде Жедел-іздігіру қызметінің саласы тұжырымдалып, білім саласы ретінде талданады. Оның ішінде Жедел-іздігіру қызметі жүйеленген түрде сала салаға бөліну арқылы маңызы ашылып, құқықтық негіздері мен қағидалары көрсетіліп, негізгі түсініктері арқылы бағыттары мен оның жұмысындағы қамтылатын ауқымы және мақсаты көрсетілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы «құқықтану», «құқық қорғау органдары қызметі», «кеден ісі» және «халықаралық құқық» мамандықтары студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ оқытушыларға, құқыққорғау органдарының басқарушыларына, жедел іздігіру қызметкерлері мен арнаулы қызмет, анықтау, тергеу, прокуратура, адвокаттық қызмет өкілдеріне және өз бетінше ізденушілерге арналып жазылған.

УДК 341(075)
ББК 67.401.1 я73

ISBN 978-601-216-202-8

© Белгібеков Е.С., 2013
© «Жетісу университеті» баспа бөлімі. 2013

КІРІСПЕ

Адам және азаматтардың құқығы мен бостандығы, оның пайда болғанынан бастап адамзат баласының назарынан тыс қалған емес. Өртүрлі соғыстар, мемлекеттердегі төңкерістер мен көтерілістер және де қоғамдағы ішкі қайшылықтардың себептері көбінесе жекелеген адамдар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелері болып табылады. Оның нәтижесі, қазіргі әлемдегі, яғни демократиялық құндылықтар жатқан өркениетті елдергі өзгерістерге қарасақ, олардың барлығы адам ойының дамуы мен қоғамның алға басуына түрткі болған күштер екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасында адам және азаматтар құқығы мен бостандығын сақтау кепілі заңмен, оның Конституциясымен және Президентпен қамтамасыз етіледі. Конституциялық құрылыстың негізгі мақсаты адам құқығы, бостандығы мен құрылған мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қорытындыланады. Демократиялық мемлекет ретінде саналуға талпынған елдің бірде біреуі өз Конституциясында адам құқықтарының нақты тізбесін жазбауы мүмкін емес. Адам құқығы әр мемлекетте өнегелі, саяси билеуші бола отырып заңдылық үлгіге ие болады және конституциялық құқықтың маңызды институты болып қалыптасады. Негізгі адам құқығы ретінде мемлекеттің Конституциясы мен адам құқығы бойынша халықаралық-құқықтық құжаттардағы аталған құқықтар деп түсіну қажет. Егерде, мемлекет Конституциясына адамның қандайда бір негізгі құқығы кірмей қалса, ол осы мемлекетте оның конституциялық құқығы бекітілмеген деп танылуы тиіс. Себебі, адам құқығы саласындағы халықаралық құқық көпшілікке танылған және приоритетті болып табылады. Қазақстан қоғамы дамуының алғашқы кезеңдері батыл құқықтық реформаларды жүзеге асырумен, өмір сүру салалар деңгейін жан-жақты демократизациялаумен және жариялылықтың орын алуымен сипатталып келеді. Бірақ, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы оны дамытатын үрдістермен қатар, оның көріністерін тежейтін мән-жайлармен де сипатталады. Мысалы: инфляция, жұмыссыздық, қоғамдағы әлеументтік деңгейді нашарлататын жағдайлар, құқықтық сананың төмен болуы, қылмыстың өсуі, оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстардың, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлықтардың пайда болуы, осыларға сәйкес іштен және сырттан төнетін қауіп-қатерлер, қалыпты, дүние жүзі мойындаған діндердің шегінен шығатын, адам құқықтары мен бостандықтарына теріс ықпал етіп араздық тудыратын мән-жайлар, мемлекетке, оның Конституциялық құрылысына, шекарасының тұтастығына қауіп төндіретін барлау-бүлдіру әрекеттері тағы басқалар. Қазақстан Республикасының Ата заңы – Конституция мемлекетті бірінші кезекте қылмыстық қол сұғушылықтан ғана емес, сондай-ақ құқықты қолдану әрекеттерін жүзеге асыратын лауазымды және заңды тұлғалардан азаматтарды, оның өмірі мен бостандығын қорғайтындығын жария етеді [1].

Қылмыспен күресуді айта отырып Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Заң үстемдігін орнатып, азаматтарды қылмыстықтан қорғау қажет...заңға қайшы әрекет арқылы күн көріп жүрген адамдарға қарсы заңның және биліктің бар күшін қолдануға ат салысу керек» - деп атап айтқан [2].

Жедел іздестіру қызметі - қылмыстылықпен күресудегі ең нәтижелі көп тараған әдістердің бірі. Жедел іздестіру қызметінің сапалылығы көбінде құқық нормаларының толықтығына, жан-жақтылығына байланысты. Нормативтік актілердің орындалуын қатаң сақтау арқылы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелік базаны дамытуға болады.

Сонымен қатар Жедел іздестіру қызметінің ерекшелігі, жасырын, тұмшаланған - аңыздалған сипаттағы жедел іздестіру шаралары, азаматтармен жария емес қатынас орнату, жедел іздестіру шараларын жүргізу барысындағы елеулі мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы үкіме-тінің қаулысында құқық қорғау органдарына нақты талаптар қойылады. Яғни, қоғамдағы маңызды орын алатын қылмыстармен күрес жүргізіп, оларды дер кезінде ашып және оларды туындататын себептерді анықтауда олардың әрқайсысының алдына нақты міндеттер қойылады. Осылар толығымен қазір болып жатқан қоғамдағы өзгерістермен тікелей байланысты болып келеді.

Жедел-іздестіру қызметін пайдалы мақсаттарға жетуге бағыттай отырып, заң шығарушы адам мен азаматтың мүддесіне: өміріне, денсаулығына, құқығы мен бостандығын қорғауға ерекше көңіл бөліп қараған.

1994-жылы қабылданған «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңға сәйкес жедел-іздестіру қызметі аталмыш заңның 3-ші бабында көрсетілген заңдылық; құқық пен бостандықты сақтау, жеке тұлғаның ар-ожданын сыйлау; азаматтардың заң алдында теңдігі сияқты жалпы құқықтық қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Бұл қағидалар жедел-іздестіру қызметі саласында, атап айтқанда қылмысты анықтау, алдын-алу және ашу барысында туындайтын жетекші идеялар мен негізін қалаушы бастамалар болып табылады. Жедел-іздестіру қызметінің субъектілері азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзбау үшін жедел-іздестіру қызметін қандай шекте іске асыру керектігін нақты орын алуы тиіс. Яғни, «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңның 15-бабында конституциялық талаптардан туындайтын, жедел-іздестіру қызметінде тікелей сақталуға тиіс шектеулер атап көрсетіледі [3].

Практика көрсетіп отырғандай, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру процесі кезінде, атап айтқанда арнайы жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында жедел-іздестіру ақпараттарын алуда, қылмыс жасады деген күдіктіні құрықтауда заңдылықтар бұзылып жатады, соның салдарынан құқық қорғау органдарының іс-қызметіндегі конституциялық қағидалар бұзылып, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру саласындағы азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделері іс жүзінде қамтамасыз

етілмейді. Сондықтан, Заң құқық қорғау органдары жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында жедел қызметтердің маңызды бағыттары ретінде азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтау туралы талаптарын ескерген.

Арнайы жедел-ізвестіру шараларын пайдалану бір жағынан ең қауіпті және жасырын қылмыстардың алдын алу мен ашуда тиімді, екінші жағынан жасырын жүзе асатындығымен қандай да бір дәрежеде азаматтардың Конституциялық құқықтарына әсер ететіндігімен көрінеді.

Осыған байланысты, жеке азаматтар мен жекелеген адамдардың Конституциялық құқықтары пен бостандықтарына нұқсан келтірмеу үшін, Жедел ізвестіру мүмкіндіктері қылмыспен күрес және оны жасауға қатысы бар деген нақты күдіктілерге ғана қатысты қолданылуы тиіс. Олардан басқа да шешімдерді шешу үшін, соның ішінде қызметтік міндеттерден тыс пайдалану тұлғаның құқығы мен бостандығын дөрекі бұзу болып табылады. Прокуратура органдарының жұмысы өзіне жүктелген салаға сәйкес негізінен қылмыстық сот жүргізу саласына тартылған адам құқығын қорғау, жасырын қылмыстарды анықтау, ізге түсу органдарының процессуалды шешім қабылдауының заңдылығын тексерудің дер кезінде және нәтижелі болуы сияқты жұмыстың тиімділігімен бағаланады [4].

Жалпы жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау сияқты құқықтық қағидалар тікелей практикалық іс-шарада міндетті жақтың бірі болып келеді. Олар жедел-ізвестіру қызметін реттейтін барлық нормативтік актілерде орын тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 34-бабында (2002 жылдың 9-тамызындағы № 346-шы толықтырулар мен өзгертулерді ескере отырып) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында және жедел-ізвестіру шараларын жүргізуде адам және азаматтың құқықтары мен бостандығын, сонымен қатар қолданылатын нормативтік актілер мен жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға уәкілетті органдар мен тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығының сақталуын қадағалау болып табылады [4].

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңының 25-бабының 2-тармағында прокурор жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында қандай да бір заң бұзушылық анықталған жағдайда өз қаулысымен жедел-ізвестіру шараларын тоқтата алатындығы тікелей көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңның 5-бабында «Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау» жөніндегі мазмұнында жедел-ізвестіру шараларын және алынған ақпаратты Заңда қарастырылмаған басқа мақсатқа пайдалануға жол берілмейтіндігінің куәсі болып табылатындығын көрсетеді [3].

Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттері азаматтардың өмірін, денсаулығын, заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауда, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін және оның экономикалық дамуын, қорғаныс

әулеттілігі мен мүмкіндігін қамтамасыз етуге көмектесуде, қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және ашуда көрініс береді. 1994 жылы қабылданған ҚР “Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңының негізгі айырмашылық белгісі болып жедел іздестіру қызметін жүргізіп орындау барысында азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын қорғау институттары болып табылады. Заң қабылдаушы 3 бап-та ЖІҚ-нің қағидаларын бере тұра жоғары құқықтық нысанда бір қағиданы катал тәртіпте ұстауды ұсынды. Ол - тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидасы. Өйткені, жедел іздестіру қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрлі нысаны бола тұра, жоғары дәрежеде максималды негізде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтап қарауды талап етіп, міндет жүктейді.

1. Жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында берілген мақсатқа жетуде Заңға қайшы түрде алынған ақпараттардың заңды күші болмайды. Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органның әрекеттері жоғары тұрған органға, сотқа немесе прокуратураға шағымдануға жатады. Бұндай жағдай Заң мәтінінде көрініс тапқан, яғни Конституцияның 13 бабына негізделе ҚР-ның әр азаматы өз құқығы мен бостандықтарын қорғау мақсатында сотқа шағымдана алады [1].

Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органдарға немесе қызметшілерге шағымдану олардың Конституциямен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарына келесідей нұқсан келтірген кезде, яғни жеке басына қол сұқпаушылық, отбасы құпиясына, ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу, жеке жинақтар мен қорларының құпиялығын бұзу, хат, телеграф, телефон байланыстарын оқып тыңдау, жеке тұрғын үйіне қол сұқпаушылық және басқа да көптеген құқыққа, заңға қайшы іс-әрекеттер орын алған кезде жүзеге асырылады.

Осындай көптеген негіздерге байланысты ҚР Президентінің 1994 жылдың 26 қазанында қабылдаған “Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі” туралы жарлығына сәйкес, азаматтардың арыздар мен шағымдарын қарау мен қабылдау туралы нұсқау қабылданған [5].

БІРІНШІ ТАРАУ

Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы ғылымның бір саласы ретінде

Сұрақтар:

1.1 Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы ғылымның бір саласы ретінде

1.2 Жедел-ізвестіру қызметінің заң ғылымдарымен арақатынасы

1.3 Жедел ізвестіру қызметінің басқа да ғылымдармен байланысы

1.1 Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы ғылымының бір саласы ретінде

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, жеке мемлекет құрып өзін құқықтық және демократиялық мемлекет деп жариялады. Қоғамда көптеген экономикалық, саяси тағы басқа өзгерістер орын алды. Әлеуметтік салаға өзгерістер енгізілді, нарықтық экономиканы, көппартиялық жүйені қалыптастырды.

Әр мемлекеттегі қоғам түрлі әлеуметтік топтар мен таптардан тұрады, олардың арақатынасын реттеу мемлекеттің міндеті, олай болса оның негізгі мақсаты сол қоғам үшін, оның дамып өркендеуі үшін қызмет ету. Қоғамдағы пайда болатын қатынастарды, қайшылықтарды реттеу, жөнге салу мемлекеттің ісі. Мұнымен қатар мемлекет басқа мемлекеттермен санқырлы қатынастарға түседі, өзінің тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын, өз шекарасын, Конституциялық құрылысын басқа мемлекеттердің қол сұғуынан қорғауға, олар тарапынан орын алуы мүмкін барлау-бүлдіру әрекеттеріне қарсы тұра алуы тиіс. Аталған мән-жайлар мемлекеттің өзін-өзі қорғау функциясы болса, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау мен қылмыстың алдын алу, оны болдырмау шараларын іске асыру да мемлекетке жүктелген. Бұл мәселелерді шешу үшін арнайы мемлекеттік органдар құрылып, оларға белгілі бір міндеттер жүктеліп, құқықтар беріліп, алдына қойылған тапсырманы шешу үшін арнайы күш пен құралдар берілуі қамтамасыз етілуі тиіс. Осы аталған және тағы басқа мәселелерді шешуде жедел - ізвестіру қызметінің маңызы зор

Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы - білімінің дербес саласы сияқты құрылуының негізін зерттеу 60-шы жылдарға тән. Осы ғылымның дамуына өз үлестерін қосқан Б.Е. Богданов, Д.В. Гребельский, А.Г. Лекарь, В.А. Лукашов, С.С.Овчинский, В.Г.Самойлов, Г.К.Синиловтардың еңбектеріне үлкен мән беріледі[6].

Аталған ғалымдардың шығармашылық ізденулерінің нәтижесінде, жедел-ізвестірудегі бөлек мәселелерді өңдеуде жетілдіру жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы пәнін құруға, олардың құрылымдық элементтерін

анықтауға, қалыптасуына және бір жүйеге келтірілуіне мүмкіндік берілген. Қазіргі таңда жедел-ізвестіру қызметтері теориясы дербес бөлімнің жүйесі сияқты орындалады. Сонымен бірге, ол заң ғылымдарының жүйесі астындағы, оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Нақты-жеке заңдар жалпылық дәреже бойынша әр түрлі. Біреулері бүтіндей бір жүйелерді қамтиды және жалпы теориялық ғылымдарды зерттеу пәндерін құрады, ал басқалары - тек қана шын болмыстағы жекелеген, бөлек пәндерді зерттеп, қолданбалы және салалық ғылымдарды зерттеу пәндері ретінде шығады.

Ғылыми және басқа да ғылыми білімдердің жүйелеріндегі жедел-ізвестіру қызметтері теориясының орнын қарастырудан бұрын, жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясының мәнін анықтау қажет.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы - бұл жедел-ізвестіру шараларын тиімді ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті, ғылыми тұжырымдар және ұсыныстар жүйесімен қылмыспен күрес тәжірибесімен құралдандыруға бейімді қылмыспен күресудегі жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың құрылымдары мен жедел-ізвестіру қызметтерінің табысты жұмыс жасауы үшін, құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әдістемелік, кадрлық және алғы шарттық ресурстар мен жағдайларын құрайтын ғылыми білімнің саласы.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің қазіргі теориясын осы қызметтің ұйымдастыру үлгісі туралы білім жүйесін заңда айқындалғандай және Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының 2 бабында анықталған міндеттерді шешуге бағытталған, жедел-ізвестіру шараларды жүзеге асыру әдісінің ғылымға негізделген әдістемелігі деуге болады.

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының 5-бабы: заңда көрсетілген, міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталса, онда нақ солардың өздері, яғни міндеттер мен мақсаттары жедел-ізвестіру қызметі аясындағы теоретикалық зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды [3].

Бұл зерттеулердің мақсатты бағыттары өмірді, денсаулықты, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның меншігін, қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғудан қорғау үшін жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру әдістері және ұйымдастыруды жетілдіретін, заңмен тұжырымдалған, төменгілердей бөліктерден тұрады:

- өмірді, денсаулықты, құқықты, бостандықты, азаматтардың құқықтық мүдделеріне және меншіктеріне заңға қайшы қол сұғуда (түрлеріне байланыссыз) қорғау;

- мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық, әлеуметтік жағдайы мен қорғаныс қабілеттілігін бекітуге жәрдемдесу;

- қылмысты ашу және тыю, алдын алу, табу;

- анықтаудан, тергеуден, әкімшілік жазадан және соттан жасырынушы, қылмыстық жазадан жалтарушы адамдарды, із-түзсіз жоғалып кеткен

азаматтарды және заңда қаралған басқа да тұлғаларды іздестіру бойынша шараларды жүзеге асыру;

- халықаралық ұйымдар және шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекеттерінің алдын алу, ескерту, тыю және ашу;

- Қазақстан Республикасының Президентінің және басқа да қорғаудағы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және басқа да заңның қорғауындағы құпияларды құрайтын мәліметтерді сақтаумен қамтамасыз ету; коммерциялық құпияларды қорғауда (меншіктің түрлеріне қарамастан), ұйымдарға, мекемелерге және кәсіпорындарға жәрдемдесу;

- бас бостандығынан айыру орындарында, қылмыстық-атқару заңымен белгіленген режимді қорғау;

- жедел-іздестіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, жедел-іздестіру қызметтерінің теориясы заңдық аймақта нақты анықталып негізделеді.

Бұлардан басқа, «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 3-бабындағы заңмен тұжырымдалған жедел-іздестіру қызметінің қағидалары ғылыми өңдеуге жатқызылады: заңдылықты, бостандық пен құқықты сақтау, жеке тұлғаның абыройын сыйлау, заң алдында азаматтардың теңдігі, құпиясырды сақтау, жарияланған және жасырын тәсілдер мен әдістер, кәсіби этика, оның Заңның 4- бабында көрсетілген құқықтық негіздері, жедел-іздестіру қызметінің тізбесі, оларды өткізудің шаралары мен негіздері (Заңның 10, 11, 12 баптары), жедел-іздестіру қызметінің қорытындыларын қолдану (Заңның 14 бабы) және т.б.[3].

Жедел-іздестіру қызметтерін ретеуші, заңнамалық нормалар мен құқықтық негіздер жүйелі түрде талдана отырып, жедел-іздестіру қызметтерін жүргізу тәсілдері мен оны ұйымдастыру мәселелері төңірегіндегі нормативтік-құқықтық реттеу тәртібін белгілеу, бұл заңда айқын көрсетілген құқықтық сипаттың қамтамасыз етілуі, ал жедел-іздестіру қызметінің теориясы заң ғылымдарының келешектегі зерттеу бағыттарының біреуі бола бермек.

Жедел-іздестіру қызметінің теориясы өзінің гносеологиялық мәні бойынша, мақсаты мен ғылыми зерттеулердің тәсілдеріне және оның қорытындыларын тәжірибелік қолдану бойынша заң ғылымдары жүйесінде ерекше құрамдас бөлік болып табылады. Оның толықтай тәуелсіздігі бар, ғылыми білім салаларының ешқайсысымен қамтамасыз етіле алмайтын, қылмыспен күрес тәжірибесінде өзіндік орны бар. Ғалым А.Г. Маркушин өзінің докторлық диссертациясында, «жедел-іздестіру қызметтерінің теориясы нақты аймақтың бүтіндей ғылыми жүйесіне тән, барлық жақтарына ие және заң ғылымдарының дербес қолданбалы түрінде орындайды» - деп көрсеткен [6].

Әрбір ғылымның заты болып тәжірибелік жұмыстарда қолдану мақсатымен зерттеуге және тануға жататын, заңдардың нақты объективті шеңбері болып табылады.

Жедел-іздістіру қызметтерінің әртүрлі аймағындағы тұрақты үрдістерді және заңдылықтарды зерттеу - қара бастың қамы емес, заңды қатаң сақтай отырып, қылмыспен тиімді күресуді қамтамасыз ететін, жедел-іздістіру қызметінің қазіргі ғылыми дәлелденген ұйымдастырушылық тәсілдері және түрлері туралы түрлі деңгейдегі ғылыми біліммен іскер қызметкерлерді құралдандырушы және басты мақсатқа жеткізетін әдістемелік құрал.

Жедел-іздістіру қызметі теориясының пәні бойынша объективті заңдылықты зерттеп, сонымен қатар соның негізінде қылмыспен күресудің нақты жетілдірілген пайдалы тәсілдерін өңдеп енгізу. Сондықтан, жедел-іздістіру қызметі теориясының пәндік аса маңызды элементі қылмыспен күресудің міндетін шешуде оның тиімділігін арттыру шараларын өңдеп жетілдіру болып табылады.

Осы түрмен, жедел-іздістіру қызметтерінің теориясының пәніне және жедел-іздістіру қызметтеріндегі құрылымдық-міндет қылмыспен күресудегі міндеттерді уақытында шешумен қамтамасыз етуге бекімді, жедел-іздістіру шаралары және ұйымдастырушылық-басқарушылықтың комплексті жүйесі секілді; мазмұнға тікелей түрде әсер ететін қылмыстың құқықтық, криминологиялық және криминалистикалық аспектілері, ішкі істер ортаның криминогендік және криминогенге қарсы жағдайлары мен жедел-іздістіру шараларының сипаты және оларды жүзеге асырудың тактикалық және ұйымдастырушылық түрлерін анықтау кезеңдерін кеңінен қою мына төмендегідей:

- жедел-іздістіру қызметтері аймағында пайда болған құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық қатынастар;
- жедел-іздістіру қызметтерінің құқықтық негіздері;
- тактика және ұйымдастыру түрлерін дамытудың келешектегі шаралары, қылмыспен күресудегі жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру.

Жедел-іздістіру қызметтері теориясының пәнін белгілей отырып, зерттеуге жататын, нақты мәселелерді ашу үшін ерекше маңызды, қаралатын ғылыми пәннің міндеттерін де анықтауға болады.

Жедел-іздістіру қызметтері теориясының басты міндеттеріне мыналар жатады: ғылыми тәсілдермен әр алуан жедел-іздістіру тәжірибесінің процесін және құбылыстарының қайталанушы және тұрақты байланыстарын ашу және осы негізде бұл ерекше білім аймағының негізгілерін өңдеу жедел-іздістіру қызметтері институтының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу; шетел мемлекеттерінің полиция органдарының жедел-іздістіру қызметтерінің теориясы мен тәжірибесін зерттеу; жедел-іздістіру қызметтерін комплекстік дамыту жолын және құқық қорғау органдарының қызметтерінің басқа да байланысы бар бағыттарын өңдеу; жедел-іздістіру қызметтерінің ұйымдастырушылық-құрылымдық мәселелерін зерттеу, жедел-тактикалық және ұйымдастырушылық-

басқарушылық шараларды тиімді үйлестірудің негізінде дамытудың оңтайлы жолдарын іздеу; озық жедел-ізвестіру тәжірибесін зерттеу және осы негізде түрлі жедел жағдайларда тәжірибелік жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруды және ұйымдардың пәрменді тәсілдерін өңдеу; жедел-ізвестіру қызметтерінің құқықтық аспектілерін зерттеу, ЖІҚ нормативтік тәртіптеу әдістерін өңдеу және құқықтық негіздерді оқу; жедел-ізвестіру қызметтерінің ақпараттық аспектілерін зерттеу, қылмыспен күрес сферасында жасырын күш, құралдар және тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылатын, ақпараттық-іздеу жұмыстарының техникалары мен тәсілдерін, ұйымдастыру мәселелерін өңдеу; жедел-ізвестіру қызметтерінің психологиялық аспектілерін зерттеу, соның ішінде комплекстік жедел-ізвестіру шараларына қатысушылардың байланысқан (бірлескен) қызметтерінің психологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар, қылмыспен күресу міндеттерін шешу кезінде көңіл қоятын құқық бұзушының психологиялық мінездемесін зерттеу, жедел-ізвестіру тәжірибесі үшін психологиялық және тактикалық түрдегі лайықты мінездемелерді өңдеу; құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жоғары құқықтық санада тәрбиелеу, қылмысқа және құқық бұзушыларға төзбеушілік қатынастарын, қылмыспен күресте қойылған міндеттерді орындауда қоғамның алдында жауапкершілігін және қоғамдық борышын жоғары сезінуге тәрбиелеу.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы құқық қорғау органдарының, жедел аппараттардың және құрылымдардың басшыларын, жедел-басшылық құрамды тиімді және ғылыми дәлелденген ұсыныстармен қамтамасыз етуі, заңның талап етуіне жауап беретін, қылмыспен күресудің құралдары мен тәсілдерін, қолайлы мақсатқа сәйкес жедел-ізвестіру күштерін пайдалануда жәрдемдесуі қажет. Бұл жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясының тәжірибелік бағыттары теорияның және практиканың диалектикалық біртұтастығын қамтып көрсетеді. Соңғысы заңдылықты, қағидаларды және теоретикалық түзілістерді ғылыми зерттеудің қорытындысында тұжырымдалған шыншылдық өлшеміне қызмет етуші ғана емес, теорияға, оның одан әрі дамуының негізгі бағыттары мен келешегін анықтай отырып, оның дами беруіне ықпал етеді.

Жедел-ізвестіру қызметтері теориясының құқықтық сипаттамасы оның қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік құқық, қылмыстық-атқару құқығы, криминология, криминалистика және басқа да құқықтық және құқықтық емес ғылымдармен байланысын зерттеген кезде анық көрсетіледі.

1.2. Жедел-ізвестіру қызметінің заң ғылымдарымен арақатынасы

Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы құқықтың бөлек салаларының қызметі мен мазмұнын зерттеу пәні болып табылатын, заң ғылымдарымен тығыз қарым-қатынаста екенін ерекше атап өткен дұрыс. Ол қылмыстық құқық ғылымымен тығыз байланыста.

Жедел-іздестіру қызметінің қылмыстық құқықпен тығыз байланыстылығы, ол қылмыстық құқықсыз мағынасыз екенін ескерген дұрыс. Қылмыстың не екенін, қылмыстың субъектілері болып кімдер табылатынын тек қана қылмыстық құқық қана анықтайды, былайша айтқанда, қылмыстың барлық белгілерін, оны жасайтын немесе дайындауға қатысы бар тұлғаларды анықтауға бағытталған жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыратын шеңбердегі бастапқы түсініктерді заңнамалық тұжырымдау және заңда қаралған жауапкершілікке тартумен қамтамасыз ету оның негізгі бағыты [6,7].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жедел-іздестіру қызметтері үшін оның мақсатты мен мазмұны ашылады. Сол сияқты, (қылмыстың алдын-алу, ескерту және ашу, сонымен қатар, тергеу органдарынан, соттан және тергеуден жасырынып жүрген, қылмыстық жазадан жалтарушы және із-түзсіз жоғалып кеткен тұлғаларды) іздеу процесіне қажетті ақпараттық және оларды іздестіру тәсілдерін қолдану арқылы жететін жедел-іздестіру қызметтерін айтуға болады

16 шілде 1997 жылы қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жедел іздестіру қызметінің құқықтық негіздерінің дамуына үлкен ықпалын тигізді. Олар: Жедел-іздестіру қызметтерінің қылмыстық-құқықтық алғышарттары; мақсат пен негізгі міндеттің бір тұтастығымен; жедел-іздестіру қызметтерін реттейтін нормативтік-құқықтық және қылмыстық заңның ережелерінің өзара байланысымен; қылмыстық заңның жедел-іздестіру шараларының бағыттарымен тығыз байланысымен тек қана қылмысты жасаушы немесе жасауға дайындалушы, қылмыс жасауға ниеттенген адамдарға қарсы; қылмыстық құқықтың маңызды институттарымен және жедел-іздестіру қызметтерінің мазмұнымен, ішкі мазмұнның арасындағы қайшылықтардың жоқтығымен; жедел-іздестіру қызметінің сапасы және қылмыстық заңның деңгейін толық және өз уақытында жүзеге асыруға ықпал етуімен көрінеді[8].

Қылмыстық іс жүргізу процесінің және жедел-іздестіру қызметінің теориясының өзара қатынасына жүргізілген талдау, сонымен бірге ғалымдардың пікірлері заңмен белгіленген міндеттердің екеуіне де жалпылығын (қылмысты ашуда, ескертуде, бұлтартпауда және табуда) қылмыстың белгілерін көрсететін, жеткілікті мәліметтердің жоқтығы жағдайында, қылмыстық процесті ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздестіру шараларын жүргізу дәлелдемелер мен мәліметтерді анық және толық анықтауға мүмкіндік береді.

Жедел-іздестіру шараларын қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүргізілгендігі және оның заңдылығы, жиналған ақпаратты, хабар мен мәліметтерді жедел-іздестіру шараларының қорытындысын айғақ ретінде қолдануға мүмкіндік береді. 2000 жылы 5 шілдеде қабылданған ҚР «Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңы қылмыстық процесс пен жедел-іздестіру заңының ара қатынасын қамтамасыз еткенін көреміз[9]. Атап айтқанда жедел-іздестіру қызметінің

нәтижесін хаттама арқылы құжаттандыру (процессуалдық дәлелдеу) кезінде және қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды қорғауды қамтамасыз етуде, қылмыстық сот жүргізу міндеттерін шешуде, жедел-іздестіру шаралары және процессуалдық іс әрекеттің ғылыми негізделген үйлесімін қамтамасыз етеді. Даму жағынан жедел - іздестіру құқығы, қылмыстық - процессуалдық құқықтың одан әрі де ықпалын сезінетініне күмән жоқ.

Қылмыстық істер бойынша дәлелдеуде жедел - іздестіру ақпараттарын белсенді қолдану үшін көбірек дамыған қылмыстық-процессуалдық базаны құруға ұмтылыс жасауды, жедел-іздестіру шараларын және оның қоры-тындыларының бағалау мән-жайын дамытуды талап етеді. Басқаша айтқанда, қылмыстық-процессуалдық құқық та, қылмыстық-процессуалдық сипаты бар, жедел-іздестіру заңында бар нормаларды басшылыққа алуды қажет етеді.

Жедел-іздестіру қызметі криминалистика ғылымымен де тығыз байланысты. Бұл байланыстың тарихи сипаты бар. Ғылыми білімдердің интеграциясы мен дифференциациясы заңының ықпалының арқасында, жедел-іздестіру қызметінің теориясы криминалистикадан бөлініп шығып, өзінің ерекше әдістемелік, құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері бар дербес ғылымға айналған.

Қазіргі уақытта жедел-іздестіру қызметінің теориясы мен криминалистика ғылымын олардың қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық құқық, жедел-іздестіру мен криминалистика ақпараттары қызметтеріндегі өзара қажеттілік пен құрылымдық және функционалдық байланыс, қылмыспен күресуде криминалистік, жедел-іздестіру құралдары мен тәсілдерінің тұрақты байланыстары объективті қажеттілігі бойынша қамтамасыз етіліп біріктіріледі.

Сонымен, ҚР «Жедел-іздестіру қызметтері туралы» Заңының 11- бабына сәйкес, жедел-іздестіру шараларының қатарына зерттеу, табу, жасырын белгілеу және заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алу, оларды алдын-ала тексеру үшін, сонымен бірге жедел және криминалистік есеп жүргізулер және қылмыстық тіркеулердің жүйесі бойынша үлгілер мен байқауларды сұрыптаулар енеді. Криминалистік құралдар мен тәсілдерді қолдана отырып, қылмыстық процестің шеңберінен тыс, жасырын және жария түрде жедел-іздестіру шаралары жүзеге асады. Соттық және криминалистік сараптама өңдеген, әдістемелердің көмегімен құжаттар мен құралдарды зерттеу және сұрыптау процесі кезінде заттарды, технологияларды, уақытты, дайындау орны, құжаттарды ұстау мен даярлау орны, оларды орындаушы адамдар, тиражды көбейту құралдары және тәсілдері, олардың теңестірулері: биологиялық объектілері (қан, ұрық, нешетүрлі бөлініс сұйықтықтары, шаштар және т.б.) олардың керек-жарақтары, қылмыспен күресудің міндеттерін шешу қажеттілігімен анықталатын басқа да объектілерін белгілеу туралы ақпаратты алу міндеттері шешіледі. Жасырын белгілеу және заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алу жағдайларындағы криминалистика қорытындылары жедел-іздестіру мақсатында қолданылады, ал ол болашақта қылмыстық істе қолданылуы мүмкін[3,10].

Зерттеу үшін үлгілер мен байқауларды таңдап алу процесі кезінде, сондай-ақ заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алуды жасырын белгілеу кезінде суретке түсіру, дыбыс жазу, дактило көшірме және т.б. қолданылады. Тұлғаларды белгілері бойынша іздеу және бірдейлеу жедел-іздігі шаралары сияқты, сондай-ақ қылмысты жасаушы немесе жасауға қатысты тұлғаларды анықтау мақсатында немесе іздеудегі тұлғалардың түрлері, дауыстары және басқа да белгілерін жасырын тану, іздігі және криминалистік есепте, жедел-анықтамаларда ақпараттық іздігі, сонымен қатар, криминалистикалық - сараптау топтамасында және картотека, компьютерлік тіркеулер бойынша бойынша жүзеге асады [11].

Жедел-іздігі қызметі теориясы анықтамада және криминалистік тіркеулерде, жедел-іздігінің біртұтас жүйесін құру мәселелерін ғылыми өңдеу кезінде көрсетілетін, криминалистикалық ғылыми жетістіктерде кеңінен қолданады.

Қылмыстық ақпараттардың банктері Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының орталықтарында қажетті кезде пайдалану үшін жинақ-талады. Оған қоса, жедел-іздігі қызметінің теориясы қылмыстың даму үрдісі және заңдылығын, оның себептері мен жағдайларын, латенттік, қылмыскерлердің жеке бастарын, детерминация механизмдерін және қылмыстық мінез-құлықты зерттейтін, криминология ғылымымен де тығыз байланысты. Республикада, оның аймағындағы қылмысты зерттеу жедел-іздігі қызметтерін жүзеге асырушы органдарға қылмыстың құрылымын оның динамикалық дамуын дұрыс белгілеу, қылмыс деңгейіне қатысты аймақ-тарды анықтауға мүмкіндік береді; жеке, мемлекеттік, қоғамдық басқа да меншіктің түрлері сферасында қылмыстық қол сұғу құрылымын анықтауға мүмкіндік тудырады.

Бұның бәрі республикада және оның жеке облыстарында жедел-іздігі жұмысын ұйымдастыруға, жедел-іздігі қызметінің субъектісінің на-зарын топтауға және материалдық қаражатты жедел - іздігі қызметінің өзекті бағыттарына, жергілікті жағдайларды зерттей келе, қылмыстың алдын алу және қылмысты ашуға мақсатты бағытта тиімді дифференциалды шара қолдануды қамтамасыз етеді.

Жедел - іздігі қызметінсіз қылмыстың криминологиялық суретін, оның құрылымын және динамикасын терең зерттемей, жекелеген аймақтарда, сол сияқты оның жекеленген бағыттарында (ұйымдасқан, қылмыстық қауымдастық, пайдакүнемдік, сыбайласқандық, зорлық-зомбылық, тұрмыстық қылмыс, жасөспірімдер жасаған қылмыс және тағы басқалар) ғылыми түрде зерттемей ұйымдастыру мүмкін емес.

Криминология мен жедел - іздігі қызметінің арақатынасы көптеген ғалымдардың табанды және мақсатты ғылыми еңбегінің нәтижесінде нығай-ды, олар қылмысты тез жою туралы аңызды жоққа шығарды, кәсіптік қылмыстың жандануын мәлімдеу, ұйымдасқан қылмыстың ұлғаюын және барын дәлелдеу және оның жолын - бағытын көрсету, осы әлеуметтік құбылыстың құралы мен әдісін, қылмыстық латенттік мәселесі, құқық бұзушылық

және жедел- іздеу аппараттарын қылмыспен қарсы күресте кәсіптік табандылық қажеттігін негіздейді.

Соңғы кездегі криминологиялық зерттеулер жедел - іздестіру қызметі теориясы өндірісін қазіргі заман талабына сай құқықтық және ұйымдасқан – тактикалық негізде жедел - іздестіру арқылы қылмыстың алдын-алуға мүмкін-дік береді.

Жедел-іздестірудің алдын-алу сипаты жедел - іздестіру аппаратының қызметінің жабық түрдегі ерекшеліктері, тұлғаға қылмыс жасауға жол бермеуі, қылмыстың алдын алуы, оған тиісті шаралар қолдануда ерекше роль атқарады. Жедел-іздестіру профилактикасының қағидалық ерекшелігі жедел алдын-алу шаралары, ерекше хабарламалармен қамтамасыз ету, шұғыл есепте тұрған тұлғаға, яғни қылмыс жасауға дайындалған немесе жасаған күдікті адамға қарсы бағыталады. Жедел-іздестіру профилактикасының мақсаты қылмыстың себебін және жағдайын, қылмысты және құқық бұзушылықты жасауға әсер ету себебін, жағдайын, қылмыстың ахуалын байқау, жедел-іздестіру хабарламалары туралы факторлардан тұрады. Солай бола тұра жедел-іздестіру профилактикасы жедел-іздестіру қызметінде жалпы және жеке дәрежеде әлеуметтік құқықбұзушылықтың алдын-алу жүйесінің ерекше бөлігі болып табылады. Сондықтан жедел-іздестіру қызметі криминологиялық ғылыммен тығыз байланыста өмір сүреді.

Арнайы әдебиеттерде жедел-іздестіру қызметі теориясының мемлекеттік және әкімшілік құқық ғылымдарымен байланысы көрсетілмеген. Бірақ тек құқық саласы осы оқылатын ғылымдарда Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделіп, олардың мақсаттары мен міндеттерін, жеке және заңды тұлғалардың өкілеттіктерін және әкімшілік құқық регламенттелген басқа сұрақтарға негізделіп, мемлекеттік-құқық органдарының статусын, жүйесін анықтайды.

Жедел-іздестіру қызметі нормативтік-құқықтық сипаттағы жүйеде осы қызметті өзінің қызметтік компетенциясының аумағында, нормативтік актілер (бастамалар, ережелер, бұйрықтар және т.б) жедел-іздестіру шараларын атқару тактикасын және ұйымдастыру регламентін әкімшілік құқықта, заң шығару органдары арқылы жүзеге асырады. Жедел-іздестіру қызметінде әкімшілік реттеу және әсер ету кең қолданылып ұйымдастырылуы керек. Бұл алдымен әкімшілік бақылауда тұрған және басқа әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға әкімшілік әсер ету немесе алдын алу мақсатында есепке алуынуы керек. Жедел-іздеу шараларын жүргізгенде азаматтың күзет қызметімен айналысуына рұқсат берумен қатар, мемлекеттік құпия мәліметтерге рұқсат беруді жүргізу мәселелерінде орын алуы мүмкін.

Жедел-іздестіру қызметі теориясының ғылыми зерттеулері қылмыстық атқару құқығы нәтижелерін қолданумен де тығыз байланысты. Практикалық жағдайда бұл қылмыстық - атқару жүйесі комитетінің жедел қызметі өзінің қызмет аймағында тек қана айқындау, әшкерелеу мақсаты ғана емес, алдын-алу, ескерту, тоқтату және қылмысты ашу, сол сияқты түзеу мекемелерінен

қашқан сотталғандарды іздестірулер. Бірақ түзеу мекемелері мен тергеу изолятор-ларында белгіленген жедел-іздестіру режимдік талаптар белгілеген тәртіпте қамтамасыз етілуі тиіс.

Аталған қылмыстық-атқару заңдары, құқықтық және ұйымдастыру-тактикалық күзетін қамтамасыз ету қызметін атқаратын органдар бір-бірімен тығыз байланыста болғанда ғана, оларға осы бағытта ғалым мамандардың кешенді ғылыми зерттеулері қажеттілігін тудырады.

1.3 Жедел-іздестіру қызметінің басқа да ғылымдармен байланысы

Жедел-іздестіру қызметі теориясы табиғатында заң ғылымдарына жатқанымен, басқа да ғылымдардың оның ішінде экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, этика, басқару, кибернетика, тектология және басқа да ғылымдардың нәтижелерін пайдаланады.

Жедел-іздестіру қызметі теориясы мен экономикалық ғылымның арақатынасы Қазақстан Республикасы қылмыс заңдарында мемлекеттің қылмыс-қақарсы саясатында көрініс тапқан. Экономикаға байланысты қылмысқа қарсы күресте Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында өзінің артық-шылық бағытын тапқан. Және бұл бекер емес, өйткені қазіргі таңда эконо-микалық қылмысқа қарсы күресте құқықтық мемлекет құру және қоғамды жаңартуда, әлеуметтік экономиканың мақсаттарын шешуде маңызды орын алып отыр. Аталған жағдайларға сәйкес экономикаға байланысты қылмысқа қарсы күресте жаңа заман талабына сай экономика ғылымын, нарықтық қатынасын теориялық және практикалық жағынан терең зерттелген ғылыми зерттеулер жедел-іздестіру мәселесінің теоретикалық тұғыры болып табылады.

Экономикалық білімді түзеу мекемелерінде қылмыстық жазаны атқарып жатқан қаражатқа және өндірістік-шаруашылық қызметі органдарында түзеу мекемелерінің жедел қызметі жұмысында қолдану көптеген маңызды мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Экономикалық қылмыстың түрлері салық айналымдарынан түскен пайданы жасыру, антимонопольды заңды бұзу, эмиссиялық құнды қағаздардың тәртібін бұзу, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу, жалған банкроттық жариялау және басқа да қылмыспен күресуде мүмкіндігі мол. Болашақта экономикалық қылмысқа қарсы күресте экономикалық ғылымның Жедел- іздестіру қызметіне қатысты теоретикалық даму ролі өсетіні сөзсіз. Жедел-іздестіру қызметі теориясы психология және педагогика ғылым-дарымен тығыз байланысты. Психологиялық зерттеулердің нәтижелерін жедел-іздеу қызметімен қатынасы келесі ерекшеліктермен көрінеді. Біріншіден, жедел-іздестіру қызметі қылмыскерлер ортасы, қылмысты дайындаған, жасаған, ойластырған қылмыс ортасының әрдайым және жасырын қақтығыстары арасында сипат алады. Жедел-іздестіру қызметі[12]:

а) Жасырын жүргізіледі;

б) Жедел-іздестіру қызметі рефлексті қызмет болып табылады, яғни зерттеліп, тексеріліп жатқан тұлғаға қатысты әрекет сипатталады;

в) Белгілі бір ағдайларда қылмыстық жағдайларды және оған қатысатын адамдар туралы хабарлардың жеткіліксіздігінен туатын тәуекелділікпен, байқаусыздыққа байланысты;

г) Кейбір жағдайларда жедел-іздестіру шараларын жүргізу уақытында криминалдық құбылыстар, абайсыз шабуылдарға, қауіпті жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Екіншіден, жедел -іздестіру қызметі:

а) Жедел-тактикалық шешімдерді тексеріп, қабылдап өндіру, шешімдерді имитациялау;

б) Әрдайым өзінің қызмет нәтижесін және криминалдық элементтер қызметін болжау және талдау;

в) Әр шараларды өткізгенде елеусіз болуды қамтамасыз ету үшін тексеріліп жатқан тұлғадан жедел - бағалы деректер алып, оны тиімді пайдалану үшін ойын ролдерін, әртүрлі дәлелдер келтіру;

г) Экстрималды жағдайларға әрдайым шұғыл дайын болу;

д) Эмоционалды-ерікті қатаң бақылау.

Үшіншіден, жедел-іздестіру қызметі:

а) Нормативті құқықты негізде құрылады, яғни қолданыстығы құқық және моралмен регламенттеледі;

б) Көп қуатты, қаражатты және әдісті қолданумен байланысты, яғни кешенді және ұжымды қызмет болып табылады;

в) Әрқашан шұғыл және жедел- тактикалық жағдайлармен келісіліп жасалынады;

г) Қызмет аясының өзгеріп тұруына байланысты жоғарғы динамизммен ерекшеленеді.

Жедел-іздестіру қызметінің жоғарыда көрсетілген тізімдері арнаулы маңызды ерекшеліктері болып табылады. Осы жартылай көрсетілген тізімдерден-ақ осы қызмет түрі басқа қызмет түрлері сияқты психологияның ерекше сипатты компоненті барын аңғаруға болады., ал адамзат психикасы әрдайым қажетті, динамитті элемент.

Жедел-іздестіру қызметінің жалпы теориясының төңірегінде жедел-іздестіру психологиясы туындайды және өзінің негізін қалайды. Оның пәні деп, адамдардың психикасының заңдылықтары және механизм жедел - іздестіру қызметінің субъектісі ретінде танылатын, оларға қарсы тұратын криминалды элементтер, яғни құқықбұзушылар және олардың айналасындағы адамдар деп есептеуге болады. Сонымен, бірге жедел-іздестіру қызметінің пәніне тек қана жеке индивидтің психикасының заңдылықтары емес, басқа да жедел-іздестіру ұжымдарының психологиясын, қылмыстық топтардың және қылмыстық қауымдастықтардың психологиясымен, соныменқатар олардың объективтік жағдайлардағы өзара шиеленісетін қарым-қатынасының психологиясын жатқызамыз. Жедел-іздестіру қызметінің теориясы төңірегіндегі психологияның орнығуы және одан әрі дамуы тәжірибеде ұйымдастыру-басқару және жедел-

тактикалық жедел-іздістіру қызметі деңгейінде тиімді ұсыныстар дайындауға және енгізуге әсерін тигізеді. Жедел-іздістіру қызметі теориясында психология ғылымымен қатар педагогикалық таным да қолданылады. Жедел-іздістіру қызметінде құпия негізде ерікті түрде органдармен қарым-қатынас жасайтын азаматтарды тәрбиелеуде және оқытуда педагогикалық таным қолданылады.

Педагогика ғылымы жедел-іздістіру қызметі теориясында этика ғылым негіздері өзінің көрінісін табады. Этика - әр жедел-іздістіру шараларын дайындағанда, жоспарлағанда, сол сияқты іске асырғанда үлкен рол атқарады. Моралдық көзқараспен қарағанда жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізгенде, егер олар зорлықты қолдану, зорлықпен қорқыту, имансыз қылық, мәде-ниетсіздік, әр-түрлі діни көзқарас әрекеттері жедел-іздістіру қызметі аясында, құқықбұзушылық және бейморалды әрекеттер, сол сияқты азаматтық ар-ожданын төмендететін әрекеттер, жедел-іздістіру қызметі органдарының қадір-қасиетін түсіретін шаралар жіберілмеуі тиіс. Жедел-іздістіру қызметі қағидасы заңдылықта, бірінші кезекте, заңи қағидасы, жедел-іздістіру қызметі теориясында және дайындалған практикалық ұсыныстарда жеке азаматтың құқығы мен бостандығын жоғары құлықтық мазмұнмен сыйлауда өз көрінісін тауып, қалыптасуы тиіс.

Осылайша, жедел-іздістіру қызметінің теориясын заң және басқа да ғылым түрлерінің арасындағы байланысты зерттей отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

1) Жедел-іздістіру қызметінің теориясы құқықтық салалық ғылым болып табылады, себебі оның қызмет функциясы, шешетін мәселелері мемлекет органдарының құқықтық аясы қызметінде және де құқықтық процесстерге тиісті (қылмыстарды ашу және ескерту, іздеу жұмыстары және тағы басқа)

2) Жедел-іздістіру қызметінің зерттелу теориясы ұсыныстарының көп бөлігі заңға негізделген, өмірді, денсаулықты, жеке бастың бостандығын және құқығын, жеке меншікті, қоғам қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық озбырлықтан қорғау туралы құқықтық сипатта айқын көрсетілген;

3) Жедел-іздістіру қызметі теориясы көптеген ғылымдармен (қоғамдық, техникалық, табиғи) тығыз байланысты, бірақ негізгі ортасы хабарламалық, құқықтық ғылым болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендерді негіздей отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Біріншіден; жедел-іздістіру қызметі теориясы қылмыстық іс, криминалистика және басқа да салалық процессуалдық ғылымдарға жатады;

Екіншіден; жедел-іздістіру қызметі теориясы жоғарыдағы көрсетілген ғылымдармен тығыз қарым-қатынаста, солай бола тұра ол жеке сипатта және әлеуметтік практиканың бір саласын атқарады, яғни қылмысқа қарсы жедел-іздістіру шараларын қолдану;

Үшіншіден; жедел-іздістіру қызметі теориясы, басқа да салалық процессуалды ғылым сияқты бір жағынан, жалпы теориялық ғылымға және

материалдық құқық ғылымына, екінші жағынан қолданбалы ғылымның жетіс-тіктерін пайдаланады.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Мемлекет функциясы нелерді қорғауға бағытталған ?
2. Жедел-іздістіру қызметінің теориясын кімдер және қай жылдардан бастап қалауға қатысқан?
3. Жедел-іздістіру қызметі туралы ғалымдардың ізденістерінің нәтижесі не берді?
4. Жедел-іздістіру қызметінің теориясы нені анықтауға мүмкіндік берді ?
5. Жедел-іздістіру қызметінің мақсаттарының бағыттарын атаңыз ?
6. Жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық құқықтың арақатынасы қандай?
7. Жедел-іздістіру қызметі мен қылмыстық іс жүргізудің байланысын атап көрсетіңіз және оның маңызы неде ?
8. Жедел-іздістіру қызметі мен криминологияның мақсаты қайда бағытталған ?
9. Жедел-іздістіру қызметі мен криминалистиканың арақатынасының маңызын атаңыз ?
10. Жедел-іздістіру қызметі мен әкімшілік құқықбұзушылықтың байланысын көрсетіңіз ?
11. Жедел-іздістіру қызметі мен экономиканың байланысы қандай ?
12. Жедел-іздістіру қызметі мен психологияның арақатынасын атаңыз ?
13. Жедел-іздістіру қызметі мен педагогиканың байланысын көрсетіңіз ?

Тест сұрақтары

1. Қоғамда пайда болған қарама-қайшылықтарды реттеу кімге жүктелген:
А) Мемлекетке
В) Сотқа
С) Мәжіліске
Д) Азаматқа
Е) Бастыққа
2. Мемлекет сырттан туатын қандай қатерге қарсы тұруы тиіс:
А) Барлау-бүлдіру әрекетіне
В) Азаматтық алуға
С) Азаматтықтан шығуға
Д) Құпиялылыққа
Е) Қақтығысқа
3. Жедел-іздістіру қызметінің теориясын дербес сала сияқты құрылымын зерттеу қай жылдарға келеді:
А) 1960
В) 1950
С) 1970
Д) 1985

Е) 1991

4. Жедел- іздестіру қызметі- ол туралы шараларды жүргізудің несі болып танылады:

А) Ғылымға негізделген әдістемесі

В) Бағыты

С) Мақсаты

Д) Міндеті

Е) Жолы

5. Жедел- іздестіру қызметі мен қылмыстық құқықтың негізгі міндеттері қалай көрінеді:

А) Біртұтастығымен

В) Жеке салалығымен

С) Жалпылығымен

Д) Жариялылығымен

Е) Құпиялығымен

6. Жедел- іздестіру шаралары қандай заңдар негізінде жүргізіледі:

А) Жедел- іздестіру қызметі мен қылмыстық іс жүргізу

В) Қылмыстық құқық

С) Азаматтық құқық

Д) Халықаралық құқық

Е) Жеке құқық

7. Жасырын және жария жедел- іздестіру шаралары қандай құралдар мен тәсілдерді қолдану нәтижесінде іске асырылады:

А) Криминалистикалық құралдар мен тәсілдер

В) Жеке құралдар мен тәсілдер

С) Жария құралдар мен тәсілдер

Д) Құпия құралдар мен тәсілдер

Е) Арнаулы құралдар мен тәсілдер

8. Жедел- іздестіру қызметінің педагогика ғылымымен байланысы қандай ғылым түрінен көрінеді:

А) Этика ғылымы арқылы

В) Білімділігі арқылы

С) Философия арқылы

Д) Тәрбиесімен

Е) Ұқыптылығымен

9. Жедел- іздестіру шарасын жүргізу кезінде зорлыққа жол берілеме:

А) Жоқ, берілмейді

В) Беріледі

С) Шара түріне байланысты

Д) Шара жүргізу тәсіліне сәйкес

Е) Қарсылыққа байланысты

10. Жедел- іздестіру қызметі теориясы құқықтық салаға жата ма:

А) Жатады

В) Жатпайды

С) Даулы мәселе

Д) Зерттелмеген мәселе

Е) Анықтауды талап етеді

ЕКІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің тарихи - әдеуметтік алғы шарттары

Сұрақтар:

2.1 Жедел - іздестіру қызметінің тарихи әлеуметтік алғышарттары.

2.2 Жедел- іздестіру қызметінің қалыптасуы мен даму кезеңдері.

2.3 Құқықтық мемлекеттің пайда болуы мен даму кезеңдеріндегі жедел – іздестіру аппараттың құрылымы.

2.1 Жедел - іздестіру қызметінің тарихи әлеуметтік алғышарттары

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары әлеуметтік өмірдің саяси - әкімшілік салада қызмет атқарып жүрген мемлекеттік аппараттың бір бөлігі. Олар әлеуметтік бағытта қызмет атқарады. Сондықтан да, әрбір әлеу-меттік құбылыстың табиғатын тану үшін оның алғышарттарына көңіл бөлген жөн.

Ерте заманнан адамдардың өзіне керек болатын тағамды тағы басқа өзі-нің өмір сүруіне қажетті дүниелерді тауып, оларды қажетіне жарата баста-ған кезден, аталған мән-жайлар әлеуметтік мәнге ие бола бастаған.

Алғашқы қауымдық құрылыстан кейін мемлекеттің пайда болуы қоғамды күрделендіріп, тарихқа көз салсақ, құл иеленушілік, феодалдық және капи-талистік мемлекеттердің өздерінің өмір сүру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде басты мемлекеттік қызметтері ретінде қылмыстық және саяси іздеу қызметін құрғанын айтуға болады. Мысалы, Ежелгі Египетте табылған ескерткіш-тер сол елде құпия полицияның болғандығы туралы ақпарат бере алады. Ал, Ежелгі Үнді елінің Ману заңдарында көршілес елге арнайы адамды алаяқтық мәселесімен жіберген еді. Сонымен қатар, Мәскеудің ұлы князі Дмитриймен елші ретінде жіберілген Захарий Тютчевтің Алтын Ордадан алып келген құпия ақпараты Куликов шайқасындағы жеңісте үлкен роль атқарды [13].

Петр 1711 жылы ұрлықпен күрес жүргізетін Фисскалколлегияны құрып, оның мүшелеріне құпия ақпаратты жинауға мүмкіндік береді. 19 ғасырда Батыс Европа мен АҚШ-та кең таралған қылмыстылықпен күрес жүргізуде полицияның арнайы мекемелері құрылған. (Франция -"Сюртэ", Англияда - "Скот-ланд - ярд" АҚШ-та "Пинкертон агенттігі") олар қылмыскерлер жайында құпия мағлұматты алып, оның негізінде өз қызыметтерін жүзеге асырып отырады. Қазақ хандықтарында « дәруштер», «саудагерлер» сыртпен байланыста осы жоғарыдағы аталған міндеттерді негізгі жұмысы ретінде атқарған. Жалпы қылмыстылықтың күшейіп, таптық күрестің шиеленісу нәтижесінде 19 ғасырдың 2-жартысында бұл жұмыстар мемлекеттік кәсіптік деңгейге көтеріліп, өз жұмысында саяси және қылмыстық іздеу жүйесіне айналды. Ішкі істер органдарында қылмыстылықпен күресті жүргізетін ең алғашқы орган 1917 жылдың

желтоқсан айынан 1918 жылдың маусымында РСФСР - дің бүкіл губернияларында өз қызметін жүзеге асыра бастады[13,14].

1918 жылдың 5-қазанында жұмысшы шаруа милицияның бас басқармасының аясында екі бөлімнен тұратын қылмыстық іздестірудің "Центророзыск" Орталық басқармасы жұмыс істей бастады. Оның белсенді бір бөлігі анықтаумен айналысса, ал екінші бөлігі экономикалық құпия саласындағы қылмыстылықпен күрес жүргізген[15].

Құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің даму тарихы өткен кезеңде де, қазіргі уақытта да қылмыстылықтың ерекшеліктері мен қоғамға қауіптілігін бейнелеп көрсетеді. Себебі, олардың қылмыспен күрес бағыты қылмыстылық сипатының өзгеруімен байланысты болып отырған.

Көптеген қылмыстар бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері, ауыр және аса ауыр қылмыстар алдын ала дайындалып құпия түрде, ал қылмыскерлер өздерінің қылмыстық құрылымын, ондағы тәртібін жасырып пайдаланатынын көрсетеді. Осыларға қарсы тұра алу үшін және қылмыстық топтың ниетін, мақсатын, жоспарын, қатынасын топ мүшелерін анықтау үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлері әр кезеңдегі жаңа техникалық құралдарды және бақылау құралдарын пайдаланған, ал заң жүзінде оны пайдалануды реттеу тәртібі әрқашанда көрсетілуі тиіс болған және сол арқылы ғана қылмысқа қатысы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғалған.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мән-жайларға байланысты төмендегі қорытындыларға келуге болады:

- қылмыстылықтың болуы бұл қоғамға қарсы қылмыстық қол сұғушылық мәселелерімен күрес жүргізу қажеттіліктен туындаған мемлекеттік арнаулы және әр мемлекетте міндетті түрде құрылуы тиіс орган.
- қылмыспен күресудің жасырын тәсілдер мен әдістерінің болуы кез келген тұлғаны қылмыс істеуден тежейді және қылмыстың алдын алу, болдырмау, жолын кесу мен қылмысты дер кезінде ашуда өте маңызды рол атқарады.

2.2 Жедел іздестіру қызметінің қалыптасуы мен даму кезеңдері.

Криминалистика мен Қылмыстық іс жүргізу құқықығығының қалыптасуы мен даму кезеңдері жедел іздестіру ғылыми негіздерінің дамуына жағымды әсер етті. Негізінен қылмыстық іс жүргізу, криминалистика ғылымдарынан жедел іздестіру қызметінің теориясы пайда болды.

Криминалистика жедел іздестірудің де, анықтау мен тергеудің де ғылыми негізі болып есептеледі. Одан басқа іздестіру мен тергеу әрекеттері кейде ұқсастырылды және әр кезде бірыңғай қызметтің элементтері сияқты қарастырылды, оның процессуалды емес сипаты көңілге алынбайды. Сонықтан, криминалист - ғалымдар бұл ғылымының ерекшелігін жедел іздестіру қызметінің шешетін мәселелерінің жақындағанымен байланыстырады. Олардың көбі, мысалы, И.Н.Якимов, С.М.Потапов және

т.б. ұзақ уақыт қылмыстық іздестіру аппараттарында қызмет атқарған немесе олармен қызметтес болған. Бұл, әрине олардың жариясыз қылмыспен күрес тәсілдерін криминалистика зерттеу пәніне жатқызуға болады деп көрсетуінен көрінеді.

Қылмыстық іздестіруде, яғни құқыққорғау аппараттарының іздестіру жұмыстарында соттық фотосуреттердің берілгілері, сөздік портрет туралы зерттеу, дактилоскопия, тінту, қарау сияқты тергеу әрекеттерін жүргізуінің тактикалық тәсілдері кең қолданылады. Содан барып криминалистиканың қалыптасуы мен дамуымен сәйкес келген қылмыстық іздестіру аппараттардың өмір сүруінің алғашқы жылдарына сәйкес қылмыстық іздестіру қызметінің негізгі институттары да қалыптаса бастаған. Олар өз мақсаттарымен, тапсырмаларымен және мазмұнымен криминалистикадан тыс бөлініп, кейін өзінің тиісті теориялық негізін қалаған[16].

1920-1930 жылдары мемлекеттік қылмыстық іздестіру мекемелерінің жұмыстары нәтижесінде, жедел іздестіру қызметіндегі болашақ ғылыми зерттеуге және жалпы түсініктерге негіздер салынған. Мысалы: Ф.Э.Джержинскийдің бұйрығымен Бүкіл Ресейлік төтенше комиссия (ВЧК) мен қылмыстық іздестіру органдары тәжірибелік полицияның түрлі нұсқаулары шыққан және іздеу жұмысының тактика-техникалық тәсілдеріне сыни көзбен талдаулар жасалынған. Сөйтіп, Бүкіл Ресейлік төтенше комиссия (ВЧК) органдары іздеу полиция жұмысының жағымды да, жағымсыз тәжірибесін зерттеп және талдау жасап, өз қызметтерінде бұрынғы мамандардың білімдері мен тәжірибелерін, қылмыстық тіркеудің материалдарын пайдалана бастаған.

Бұл кезеңге 1925ж. наурыз айында әкімшілік бөлімдердің және қылмыстық іздестіру бөлімшелерінің басқарушыларының жұмысын ретке келтірген және 1-бүкілресейлік съезінде жарияланған іздестіру жұмысындағы ғылыми ұйым тапсырмаларының қалыптасуын жатқызуға болады. Қылмыстық іздестіру аппараттарының жедел қызметін ғылыми қамтамасыз етудегі үлкен жұмыс негізінен ғылыми - техникалық бөлімінің орталық іздестіру құрамы мен бірге қылмысты және қылмыскерлерді зерттеу ведомства аралық институттары арқылы жүргізілген.

1920-жылдары жедел іздестіру қызметі туралы И.Н. Якимовтың алғашқы жұмыстары шыға бастады. Кейін ол мемлекеттік университеттің профессоры болып жұмыс істеді. Оның "Әкімшілік хабаршы", "Қазіргі іздестіру өмірі" жалпы тақырыбымен жарияланған шығармаларында, "Криминалистика", "қылмыстық техника мен тактика" деген криминалистикалық оқулықтарында жедел-іздестіру әрекеттерінің тактикасы, оларда қылмыстарды ашу мен тіркеу ісі деген сұрақтар қарастырылады, іздестіру өнерінің теориясын құру идеясы сөз болады. Бұл өнерді ол "ең қиын өнерлерге" жатқызған. Өйткені, оның объектісі адам. И.Н.Якимовтың жұмыстары мәні жөнінен еліктеуі түрінде болғанымен ол сол уақыттың басқа криминалистердің жұмыстары сияқты жедел іздестіру ғылыми негіздерінің дамуына жағымды әсер еткен[17].

Жедел-ізвестіру тәжірибесі тұрғысындағы пікірлер орыс ғалымдары Потапов С, Тагер С, Громов В.И және т.б ғалымдардың еңбектерінде орын тапқан.

Дактилоскопиялық және жедел ізвестіру ақпаратының жүйелерін жетілдіру қылмыстық ізвестіру қызметі жөніде ұйымдастырушылық құрлымдық сияқты сұрақтарды тәртіпке келтіру, милицияның жедел ізвестіру аппараттары мен бас бостандығынан айыру орындарымен ара қатынасты ұйымдастыруда ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) үлкен жұмыс жүргізген. Солардың нәтижесінде мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлаумен күрес жүгізудің жедел ізвестіру шараларын ұйымдастыру және олардың тактикасы жөніндегі сұрақтар терең жетілдіріле бастайды[18].

Кейінгі уақытта қылмыстық іс жүргізу заңдылығын сақтау, қылмыстық құқық ғылымы, криминалистиканың дамуы жедел ізвестіру қызметі теориясының жеке-дара сала ретінде дамуына негіз болды.

Жедел ізвестіру қызметінің теориясының жеке дара болуын ғалым-криминалист Р.С. Белкин қолдаған. 1968 жылы Р.С. Белкин: "Криминалистика жедел ізвестіру қызметі органының мазмұнын, мақсаттарын, ұйымдастырылуын қарастыратын ғылыми пән мен байланысты"-[11] деп жазған. Криминалистикада әсіресе, қылмыстың жеке түрлерін тергеу әрекетінің тактикасы мен әдістері сияқты бөлімдерінде жедел ізвестіру қызметінің мүмкіншіліктері, тергеу әрекеттері мен жедел ізвестіру шараларының ара қатынасы қарастырылады. Сонымен қатар, жедел ізвестіру қызметіндегі криминалистикалық құралдарын, әдістерін және тәсілдерін қолданудың жолдары қарастырылады. Нәтижесінде бұл пікірталасқа басқа да көптеген ғалымдар қосылған. Жедел ізвестіру қызметін криминалистикалық тактика қатарына жатқызатын А.Н. Васильев 1976 жылы бұл мәселеге өз ойын білдірді, яғни ол: "Жедел ізвестіру қызметі жеке-дара ғылым саласы ретінде қарастырылуы тиіс"-[19] деп айтқан.

1980 жылы ол: "Қылмыстардың алдын-алу, ашу, шектеу мақсатындағы қолданылатын жедел ізвестіру әрекеттері өз бетінше ерекше пән құрайды"- деген ойды ортаға шығарды. Жедел ізвестіру қызметінің дәріс пәні және оның ғылыми негіздемесінің құрылуы мен дамуына орталық милиция мектебі үлкен үлес қосқан. Ол кейіннен 1954 жылы КСРО ІІМ Жоғары мектебі деп қайта құрылады. 1942 жылы орталық милиция мектебінде оқытушы болып жұмыс істеген милиция полковнигі С.Д.Соловьев редакциясымен "Милицияның жедел жұмыстары"-деген дәріс материалдары жарық көреді. 1944 жылы С.И.Бабушкиннің редакциясымен "Милицияның жедел жұмыстары"- [20] деген дәріс жинағы шықты.

1948 жылы Қылмыстық элементтерінің жедел-ізвестіру тактикасы мен ұйымдастыру мәселелерінің кең жиынтығын қамтитын Г.В.Ефименко редакциясымен дәріс стенограммасы жарыққа шыққан.

1950-жылдардың бірінші жартысында "Жедел ізвестіру қызметі" курсының негізгі тақырыптары болып алғашқы оқулықтар басылымы шығарылады. Олар дәріс материалдары және милицияның жедел

аппараттары мен мемлекеттік еңбекпен-түзеу мекемелері үшін тәжірбиелік оқулық ретінде қолданылды. Жедел іздестіру қызметі теориясын қамтитын мәселесін ғылыми тұрғыда жетілдірілуі 1956 жылы КСРО (СССР) ІІМ жоғарғы мектебіндегі жедел іздестіру жұмысының жеке кафедрасының ашылуымен байланысты деуге болады. Оның алғашқы бастығы А.Г.Лекарь, кейігі бастығы Д.В. Гребельской басшылығымен кафедра коллективі жиналған тәжірбиелеріне негізделген жедел іздестіру қызметінің мәселелері жоспарлы түрде шешімін таба бастады.

Бұның нәтижесінде курстық нақтыланған құқықтық негізі пайда болып оның өзіндік заң сыйымдылықтары айқындалды.

Осы кезеңде нақтырақ 1957 жылы ең бірінші кең көлемдегі жұмыс баспадан шықты: ол оқулық-әдістеме "Ерекше бөлімінің жедел іздестіру қызметі"-деп аталды, авторлар ұжымы: В.Я. Кокуева, А.Г.Лекаря редакциясынан жарық көрген.

2.3 Құқықтық мемлекеттің пайда болуы мен дамуы кезеңдеріндегі жедел аппараттының құрылымы

1918 жылы Ресейде кәсіби қылмыстардың саны едәуір өседі де, соған сәйкес жедел іздестіру аппараттары құрылады, себебі, Мәскеу мен Петроградтың түрмелерінен шыққан қылмыскерлер полицияның іздестіру бөлімдерінің тіркелетін материалдарын, қауіпті қылмыскерлердің фото суреттерін, дактилоскопиялық картотекаларды жойып құртуға дейін барған. Сонымен қатар, қылмыстың өсуіне көптеген басқа да мән-жайлар әсер етіп, әсіресе мемлекеттік мекемелердің дұрыс жұмыс істемеуі, мемлекетте шаруашылық өмірдің мемлекет тарапынан бақылаусыз қалуы, жұмыскерлерді жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы қиыншылықтар және т.б. онымен күресудің жолын құруды талап еткен.

1917 жылы ақпан және қазан төңкерісінен кейін кәсіби емес және тәжірибесі жоқ ұйымдардың пайда болуы және қылмыстық полиция жүйесінің бұзылуы осы нәтижеге әкеледі.

Осы мәселелерді шешу үшін 1917 жылы 28-қазан (10-қазан) жұмысшы милиция органы туралы Халық комиссияратының қаулысы шыққан. Ұрлық, бұзақылық және т.б. қылмыстарға қарсы белсенді күрес жүргізу үшін оларда қарулы отрядтарының қызметі де ойластырылған. Жұмысшы милиция жа-сақтары Қызыл армия отрядтарына көмегіне сүйенген. Бұл жерде милиция аппараттары және оның жедел бөлімшелерінің құрылуы туралы сөз болмаған. Мемлекет құрылымындағы тәжірибенің жеткіліксіздігі және қылмыстылықты тудырған мәселерді тез жою туралы қате пікірдің болуы, тұрақты милиция мен жедел іздестіру органдар аппаратының қылмыспен күресу үшін құрылуын қажетсіз деп есептеген қате пікірде болған.

Бірақ, қылмыспен күресуде белсенді құқықтық ұйымдық және тактикалық нысандағы күресті қажет ететін және олардың мемлекеттік ауқымда өзіндік бағыты болуын өмір өзі талап етті.

5-қазан 1918 жылы Ресей Федерациясының ішкі істер халық комиссариаты (НКВД РСФСР) коллегиясы қымыстық ізге түсу бөлімшесін құру туралы өз қаулысында "...Революциялық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мен қылмыстылық белгісіндегі қылмыстарды тергеу үшін және бандитизммен күресу" сияқты шешім қабылдады. Осы жоғарыдағы қаулы мемлекеттік жедел-іздістіру органының орталық жүйесін құру үшін негізі болды. Белгіленген қаулы мемлекеттегі жедел-іздістіру органының қылмыспен күресудің бірден-бір жүйесі мен жалпы қылмыспен күрес жүргізудің негізі болады. Сонымен қатар, ол осы 1-нормативтік акті, бір жүйелі ғана емес, содай-ақ, ол жедел іздістіру органының орталық, жергілікті аппаратарының құзіреттерін белгіледі[6].

Өз жұмыстарының алғашқы кезеңінде қылмыстық іздістіру аппаратарының құқықтық ұйымдастыру бағытындағы қызметі, жеткілікті дәрежеде өңделмегендіктен толық өз шешімін тапқан жоқ. Өздерінің 1-жылдық жұмысын қорытындылай келе, 1919 жылы іздістіру орталығы өз қателіктерін ескере отырып, қылмыстық іздістіру бөлімшелерінің мақсаттарын нұсқаулық ретінде басып шығарады.

Аталған нұсқаулық қылмыстық іздісіру бөлімшелерінің мақсаттарын толығымен анықтаған, ол қылмыстардың барлық түрлерінің алдыналу мен жоюға негізделген. Ал іс жүргізу саласында қылмыстық іздістіру бөлімшелері тергеу жүргізу құқығын иеленген.

Сонымен, жедел іздістіру шараларын өткізу қылмыстық іздістіру бөлімшелерінің іс жүргізу қызметімен тығыз байланыста болады, яғни, жедел іздістіру шаралары мен іс жүргізу қызметі ортақ мәселені – қылмыстылықты жоюға бағытталады. Қылмыстылықты жою мәселесі жедел-іздістіру шаралары мен тергеу әрекеттерінің дұрыс жүргізілуіне байланысты болады.

1923 жылдың тамыз айында Ресей Федерациясының ішкі істер халық комиссариатының құрамында милицияның бас басқармасын, орталық іздістіру басқармасы мен әкімшілік бөлімшенің қосылу нәтижесінде орталық әкімшілік басқармасы құрылды. Құрылған жаңа құрылым мамандандыру қағидасы негізінде құрылған еді. Сонымен қатар, қылмыстық іздістіру бөлімшенің құрамына әкімшілік - ұйымдастыру, ғылыми-техникалық, орталық қызметтік іздістіру иттерін дайындау және белсенді бөлімшелері кірді.

Әкімшілік бөлімнің құрамына қылмыстық іздістіру бөлімшесі кіреді. Ол белсенді - құпиялы және тіркеу бөлімдерінен тұрып келесідей міндеттерді атқарды:

а) губерниядағы қылмыстарды тауып, ашумен және революциялық тәртіпті бұзушылар мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

б) орталық және жергілікті биліктің қылмыстылықпен күрестегі бұйрықтарды орындау;

в) қылмыстар бойынша тергеуді, тінтуді, қамауды және басқа да мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру;

г) қылмыскерлерді іздеу мен оларды ұстау;

д) тергеу бөлімшелері келгенге дейін тергеуді жүргізу;

е) аяқталған тергеу істерін қажетті сот-тергеу мекемелеріне жіберу. Милиция органдарында екі басты аппараттарының құрылуы қылмыстық іздеу аппараттарының бүкіл бөлімшелерінің қайта құрылуына әкеліп соқтырды. Сөйтіп, қылмыстық іздестіру аппараттарының құрамынан милицияның ғылыми - техникалық аппараттары, сырттай бақылау қызметі, жедел орнату қызметі бөлімшелері бөлініп шығып, өзіндік жеке органдарға айналды.

1930-жылдардың соңында Ішкі Істер Органдарының жүйесінде жедел іздестіру функцияларымен қамтамасыз етілген үш негізгі аппарат қалыптасты. Олар: қылмыстық іздестіру аппараттары Социалистік меншікті талан-тараждаумен күрес (БХСС) және түзеу мекемелерінің жедел аппараттары.

Дамушы мемлекеттің материалдық техникалық базасын ыңғайлы етіп құрастыру, демократиялық қоғамдық қарым-қатынастарды құрастыру және адамды жаңа кезеңге тәрбиелеу сол құқықтық мемлекеттің ауыспалы кезеңдегі тәжірбиелік қызметінің мақсаты болып табылады. Қатаң түрде заңды сақтау қағидалары республика аудандарында, шаруашылық пен қоғамдық өмірінде бірдей орын алуы тиіс. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің күнделікті жұмысында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың алды-на оны мақсат ретінде

ҚР Президенттің заң күші бар "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқасандағы жарлығының 1-бабы-на сәйкес бұл мәселенің Ішкі Істер Органдары үшін маңызы зор, олар же-дел іздестіру қызметін жүзеге асырады және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін атқару және орындау қызметі, қылмыскерлердің және жеке адамдардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін әрекеттердің алдын алу, ескерту және тыйым салу, мемлекет пен қоғам мүддесін сақтауды жүзеге асыру арқылы өз көрінісін табады [21].

Аталған қызметті Ішкі Істер Органының жүйесінде жедел-іздестіру бө-лімдері жүзеге асырады, олармен қоса тергеу аппараттары, жедел-техникалық есепті тіркейтін және бұл шараларды өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыратын қылмыстылықтың алдын алатын, ескертетін және тыятын, басқа да бөлімдер де жүзеге асырады.

Бұл мәселелер басқа да өзіне жүктелген салаларға байланысты жұмыс істейтін құқық қорғау органдары арқылы да жүзеге асырылады.

Республикамыздың қылмыстық іздестіру басқармасының келесідей міндеттері болады:

а) жергілікті қылмыстық іздестіру органдарының жұмысын бақылау және ұйымдастыру;

б) қылмыстық іздестіру қызметінде ғылыми техникалық әдістерді өңдеу мен қолдану;

в) аса ауыр қылмыстар бойынша іздестіру мен тергеуді ұйымдастыру.

Қылмыстық іздестіру органдарына жүктелген міндеттер мен мақсат-тарды орындау, олардың көмегімен қамтамасыз етіледі. Өзінің күнделікті қызметін қылмыстық іздестіру аппараттары Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» жарлығының 4 және 1 баптары негізінде жүзеге асырады. Осыған сәйкес, олардың басты мақсаты болып: қылмыстардың алдын-алу, ашу, жою, тергеу жүргізу, оны жасаған қылмыскерлердің ізіне түсу мен оларды ұстау, тергеу мен соттан жалтарып жүрген тұлғаларды табу, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу болып табылады.

Қылмыстық іздестіру Ішкі Істер Органының жүйесіндегі ең жедел, көп сатылыаппараты болып табылады. Қылмыстық іздестіру бөлімшелері Қазақ-стан Республикасы Ішкі істер министірлігінен бастап полицияның қалалық және аудандық бөлімшелерінің, яғни барлығында да құрылған. Қылмыстық іздестірудің орталық аппараты болып Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің қылмыстық іздестіру басқармасы саналады.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Ресей Федорациясында, Қазақстан ол Федорацияның құрамында болған кезде, қылмыстылықпен күресті жүргізетін орган қай жылдары құрылған және немен айналысқанына түсініктеме беріңіз?
2. Алғашқы құқық қорғау органдарының жедел- іздестіру қызметінің тарихи даму кезеңінің бейнелеп көрсететін мән- жайын айқындаңыз?
3. Жедел- іздестіру қызметінің дамуына қандай құқықтық салалар әсер еткенін түсіндіріңіз ?
4. Жедел- іздестіру қызметі түсініктеріне негіз салынған жылдар мен олар-дың мағынасына түсініктеме беріңіз ?
5. Ғалым И.Н. Якимовтың жедел- іздестіру қызметі туралы жұмысының маңызын ашып көрсетіңіз ?
6. Дактилоскопиялық және жедел-іздестіру ақпараттарының жүйелерін же-тілдірудің маңызы неде екендігін түсіндіріңіз ?
7. Алғашқы құрылған әкімшілік бөлім құрамындағы қылмыстық іздестіру бөлімшесінің міндеттерін атап көрсетіңіз ?
8. 1930 жылдардағы Ішкі Істер Органдарының жүйесіндегі жедел- іздестіру функциясымен қамтамасыз етілген үш негізгі аппаратты атап, оларға түсініктеме беріңіз?
9. 1995 жылы 21 желтоқсанда « ҚР ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 1-бабына түсініктеме беріңіз ?
10. Республиканың қылмыстық іздестіру міндеттерін атап, оларға түсініктеме беріңіз ?

Тест сұрақтары

1. Мемлекет өзінің өмір сүруі үшін қандай қызметті құрған:

- A) Қылмыстық және саяси іздеу
- B) Қылмыспен күрес
- C) Азаматтық құқықты
- D) Әкімшілік іздестіру
- E) Экономикалы қызмет

2. Петр-1 қай жылдары ұрлықпен күрес жүргізетін Фисскалколлегияны құрған:

- A) 1711 ж.
- B) 1720 ж.
- C) 1715 ж.
- D) 1725 ж.
- E) 1710 ж.

3. Куликов шайқасындағы жеңісте үлкен рол атқарған не :

- A) Захарий Тютчевтің Алтын Ордадан алып келген құпия ақпараты:
- B) Әскер санының көп болуы
- C) Тиімді орын таңдау
- D) Жаңа қарудың болуы
- E) Қолбасшының ролі

4. Қылмыспен күрес жүргізуде Францияда құрылған арнайы полиция мекемесі:

- A) Сюртэ
- B) Скотланд- Ярд
- C) Интерпол
- D) Арнайы жасақ
- E) Ярд

5. Қылмыспен күресуде Англияда құрылған полицияның арнайы мекемесі:

- A) Скотланд-Ярд
- B) Сюртэ
- C) Интерпол
- D) Спецпол
- E) Пинтеркон

6. Қылмыстылықпен күресуде Америкада құрылғын арнайы мекеме:

- A) Пинкертон агенттігі
- B) Скотланд
- C) Сюртэ
- D) Интерпол
- E) Ярд

7. Жедел- іздестіру қызметінің дамуына қандай ғылым салалары әсер еткен:

- A) Криминалистика мен іс жүргізу
- B) Қылмыстық
- C) Азаматтық
- D) Әкімшілік
- E) Экономикалық

8. Жедел- іздестіру курсының негізі болған алғашқы оқулықтар қай жылдары жарық көрген:

- A) 1950
- B) 1930
- C) 1940
- D) 1925
- E) 1960

9. 1930 жылдардың соңында Ішкі істер органдарының жүйесінде іздестіру іздестіру функциясы қамтамасыз етілген қанша негізгі апарат қалыптасқан:

- A) үш
- B) екі
- C) төрт
- D) жалғыз
- E) бес

10. «ҚР ішкі істер органдары туралы» Президенттің заң күші бар Жарлығы қай жылы қабылданған:

- A) 1995 жылы 21- желтоқсанда
- B) 1991 жылы 21- желтоқсанда
- C) 1993- жылы 21- желтоқсанда
- D) 2000 жылғы 21- желтоқсанда
- E) 1994 жылғы 21- желтоқсанда

ҮШІНШІ ТАРАУ

Жедел-ізвестіру қызметі пәні курсының жүйесі

Сұрақтар:

- 3.1 Жедел-ізвестіру қызметі пәні курсының жүйесі сипаттамасы
- 3.2 Жедел-ізвестіру пәні курсының жүйесінде қаралатын мән-жайлар

3.1 Жедел-ізвестіру қызметі пәні курсы жүйесінің сипаттамасы

Жедел-ізвестіру қызметі пәні жаңадан дамып келе жатқан заң ғылымдарының бір саласы болып келеді. Кез келген заң ғылымының саласы адамға, қоғамға, мемлекетке қызмет еткенде, тек заңға және оның талаптарына қызмет етеді, сондықтан оның қалай пайда болғанын, өркендегенін, өзіндік топтық құбылыстарын, фактілерді, қарым-қатынастар жүйесі мен олардың даму өзгерістері зерттеледі.

Жедел-ізвестіру қызметі пәні де ғылым ретінде тек өзіне ғана тән және заң талабына сай келетін жүйесі бар. Ол жаңа дамып келе жатқан ғылым ретінде өркендеп, қылмыстың алдын алуда, ашуда, тиым салуда құқық қорғау органдарының ақиқат орнату мәселелерінде үлкен рол атқарады, осы саладағы заң талабына сәйкес келетін олардың іс-әрекеттерін зерттейді және объективті түрде заң талаптарын сақтай отырып оның жұмысын, іс-әрекетін тек заң талаптарын сай орындалуна бағыт бағдар сілтейді.

Қылмыстылық- ол күрделі құбылыс және оны көптеген ғылым салалары, әсіресе қылмыстық-құқықтық саласындағы мамандар зерттеуде. Олардың барлығы да бұл құбылыстың белгілі бір ережедегі заңдылықтарын зерттейді, ал Жедел-ізвестіру қызметі пәні де қылмысты ашу, алдын-алу болдырмау жөніндегі әдіс-тәсілін, яғни әдістемелілігін зерттейді.

Қылмыстылық тетігін күрделі динамикалық жүйе деп түсінген дұрыс, Мысалы: қылмыскер тұлғасы, оның өзінің қылмыстық іс-әрекеттеріне деген көзқарасы, қылмыстың нәтижесі, қылмысқа қатысушылар, олардың сыбайлас-тық іс-әрекеттері, озбырлық түрі, келтірілген зиян, оның көлемі мен ауырлық дәрежесі, қылмысты жасау тәсілі, оны жасырудың айлаамалдары, қылмыстың нәтижесі, орнымен уақыты, қолданған тәсілі, әр қатысушының қылмысқа деген көзқарасы, міне осыларды анықтауда жедел-ізвестіру қызметкерінің іс-әрекеті заң талаптарына сай орын алуы тиіс.

Жүйе деген сөз грек тілінде «тұтастықты» білдіреді, яғни ережелердің бір бүтінді құрауы, біркелкілік, оның элементтерінің біртұтастығы. Олардың өзі сыртқы әлеммен, құбылыспен байланысты болады[6].

Жедел-іздестіру қызметінің жүйесінде қылмысты ашу, алдын-алу, болдыр-мау, тиюда белгілі бір жүйеге негізделген. Жедел-іздестіру қызметі пәнінің жүйесі жалпы және ерекше бөлімнен тұрады.

Жалпы бөлімде төмендегі жағдайлар қарастырылған:

- 1) Жедел-іздестіру қызметінің ұғымы, міндеттері мен функциялары
- 2) Жедел-іздестіру қызметінің құқықтық негіздері мен қағидалары.
- 3) Жедел-іздестіру қызметінің жеке тұлғалылығы, олардың құқықтары мен міндеттері
- 4) Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға қатысушы тұлғалар
- 5) Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының шет мемлекеттердің және халықаралық құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестігі
- 6) Жедел-іздестіру қызметі шараларының түсінігі және түрлері
- 7) Жедел-іздестіру процесі
- 8) Жедел-іздестіру процесінің сатылары
- 9) Жедел-іздестіру қызметінің нәтижелері және оларды қолдану тәртібі

Ерекше бөлімде мыналар қарастырылған:

- 1) Жедел-іздестіру қызметінің бағыттары
- 2) Жедел-іздестіру қызметінің барлау бағыты
- 3) Жедел-іздестіру қызметінің қарсы барлау бағыты
- 4) Жедел-іздестіру қызметінің қылмыстық іздестіру бағыты
- 5) Жедел-іздестіру қызметінің әкімшілік іздестіру бағыты
- 6) Жедел-іздестіру қызметін прокурорлық қадағалау

3.2 Жедел-іздестіру қызметі пәні жүйесінде қаралатын мән- жайлар

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 3-бабындағы заңмен тұжырымдалған жедел-іздестіру қызметінің қағидалары ғылыми өңдеуге жатқызылынады: заңдылықты, бостандық пен құқықты сақтау, жеке тұлғаның абыройын сыйлау, заң алдында азаматтардың теңдігі, құпия-сырды сақтау, жариялы және жасырын тәсілдер, кәсіби этика, оның Заңның 4-бабында көрсетілген құқықтық негіздері, жедел-іздестіру қызметінің тізбесі, оларды өткізудің шаралары мен негіздері (Заңның 10, 11, 12 баптары), жедел-іздестіру қызметінің қорытындыларын қолдану (Заңның 14 бабы) және т.б. Жедел-іздестіру қызметтерін реттеуші, заң нормалары және құқықтық негіздер жүйелері талдана отырып, жедел-іздестіру қызметін жүргізу тәсілдері мен оны ұйымдастыру мәселелері көрсетілген[3].

Бұл зерттеулердің мақсатты бағыттары өмірді, денсаулықты, тұлғалар-дың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамды, оның меншігін, қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғудан қорғау үшін жедел-іздестіру қызметтерін жүзеге асыру әдістері және ұйымдастыруы, мыналардан тұрады:

- өмірді, денсаулықты, құқықты, бостандықты, азаматтардың құқықтарына, мүдделеріне және меншіктеріне заңға қайшы қол сұғудан

(меншік түрлеріне байланыссыз) қорғау;

- мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның эко-номикалық, әлеуметтік, қорғаныс қабілеттілігін бекітуге жәрдемдесу;

- қылмысты ашу, алдын - алу және тыю;

- тексеру органдарынан, тергеуден және соттан жасырынушы, қылмыстық жазадан жалтарушы адамдарды, із-түзсіз жоғалып кеткен азаматтарды және заңда көрсетілген басқа да тұлғаларды іздестіру бойынша шараларды жүзеге асыру;

- халықаралық ұйымдар және шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекеттерінің алдын-алу, тыю және ашу;

- Қазақстан Республикасының Президентінің және басқа да қорғаудағы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және басқа да заңның қорғауындағы құпияларды құрайтын мәліметтерді сақтауды қамтамасыз ету; коммерциялық құпияларын қорғауда (меншіктің түріне қарамастан), ұйымдарға, мекемелерге және кәсіпорындарға жәрдемдесу;

- бас бостандығынан айыру орындарында, қылмыстық атқару заңымен белгіленген режимді қорғау;

- жедел-іздестіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- жедел-іздестіру қызметтері теориясының пәнін белгілей отырып, зерттеуге жататын, нақты мәселелерді ашу үшін ерекше маңызды, қаралатын ғылыми пәннің міндеттерін де анықтау.

- жедел-іздестіру қызметі теориясының басты міндеттеріне мыналар жатады: ғылыми тәсілдермен әр алуан жедел-іздестіру тәжірибесінің процесін және құбылыстарының қайталанушы және тұрақты байланыстарын ашу және осы негізде бұл ерекше білім аумағының негізгілерін өңдеу жедел-іздестіру қызметтері институтының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу;

- жедел-іздестіру қызметтерін комплекстік дамыту жолын және құқық қорғау органдарының қызметтерінің басқа да байланысы бар бағыттарын өңдеу;

- жедел-іздестіру қызметтерінің ұйымдастырушылық-құрылымдық мәселелерін зерттеу, жедел-тактикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық шараларды тиімді үйлестірудің негізінде дамытудың оңтайлы жолдарын іздеу;

-жедел-іздестіру қызметтерінің құқықтық аспектілерін зерттеу, ЖІҚ нормативтік тәртіптеу әдістерін өңдеу және құқықтық негіздерді оқу;

-жедел-іздестіру қызметтерінің ақпараттық аспектілерін зерттеу, қылмыспен күрес сферасында жасырын күш, құралдар және тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылатын, ақпараттық-іздеу жұмыстарының техникалары мен тәсілдерін, ұйымдастыру мәселелерін өңдеу;

-жедел-іздістіру қызметтерінің психологиялық аспектілерін зерттеу, соның ішінде комплекстік жедел-іздістіру шараларына қатысушылардың бірлес-кен қызметтерінің психологиялық ерекшеліктерін, жедел-іздістіру тәжірибесі үшін психологиялық және тактикалық түрдегі лайықты мінездемелерді өңдеу; құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жоғары құқықтық санада тәрбиелеу, қылмысқа және құқық бұзушыларға төзбеушілік қатынастар қылмыспен күресте қойылған міндеттерді орындауда қоғамның алдында жауап-кершілігін және қоғамдық борышын сезіну. Жедел-іздістіру қызметтерінің теориясы құқық қорғау органдарының, жедел аппараттардың және құрылымдардың басшыларын, жедел-басшылық құрамды тиімді және ғылыми дәлелденген ұсыныстармен қамтамасыз етуі, заңның талап етуіне жауап беретін, қылмыспен күресудің құралдары мен тәсілдерін, қолайлы мақсатқа сәйкес жедел-іздістіру күштерін өңдеуде жәрдемдесуі қажет. Бұл жедел-іздістіру қызметтерінің теориясының тәжірибелік бағыттары теорияның және практиканың диалектикалық біртұтастығын қамтып көрсетеді. Соңғысы заңдылықты, қағидаларды және теоретикалық түзілістерді ғылыми зерттеудің қорытындысында тұжырымдалған шыншылдық өлшеміне қызмет етуші ғана емес, теорияға, оның одан әрі дамуының негізгі бағыттары мен келешегін анықтай отырып, керісінше ықпал етеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалары мен сұрақтары

- 1.Кез келген ғылым саласы, оның ішінде жедел-іздістіру қызметі нелерді зерттейтініне түсінік беріңіз?
- 2.Қылмыстылық және оның тетігі қандай құбылыс және құрылымын айтыңыз?
- 3.Жүйе және динамикалық жүйе білдіретін жағдайларды атаңыз?
- 4.Жалпы бөлімде қаралатын мәселелер?
- 5.Ерекше бөлім қандай мәселелерге арналған?
- 6.Жедел-іздістіру қызметінің мақсатты бағыттары қорғайтын мән-жайларды көрсетіңіз
- 7.Жедел-іздістіру қызметінің теориясы құқық қорғау органдары қызметкерлерін немен қаруландырады?

Тест сұрақтары

1. Жедел- іздестіру қызметінің жұмысы неге негізделеді:
 - A) Заң мен олардың талаптарына
 - B) Дәстүрге
 - C) Қылмыстық заңға
 - D) Әкімшілік заңға
 - E) Үкмет талабына
2. Қылмыстылық қандай құбылыс:
 - A) Күрделі
 - B) Жәй
 - C) Күнделікті
 - D) Жаман
 - E) Ерекше
3. Қылмыстылықтың тетігін қандай жүйе деп түсінген дұрыс:
 - A) Динамикалық жүйе
 - B) Статистикалық жүйе
 - C) Қылмыстық жүйе
 - D) Сараланған жүйе
 - E) Оралымды жүйе
4. Жүйе деген сөз Грек тілінде қандай ұғымды білдіреді:
 - A) Тұтастықты
 - B) Арақашықтықты
 - C) Жағымдылықты
 - D) Жағымсыздықты
 - E) Талғампаздықты
5. Жедел- іздестіру қызметі пәні қанша бөлімнен құралған:
 - A) Екі
 - B) Бір
 - C) Үш
 - D) Жеті
 - E) Бөлімі жоқ

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің түсінігі, міндеттері мен функциялары

Сұрақтар:

- 4.1 Жедел – іздестіру қызметінің негізгі ұғымдары мен түсінігі
- 4.2 Қазақстан Республикасы жедел іздестіру қызметінің мақсаттары мен міндеттері
- 4.3 Қазақстан Республикасы жедел- іздестіру қызметінің функциялары

4.1. ЖІҚ-нің негізгі ұғымдары мен түсінігі

Жедел - іздестіру қызметінің негізгі ұғымдары:

1. Жедел іздестіру шарасы-ол бір немесе бірнеше тапсырмаларды шешуге бағытталған жедел іздестіру қызметі. Ол нақты тұлға немесе жалпы түрде болуы мүмкін.

2. Жедел-іздестіру қызметінің жалпы сақтандыру шаралары - ол құқық бұзушылықтың алдын алу үшін себеп-салдарды анықтауға бағытталған.

3. Жедел- іздестіру қызметінің арнаулы шаралары - ол құқық қорғау органдары тарапынан ЖІҚ-ін жүргізуге бағытталған, қылмыстың алдын-алу, бетін ашу жөніндегі ашық немесе құпия дайындалған шаралар.

4. Жедел іздестіру шаралары - ол арнаулы бір немесе бірнеше тапсырмаларды шешіге бағытталаған шаралар жиынтығы.

5. Жедел іздестіру қызметінің бағыты - ол жедел іздестіру қызметі бойынша белгілі бір органдардың, олардың бөлімдерінің белгілі бір бағыттағы тапсырмаларды шешуі.

6. Жедел- іздестіру қызметінің түрлері-ол Жедел - іздестіру қызметінің бір немесе бірнеше тапсырмаларын шешуге бағытталған, өз тәсіл, әдісі мен құралы, күші бар Жедел- іздестіру қызметінің түрлері.

7. Жедел іздестіру процесі - белгілі бір мақсатқа жету жөніндегі ЖІҚ-нің сатылары

ҚР-дағы Жедел Іздестіру Қызметі-ол ғылыми негізделген, ҚР-сы Конституциясына, (Жедел іздестіру қызметі туралы) Заңға және басқа нормативтік құқықтық актілерге негізделген, арнаулы уәкілетті органдардың, өз құзіретіне сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірі мен денсаулығын және басқа да заңды мүдделерін, сол сияқты меншікті, қоғамның қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған және шет мемлекеттердің арнаулы барлау органдарының және халықаралық ұйымдардың барлау-бүлдіру әрекеттеріне қарсы ашық және жасырын түрде жүлгізілетін жедел іздестіру қызметі туралы іс-шара.

Жедел іздестіру қызметінің жалпы түсінігі оның теориясымен тікелей байланысты.

Жалпы теория дегеніміз-ол нақты түрде белгілі бір білім, білімдер жүйесі арқылы, бір жүйеге келтірілген, жинақталған және белгілі бір

шындықтың сәттерін суреттейтін, түсіндіретін және оның қызмет етуін алдын-ала жалпы жинақ түрінде көрсету болып табылады.

Ал жедел- іздестіру қызметінің теориясы, азаматтардың өмірін, ден-саулығын, құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құқық қорғау органдары мен арнаулы қызмет органдарының қызметін анықтау болып табылады. Оның мазмұны: жедел іздестіру қызметі, құқықтық негіздері, субъектілері, объектілері, ЖІҚ-не қатысушы органдар, тұлғалар, жедел іздестіру шаралары, мақсаты, міндеттері, жедел іздестіру шараларының нәтижелері, оны жүргізу негіздері, жедел іздестіру процесі т.б. арқылы ашылады.

Жедел-іздестіру қызметі теориясының маңызы, құқық қорғау мен арналы қызмет органдарының алдына (Жедел іздестіру қызметі туралы)- заң арқылы қойылған тапсырманы шешу үшін бағыт беру және оны қамтамасыз ету. Сөйтіп, Заңда көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыру және іске асыру.

Жедел іздестіру пәні - ол қылмыстың ізін кесу, анықтау, алдын-алу және тергеу ісі жүргізілгенде қолданылатын тәсілдерді зерттеу пәні болып табылады. Оны Криминалистика пәнімен ара қатынасынан көруге болады. Мыса-лы: криминалистика проблемаларын зерттегенде, оның тәсілдері мен әдістемелерін қарастырғанда, жедел іздестіру қызметінің мүмкіндіктері ескеріледі.

Криминалистика қылмысты ашу жолындағы әдіс, тәсіл мен әдістемесі болып табылса, жедел іздестіру қызметі оны пайдаланудың әдістемесі. Криминалистика мен жедел іздестіру қызметі қылмыстық Заң талаптары бойынша адамның, қоғамның мүдделерін қорғауда бірімен-бірі сәйкес келеді, бірігіп кеткендей болып көрінеді. Бірақ олардың бір-бірінен түпкілікті мынандай айырмашылығы бар[3,11]:

Криминалистика қылмыс және онымен байланысты оқиға, оның объектілерін іздеу, зерттеу, олар туралы хабар беруші немесе хабарды ұстанушы объектілерді зерттеу, оны жинау болып табылады, яғни қылмысты анықтау, ашу, жолын кесу, алдын-алу.

Ал жедел - іздестіру қызметінің функциясы жеке тұлға, ұйым, олар туралы қылмыс жасаған немесе жасауы тиіс, құқыққа қарсы іс әрекеттерді зерттеу болып табылады.

Криминалистикадағы субъект тұлғалар: тергеуші, анықтау органы, сараптамашы-криминалист болып келсе, Жедел - іздестіру қызметіндегі тұлғалар: заң бойынша көрсетіліп бөлінген, оны жүргізуге құқық берілген құқық қорғау және ЖІҚ-н жүргізетін арнаулы функциясы бар мемлекеттік орган. Оның сипаттамасы: арнаулы сырттай ашық және жасырын қадағалау, оны іске асыруға арналған құрал-сайманы, көмектесушілерінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттің ең жоғарғы байлығы болып адам,оның өмірі мен бостандығы танылған. Сондық-тан, қазіргі Қазақстан қоғамында жоғарыдағы құндылықтарды

қорғау үшін заң жүзіндегі кепілділік жүйесі құрылып, қоғамды, мемлекетті және жеке тұлғаның қауіпсіздігін, конституциялық мәртебесін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғай алатындай ұйымдастыру шаралары жасалған. Ол шаралардың өзі бірнеше құқықтық нормативтік актілердің талаптарын қатаң сақтауды және олардың негізін қалайтын қағидалар жүйесі арқылы іске асады. Ал, жедел іздестіру қызметі талаптарын орындау кезінде жеке тұлғаның бостандығы мен құқықтарына өз әсерін тигізбей қоймайды. Кейбір жедел іздестіру қызметінің шаралары мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы жоғарыдағы құқықтарды шектейді. Мысалы, жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде белгілі бір тұлға жөнінде жеткілікті түрде күдіктенуге негіз болғанда, оның жеке басын куәләндыратын куәлігін, өз құзіреті шегінде әкімшілік ұстау, мекен жайын, жұмыс орнын, пошта тапсырыстарын, телефондарын тыңдау т.б. шараларды іске асыруға тура келеді. Оның бәрі заңмен реттеліп және оның талаптары сақталуы керек, сондықтан жедел-іздестіру қызметі шараларын іске асырудың тәртібі, шектері аталып көрсетілуі қажет.

Жедел іздестіру қызметінің құқықтық негіздері дегеніміз- Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген, жедел- іздестіру қызметі туралы Заң, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен нормативтік құқықтық актілері, қалыптық құжаттары. Олар жедел – іздестіру қызметі тұлғаларының мақсаты, міндетін, күш пен құралдарын, және оны жүргізу әдістерін өз құзіреті шегінде жүргізуін реттейді. Сонымен ЖІҚ-нің құқық-тық негіздеріне мыналар жатады:

- 1.ҚР Конституциясы.
- 2.ҚР-ның 15 қыркүйек 1994 ж. қабылданған ,ЖІҚ-ті туралы -Заңы
- 3.ҚР-ның 26 маусым 1998 ж.қабылданған, ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігі туралы -Заңы
- 4.ҚР-ның Президентінің 1 сәуір 1996 ж. Жарлығымен бекітілген,ҚР-ның Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті туралы - Ереже
- 5.ҚР-ның ұлттық қауіпсіздік органдары туралы, 1995 ж.21 желтоқсандағы Заңы
- 6.Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 ж.21 желтоқсандағы -Заңы
- 7.ҚР-ның ішкі істер органдары туралы,-1995 ж.21 желтоқсандағы -Заңы
- 8.ҚР-ны Президентінің күзет қызыметі туралы-1995 ж.3-қазандағы –Заңы
- 9.Қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік қорғау туралы-Заң күші бар Жарлық.
- 10.Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекістер.
- 11.Ведомстволардың нормативтік құқықтық актілері.
- 12.Үкіметтің қаулылары.
- 13.Халықаралық және мемлекетаралық келісім шарттар. Т.б жатады

4.2 Қазақстан Республикасындағы Жедел- іздестіру қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Жедел - іздестіру қызметі өзінің алдына қойған міндеттерімен Қазақстан Республикасы Жедел-іздестіру қызметінің заңының арнайы бабында көрсетілген мақсаттарды орындауға бағытталған. Жедел іздестіру қызметінің міндеттеріне мыналар жатады[3]:

- Адаммен азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, меншік түріне қарамастан меншігін, қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау.

- Қоғамның, мемлекеттің және оның экономикалық, қорғаныс қабілетін арттыруға ықпал ету.

- Қылмысты анықтау, оның бетін ашу, алдын-алу, сақтандыру шараларын іске асыру.

- Заңға сәйкес анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынған адамдар жөнінде іздестіру шараларын жүргізу, сол сияқты хабар - ошарсыз жоғалған адамдар немесе басқа да жағдайлар жөнінде іздеу шараларын жүргізу.

- Шет елдердің арнаулы барлау органдары мен халықаралық ұйымдардың барлау-бүлдіру іс-әрекетін анықтау, алдын-алу, сақтандыру, жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерді іске асыру.

- ҚР-сы Президенті мен өзге де күзетуді қажет ететін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- Мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету.

- Мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалатын құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету, сол сияқты ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорын-дардың, меншік түріне қарамастан коммерциялық құпияларын сақталуын қамтамасыз етуге байланысты шаралар жүргізу.

- Бас бостандығынан айыру органдары мекемелерінде, қылмыстық атқару заңына сәйкес, режимді сақтау туралы шаралар қолдану.

- Жедел іздестіру қызметін жүргізу органдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Алайда, барлау-іздеу жұмыстарын әрбір органдар өздерінің алдына қойған міндеттеріне байланысты орындайды. Қылмысты ашу мен анықтау, сондайақ тулғаларды оның ішінде қылмыс жасаған тулғаларды анықтау ЖІҚ - ың басты міндеті болып табылады. Бұл тапсырыстың негізі қылмыстың статистикасымен негізделеді. Қылмысты анықтаудың мәні — қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде көрсетілген, қылмыс жасаған адамның (тулғаның) қылмыс әрекетінің құрамын, белгілерін, жағдайды анықтауды айтамыз. Органдардың тапсырмасы жедел- іздестіру қызметіне қылмыс құрамының элементін іздеуді сұрамайды, ол тек тергеушінің жазбаша тапсырмасы болып табылады.

Қылмысқа тыйым салу және ескерту, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекеттің алдыналу, қылмысты болдырмау шарттары жедел-іздестіру қызметінің негізгі міндеттері болып табылады. Қоғамның дамуының нәтижесінде Жедел

іздігіру Қызметі жариялы емес күштерді қолдана отырып, қылмыстылықпен күресіп, қоғамдық тәртіпті сақтап, аса ауыр қылмыспен күрес жүргізеді. Жедел іздігіру қызметі маңызын төменгілерден көруге болады :

Біріншіден, әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілген, қоғамға пайдалы тапсырмаларды орындауға бағығытталған және мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің бір түрі болып табылады.

Екіншіден, жедел іздігіру қызметі өзіне ғана тиесілі арнаулы қарым-қатынаста басқа құқықтық қатынас субъектілерінен ерекшеленеді, яғни бұл жерде арнайы күзіреті бар мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары туралы сөз болып отыр, олар қылмыспен күресу әдісіндегі арнаулы құралдарды қолдану барысындағы құқықтары мен міндеттері арқылы өз көрінісін табады.

Үшіншіден, бұл қызметтің мазмұны ашық немесе жасырын түрде заңға сәйкес дәлелденуге жататын ақпараттарды жинау. Бұл әдісті қылмыспен күресу барысында Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Органдары, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, жедел аппараттары, салық полициясы, кеден комитеті тағы басқа Жедел-іздігіру қызметі жүзеге асырады.

Жедел-іздігіру қызмет күшін, құрал әдісті қолдана отыра жедел аппаратты күнделікті қылмыспен күреседі. Барлау қызметі қылмыстылық тудыратын объектілерге және шет мемлекеттер мен ұйымдардың қылмыстық ниеттеріне ғана қарсы бағытталып қоймай, олардағы тұлғалардың қылмысты болдыратын немесе жасайтын фактілеріне де қарсы бағытталады, заңды фактілерді табады және ескертеді. Олар әр түрлі жедел іздігіру шаралары және тактикалық операцияның негізін қолданып, жедел іздігіру күшін, құралын, әдісін қолдану арқылы өздеріне жүктелген міндетті іске асырады.

4.3 Қазақстан Республикасы жедел - іздігіру қызметінің функциялары

Жедел-іздігіру қызметінің ауқымы, негізгі мақсаттары оның екі функциялары арқылы өз көрінісін табады, олар құқық қорғау және арнаулы болып екіге бөлінеді.

1. Құқық қорғау функциясы - ол заң нормалары негізінде құқық бұзушылықтың анықтау, ашу, алдын алу, жолын кесу, болдырмау жөніндегі шаралар жүйесі және заңда көрсетілге тәртіппен күш, құрал және жедел іздігіру әдістемесін азаматтарды, қоғамды, мемлекетті қорғауда қолдану. Сондықтан, оның құрамына қылмыстық, әкімшілік және қылмыстық атқару жүйлеріндегі, қылмыстық-атқару кодекісінде көрсетілген мәселелер кіреді.

Жедел-іздігіру қызметі анықтау ісі, тереу мен сот істерінде өте маңызды рол атқарады. Біріншіден жедел-іздігіру қызметі өзіне тән заң арқылы берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қылмыстық іс

жүргізу заңынан тысқары түрде күш пен құрал, мүмкіндіктерін пайдалана алады, екіншіден солардың негізінде, жедел-іздігіру қызметінсіз атқарылуы мүмкін емес басқа да функциялардың қызметіне жол ашады. Құқық бұзушылық туралы мән-жайлар негізінен жедел-іздігіру шараларын жүзеге асыру арқылы ғана анықталады. Құқық-бұзушылықты болдырмау жөніндегі профилактикалық шаралар, анықтау мен тергеу ісіне қажетті айғақ заттар, мәліметтер, жасалған қылмыстардың жолын кесу, оларға қатысушыларды, әрқайысысының ролін анықтауда да жедел-іздігіру қызметі өте үлкен маңызға ие.

Қылмыстық атқару жүйесінде тәртіпті сақтауда, басқа да құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмауда жедел-іздігіру қызметі маңызды іс атқарады [22].

Көптеген әкімшілік құқық бұзушылықтар жедел-іздігіру шараларының негізінде анықталады, оның алдын-алу болдырмау, Мысалы: шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағына кіруі және қозғалыс режимдерін бұзу сияқты тағы басқалар да сол шаралардың нәтижесінде анықталады. Құқық бұзушылыққа қарсы профилактикалық шаралар да жедел-іздігіру қызметі нәтижесінде орын алуы мүмкін.

Бұл функцияларды жедел-іздігіру қызметі жүктелген құқық қорғау органдары жүзеге асырады. Олар құқық қорғау міндеті жүктелген мемлекеттік органдар: Ішкі істер, Қаржы полициясы органдары болып табылады.

2. Арнаулы функция - бұған қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнаулы күштерді, құралдарды, әдістемелікті қолдану жатады.

Арнаулы функция мемлекеттің қажеттілігінен туындайды. Олар қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайту, шет- мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау- бұлдіру әрекетін анықтау, алдын- алу және болдырмау, Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету, коммерциялық құпияны қорғауды ұйымдастыру, жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінен тұрады. Оларға: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Президенттің күзет қызметі, Қорғаныс министрлігінің Бас барлау қызметі жатқызылған.

Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мен Президенттің күзет қызметі құқық қорғау және арнаулы функцияны бірге атқарады. Олар құқық қорғау функциясында - өз күзіретіне сәйкес қылмысты анықтау, алдын- алу жолын кесу сияқ-ты мәселелерді шешсе, арнаулы функциясында - Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы қауіпсіздігін, қорғаныс қабілеті мен экономикалық әлеуетін қамтамасыз ету, Президентті, Парламентті, Үкіметті төніп тұрған қауіп туралы хабардар ету болып танылады[23].

Қорғаныс министрлігінің Бас Барлау қызметі мемлекетке, әскери қауіпсіздікке, оның қорғаныс қабілетіне төнетін қауіп туралы барлау мәліметтерін жинау және Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мұдделері үшін соғыс кезінде және бейбітшілік уқыттарында жүргізілетін әскери немесе арнаулы шараларға байланысты барлау мәліметтерін жинақтап анықтау болып танылады.

Сонымен **арнаулы қызмет дегеніміз** - ол ұлттық мүддені, қоғамды және мемлекетті оның ішкі, сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған арнаулы күш пен құрал, әдістеме қолданатын қызмет органы болып танылады.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалары мен сұрақтары

1. Жедел-ізвестіру қызметінің негізгі ұғымдарын атаңыз?
2. Жедел-ізвестіру қызметінің ұғымына түсінік беріңіз?
3. Жедел-ізвестіру қызметінің мағынасын ашып көрсетіңіз?
4. Қылмысты ашу мен анықтаудың мәнін көрсетіңіз?
5. Қылмысқа тиым салу мен ескерту шарттарын атаңыз?
6. Қылмыс жасаған тұлғаларды табу мен шара қолданудың мақсатын атаңыз?
7. Құқық қорғау функциясы дегеніміз не?
8. Жедел-ізвестіру қызметінің анықтау, тергеу, сот ісіндегі ролі?
9. Арнаулы функцияны атаңыз?
10. Құқық қорғау функцияларын қандай органдар жүзеге асырады?
11. Арнаулы функцияны атқару қай органдарға жүктелген?

Тест сұрақтары:

1. ЖІҚ-і неге негізделген:

- А) ғылым мен Конституцияға
- В) заңдарға
- С) тәжірибеге
- Д) мемлекетке
- Е) үкіметке

2. ЖІҚ-і туралы заң қандай органдарға арналған:

- А) арнайы уәкілетті органдарға
- В) ішкі істеріне
- С) қауіпсіздік комитетіне
- Д) кеден органына
- Е) Президент күзет қызметіне

3. ЖІҚ-і дегеніміз ол:

- А) жария және құпия түрде жүргізілетін ЖІҚ-і туралы іс-шара
- В) тек ашық жүргізілетін іс-шара
- С) тек жасырын жүргізілетін іс-шара
- Д) мемлекеттік қызмет
- Е) барлау шарасы

4. Азаматтар жөніндегі ЖІҚ-нің міндеті ол

- А) олардың өмірін, денсаулығын, бостандақтары мен заңды мүдделерін, меншікті, заңға қарсы қол сұғушылықтан қорғау
- В) денсаулығын қорғау
- С) өмірін қорғау
- Д) бостандығын қорғау
- Е) заңды мүддесін қорғау

5. Қоғам мен мемлекет туралы ЖІҚ-нің міндеті ол:

- А) олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикалық әлуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу
- В) қорғау
- С) қауіпсіздік үшін күресу
- Д) күшейту
- Е) іс-шара жүзеге асыру

6. ЖІҚ-і туралы заң қай уақытта қабылданған:

- А) 15 қыркүйек 1994 ж.
- В) 1995 ж.
- С) 1996 ж
- Д) 1993 ж
- Е) 1997 ж

7. Органның тапсырмасы дегеніміз ол:

- А) тергеушінің жазбаша тапсырмасы
- В) тергеушінің ауызша тапсырмасы
- С) бастықтың тапсырмасы
- Д) кез келген тапсырма
- Е) әлеуметтік тапсырма

8. ЖІҚ-нің қылмыстық- атқару жүйесіндегі міндеті:

- А) тәртіпті сақтаудағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау
- В) қылмыспен күресу
- С) әкімшілік басқаруға көмектесу
- Д) тәртіпті сақтау
- Е) қорғану

9. Қорғаныс министрлігінің Бас барлау қызметінің міндеті:

- А) мемлекетке, әскери, қорғаныс қабілетіне төнетін қауіп туралы мәліметтер жинау
- В) әскери мәліметтер жинау
- С) қауіп туралы мәліметтер жинау
- Д) қылмыс туралы мәліметтер жинау
- Е) құқық бұзушылық туралы мәліметтер жинау

10. Арнаулы функцияда құқық қорғау функциясы көзделген бе:

- А) көзделген
- В) көзделмеген
- С) тек арнаулы функция көзделген
- Д) оған қатысы жоқ
- Е) құқық қорғау тек ішкі істер органдарына ғана қатысты

БЕСІНШІ ТАРАУ

Қазақстан Республикасы жедел- іздестіру қызметінің құқықтық негіздері мен қағидалары

Сұрақтар:

5.1 Жедел-іздестіру қызметінің қағидалары түсінігі және топқа бөлінуі.

5.2 Жедел-іздестіру қызметінің қағидаларының түрлері.

5.3 Жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырудағы заңдылық кепілдіктері

5.1 Жедел-іздестіру қызметінің қағидалары түсінігі және топқа бөлінуі

Қағида (ол латын тілінде Principium негіз, бастапқы деген мағнаны береді), яғни біріншіден негізгі, бастапқы теориялау жағдайы, тағы басқа жетекші, негізгі қызметтің тәртібі. Екінші мағынада: ішкі сендіру, затқа көз қарас, норманың іс әрекетін анықтау. Үшінші мағынада: құрылу негізі, қандай болсын механизмнің әрекеті[24].

Философияда «қағиданың түсінігі заң көлемінен шықпайтын, жалпы теорияны қамтитын, құқық саласының негізін, жағдайын танумен түсіндіріледі.

Ожегов С.И. сөздігінде қағидаға келесідей түсінік берілген:

- 1) негізгі бастапқы теорияның жағдайы.
- 2) сендіру, затқа көзқарас.
- 3) қандай да болсын құрылыстың негізгі ерекшелігі.

Алғашқы болып 1990 жылы СССР кезінде «Ішкі істер органдарындағы жедел-іздестіру қызметі туралы заңының 5 бабында құқықтық норманы бекітетін қағидалар көрсетілген.

Жедел-іздестіру қызметі алғашқыда практикалық процестен пайда болып, жалпыланған түрде жедел іздестіру қызметі теориясының нормасы заң және ведомствалық нормативтік-құқықтық актілермен реттеліп отырған. 1994 жылы 15 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы Заңы заң сиымдылығының нормасының мәртебесін көтерді, қағиданың іске асу механизмін реттеуді жүзеге асырды. Жедел іздестіру қызметі теориясында әртүрлі көзқарас туындаған. Олардың көбісі қағиданы Жедел іздестіру қызметін бастапқы, жетекші, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамға деген көзқарасын, құқықтық мемлекетте қылмыспен күресудің арнаулы мақсатының негізін қалаушы деп түсіндіреді. Негізінен жедел-іздестіру қызметі қағидалары нақты жағдайларға байланысты жіктеледі. Жедел-іздестіру қызметі құқықтық мемлекетте қылмыспен күресуді, әрбір субъектілерге заңда белгіленген тәртіпті орындауды талап етеді. Ол «Қазақстан Республикасының Жедел іздестіру қызметінің туралы Заңының 2 бабында атап айтылған[3]. Жедел-іздестіру қызметінің қағидасы ол заң

сиымдылығындағы объективтік анықтама және жедел іздестіру қызметін ұйымдастырудың жұмысына бағынатын процесс, болып табылады, олар:

а) Әрбір жедел-іздестіру қызметінің қағидасы қоғамдық өмірде заң сиымдылығының белгілерін, құрамын, жеке белгілерін сипаттайды. Белгіленген қағидалар жедел- іздестіру қызметінің жүйесін, әлеуметтік маңызын, заңдық табиғатымен әр-түрлі аспектілермен негізделеді.

ә) Жедел-іздестіру қызметі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға заң міндеттерін орындауға кепілдік береді.

б) Жедел-іздестіру қызметі әртүрлі кеңістікте қолданылатын аспектілерді, концепцияларды, толықтай жүйелерді құруға көмектеседі.

в) Заң актілерінде тіркелген құқықтық қағидалар, жедел- іздестіру қызметінің қоғамдық қатынастарын, практикада құқықтық норманың дұрыс қолданылуын, заңның шегінен тыс шықпауын қадағалайды және заңға қайшы келмейтін ілім болып табылады.

Жедел-іздестіру қызметі қағидасының негізі жедел қызмет қызметкерлері аппараттарының күнделікті қызметін қадағалау арқылы, қылмысты ашу, қылмыстан жалтарып жүрген адамдарды табу, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу, арнайы әдістерді қолдануда заң негізде істің қарқынын дамыту. Қағидаларды іс –жүзінде дұрыс қолдану жедел аппарат қызметкерлері үшін практикалық маңызы зор. Қағида заңмен тиым салынған әрекетке жүгінбеуді, күнделікті жедел-іздестіру шараларын іске асыруда тәртіпті бұзбауды, аппарат қызметкерлері тарапынан қылмысты болдырмауды көздейді.

Қазақстан Республикасы жедел-іздестіру қызметі туралы заңның 3 бабына сәйкес жедел іздестіру қызметінің қағидалары заңдылық, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қадыр-қасиетін құрметтеу, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаларына сәйкес, астыртын әрекет ету, жария және жария емес әдістерді ұштастыру, кәсіби әдеп негізінде өз қызметін жүзеге асыру болып табылады[3].

Оны шартты түрде үш топқа бөліге болады: Әлеуметтік құқықтық, ұйым-дастырушылық және тактикалық.

1.Әлеуметтік-құқықтық қағида- Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, жедел-іздестіру қызметінің әлеуметтік-құқықтың маңызын ашып көрсетеді.

Жедел-іздестіру қызметін іске асырушы орган қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституциясы, Конституциялық Заңдарында көрсетілген, Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен Ережелерін басшылыққа алуы керек.

Сол сияқты ҚР-ның халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерін, Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормаларын сақтауы тиіс.

Қылмыстық ізге түсу органдарының Жедел-іздестіру қызметінің шараларын іске асыру кезінде заң талаптарын бұзуға жол берілмейді. Егер заң талаптары бұзылса, онда ол заңмен белгіленген жауаптылыққа,

ал заңсыз іс қимылдар, заңсыз деп танылуға олардың күшін жоюға алып келіп соғады.

2. ЖІҚ-нің ұйымдастырушылық қағидасы. Жедел-ізвестіру қызметі Қазақстан аумағының әкімшілік бөліністеріне қарай аудандық, қалалық, облыстық және әскери құрамдардың орналасқан аумағына қарай құрылады

Жедел-ізвестіру қызметі маңызы жағынан белгілі бір объектілерге бағыттталып, яғни қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлық, барлау және қарсы барлау, шет елдер мен ұйымдарға тағы басқаларға бағыттталып ұйымдастырылады.

3. ЖІҚ-нің тактикалық қағидасы – ол ЖІҚ-нің негізгі бағыттарын қамти-ды, олар: Құпиялылық, жеке бас қауіпсіздігі, ашық және құпия әдістерді қолдану, тәуекел, алға қойған мақсатқа жету, кәсіби әдеп. Бұған қосымша белгілі бір арнаулы күш пен құралдарды дайындау, пайдалану

5.2 Жедел- ізвестіру қызметінің қағидаларының түрлері

Жедел ізвестіру қызметінің қағидасы жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы қағида құқық қорғау органдары жүйесінің құрылымын реттейді, қылмыспен күресуді және құқық бұзушылыққа қарсы жүзеге асырады. Оның қатарына жататын қағидалар[24]:

- ғылыми;
- заңдылықты сақтау;
- еңбек пен қоғам арасындағы күнделікті байланыс.

Ғылыми қағидасы қазіргі уақытта жедел ізвестіру қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін, қылмысты талдап анықтау, арнайы күш қолдануда жедел ізвестіру аппараттарының қарқынын дамытуды көздейті. Аталған жағдайды іске асыруда жедел ізвестіру қызметінің мән- жайына сай, криминология, криминалистика, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығы, пси-хология ғылымдарының салалары басшылыққа алынады. Бұл қағида тактикалық аспектілердің ұйымдасқан арнайы күшін қолдану, кәсіби әдепті жүзеге асыруға, практикалық іс-шара жүргізуде маңызды болып танылатын мән-жағдайларды, әдістерді қадағалау арқылы өз орын табады.

Әдістер, жағдайлар, қазіргі техникалық жедел құралдарын қолдануға дұрыс бағыт береді, яғни қылмысты ашуға, нақты жедел бақылауға, ақпараттарды ұйымдастыру жүйесін, аналитикалық жұмысты, жедел техникалық жоспарларды жүзеге асырада маңызды болып табылады. Ғылыми қағида жүйелік, идеологиялық, кәсіптік жедел аппараттарын дайындау, өздеріне жүктелген міндеттерді реттейді. Ол тек осы жағдайларда ғана өз мақсатына жетіп, қылмыспен күресу әдістердің заңға сәйкес жүргізілуін көздейді[16].

Заңдылық қағидасын сақтау. Мемлекеттік аппараттың қызметі тек қана заңның талабы орындалғанда ғана жүзеге асырылады және өз

мақсатына жетеді. Жедел іздестіру қызметі қылмыстың болуын, оған оқталуын, бағытын, қатысушыларды, олардың жоспарын, қоғамға қауіптілік дәрежесін тағы басқалар туралы қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырады.. Егер жедел- іздестіру қызметі заңды бұзса, ол орны толмас қасіретке алып келеді Сондықтан, жедел іздестіру қызметі қылмыспен күресу қағидасында келесі заңдылықты сақтауды талап етіледі, атап айтқанда: жедел-іздестіру қылмыс-пен барысында арнайы күш қолданудың заңға сиымдылық шарттары, іске қатысты адамдарға қару жаракты тікелей қауіп төніп тұрғанда ғана қолдану, іске қатысы жоқ адамдарға зиян келтірмеу шараларын қолдану, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету тағы басқалар орын алуы тиіс. Жедел іздестіру шаралары нәтижесінде жиналған материалдар жалпы құқықтық жария нормаларының негізінде, азаматтардың құқықтық жағдайын жасалған қылмысқа қатысты өзгертуге байланысты мәселелерді шешу үшін ғана қолдану.

Қоғам, ұйымдар, мекемелер және азаматтармен күнделікті байланыс қағидасы. Жедел-іздестіру қызметі қызметкерлерінің халықпен тығыз байланысы қылмыспен күресуде нәтижеге жетудің бірден- бір жолы болып табылады. Олар жалпы және арнайы мазмұнда өз көрінісін табады.

Жалпы мазмұны:

- Жедел-іздестіру қызметінің алға қойған тапсырмаларын шешуге көмектесуге мүмкіндігі бар, өз еркімен көмек көрсетуге келісім берген адамдарды қылмыспен күресуге тарту;

- Халық арасында қылмысты болдырмау, алдын- алу және ашу жөніндегі профилактикалық мақсатта құқықтық мәдениет туралы үгіт-насихат жүргізу;

- Қылмыстың алдын-алудың жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру

Жедел іздестіру қызметінің арнайы мазмұны:

- халықты жедел аппаратқа жариялы емес қызметке тарту.

- жедел іздестіру мүддесін білдіретін арнайы қоғам өкілдерінің көмегін және қоғам өкілдерінің көмегін жеке тұлғаларды анықтау мақсатында тұрғылықты орнына, жұмыс орнына, оқу орнына байланысты пайдалану.

- жедел іздестіру шараларын жүргізуге қоғам өкілдерінің ішіндегі сенімді, тексерілген тұлғалар ын арнайы нақты жедел-іздестіру шарларына қатыстыру.

- Сезікті, әрі қылмысқа қатысы бар тұлғаларды жасырын түрде бақылауға көмекшілер тарту.

- қылмыстық іс-әрекетін құжаттауға қатыстыру.

- жедел қарау шараларын өткізу.

Қоғам өкілдерін жедел іздестіру шараларына қатыстыру кезінде міндетті шарт болып төмендегілер табылады:

1. Ерікті қатысуы.

2. Жедел-іздестіру шараларының негізін жария жария етпеу.

3. Құралдар мен әдістер күшін нақты, тиімді пайдалану.

Жедел іздестіру шараларын өткізу барысында олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жедел аппарат міндеті болып табылады. Жергілікті жедел аппараттың орталық басқармасындағы шығармашылық ойлардың қалыптасуы мен үйлесімділік қағидасы.

Жедел іздестіру қызметінің тактикасын ұйымдасу тәртібі мен жағдайы негізінен вемоствалық нормативтік актілер арқылы реттеліп, конституциялық, қылмыстық тағы басқа құқықтық заңдар, нормативтік-құқықты актілер негізінде реттеледі. Бірақ көп жағдайда жедел іздестіру мүмкіндіктері нақты қалыптасқан жедел жағдай мен шартқа байланысты туындайды. Сондықтан, олардың бір орталыққа бағынуы және сол орталық қызметкерлерінің Республика аумағындағы қылмыстылықпен жедел- іздестіру қызметі арқылы күресудің әдістемесін қалыптастыруы өте үлкен маңызға ие. Себебі, Республиканың әр аумағында болатын қылмыстар әр дәрежеде және өз ерекшеліктері бар, сонымен қатар қылмыстылықта шекара жоқ, сондықтан қылмыстылықпен күресудегі орталықтың үйлестіру, қылмыс түрлері, жасау әдістерін бір жүйеге келтіруінің ерекше маңызы бар. Бұл жалпы құқықтық нормативтік актілердің, нұсқаулар мен ережелердің талаптарының заңдылық негізіндегі тәртібін сақтауды міндет етіп қана қоймай, сонымен қатар аумақтық құраммен жедел аппараттық шығармашылық ой пікірлерін жан-жақты жедел тактикалық әдістер мен тәсілдерді әр нысандағы құқық бұзушылықтар мен ұйымдасқан қылмыспен күресте тиімді әрі ұқыпты пайдалану негіз болады.

Жедел іздестіру қызметінің арнайы қағидасы.

Арнайы қағидалар жедел іздестіру қызметінің өзіне ғана тән заңдық негізіндегі тәртіп пен нысандарда қалыптасады. Мұндай қағидалар жедел- іздестіру қызметінің негіздері арқылы ғана қылмыспен күрес жүргізудегі арнайы құралдар мен әдіс-тәсілдерді қолдану мақсатында ғана іске тартылып қызмет етеді:

Бұл қағидалар қатарына:

- жедел іздестіру шараларына әр уақытта жоғары жедел дайындықта болу;
- жедел іздестіру қызметін жедел жағдайға байланысты бағалау.
- жариялы және жариялы емес тәсілдердің жоғары негізде сәйкестендіріп үйлестіру.
- Жұмыс барысында әдеп белгілерін сақтау.

Жедел басып алу мен дайындық қағидасы. Жедел аппарат пен құқық қорғау органдарының жедел дайындығы дегеніміз - қылмыспен күрес мақсатында, жедел- іздестіру қызметіндегі арнайы құралдар мен күштерді, әдістер мен тәсілдерді тез әрі ұйымдасқан тәртіпте қолдану іс әрекетін айтамыз.

Жедел дайындық белгілері мыналардан тұрады:

1. Жедел аппаратқа тез шешімін табуды талап ететін жеке тұлғалар мен фактілер жайлы ақпараттардың уақытылы түсуін қамтамасыз ету;

Жедел аппарат қызметкерлерін түскен ақпарат пен қылмысқа байланысты міндеттерінің алдын ала бөлінуі және олардың жедел түрде жедел іздестіру және басқа шараларға қатысуларын белгілеу;

2. Жедел тактикалық шаралар туындаған жағдайда жедел аппарат құрамымен қызметкерлердің іс-әрекеттерін алдын-ала жедел жоспарлы түрде ұйымдастыру. (Қылмыстарды ашу, болдыртпау, қылмыскерді ұстау).

3. Жоғары нысанды жедел дайындықта болу, жедел іздестіру қызметіндегі басып алу қызметімен тығыз байланысты. Бұл жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында қылмыскерлерді қылмысқа дайындық үстінде ұстауға, қылмыс істелініп жатқанда, сонымен қатар қылмыстың ізін суытпай ұстауға мүмкіндік береді.

Жедел іздестіру қызметін болжап-бағалау қағидасы.

Бұл қағиданы орындау барысында жедел аппарат қызметкерлері мен оны ұйымдастырушылардан, жедел- іздестіру шараларын сәтті өткізу үшін келесідей талаптардың орындалуын міндеттейді:

- жедел тактикалық жағдайды терең әрі жүйелі түрде ұғыну;
- тактикалық шараларды өткізу барысында шығармашылық ой пікірлері мен жоспарларын алдына қойған мақсатты орындау барысында нақты топтың міндеттерін орындау;
- жедел аппарат қызметкерлерін жұмысты өздері жоспарлап орындауға тәрбиелеу.

Мұндай шараларды өткізу олардың ерікті түрде өзі төтенше құқықтық жағдайда немесе жедел тактикалық шешім қабылдау кезінде құқықтық аспектілерді басшылыққа ала отырып шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Жариялы немесе жариялы емес әдістердің жедел үйлесімділік қағидасы. Тәжірибелік жұмыста мұндай қағиданы қолдану аспектілері болып жедел іздестіру қызметі мен қылмысты тергеу, сондай-ақ қылмыстық сот өндірісін жүргізу тәртібін қамтамасыз ету болып табылады. Олар тергеуші мен жедел қызметкер арасындағы қолданатын әдістер мен тәсілдер жүйесін, іс жүргізу және іс жүргізу қатарына жатпайтын әдіс-тәсілдердің құқықтық жағдайының тәртібінің ерекшеліктерін реттеп басқарады. Бір жағынан тергеу қызметі мен жедел іздестіру қызметі арасында тәжірибелік, әдістемелік аса маңызды бір мақсатты көздейтін белгі бар, ол қылмысты ашу барысында - әлеуметтік шындықпен ақиқатқа жету. Сондықтан, көп жағдайда аса ауыр қылмыстарды ашуда және әр саладағы қылмыстық-іс жүргізу қызметі мен жедел-іздестіру қызметінің мүмкіншіліктерін біріктіріп пайдалану, тергеуші мен жедел қызметкердің бірігіп жұмыс істеуінің тиімділігін көрсетеді. Мұндай қарым-қатынас тәртібінің түп негізі болып :

1. Қылмысты анықтау және ашу .

2. Дәлелдемелер арқылы қылмыскердің іске қатыстылығын дәлелдеу.

3. Қоғамға қарсы теріс-қылықтардың зардабын алдын-алып болдырмау немесе қоғамдық тәртіпті орнату. Бұл жерде бастысы мәселе тергеушінің қылмыстық іске қатысты шараларды жүргізудегі алынған материалдарға баға беруі болса, жедел қызметкер берілген мәселені сәтті шешу мақсатында өз жұмысы барысында өзі жеке тәуелсіз кезкелген арнайы құралдармен күштерді сондай-ақ қажетті әдіс-тәсілдерді қолдану еркіндігі болуы тиіс.

Құпиялылықты сақтау қағидасы. Қандайда болмасын қылмысты немесе қылмыстық әрекетті алсақ ол өзінің құпиялылығымен, қылмыскерлердің жауаптылықтан қашуымен, қылмыс іздерін жасырумен және оларды анықтау мақсатындағы шаралардың жолын кесіп қиындату ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Мұндай кезде қылмыспен күресте әр түрлі жариялы арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Көп жағдайда, мұндай жедел іздестіру шараларын жүргізудегі жариялы емес тәсілді қолдану қатал нысанды бүркемелікті талап етеді. Сондықтан да, жедел аппарат бөлімшелері мен құралдары әр түрлі жедел іздестіру мүмкіншіліктерімен ұйымдастырылған әдіс-тәсілдерін құпиялы әрі жариялы емес негізде жүргізуді өз жұмысындағы бірден бір мақсат етіп қояды. Жедел-іздестіру күштеріндегі әдістер мен тәсілдердің құпиялылығы аса қауіпті ауыр қылмыстарды ашудың, әшкерелеудің кепілі болып табылады. Ал, керісінше, жедел іздестіру шараларын жүргізу мен ұйымдастыру барысында бүркемелікті сақтамау жедел аппарат пен оның жедел қызметкерлерінің жұмысын ауырлатып қылмысты ашудағы іс шараларды тіпті жоққа шығаруға дейін апаруы мүмкін.

5.3. Жедел - іздестіру қызметін жүзеге асырудағы заңдылық кепілдіктері

ЖІҚ-н жүзеге асыру кезіндегі негізгі кепілдік ҚР-ның Конституциясына сәйкес заңдылықтың сақталуы. Адамдардың құқықтары мен бостандықтары заңда көрсетілген тәртіппен және шекте ғана іске асырылуы тиіс және ол конституциялық құрлыс пен қоғамдық қауіпсіздікті, адамның құқығы мен бостандығын қамтамасыз ете алатын шекте ғана болуы тиіс[1,4].

ЖІҚ-н реттеу заңының жария түрде болуы, кез келген тұлғаның, ЖІҚ-н жүргізуші органның іс әрекетіне шағым келтіре алуы, егер тұлға туралы жедел іздестіру шаралары негізінде оның кінәсі анықталмаса, оның құқық-тары мен бостандықтарына ықпалын тигізген іс құжаттарымен танысу, ал ол тұлғалар туралы оның жеке өмірі, қадыр қасиеті туралы мәліметтерде құқық бұзушылық белгілері жоқ болса, ол мәліметтердің жойылуға жататындығы, ЖІҚ-н жүргізуші органдар туралы қадағалауды прокуратура жүргізетіндігі осылар құқықтық кепілдік негіздері болып танылады.

Қазақстан Республикасы суверенитет алғаннан бастап құқықтық мемлекеттің құрылу негізі басталды. 1995 жылы тамызда қабылданған Конституцияда азаматтар мен адамның құқықтары, мемлекеттің кепілдік беруі нақты бекітілген. Қазіргі заманда мемлекеттің дамуына негіз болатын құқықтық институттар, заңнамалық процесстер, демократияның жетілуі мен мемлекеттік аппараттың бөліну негізі, азаматтардың мүдделерін қорғау, құқық қорғау органының қызметін қолдануы және жедел іздестіру қызметіне теорияны дұрыс түсіну үшін негізгі қағидаларды басшылыққа алу керек.

Қазақстан Республикасының 15.09.94 жылы қабылданған «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңында құқықтық жүйенің кепілі қолдану кезіндегі заңдылығы көрсетілген[3].

Қылмыстарды ашу мен ескерту жедел іздестіру қызметінің жұмысын жетілдіру құқық қорғау органдарының алдына қойған бірден бір мәселе болып табылады. Ұйымдасқан тактикалық нысандар, әдістер объективтік қызметке сәйкес келмейді, яғни қылмыспен күресудің қарқынын төмендетеді. Бұл жағдайда бір себепті жатқызуға болады, атап айтсақ методологиялық қатардың жеткіліксіз болуы, базалық жағдай ол жедел-іздестіру қызметінің мақсатын бағыттауға көмектеседі.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың іс- қимылына, егер, олар заңға қайшы болса немесе заңды мүдделерге қол сұғылды деген күдік туған кезде, кез келген тұлға, заңмен бекітілген тәртіп бойынша жоғарғы тұрған органдарға, прокуратураға немесе сотқа шағымдана алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Президентінің қаулыларынан мемлекеттік және қоғамдық өмірдің қылмыспен күресетін, құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға түрткі болатын себептерді жоюдың құқықтық негізін нығайту міндеттерін шешуде маңызды рол атқаратынын құқық қорғау органдарын деген нақты талаптарынан көруге болады. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге, яғни әлеуметтік-экономикалық процесстердің кешеніне, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеуінің демократиялық негізінің одан әрі дамуына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан, олардың саяси және әлеуметтік белсенділіктерінің артуына толықтай сәйкес келеді.

Заңды мүлтіксіз сақтау, азаматтардың құқықтық кепілдіктері мен олардың заңды мүдделерін, мемлекетті қорғау, барлық құқық қорғау органдарының іс-қызметіндегі заңдылықты нығайтуда белсенділікке ие болуы тиіс.

Жоғарғы органның бақылау функциясы қарамағындағы қызметтердің жұмыстарын күнделікті басқару процесінде де, жедел-іздестіру қызметіндегі заңдылықтың бұзылуының алдын алу мен анықтауға бағытталған арнайы форма ретінде де, сондай-ақ жол берілген заң бұзушылықтар фактісі бойынша қабылданған шаралар арқылы да жүргізілуі тиіс.

Сонымен, қорыта келгенде, жоғарыдағыларды былай деп топтастырып көрсетуге болады:

- жедел-іздестіру қызметін жүргізу барысында алынған ақпараттарды заңда қарастырылмаған мақсаттар мен міндеттерге пайдалануға тыйым салу;
- жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органның іс-қимылына жоғарғы органдарға, прокурорға немесе сотқа шағымдану құқығы;
- тұлғаның жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органның мәліметтерді тексеру үшін және де оған қатысты мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын құпия мәліметтерден басқа ақпараттардың сипаты туралы білу үшін талап ету құқығы;

- жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын орган осы сипаттағы мәліметтерді ұсынуға міндетті;

- жедел-іздістіру қызметінің нәтижесінде алынған тұлғаның жеке өміріне, ар-ожданы мен беделіне қатысты нәтиже, егер, онда заңда тыйым салынған іс-әрекеттерді жасау туралы ақпарат болмаса, сақталынбайды және де жойы-латындығы;

Сондай-ақ жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру барысында адамның құқығы мен бостандығын сақтаудың маңызды тұсы осы заңның Жедел-іздістіру шараларын жүргізу шарты - 12-бапта бекітілген. Адамның Конституцияда бекітілген құқығы мен бостандығына қатысты іс-шараларды жүргізу тек прокурордың санкциясы арқылы және де оның тікелей қадағалауы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының « Жедел-іздістіру қызметі туралы » заңында қарастырылған құқықтық нормалардың енгізілуінің өзі заң шығарушының адам құқығы мен бостандығын сақтаудың, жалпы Заңның гуманистикалық бағыттылығының фундаментальдық негізінің маңыздылығын көрсететіндігінің куәсі.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Қағиданың латын тіліндегісіне түсінік беріңіз?
2. Философия бойынша қағида дегеніміз не?
3. Ожегов.С.И. сөздігіндегі қағида ұғымын атап көрсетіңіз?
4. ЖІҚ-нің заң сиымдылығындағы объективтік анықтама мәселелерінің тізбесін көрсетіңіз?
5. Әлеуметтік – құқықтық қағидаға сипаттама беріңіз?
6. ЖІҚ-нің ұйыдастырушылық қағидасының құрылымын көрсетіңіз?
7. Ғылыми қағида не үшін қажет екендігін түсіндіріңіз?
8. Заңдылық қағидасының мақсатына тоқталып өтіңіз?
9. Еңбек ұжымы мен қоғам арасындағы байланыстың мазмұнын атап өтіңіз?
10. Халықпен тығыз байланыстың мазмұнына тоқталыңыз?
11. Халықпен тығыз байланыстың арнайы мазмұнын ашып көрсетіңіз?
12. Жедел басып алу мен дайындық қағидасына түсінік беріңіз?
13. ЖІҚ-н болжап бағалауға сипаттамас беріңіз?
14. Жариялы немесе жариялы еместің үйлесімдік қағидасын сипаттаңыз?
15. Құпиялылықты сақтау қағидасының мазмұнын ашыңыз?
16. Заңдылық кепілділіктеріне тоқталыңыз?
17. Кепілділік мәселелерін топтастырып сипаттама беріңіз?

Тест сұрақтары

1. «Қағида» сөзі латын тілінде нені білдіреді:
 - A) Негіз, бастапқы дегенді
 - B) Негізді
 - C) Алғашқыны
 - D) Турақлылықты
 - E) Шындықты
2. Философиялық түсініктегі «қағида» ұғымы ол:
 - A) Заң көлемінен шықпайтын, жалпы теорияны қамтамасыз ететін құқық саласының негізі
 - B) Заңдылықты көрсетеді
 - C) Философиялық ұғым
 - D) Дәстүрлі ұғым
 - E) Заңи ұғым
3. ЖІҚ-де алғашқы қағидалар қай жылдары көрсетілген:
 - A) 1990 ж
 - B) 1985 ж
 - C) 1991 ж
 - D) 1997 ж
 - E) 1980 ж
4. Алғашқыда ЖІҚ-інің теориясы қандай құқықтық актілермен реттеліп отырған:
 - A) Заң және ведомствалық нормативтік-құқықтық актілермен
 - B) Заңмен
 - C) Ведомстволық актімен
 - D) Нормативтік құқықтық актілермен
 - E) Халықаралық шартпен
5. ЖІҚ-і өз жұмысында халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерін сақтауы тиіс пе?
 - A) Тиіс
 - B) Тиіс емес
 - C) Қатысы жоқ
 - D) Заңда атап көрсетілсе
 - E) Шартта көрсетілсе
6. ЖІҚ-і өз жұмысында халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаларын басшылыққа ала ма?
 - A) Алады
 - B) Алмайды
 - C) Заңда көрсетілсе ғана
 - D) Келісім шартта көрсетілсе
 - E) Тиым салынбаса
7. ЖІҚ-нің шараларын іске асыру барысында заң талаптарын бұзуға жол беріле ме?
 - A) Берілмейді

- В) Беріледі
 - С) Заңда атап көрсетілсе беріледі
 - Д) Заңның қатысы жоқ
 - Е) Жағдайға байланысты беріледі
8. ЖІҚ-н жүзеге асырудағы негізгі кепілдік ол:
- А) Заңдылық
 - В) Тәртіп
 - С) Қоғам қауіпсіздігі
 - Д) Жеке бас құқығы
 - Е) Бостандыққа қол сұқпау
9. Тұлға заң бұзушылық туралы қайда шағымдана алады:
- А) Жоғарғы тұрған органға, прокурор немесе сотқа
 - В) Тек жоғарғы тұрған органға
 - С) Тек сотқа
 - Д) Тек прокурорға
 - Е) Әкімге
10. Адамның Конституция кепілдік берген құқықтарына қарсы іс-шаралар-ды жүргізу қандай органның рұқсатымен және қадағалауымен жүзеге асы-рылады:
- А) Прокурордың санкциясымен және қадағалауымен
 - В) Жоғарғы тұрған бастықтың
 - С) Тек соттың
 - Д) Бас басқарманың
 - Е) Тергеу органы басшысының қадағалауымен

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің жеке тұлғалығы, олардың құқықтары мен міндеттері

Сұрақтар:

- 6.1 Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар
- 6.2 Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының міндеттері
- 6.3 Қазақстан Республикасы Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен құзіреті
- 6.4 Жедел– іздестіру қызметін жүзеге асыруға қатысушы тұлғалар
- 6.5. ЖІҚ-не жасырын көмектесудегі туындайтын мән-жайлар.

6.1 Жедел - іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдары

Жедел-іздестіру қызметі өз табиғаты бойынша адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, сондықтан оның қызметі құқық заңдарына сүйенеді, демек құқықтық көзқарас бойынша жедел-іздестіру қызметін заңмен негізделген және алдына қойылған міндеттерді шешуге құзреті бар, құқықтар мен міндеттер жүктелген мемлекеттік органдар жүзеге асыруы тиіс. Тек, солар ғана осы берілген құқықтар мен міндеттерді іске асыра отырып, құқық бұзушылық жасаған жеке және заңды тұлғаларға өз қызметкерлері арқылы ықпал етуі тиіс. Ол жедел – іздестіру қызметін жүргізуші тұлғаларға белгілі бір құқықтар беріліп, міндеттер жүктеледі. Ол қызметкерлер мемлекеттік органдардың атынан іс- қимыл жасай отырып, өздері де оның тұлғасына айналады, тек негізгі емес екінші планда және өзінің құпия түрдегі көмекшілерімен қоса, жедел- іздестіру қызметіне қатысушылар ретінде танылады.

ҚР аумағында ЖІҚ-н іске асыруға бағытталған, заңмен қатаң түрде анықталған мемлекеттік органдар жедел іздестіру қызметін атқарады. Осы органдар ғана ЖІҚ-нің субъектілері болып танылады. Тек солар ғана ЖІҚ-ті туралы заңда көрсетілген міндеттер мен құқықтарды пайдалана алады. Бұл тұлғалар жұмысын олардың қызметкерлері, көмектесушілері, сол тұлға-лардың атынан, сол органдарға жүктелген ЖІҚ-ті тапсырмаларын іске асырады. Сөйтіп ЖІҚ-тің іске асырушы органдар мен оның қызметкерлері арасында белгілі бір құқықтық қатынастар орнайды, ол қатынастар ҚР заңдары арқылы реттеледі.

ЖІҚ-ті туралы Заңның 6-бабына сәйкес, ҚР-сы аумағында жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға мыналар жатады[3]:

- 1.Ішкі істер органдары.
- 2.Ұлттық қауіпсіздік органдары.
- 3.Сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган
- 4.Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары.

5.Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агентігі (қаржы полициясы) органдары.

6.Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі

7.Қазақстан Республикасы кеден агентігі

Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органдар тізімі тек қана заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

1994 жылы 15 қыркүйекте қабылданған заң кейінгі жылдары бірнеше рет өзгеріске ұшыраған.Алғашында ол мемлекеттік тергеу комитеті, шекара әскерлері органдары, кеден органдары арқылы толықтырылған болатын.

Кейіннен Мемлекеттік тергеу комитетінің жоюылына байланысты, шекара әскерилері органы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қармағына берілгендіктен, ал кеден органынан жедел-іздестіру қызметінің функциясы алынып тасталғандықтан өзгеріске ұшыраған болатын.

Одан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен қылмыстық атқару жүйесі алынып, ол Әділет министрлігіне берілгендіктен, осы жүйе де Әділет министрлігінің қармағында жедел-іздестіру функциясын иеленді.

Соңғы жылдары Кеден органы қызметіне жедел-іздестіру функциясының қажеттілігін өмір өзі көрсетіп бергендіктен, ол функция Кеден органына қайтарылды, сол сияқты қылмыстық атқару жүйесінің де Әділет министрлігіне берілуі тиімсіз екендігін көрсеткендіктен, ол да Ішкі істер министрлігіне қайтарылып, жедел іздестіру функциясы Әділет министрлігінен алынып тасталды.

ЖІҚ өзінің алдына қойған міндеттерімен қоса ҚР ЖІҚ-нің заңы арнайы бабында көрсетілген мақсаттарды орындауға бағытталған. Алайда, барлауіздеу жұмыстарын әрбір органдар өздерінің алдына қойған міндеттеріне байланысты орындайды.

6.2 Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының міндеттері

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері жедел-іздестіру туралы Заңның 7-бабында былай көрсетілген[3]:

а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және қорғаныс әлуетін нығайту үшін өз құзіретіне сәйкес қажетті шараларды қолдануға;

б) жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру арқылы қылмыстарды анықтауды, олардың алдын алуды, оларды олдырмауды және ашуды, қылмыстық процесте пайдалану үшін олардың нәтижелерін орнықтыруды қамтамасыз етуге, өздері тергейтін қылмыстық істер бойынша жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмаларын, орындауға;

б-1) прокурордың жедел-іздістіру қызыметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында берген жазбаша нұсқауларын орындауға;

б-2) қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді іздестіру туралы сот актілерін орындауға;

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді ҚР-ның мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға;

г) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халық-аралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының тілектерін орындауға;

д) жедел-іздістіру шараларын жүргізу кезінде, сондай-ақ қылмыстық процесте пайдалану үшін жүргізілген жедел-іздістіру шараларының нәтижелерін бейнелейтін материалдарды беру кезінде асыратын жағдайда қамтамасыз ету және хабарлама көздері құпиясының ашылуына жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Осы міндеттердің барлығы ЖІҚ-ті туралы Заңның 1-бабында көрсетілген міндеттерді іске асыруға бағытталған. Бұның өзінде де әр орган өзіне жүктелген міндеттерді заң және өзіне берілген құзірет шегінде іске асырады, яғни өз құзіреті шегінде іс шаралар жүргізеді.

Қылмысты ашу, алдын-алу, ескерту, жолын кесу туралы жедел-іздістіру қызметінің іс-шаралары олардың әрқайсысының алдына қойылған тап-сырмалар негізінде жүзеге асырылады.

Жедел-іздістіру қызыметінің іс-шарасы нәтижесіндегі алынған мәлімет-тер осы Заңда және қылмыстық іс жүргізу құқығы белгіленген тәртіппен реттеледі және пайдаланылады.

Жедел-іздістіру қызметіне тергеушінің, прокурордың және соттың жазбаша тапсырмалары тек қозғалған қылмыстық іс бойынша ғана беріледі, және тапсырмада жалпы түрде жедел-іздістіру әдістемесі арқылы нені анықтау керектігі ғана көрсетіледі, ал нақты қандай іс-шаралар жүргізу керектігін жедел-іздістіру шарасын жүргізетін орган өзі анықтайды, бұл міндеттің мақсаты алға қойылған тапсырманы тез және объективті түрде орындауға мүмкіндік тудырады.

Қазақстан Республикасының басқарушы және атқарушы органдарына мемлекетке және қоғамға төніп тұрған қауіпқатер туралы өздеріне мәлім болған фактілерді дер кезінде хабардар ету жедел-іздістіру қызметінің негізгі функциясының бірі болып танылады.

Құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар мен конвенциялардың талаптарын орындау да Жедел-іздістіру қызметінің негізгі бір функциясы, бірақ оны әр орган тек өзіне берілген құзірет негізінде шешеді.

Жедел-іздістіру шараларын жүргізу кезінде, ол туралы материалдарды, оның нәтижелерін бейнелейтін мән-жайлар, оларды

беру, құпиялылығын қамтамасыз ету, оның ішінде құпия көздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Жедел- іздестіру қызметінің тікелей міндеті.

6.3 Қазақстан Республикасы Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен құзіреті

Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары осы туралы Заңның 8-бабында былай көрсетілген[3]:

1) өз құзіреті шегінде осы заңның 11-бабында көрсетілген жедел іздестіру шараларын жария және жасырын түрде жүргізуге.

2) жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есептер мен хабарлама жүйелерін құруға және пайдалануға;

3) жедел-іздестіру іс-шаралары барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, әскери бөлімдердің қызмет жайларын, көлік және техникалық құралдарын, мүліктерін, сондай-ақ залал келтірілген жағдайда, осы залалды, шығындарын да жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар есебінен иелеріне өтей отырып, азаматтардың тұрған немесе тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдары мен өзге де мүліктерін пайдалануға;

4) астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құруға, осы мақсатпен лауазымды адамдарды, бөлімшелердің, ұйымдардың ведомстволық бағыныстылығын, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың үй-жайлары мен көлік құралдарын, сондай-ақ осы органдармен құпия негізде қызмет істейтін азаматтардың жеке басын құпияландыратын құжаттарды пайдалануға;

5) қажетті ғылыми техникалық немесе өзге де таным-білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалануға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, басқа ұйымдардан жедел- іздестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар ақпаратты өтеусіз алуға және пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының аумағында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар басқа да органдардың келісімі бойынша осы органдардың күші мен қаражатын жекелеген іс- шаралар жүргізуге тартуға;

8) осы заңның 11-бабында көзделген жедел-іздестіру шараларын жүргізу мақсатымен ғана тәуліктің кез келген уақытында кәсіпорындардың, мекеме-лердің, ұйымдардың аумақтарына және үй-жайларына, меншік нысанынаға қарамастан, ал әскер бөлімшелерінің және басқа режимдік объектілердің аумақтарына олардың басшыларының келісімі бойынша кедергісіз кіруге.

9) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130-бабында белгіленген тәртіппен жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізудің нәтижелерін көрсететін материалдарды беруге құқы бар.

Заңда көрсетілген жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтырына жеке-жеке тоқталып маңызын ашып көрсетелік. Себебі, оны іске асырушы тұлғаларға үлкен құқықтар берілген. Бірақ заң шығарушы оны біржақты етіп көрсетуден аулақ. Бұл құқықтар іс-шараны жүзеге асырушы тұлғалардың да және осыған сәйкес оның объектісі болатындардың да құқықтарын және заңды мұдделерін қорғауға бағытталған.

Жалпы және арнаулы шараларды жүзеге асыратын, сол сияқты жалпы және арнаулы функцияларды іске асыратын жедел-іздістіру қызметкерлері үшін, олар өздерінің алдарына қойылған тапсырмаларды өз мәнінде шешіп, алға қойған мақсатқа жету үшін өздеріне берілген құқықтарды білуінің және иеленуінің маңызы зор. Себебі, олар өз іс-әрекетінде Заңда көрсетілген құқықтарын пайдаланады және соған сүйеніп іс-шараларды жүзеге асырады.

Екінші жағынан бұл мән-жай, өздері туралы жедел-іздістіру шаралары іске асқан жеке және заңды тұлғалар үшін де маңызы зор. Себебі, жедел-іздістіру шаралары жүргізілген кезде кез келген тұлғаның заңмен қорғалатын құқықтарына, мүдделеріне және бостандықтарына әсер етіледі. Жедел-іздістіру қызметкерлерінің құқықтарының Заңда атап-көрсетілуі осы аталған құқықтардың сақталуына кепілдік береді, яғни тек заңда көрсетілген тәртіппен шекте жүзеге асырылуы және заң бұзушылыққа жол бермеудің алдын алу маңызына ие болады. Атап көрсетсек:

1) Өз құзіреті шегінде осы заңның 11-бабында көрсетілген жедел-іздістіру шараларын жария және жасырын түрде жүргізу:

Бұл жедел-іздістіру Заңынан туындаған іс-шара. Жедел-іздістіру қызметі әрқашанда бір-біріне қарсы тұрға тұлғалардың іс-қимылымен байланысты болады. Осығын байланысты жедел-іздістіру қызметінің күш пен құралды пайдаланудағы жоспары, мүмкіндігі, объектілермен байланысынағы әдістеме-лігі сол сәтте қолданылатын жедел-іздістіру шараларының ерекшелігіне байланысты, соған сәйкес іске асырылуы тиіс.

2) Жедел-іздістіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есептер мен хабарлама жүйелерін құруға және пайдалану:

Аталған құқық жедел-іздістіру қызметі тапсырмасын шешу үшін маңызды мәселе болып табылады. Әртүрлі хабарларды, мәліметтерді белгілі бір жүйемен жинақтау, құпиялылықты қажет ететін әр материалдарға оған қатысы жоқ адамдардың кіріп кетіп пайдалануынан қорғау, сол сияқты барлық саладағы адамға, қоғамға, мемлекетке, оның қауіпсіздігіне қатысты мән-жайлар қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны пайдаланудың маңызы ерекше және құқық бұзушылықпен күресуде маңызды роль атқарады. Бірақ, бұл іс-әрекеттердің барлығы заң шегінде жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке бас және жанұйялық құпиялылық, адам құқықтары және бостандықтары сияқты

тағы басқалар тек заңда атап көрсетілген жағдайлардан басқа кезде, міндетті түрде сақталуы тиіс.

3) Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, әскери бөлімдердің қызымет жайларын, көлік және техникалық құралдарын, мүліктерін, сондай-ақ залал келтірілген жағдайда, осы залалды, шығындарын да жедел-іздістіру қызыметін жүзеге асырушы органдар есебінен иелеріне өтей отырып, азаматтардың тұрған немесе тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдары мен өзге де мүліктерін пайдалану құқығы:

Аталған-мән жайларды заң жүзінде бекітілуі жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысындағы көптеген мәселелерді шешуге арналған.

Біріншіден, жедел-іздістіру шараларын жүргізуші тұлғалардың күнделікті қызметіндегі туындайтын мәселелердің құлпын ашып береді, іс-шара жүргізу тәртібін реттейді. Нарықтық экономика заманындағы жекеменшік құқығына қатысты мәселелерді ретке келтіреді, олардың құқығын қорғайды.

Екіншіден, ауызша және жазбаша шарт ұғымдарын кіргізе отырып материалдық дүниеге қатысты қарым-қатынас мәселелерін реттейді.

4) Астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құруға, осы мақсатпен лауазымды адамдарды, бөлімшелердің, ұйымдардың ведомстволық бағыныстылығын, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың үй-жайлары мен көлік құралдарын, сондай-ақ осы органдармен құпия негізде қызмет істейтін азаматтардың жеке басын құпияландыратын құжаттарды пайдалану құқығы:

Жедел-іздістіру қызметінің алдына қойылған тапсырмаларды тиімді түрде шешуі үшін сырт көзден жасырын, құпиялы түрде астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құруы, осы мақсатта олардың атынан құжаттар жасап пайдалануы, астыртын түрдегі лауазым иелерінің, бөлімшелердің, ұйымдардың ведомстволық бағыныстылығы болуы, үй – жайлары мен көлік құралдары, жеке басты құпияландыратын құжаттарының орын алуы Жедел-іздістіру қызметі Заңының қағидаларынан туындаған ашық және құпия түрдегі әдістемелік жұмысы болып табылады. Қылмыспен күресу, оның алдын алу, ашу, адамды, азаматты, қоғамды оның қауіпсіздігін, мемлекетті қорғау аталған тәсіл әдістемесінсіз өз тиімділігін жоғалтар еді. Себебі, қоғам дамып өсіп өзгерген сайын, қылмыс та дамып неше түрлі құйтырқы әрекетке барады, ал, осыған қарсы тұрудың заңмен белгіленген ұтымды әдіс -тәсілдері де болуы тиіс, бірақ барлығы да заң шеңберінде орын алуы қажет.

5) Қажетті ғылыми техникалық немесе өзге де таным-білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалану:

Қылмыспен күресу жалпы халықтық іс. Сондықтан, жедел-іздістіру қызметін іске асырушы орган, қажет кезінде таным-білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалану құқығын иеленген, сол сияқты ғылыми-техникалық және арнаулы білімді игерген адамдардың көмегін заңда көрсетілген тәртіппен пайдалана алады. Бұл көмектер

шындықтың бетін ашуға, жедел- іздестіру шараларын ұйымдастырып жоспарлағанда, жүргізгенде, жиналған хабарларға, материалдарға, заттар, құбылыстар жөнінде баға беру қажет болғанда тағы басқаларда қолданылады.

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, басқа ұйымдардан жедел-ізвестру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар ақпа-ратты өтеусіз алуға және пайдалану құқығы:

Жедел-ізвестіру қызметі шешетін мәселенің мемлекеттік, қоғамдық маңызына байланысты туындайды, бірақ бұл жағдайда ол орган қызметкері сол заңды тұлғада оған қажет мәліметтер бар екені туралы нақты хабары болуы тиіс және ол туралы оның басшысын немесе иесін сендіретіндей нақты мәліметі иеленуі керек. Ол хабар сол тұлғаның өзінің немесе мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғайтындай болуы тиіс. Егер, ол мәлімет тек мемлекет пен қоғам мүддесін қорғаса, онда тек заңда көзделген негіздерде ғана іске асырылуы орын алады.

7) Қазақстан Республикасының аумағында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға құқы бар басқа да органдардың келісімі бойынша осы орган-дардың күші мен қаражатын жекелеген іс-шаралар жүргізуге тарту құқығы:

Қазақстан Республикасы аумағында жедел - іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар айналып келгенде әрқайсысы өз құзіреті шегіндегі мақсаты: адам мен азаматты, оның денсаулығын, өмірін заңды мүдделерін, бостандығы мен құқығын, сол сияқты қоғамды, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау болып табылады, демек олардың барлығы адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесін қорғау үшін құрылған. Сондықтан, жедел-ізвестіру шараларын іске асыру кезінде бір-біріне күш пен құралды, көлікті т.б. беріп көмектесудің маңызы зор және құқық бұзушылықпен күресте тиімді болып келеді.

Бірақ әр жедел- іздестіру шараларын жүргізу кезінде әр органның ерекшеліктерін, қылмыспен күрес жүргізу бағыты мен тәсілін ескере отырып, құпиялылықты сақтай, соған сәйкес көмек көрсету әдістемесі қолданылады.

8) Осы заңның 11-бабында көзделген жедел-ізвестіру шараларын жүргізу мақсатымен ғана тәуліктің кез келген уақытында кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың аумақтарына және үй-жайларына, меншік нысанына қарамастан, ал әскери бөлімшелерінің және басқа режимдік объектілердің аумақтарына олардың басшыларының келісімі бойынша кедергісіз кіруге құқығы:

Жедел-ізвестіру шарасын жүргізуші органның қызметкерінің бұл жағдайда заңды тұлға аумағына не мақсатпен және қандай мән-жайларға байланысты кіретініне сәйкес дәлелді негізі болуы тиіс. Егер, ондай дәлелді және жеткілікті мәлімет болмаса, заңды тұлға өз аумағына жедел-ізвестіру шарасын жүргізуге кіруге рұқсат бермеуі мүмкін. Бұдан

көрінетіні жедел- іздестіру қызметкері заңды тұлға объектісі аумағына кез келген уақытта емес, тек нақты бір жедел- іздестіру шарасы жүргізілер кезде ғана кіруге рұқсат ала-алады, басқа жағдайда оны объекті аумағына кіргізбей қою, заңды деп танылуы мүмкін.

Бұдан басқа әскерилер мен режимді объектілер аумағына тек олардың басшыларының келісімі бойынша кіргізілу көрсетілген, оның өзінде де тек жедел-іздестіру шаралары жүргізілетін болса ғана рұқсат беріледі. Олардың заңсыз іс-шара жүргізуге кедергі келтіруге құқы жоқ екені де айтылған.

9)Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130-бабында белгіленген тәртіппен жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізудің нәтижелерін көрсететін материалдарды беруге құқығы:

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130- бабында,Заң талаптарының сақталуы жағдайында алынған жедел-іздестіру қызметінің нәтижелері дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді және бағалауды реттейтін аталған Кодекс ережелеріне сәйкес қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге пайдаланыла алады,-деп көрсеткен.

6.4 Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға қатысушы тұлғалар

Жоғарыда жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру органы субъектілері ретінде Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті,Қорғаныс министрілігінің әскери барлау органдары, Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі, Президенттің күзет қызметі, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі және Кеден органдары екенін атап өттік.Олар заңда көрсетілген құқықтар мен міндеттерді өз күзреті шегінде, өз жұмыстарында басшылыққа алады.

Бірақ олар өздеріне жүктелген міндетті өз қызметкерлері немесе ашық не жасырын түрде көмек көрсетуші адамдар арқылы іске асырады. Осы адамдар өздерінің алдарына қойылған тапсырмаларды іске асырарда өздеріне берілген белгілі бір құқықтарды пайдалана алады және алдарына қойылған міндеттерді атқарады. Осы жағынан алып қарағанда аталған адамдарды ЖІҚ-нің тұлғалары деп тануға болады. Бірақ барлығын жалпы жеке тұлға деп емес, құпия көмек көрсетуші белгілі бір ЖІҚ-н жүргізуге қатысушы тұлға ретінде танылады. Сөйтіп, ол адамдар ЖІҚ-нің күштері қатарына кіреді.

ЖІҚ-н жүзеге асыруға қатысушы тұлғалар, яғни күштерді 3 категорияға бөлуге болады: кадрлық немесе штаттағы жедел іздестіру қызметкері, штаттан тыс жедел іздестіру қызметкері, жасырын көмекшілер:

1. Кадрлық немесе штаттағы жедел - іздестіру құрамы. Ол құрам жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруда ұйымдастырушылық, іске асырушылық және қамтамасыз етушілік қызметті атқаратын әскери қызметкер.

ЖІҚ-і алға қойған белгілі бір міндетке және оны шешуіне байланысты кадрлықтың ашық және жасырын болып екі түрге бөлінеді.

Ашық жедел іздестіру қызметі құрамына басқару қызметін атқарушы жедел-іздестіру қызметкері жатады. Олар функционалдық қызметіне сәйкес, өзі қызмет атқаратын органның атынан ашық түрде іс-әрекетті жүзеге асырады

Құпия жедел-іздестіру қызметі құрамына, өзінің функционалдық қызметін атқаруға байланысты, ол органның қызметкері екенін жасыратын, басқа ведомстволар, ұйымдар атынан көрінетін қызметкерлер танылады.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы кадрлық аппарат қызметкерлері оны басқарушылардан және жедел- іздестіру қызметін жүргізуге құқық бар, құқы жоқ жедел-іздестіру қызметкерлерінен, сол сияқты көмекші функциялар атқаратын жұмысшылар мен қызметкерлерден тұрады

Жедел-іздестіру қызметін басқарушылары, оны жүргізуге құқы бар, құқық жоқ қызметкерлері: жедел уәкіл, инспектор, офицер тағы басқалар деп аталуы мүмкін. Олар өз органдарына жүктелген құзырет шеңберінде және жедел- іздестіру қызметі негізінде, жедел- іздестіру шараларын жүргізетін әскери қызметкер офицерлер болып келеді және алдарына қойылған тапсырмаларды шеше алатындай білімі, белгілі бір икемділік сапасы болуы тиіс. Оларға қойылатын талаптар әр органның атқаратын қызметіне сәкес, ведомстволық құқықтық актілерінде көрсетілген.

Негізінен, олар Қазақстан Республикасының азаматы, өз еркімен қызмет етуге келісім берген, өзінің моральдық, іскерлік сапасы, жасы, денсаулығы жөнінен өзіне жүктелген міндеттерді орындай алатындай болуы тиіс.

Олардың барлығы әскери немесе арнаулы қызмет қызметкерлері болып табылады және қызметті Қазақстан Республикасы әскери қызмет туралы заңға сәйкес атқарады және белгілі бір партияда, кәсіподақта тұрмауы керек, сол сияқты белгілі бір партияны жақтап іс-әрекет істемеуі тиіс. Оқу орындарында дәріс беру мен шығармашылықтан басқа жерде жұмыс жасауға тыйым салынған. Мемлекет оларға әлеметтік жағынан қамсыздандыруға кепілдік береді.

Ал, көмекші функция атқаратын жұмысшылар мен қызметкерлер жедел- іздестіру қызметімен айналыспайды, оларға қаржы- шаруашылық, дәрігерлік тағы басқа көмекші бөлімдер қызметкерлері мен жұмысшылары жатқызылған.

2. Штаттан тыс жедел - іздестіру қызметкері. Олар ҚР-ның азаматтары. Бұл азаматтар өздерінің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес ЖІҚ-інің алдына қойған тапсырмаларын шешуге мүмкіндігі бар және өз еркімен жұмыс жасауға келісім берген адамдар. Олар негізінен бұрын құқық қорғау органдарында жұмыс жасаған, жедел іздестіру қызметін білетін әскери адамдар болуы мүмкін, бұл категорияға басқа адамдарды да тартуға болады.

Штаттан тыс жедел-іздігіру қызметкері оның алдына қойылған тапсырмаға сәйкес ашық немесе жасырын түрде болуы мүмкін. Егер, ол ашық түрде жұмыс істесе ұжымға таныстырылады, қызмет атқаруына қажетті оның өкілдігін білдіретін белгілі бір құжат беріледі. Негізінен, олар жедел-іздігіру қызметін атқаратын тұлғаның көмекші функциялы тапсырмаларын орындайды.

Егер, штаттан тыс қызметкердің алдына қойылға тапсырманы ашық атқаруына мүмкіндік болмаса, онымен құпия қатынас орнатылады және оның белгілі бір органға жататыны құпияланады.

3. Жасырын көмекшілер. Олар өздерінің жеке бас ерекшеліктеріне қарай ЖІҚ-нің алға қойған тапсырмаларын шешуге мүмкіндігі бар, өз еркімен жасырын түрде көмек көрсетуге келісім берген адам.

Жедел іздігіру қызыметі туралы-3аңның 8-бабы 1-тармағы «б» бөлігінде, ЖІҚ-ің жүзеге асырушы органдарға құпия көмек көрсетуге келісім берген адамдармен тегін немесе ақылы негізде ынтымақтастық қатынас орнатуға уәкілеттік берілгені айтылған.

Ал, 13- баптың 2-бөлігінде жекелеген азаматтар өз қалауы бойынша, жедел іздігіру қызыметін жүргізу органдарымен қызмет жасау құпиялылығын сақтай отырып, өз келісімімен жедел іздігіру шараларын әзірлеуге және жүргізуге, оның ішінде келісім шарт бойынша тартылуы мүмкін екені көрсетілген. Бұл адамдар аталған шаралар жүргізілген кезде өздеріне мәлім болған мағлұматтарды құпия ұстауға және аталған органдарға көрнеу жалған хабарлама бермеуге міндетті.

ЖІҚ-ін жүргізуші органдар кәмілетке толған, әрекет қабілеті бар адамдармен олардың азаматтығына, ұлтына, жынысына, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, біліміне, қандай қоғамдық бірлестіктерге жататынына, саяси, діни сеніміне қарамастан ынтымақтасу туралы келісім -шарт жасай алады. Келісім шарттың түрі, оның қолдану шарты мен ведомстволық қалыптық құжаттармен белгіленеді. Жасырын көмектесуші тұлғаларсыз ЖІҚ-н жүзеге асыру мүмкін емес. Оның қажеттілігі және маңызы ертеден белгілі.

Теория мен іс-тәжірибеде, жасырын көмек көрсетуші тұлғаның, өз еркімен көмек көрсетуге келісім беруінің себебін анықтау маңызды болып танылады. Осы себепті үш түрге бөлуге болады, олар:

1. Идеологиялық тұрғыдан: Ол оның қылмыспен күреске көзқарасы, сенімділік идеясы. Соны іске асыру үшін жасырын көмек көрсетуге келісім береді.

Жоғарыдағылардан басқа саяси, құқықтық, діни, ар-ождан, этика, эстетикалық тағы басқа тұрғыдан да туындауы мүмкін. Себебі, осыларға байлаысты әр адамның өмірге деген позициялық көзқарасы туындайды

2. Моралдық-психологиялық. Ол мораль мен психологияға байланысты туындайды. Мысалы: құқық қорғау органы қызметкерімен достық қарым қатынас, туыстық, сенімділік, өзін-өзі көрсету, кек алу т.б. түрінде орын алуы мүмкін.

3. Материалдық мүдде. Материалдық жағынан пайда табу, басқадан жоғары тұру т.б.түрінде.

Бұдан басқа көмек көрсетуге міндетті тұлғалар, олар: Министрліктерде, ведомстволарда т.б жерлерде лауазымдық қызмет атқарып, лауазымына байланысты көмек көрсетушілер.

Бұлардың барлығын қорытындылап көсеткенде, олар мүдделілік пен қажеттіліктен туындайтынын көреміз, яғни, өз халқының жақсы өмір сүруі, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі, қандай да бір идея мен саясатты жүзеге асыру, жеке бас қажеттілігі тағы басқалар болып келеді.

6.5. ЖІҚ-не жасырын көмектесудегі туындайтын мән-жайлар

Жедел-іздістіру қызметі, бір-біріне қарама-қайшы тұрған тұлғалардың күресі. Сондықтан, ол оған қатысушылардың өміріне, денсаулығына, туған туыстарына қауіп төндірумен байланысты қызмет. Жедел - іздістіру шараларын жүргізу кезінде жоғары деңгейде психологиялық және физикалық ауыр күшті көтеруге тура келеді. Сондықтан, ЖІҚ-на қатысушыларды әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғау қажеттілігі міндетті түрде туындайды.

«Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңның 22-бабына сәйкес, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау жөнінде былай көрестілген[3]:

1. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде өкімет өкілдері болып саналады және мемлекет қорғауында болады. Оларға өздері штатына кіретін министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері қолданылады. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерінің жұмыс ерекшеліктері ескеріле отырып оларға қосымша жеңілдіктер берілуі мүмкін.

2. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлері өздерінің қызмет бабында заң талаптарын басшылыққа алады әрі саяси партиялардың және саяси мақсаттарды көздейтін бұқаралық қоғамдық қозғалыстардың шешімдеріне байланысты болмайды.

3. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер мен органдардың заңды іс-қимылына заңмен тікелей уәкілдік берілген адамнан басқа ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде олар заңды басшылыққа алуға міндетті.

4. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың басшылары өз қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының жеке басының қауіпсіздігін, мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлеріне қызмет міндеттерін лайықты орындау мақсатында арнаулы

кәсіби даярлықтан өтуіне, біліктілігін көтеруге және медициналық қызмет көрсетілуі үшін қажетті жағдайлар жасалады.

23-бап бойынша Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесуші азаматтарды әлеуметтік және құқықтық қорғау жөнінде былай көрсетілген:

1. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесетін азаматтар мемлекет қорғауында болады.

2. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесуге келісім білдірген азаматтарға мемлекет осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа заңдарына және қалыптық құжаттарына сәйкес олардың құқықтарын қамтамасыз етуге және міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

3. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жәрдемдесуіне байланысты азаматтардың өміріне, сондай-ақ олардың отбасы мен жақын туыстарының денсаулығына немесе мүлкіне, заңға қайшы қол сұғушылықтың анық қаупі төнген кезде, бұл органдар құқыққа қарсы әрекетті болдырмау, айыптыларды анықтап, оларды жауапқа тарту, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оларды қорғау жөнінде арнаулы жұмыстар жүргізу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен құпия негізде қызмет істейтін немесе қызмет істеген азаматтар туралы мағлұматтар мемлекеттік құпия болып табылады және олардың жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

5. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен қызмет істейтін азаматтар сыйақы алуға құқылы.

6. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен азаматтардың айналысатын қызметінің негізгі түрі ретінде ақылы негізде келісім-шарт бойынша ынтымақтасып қызмет істеу кезеңі олардың жалпы еңбек стажына кіреді. Олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес және Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақымен қамтамасыз етілуге, қаза болған ретте олардың отбасылары мен асырауындағы адамдар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

7. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат жедел-іздістіру шараларын жүргізуге қатысуына байланысты қаза болған жағдайда оның отбасына және асырауындағы адам-дарға:

- ақылы негізде ынтымақтасып қызмет істеп, қаза болған адамның он жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;

- ақысыз негізде ынтымақтасып қызмет істеген адам үшін он жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

8. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат өзінің қатысуымен болған жедел-іздістіру шараларын жүргізген кезде мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде оған:

- ақылы негізде ынтымақтасып қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;

- ақысыз негізде ынтымақтасып қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

9. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге қатысуға байланысты қаза болуға, мертігуге не денсаулықтың өзгедей зақымдануына орай келтірілген залалдың орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның қаржысы есебінен жүргізіледі.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. ЖІҚ-н жүзеге асырушы органдарға қандай органдар жатқызылған?
2. ЖІҚ-і туралы заң шығарылғаннан кейін, ол қандай өзгерістерге ұшыраған?
3. ЖІҚ-нің міндеттерін атаңыз ?
4. ЖІҚ-і міндеттерінің әрқайсысының мағынасын ашып көрсетіңіз ?
5. ЖІҚ-не тапсырмалар қандай түрде беріледі және мазмұнын атаңыз?
6. Қауіп қатерлер туралы мәліметтер мемлекеттік қандай органдарға саланатыны және оның мақсатына тоқталыңыз?
7. Халықаралық шарттар мен конвенцияларда көрсетілген құқықтық көмек мәселесіне тоқталыңыз?
8. Жалпы және арнайы шаралар мен функцияларды жүзеге асыру мәселесін саралаңыз?
9. Хабарлама жүйесін құру мен пайдалануға түсініктеме беріңіз?
10. Мүліктер мен көлік құралдарын пайдалану құқығының маңызына тоқталыңыз?
11. Астыртын ұйымдар, мекемелер құру мен құпиялы құжаттарды пайдаланудың мақсатын атаңыз?
12. Техникалық құрал мен маманның көмегіп пайдалану мәселелеріне түсініктеме беріңіз?
13. Құпиялылықты құрайтын материалдарды алу мен пайдалануға тоқталып өтіңіз?
14. Басқа органдардың күш пен құралын іске тарту мәселелеріне тоқталып түсініктеме беріңіз?
15. Тәуліктің кез келген уақытында ұй-жайға тағы басқаларға кіру шартына тоқталып өтіңіз?
16. Жедел-ізвестіру шараларының нәтижесін пайдалану шартына тоқталыңыз?
17. Кадрлық немесе штаттағы жедел ізвестіру құрамына түсінік беріңіз?
18. Штаттан тыс жедел ізвестіру қызметкерінің мағынасын көрсетіңіз?
19. Жасырын көмекшілер дегеніміз кімдер.
20. Идеологиялық тұрғы дегеннің мағынасын ашыңыз ?
21. Моралдық-психологиялықтың мәнісі неде ?
22. Материалдық мүдде дегеніміз не ?

23. Қаза болған адамдар жөніндегі әлеуметтік жағдайға тоқталыңыз ?

24. Мерттіккен адамдар жөніндегі әлеуметтік көмекті атаңыз?

Тест сұрақтары

1. ЖІҚ-і табиғаты бойынша кімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағыт-талған:

- A) Адамның, қоғамның, мемлекеттің
- B) Тек адамның
- C) Тек қоғамның
- D) Тек мемлекеттің
- E) Үкіметтің

2. ЖІҚ-і өз жұмысында неге сүйенеді:

- A) Құқықтық заңдарға
- B) Мемлекет қаулысына
- C) Үкімет қаулысына
- D) Жарғыға
- E) Ұсынымға

3. Қазақстан Республикасы аумағында ЖІҚ-н қандай органдар іске асыра-ды:

- A) Заңмен қатал түрде анықталған мемлекеттік органдар
- B) Ішкі істер органдары
- C) Ұлттық қауіпсіздік органдары
- D) Мемлекеттік органдар
- E) Әкімшілік органдары

4. ЖІҚ-н жүргізуші органдар тізімі қалай өзгертілуге жатады:

- A) Тек қана заңмен
- B) Үкімет қаулысымен
- C) Атқару органымен
- D) Басқару органымен
- E) Жергілікті органмен

5. ЖІҚ-ті прокурордың қандай тапсырмасын орындайды:

- A) Жазбаша
- B) Ауызша
- C) Кез келген
- D) Арнайы
- E) Орындамайды

6. Мемекет пен қоғамға қауіп төнгені туралы хабарды, ЖІҚ жедел түрде қандай органдарға хабарлауы тиіс:

- A) Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына
- B) Әкімге
- C) Депутатқа
- D) Бастыққа
- E) Сенатқа

7. Шет елдердің тапсырмалары қандай негізде орындалады:

- A) Құқықтық көмек туралы шарт пен конвенция

- B) Халықаралық құқық енгізінде
 - C) Салт пен дәсүр негізінде
 - D) Бастықтың тапсырмасы негізінде
 - E) Әкімшіліктің шешімі негізінде
8. Құқықтық көмек пен конвенция талаптарын әр құқық қорғау органдары қалай орындайды:
- A) Өзіне берілген құзрет шегінде
 - B) Өз қалауымен
 - C) Бастықтың нұсқаумен
 - D) Жедел
 - E) Талғамсыз
9. ЖІҚ өздерінің алдарына қойылған тапсырмалар мен мақсатты қалай іске асырады:
- A) Заңда көрсетілген құқықтарын пайдалана отырып іс-шаралар жүргізу негізінде
 - B) Шаралар жүргізу арқылы
 - C) Күштерді пайдаланумен
 - D) Ұстау арқылы
 - E) Қамауға алу арқылы
10. ЖІҚ- н жария және жасырын түрде жүргізу қандай қажеттіліктен туындаған іс-шара:
- A) Қажеттілікке байланысты Заңнан туындаған іс-шара
 - B) Қажеттіліктен
 - C) Заңнан
 - D) Кодекстен
 - E) Құқықтан
11. Жедел есептер мен хабарлар шегі немен анықталған:
- A) Заңмен
 - B) Құқықпен
 - C) Кодекспен
 - D) Әкімшілікпен
 - E) Басқару органымен
12. Сырт көзден жасырын кәсіпорындар, ұйымдар құрудың негіздемесіне не жатады:
- A) Заң қағидаларындағы әдістемелік жұмыс
 - B) Қылмыспен күресу әдістемесі
 - C) Жұмыс түрі
 - D) Құпиялықтың түрі
 - E) Мақсатқа жету әдістемесі
13. Ғылыми- техникалық құралдар мен мамандар көмегі қандай мақсатта пайдаланылады:
- A) Шындықтың бетін ашу мен заттар, құбылыстарға баға беру үшін
 - B) Сараптама үшін
 - C) Оқиғаны жазып алу үшін
 - D) Шындыққа жету үшін

- Е) Қол жетімді дәлелдемелер алу үшін
14. Кадрлық немесе штаттағы жедел- іздестіру құрамы ол:
- А) Ұйымдастырушылық, іске асырушылық және қамтамасыз етушілік қызметті атқаратын әскери қызметкер
 - В) Әскери қызметкер
 - С) Ұйымдастырушы
 - Д) Іске асырушы адам
 - Е) Орындаушы адам
15. Ашық жедел іздестіру қызметі ол:
- А) Бүркеленбейтін тұлға
 - В) Бүркеленетін тұлға
 - С) Жәй қызметкер
 - Д) Арнаулы қызметкер
 - Е) Жалған қызметкер
16. Жасырын құрам, ол:
- А) Бүркеленетін тұлға
 - В) Бүркеленбейтін тұлға
 - С) Орган қызметкері
 - Д) Әкімшілік қызметкері
 - Е) Арнаулы тұлға
17. Штаттан тыс қызметкерлер олар кімдер:
- А) ҚР азаматы, өз еркімен жұмыс істеуге келісім берген адам
 - В) Кез келген адам бола алады
 - С) Алдап іске тартылған адам
 - Д) Күштеп іске тартылған тұлға
 - Е) Күшіне сенген адам
18. Жасырын көмекшілер олар:
- А) Өз бас ерекшеліктеріне сай ЖІҚ-нің тапсырмаларын шешуге келісім берген адам
 - В) Кез келген тұлға
 - С) Алдауға түскен адам
 - Д) Сенімге кірге адам
 - Е) Сенімді тұлға
19. Идеологиялық тұрғы ол:
- А) Қылмыспен күреске көзқарасы, сенімділігі, идеясы бар
 - С) Қылмысқа көзқарасы
 - Д) Қылмыспен күрес бағыты
 - Е) Қылмыстылыққа көзқарасы
20. Материалдық мүдде ол:
- А) Материалдық жағынан пайда табу
 - В) Ақша табу
 - С) Сенімі
 - Д) Баюы
 - Е) Жалғандық түрі
21. ЖІШ-на қатысқан ақылы негіздегі адам қаза болса біржолғы

төлетентін төлем ақы мөлшері есептеледі:

- A) 10 жылдық
- B) 5 жылдық
- C) 2 жылдық
- D) 6 жылдық
- E) 2,5 жылдық

22. ЖІШ-на қатысқан ақысыз негіздегі адам қаза болса біржолғы төлетентін төлем ақы мөлшері есептеледі:

- A) 10 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- B) 5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- C) 2 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- D) 6 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- E) 2,5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы

23. ЖІШ-на қатысқан ақылы негіздегі адам мерткісе біржолғы төлетентін төлем ақы мөлшері есептеледі:

- A) 5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- B) 4 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- C) 2 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- D) 6 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- E) 2,5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы

21. ЖІШ-на қатысқан ақысыз негіздегі адам мерткікен болса біржолғы төлетентін төлем ақы мөлшері есептеледі:

- A) 5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- B) 4 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- C) 2 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- D) 6 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы
- E) 2,5 жылдық ең төменгі мөлшердегі еңбек ақы

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау органдарымен әрекеттестігі

Сұрақтар:

7.1 Қазақстанның ішінде ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының әрекеттестігі

7.2 ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының шет мемлекет органдарымен әрекеттестігі

7.3 Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара әрекеттестігі

7.1 Қазақстанның ішінде ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының әрекеттестігі

Жедел іздестіру қызметі заңына сәйкес, оны іске асырушы органның міндеті, өздерінің арнаулы уәкілеттігін пайдалана отырып, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірі мен денсаулығын және басқа да заңды мүдделерін, сол сияқты меншікті, қоғамның қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау. Өзіне жүктелген осы тапсырмаларды орындау үшін Жедел іздестіру қызметі, өз жұмысын аталған заңға негіздей отырып, мына жағдайларды міндетті түрде ескеруі қажет:

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға уәкілеттілігі бар орган, кейбір іс-қимылдарында осындай қызметті іске асырушы басқа органдар мүдделерімен жанасуы мүмкін, тіпті олардың жұмысы бір бағытқа бағытталуы да орын алады. Сондықтан «Жедел іздестіру қызметі туралы» заңның 17-бабына сәйкес ҚР-ның жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар, өздерінің алдарында тұрған міндеттерді дербес те, бір-бірімен өзара келіскен іс қимыл жасап та, мемлекеттік, қоғамдық және өзге органдардың мүмкіндігін, сондай-ақ азаматтардың жәрдемін пайдалана отырып шешуі тиіс. Сонымен қатар, әр органдар өз құзыретіне қатысты іс-әрекет жүргізгенде, өздеріне мәлім болған деректер туралы бір-біріне мәлім етіп отыруды қамтамасыз етуге және өзара көмек көрсетуге міндетті[3].

Аталған заңның 8-бап 1-бөлім «з» пунктіне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында Жедел- іздестіру қызметін жүзеге асыруға құқы бар органдар бір-бірімен келісе отырып, жекелеген шараларды жүргізу үшін осы органдардың күші мен қаражатын тарта алады. Сөйтіп, бір-біріне көмектесе отырып, іс-әрекеттерін сәйкестендіреді, бір-бірінің мүддесін ескере отырып, хабар алмасады, бірлескен бұйрықтар шығарып қылмыстың бетін ашу үшін топ құрады, жоспарлар жасайды, іс-әрекетке талдау жүргізеді, өздерінің және қатысушылар мен қоршаған ортаның

қауіпсіздігін, құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз ететіндей шаралыры қолданады. Олар төмендегі қағидаларға негізделеді:

1. Жедел-ізвестіру қызметінің Заңында көрсетілген жалпы мақсаттарға жетуге, атап айтқанда: өмірді, денсаулықты, құқық пен бостандықты, азаматтардың заңды мүдделерін, меншікті, қорғап, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Сондықтан, әр жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге құқығы бар тұлға өзіне бөлінген күш пен құралды, алдына қойылған мақсатқа жету үшін тиімді пайдалана алуы керек.

2. Келісе отырып іс-әрекетті жүзеге асырушы органдар өз әріптестерінің мүддесіне жеткілікті түрде көңіл аударып, бірге іс-шараны жүргізуде оларды да қызықтыра алатындай мәліметтермен алмасып, күш пен құрал бөлуіне ықпал етуі қажет.

3. Келісе отырып іс-әрекет жасайтын органдар алдын-ала өзінің және жүргізілетін іс-шараның қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей мән-жайды ескеруі тиімді. Себебі, ол ортаға ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастықтың мүддесін қорғайтын тұлғалар немесе техникалық құралдары кіріп кетуі мүмкін.

Практикада жедел-ізвестіру қызметінде төмендегідей олардың формасын кездестіруге болады:

1. Жедел-ізвестіру шарасын жүргізу жағдайына байланысты біріккен талқылау жүргізу, оның мақсатын анықтау және шешімдер қабылдау.

2. Келісілген іс-шараның жалпы және жекелеген іс-әрекетін жоспарлау. Әр органның өз құзіретіне сәкес жүзеге асыратын шарасын нақтылау.

3. Хабарларды алмасудың келісілген түрін, оның ішінде нақты жедел-ізвестіру шараларын жүргізу мәселелерін реттеу.

4. Сезікті ретінде ұсталғандар, қамауға алынғандар және сотталғандар жөнінде келісілген жедел-ізвестіру шараларын іске асыру.

5. Күш пен құралды бөлі туралы келісілген шешімдер қабылдау.

6. Келісілген жедел-ізвестіру шараларын жүргізгенде және кінәсін мойындап өзі келгендерден алынған мәліметтерді тексеру туралы бірлескен іс-қимылдар жүргізу.

7. Жедел – ізвестіру шараларын жүргізудегі іс-тәжірибе алмасу.

8. Ғылыми-техникалық құралдардың жетілген түрін қолдану әдістемесін жедел-шараларды жүргізуде қолдану тәсілдері бір-бірінен үйрену.

Барлық жағдайларда жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерінің психологиялық-моралдық мәселелеріне көңіл аударылуы қажет. Себебі, олар қылмыспен күресуде бәсекелестікте тұрған тұлғалар. Сондықтан, олардың бір-бірінің мүдделеріне түсіністікпен қарап оны қабылдауы, жеке және топтық менмендікке жол берілмей, әр органға, оның қызметкеріне деген сыйластық орын алуы тиіс.

7.2 ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының шет мемлекет органдарымен әрекеттестігі

2.ҚР-сы өз егемендігін алып, жеке мемлекет ретінде өмір сүре бастаған кезден бастап, қылмыспен күресті күшейту мақсатында, басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен байланыс орнатуды жолға қойуға көп көңіл бөлуде. Себебі әр мемлекеттің шеңберінен шығып кететін қылмыстық іс-әрекеттер соңғы кезеңдерде көбейіп өріс алуда. Олармен күресу үшін басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен бірігі қажеттігін өмірдің өзі талап етті. Осыған сәйкес « Жедел- іздестіру қызметі туралы» заңның 18 бабында былай көрсетілген[3,25]:

Басқа мемлекеттердің жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға құқық берілген органдары ҚР-ның аумағында өзара іс-қимылды және жедел- іздестіру шараларын осы заңда және тиісті шарттармен келісімде белгіленген тәртіп пен шекте жүргізе алатыны айтылған.

Сол сияқты, ҚР-ның жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдары, басқа мемлекеттердің аумағында өзара іс-қимылды және жедел іздестіру шараларын осы Заңда, сондай-ақ тиісті шарттар мен келісімдер негізінде, сол мемлекеттердің заңдарымен белгіленген тәртіп пен шекте жүргізілетіні көрсетілген.

Демек, басқа мемлекеттердің немесе ҚР-ның белгілі бір құқық қорғау органдарымен алдынала келіспей қандай да бір жедел іздестіру шараларын іске асыруға болмайды.

Осы мәселелер бойынша 1992 ж. тамыз айында ТМД елдері мен Грузия ішкі істер министрліктерінің хабар алмасы бағыты келісімге қол қойылса, 24 көкек 1992 ж. қылмыспен күрес туралы Алматыдағы келісімге, 24 - көкек 1995 ж. Өзбекстан мен Қазақстан ішкі істер министрлігі арасындағы келісімдерге қол қойылған.

Құқықтық көмек туралы ТМД мемлекеттері арасындағы негізгісі 22 қаңтар 1993 ж. Минск Конвенциясы. Ол қылмыстық, азаматтық, жанұялық т.б. көмек көрсетулерді қарастырған. Сол сияқты қылмыскерлерді іздеу, ізіне түсу, ұстап беру, бірнеше мемлекеттер аумағында жасалған қылмыстарды сотта қарау, қылмысқа айғақ болатын құжаттарды беру, айыптау үкімі туралы мәліметтер беру мәселелерін шешкен. Бұл көмек, егер ол мемлекеттің қауіпсіздігіне немесе басқа да мүддесіне кері әсерін тигізетін болса, орындауға жатпайды.

24 қыркүйек 1993 жылы аталған мемлекеттердің басшыларының кеңесі, Ұйымдасқан немесе басқа да ауыр қылмыстармен күрес жүргізуді реттейтін Бюро құрылды, ол Интерпол қызметіне ұқсас.

Ал, алыстағы мемлекеттермен қарым-қатынас Халықаралық қылмыстық полициясы ұйымының Жарғысы негізінде жүргізіледі. Ол ұйымға Қазақстан Интерполдың 61-Бас Ассамблеясында, яғни, қараша айы 1992 ж кірген. Шет елдермен қатынас екі немесе үш жақты басқа да келісім шарттар арқылы іске асырылады. Олар ресми және ресми емес түрде де, яғни екі жақтың өз еріктерімен орын алуы мүмкін[26].

7.3 Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара әрекеттестігі

Жедел іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс қимылы «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңның 19-бабын сәйкес жүргізіледі. Онда халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылы құқықтық көмек туралы шарттарға негізделген. Халықаралық құқық қорғау ұйымдары мемлекеттік емес және мемлекетаралық болып бөлінеді.

Мемлекеттік емеске: Қылмыстық құқықтың халықаралық Ассоциациясы, Кәмілетке толмағандардың ісін қарайтын халықаралық соттар Ассоциациясы, Халықаралық полиция Ассоциациясы тағы басқалар жатады.

Халықаралық құқық қорғау үкіметаралық ұйымдарға мыналар кіреді: БҰҰ-ның есірткі туралы Комиссиясы, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол), ТМД елдері аумағындағы ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыс түрлерімен күресті реттеуші Бюро, Террористерге қарсы күрес орталығы тағы басқалар. Бұл аталған ұйымдардың Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратындай арнаулы ұйымдық құрлымы жоқ. Олар тек сұрақтар салу, тапсырма беру, соны орындау сияқты іс-әрекеттер арқылы іске асырады. Олардың құқықтық негізі болып БҰҰ-ның Жарғысы және үкімет аралық ұйымның Жарғысы саналады[27].

БҰҰ-ы мекемелерінің, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы және басқа да халықаралық үкіметаралық ұйымдардың сұранысы халықаралық құқық негізінде және мысалы: Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемесі негізінде орындалады.

Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы-1923 жылы Вена қаласында Халықаралық полиция конгресі шешімімен құрылған, оған 180-нен аса мемлекет мүше болып табылады және БҰҰ-мымен ынтымақтастық туралы келісімі бар.

Оның тұрақты әкімшілік-атқарушы органы болып Бас секретариат танылады да, төмендегідей компьютерлік мәліметтер банкісіне ие, атап айтқанда:

1. Жалпы қылмыс жасаған тұлғалар жөнінде
2. Сараланған қылмыстар категориясы, оны жасаған орны мен тәсілі жөнінде
3. Конфискацияға жатқызылған есірткі заттары туралы
4. Анықталған жалған банкноттар туралы
5. Ұрланған мәдениет өнері заттары туралы
6. Қол саусақ таңбалары жөнінде
7. Қылмыскерлер мен хабар-ошарсыз кеткендердің фотосуреттері

Архивтегі компьютерлік индекстелген электрондық жүйе мен электрондық тестердің сервері және бейнесі қатысушы мемлекеттердің Ұлттық орталық бюросына, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының базасына тікелей кіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде оның жұмысы мүдделі елдердің қылмыспен күресудегі іс-әрекетінде реттеуші роль атқарады. Сонымен қатар, ол халықаралық іздеуде жүрген қылмыскерлерді іздестіруді ұйымдастырады. Бас секретариат тұрақты түрде қатысушы мемлекеттерге қылмыс жөніндегі хабарлама материалдарды, ұрланған меншік жөнінде карталар, ізделуші адамдар тағы басқалар жөніндегі мәліметтерді таратып отырады.

Халықаралық қылмыстық полиция ұйымымен тұрақты байланыста болу үшін 20 шілде 1993 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен оның Қазақстандағы Ұлттық бюросы құрылған және ол Қазақстанның мүд-десін Халықаралық қылмыстық ұйымының (ары қарай Интерпол) Қазақстандағы бөлімі ретінде қорғайды. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Интерполдың Жарғысына негізделген.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Интерпол бюросымен байланыста болу үшін арнаулы офицерін байланыста болуға бөлген.

ТМД елдері аумағындағы ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыс түрлерімен күресті реттеуші Бюро- 24 қазан 1993ж. ТМД елдері Үкімет басшыларының шешімімен құрылған. Бюроның жәй- күйі 9 қазан 1997 жылы ТМД елдерінің Үкімет басшыларының ретімен бекітілген.

Бюро тұрақты жұмыс істеуші орган болып танылады және оның жұмысына ТМД елдерінің ішкі істер министрліктерінің Кеңесі басшылық жасайды.

Оның негізгі функциясы және міндеті мыналар болып табылады:

- Мемлекет және Үкімет басшылары Кеңесіне ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыс түрлерімен күресу туралы шешімдерді қабылдау мен жүзеге асырылуына ықпал ету;

- Халықаралық қылмыстық қоғамның қылмыс ортасының жетекшілері, ұйымдастырушылары және белсенділері туралы арнаулы банк мәліметтерін құру және ТМД елдері ІІМ сұранысы немесе бастамалық тәртіппен мүдде-лі елдер ІІМ-не қажетті хабарды беру;

- ТМД елдерінің аумағында орын алған қауіпті қылмыс түрлерімен күресідегі ІІМ-нің ынтымақтастығы жөніндегі тиімділікті арттыруға дайындалған іс-шараларды қолдану туралы ұсыныстар қабылдау;

- Жедел-іздестіру шараларын дайындау мен жүргізу және комплексті операциялар кезінде ТМД елдеріне қатысушы бірнеше мемлекеттердің мүдделеріне әсер етуші іс-әрекеттерді реттеу;

- Қауіпті ауырлығы жоғары қылмыс жасаған және қылмыстық қудалаудан немесе сот үкімін орындаудан қашып жүрген адамдарды халықаралық іздеуге және ұстап беруге ықпал ету;

- ІІМ Кеңесінің тапсыруымен және бастамалық тәртіппен оның отырысында қаралуға тиіс сұрақтар бойынша талдау хабарлары мен материалдарды дайындау;

-ТМД қатысушы ИМ-і сарапшыларының ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы актуалды мәселері бойынша жұмыс жағдайында кездесуін ұйымдастыруына ықпал ету мен қажетті құжаттардың проектісін дайындау;

-ТМД қатысушы мемлекеттердің ИМ Ұйымдасқан қылмыс пен өзге де қылмыс түрлерімен күресуде тәжірибе алмасуға қатысуын ұйымдастыру және құқықтық базаны жетілдіру;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы орталығы:
21 маусым 2000жылы ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің шешімімен құрылған және арнаулы тұрақты жұмыс істейтін ТМД мемлекеттерінің салалық органы болып табылады. Ол ТМД мемлекеттерінің халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күзиретті органдардың күресу қызметін реттеуге арналған.

Орталықтағы түйінді мәселелер жөніндегі шешім ТМД мемлекеттерінің басшылары Кеңесімен қабылданады. Орталықтағы жалпы басшылық қауіпсіздік және мемлекеттердің арнаулы қызмет органдары басшылары арқылы жүзеге асырылады.

Орталықтың өкілеттігі:

- ТМД қатысушылардың қауіпсіздік органы мен арнаулы қызмет және басқа да күзиретті органдардың өз қызметінде біріккен банктік мәліметтер мүмкіндігін пайдалану;

- Орталықпен ресми байланысы бар компетентті органдар арқылы қажетті мәліметтерді қауіпсіздік, арнаулы қызмет, құқыққорғау, әскери, шекара тағы басқа ведомстволардан сұрау;

- ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің шешімімен өздерінің аймақ-тық бөлімдерін, филиалын, бөлімшелерін, өкілдіктерін құру;

Орталықтың негізгі функциялары мен міндеттері:

-ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесіне және ТМД-ның басқа орган-дарына, халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күрес жөніндегі ұсыныс дайындау;

-ТМД қатысушы мемлекеттердің күзиретті органдарының халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресуді реттеу;

-ТМД қатысушы мемлекеттеріндегі елдерде халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресу жөніндегі мәліметтерді оның жағдайы, динамикасы және өсу тенденциясы туралы тал-дау жүргізу;

-ТМД қатысушы мемлекеттердегі қауіпсіздік, арнаулы және күзиретті органдарында біріктірілген арнаулы банк мәліметтерін құру, атап айтқанда:

а) Халықаралық терроризм және басқа да экстремистік ұйымдар, олардың жетекшілері, қатысушылары туралы;

б) Оның жағдайы, динамикасы мен өсу тенденциясы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге және басқа мемлекеттерге таралуы;

в) Халықаралық терроризмге көмек көрсетуші мемлекеттік емес құрылымдар және тұлғалар туралы;

- ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің күзиретті органдарына тұрақты түрде арнаулы банктен сұраған мәліметтерін беру;

-ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі басшыларының шешімі бойынша терроризмге қарсы командалық-штабтық және жедел-тактикалық оқу- жаттығуды дайындау және қатысу, ал қажет болғанда мүдделі ТМД-ға қатысушы мемлекеттерді басшыларының тапсырмасымен, орнаған тәртіпке сәйкес реттеу;

-ТМД-ға қатысушы мүдделі мемлекеттердің жедел-іздігі шаралары мен кешенді халықаралық терроризм мен басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күрес операцияларына ықпал ету;

-ТМД-ға қатысушы мемлекеттер террористік сипаттағы және қылмыстық қудалаудан немесе сот үкімін орындаудан қашып жүргендерге халықаралық іздеуде ықпал ету;

-Халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресу мәселелеріне қатысты моделдік заң актілерін, нормативтік құжаттарды, сол сияқты халықаралық келісім шарттарды дайындауға қатысу;

-Терроризммен күресуге қатысушы мамандар мен инструкторларды, бөлімдерді ұйымдастыруға ықпал ету;

-Терроризмге қарсы келісілген модельдік операцияларды дайындау және оны жүргізуге ықпал ету;

-ТМД елдері басшылары Кеңесінің шешімі бойынша жүргізілетін терроризмге қарсы шараларда оны орындауды реттеу, ал қажет болғанда, мүдделі мемлекеттің басшысының тапсырмасымен, орнаған тәртіпке сәйкес реттеу;

-ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресу жөніндегі мемлекет аралық программа жасауға қатысу;

-Ғылыми-практикалық конференциялар, семинарларды өткізуге дайын-дауға қатысу.

-Мемлекеттердің халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресу жөніндегі тәжірибе алмасуға ықпал ету;

-Халықаралық терроризм және басқа да экстремизмнің пайда болу белгілерімен күресу жөніндегі мәселелер бойынша халықаралық орталықтармен, ұйымдармен, сол сияқты басқа мемлекеттердің арнаулы құрылымдарымен жұмыстық қатынас орнату.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. ЖІҚ-і Заңының 17-бабына сәйкес органдар әрекеттестігіне түсінік беріңіз?
2. ЖІҚ-і туралы Заңның 8- бабында көрсетілген ынтымақтастықты атаңыз?
3. ЖІҚ-індегі әрекеттестіктің негізгі қағидаларына тоқталыңыз?
4. ЖІҚ-ті әрекеттестіктің формаларын көрсетіңіз?
5. Ынтымақтастықтағы моральдық-психологиялық жағдайға тоқталыңыз?
6. ЖІҚ-нің шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен әрекеттестігіне тоқталып, ЖІҚ-ті туралы заңның 18-бабындағы мән-жайлардың мазмұнын ашыңыз?
7. Құқықтық көмек туралы Минск конвенциясының мазмұнын атаңыз?
8. Мемлекеттік емес құқық қорғау ұғымдарын атап көрсетіңіз?
9. Халықаралық құқық қорғау ұйымдарына түсінік беріңіз?
10. Халықаралық полиция құрылымына тоқталыңыз?
11. Компьютерлік мәліметтер банкісіне кіретіндерді тізбектеңіз?
12. ТМД елдері аумағындағы ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыс түрлерімен күресті реттейтін Бюроның жұмысын түсіндіріңіз?
13. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы орталығының жұмысына түніктеме беріңіз?
14. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы орталығының өкілеттігін атаңыз?
15. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің біріктірілген арнаулы банкіне кіретін мәселелерге тоқталыңыз?
16. Орталықтың негізгі функциясы мен міндеттеріне тоқталыңыз?

Тест сұрақтары

1. ҚР ЖІҚ-н жүзеге асырушы органдар өзара көмек көрсетуге міндетті ме:
А) Міндетті
В) Міндетті емес
С) Айрықша жағдайда
Д) Бастықтың бұйрығымен
Е) Өзі шешеді
2. ЖІҚ-ін жүзеге асырушы органдар, өздеріне мәлім деректер туралы қажет болғанда бір-біріне хабарлауға тиіс пе?
А) Тиіс
В) Тиіс емес
С) Бастықпен келісу керек
Д) Айрықша жағдайда
Е) Міндет ретінде жүктелсе
3. ЖІҚ-н жүзеге асырушы органдар ынтымақтастығында, қандай мән-жайларға көңіл аударылуы тиіс:
А) Психологиялық-моральдық
В) Мінез құлыққа
С) Сөйлеген сөзге
Д) Мәнсапқа
Е) Бастықтық дәрежесіне

4.Қылмыспен күрес туралы келісімге Өзбекстан мен Қазақстан қай жылы қол қойды:

A) 1995 ж. 24 көкек

B) 1991 ж. 24 көкек

C) 1990 ж. 24 көкек

D) 1994 ж. 24 көкек

E) 1993 ж. 24 көкек

5.ТМД арасындағы құқықтық көмек туралы Минск конвенциясына қашан қол қойылды:

A) 1993 ж. 22 қаңтарда

B) 1991 ж.

C) 1995 ж

D) 1994 ж.

E) 1996 ж.

6.Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына Қазақстан қашан кірген:

A) 1992 ж

B) 1991 ж

C) 1993 ж

D) 1994 ж

E) 1995 ж

7.Халықаралық полиция ұйымы алғаш рет қай жерде, қашан құрылған:

A) 1923 ж. Венада

B) 1925 ж Венада

C) 1920 ж Мнскіде

D) 1921 ж Лондонда

E) 1994 ж. Парижде

8.Интерполдың атқарушы органы:

A) Бас секретариат

B) Бас хатшы

C) Меңгеруші

D) Полиция бастығы

E) Маман

9.Интерполдың Қазақстандағы Ұлттық Бюросы қашан құрылған:

A) 1992 ж. 20 шілде

B) 1991 ж

C) 1995 ж

D) 1994 ж

E) 1993 ж

10.ТМД елдерінің аумағындағы ұйымдасқан және басқа да қауіпті қылмыс түрімен күресті реттеуші Бюро қашан құрылған:

A) 1993 ж. 24 қазан

B) 1994 ж. қазан

C) 1995 ж

D) 1996 ж

E) 1991 ж

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің формасы мен әдістері және объектілер

Сұрақтар:

- 8.1 Жедел-іздестіру қызметінің формалары
- 8.2 Жедел-іздестіру қызметінің әдістемелері
- 8.3 Жедел-іздестіру қызметінің объектілері

8.1 Жедел - іздестіру қызметінің формалары

Жедел - іздестіру қызметінің формалары оны жүргізетін іс-әрекеттерден құралады. Ал, ол іс-әрекеттер қандай да бір тапсырманы шешуге бағытталуы керек.

Жедел-іздестіру қызметінің белгілі бір бағытқа бағытталған іс-әрекет-терінің жиынтығы айналып келгенде оның күрделі формасы жедел- іздестіру іс-шарасын көрсетеді. Оның белгілері болып мыналар танылады: тактикалық нысананың болуы, қолданылатын күш пен құралдың белгілі бір қажетті шекте болуы, оның қолданылатын масштабының көлемі мен шеңбері, қатысушылардың нақтылығы, тез іске асуы, белгілі бір нәтижеге жетуі, сондықтан **жедел-іздестіру іс-шарасы** ол, жедел-іздестіру қызметінің негізгі формасы болып танылады[19].

Жедел-іздестіру қызметіне жататын тағы бір форма, **жедел-іздестіру операциясы**. Ол дегеніміз жалпы жоспар бойынша белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған, келісілген, бір-бірімен байланысты, іске асатын орны, уақыты белгіленген, бір орталықтан басқарылатын, жедел-іздестіру қызме-тінің тапсырмасын шешуге бағытталған іс-әрекеттер.

Жедел-іздестіру операцияларының белгілеріне мыналар жатады: Стратегиялық сипаттағы, мысалы: ұйымдасқан, көптеген аумақты қамтыған қылмыстық топтар қауымдастығының қызметін немесе маңызды тактикалық нысана, айталық есірткі заттары тасымалданатын сүрлеу жолдарды, оларға қатысушыларды, байланыстарын, қандай мемлекеттерден тасылып, қандай жерлерге жеткізілетіні анықтау үшін бақылау орнату, ол үшін соған жеткілікті мүдделі органдардың күштерін, құралдарын қатыстыру. Қажет болғанда қатысушы органдардың басшыларымен келісе отырып арнаулы топтар құру, орталығын, штабын, басқаратын адамдарды тағайындау арқылы барлық іс-шараны бақылай алу және негізгі нәтижеге жетудің тиімділігін арттыру үшін ұйымдастырушылық шараларын дәл уақытында жүргізе алу.

Жедел- іздестіру шарасын қолдану формасы. Ол бір немесе бірнеше тапсырмаларды шешуге бағытталған шара. Оның объектілері, оған қатысты немесе оның мүдделеріне байланысты нақты жеке немесе заңды тұлғаға бағытталуы мүмкін. Сол сияқты нақтыланбаған, мысалы белгілі бір мемлекетке, оның экономикасындағы мәселелерге, мемлекет құпиясын сақтауға бағытталуы да орын алады. Жедел-іздестіру шарасы

қолданылатын объектілеріне байланысты жалпы ескерту және арнаулы шара болып екіге бөлінеді.

Жалпы ескерту шарасына мыналар жатқызылған

1. Органдардың жедел-іздігі қызметі арқылы қамтамасыз ететін салалардағы белгілі бір объектілер, учаскелер, тағы басқалардағы құқық бұзушылықты туғызу себептері мен жағдайларын анықтау және өзі жеке немесе басқа да мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып оның алдын алу немесе жою жөніндегі шара қолдану;

2. Мемлекеттік және басқару органдарына, сол сияқты қажетті мекемелер мен ұйымдарға, анықталған қылмыстың себептері мен жағдайлары туралы хабарлап, шара қолданылуын талап ету;

3. Мемлекеттік және басқару органдары мен мекемелерге, ұйымдарға құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде тәрбие және тағы басқадай да сақтандыру шараларын жүргізуге көмек көрсету;

Арнаулы шара, ол «Жедел-іздігі қызметі туралы» Заңның 11-ба-бына сәйкес, соны жүргізетін орган арқылы дайындалған іс-шаралары. Оны ұйымдамстыру және жүргізу тактикасы қызметтік, ал кей жағдайда мемлекеттік құпия болып танылады. Мысалы, ұйымдасқан қылмыстық топты, оның құрылымын, жоспарын, қатысушы тұлғалар мен ұйымдық құрылысын, тағы басқаларды, сол сияқты шет мемлекеттің барлау-бүлдіру әрекеттеріне бағытталған почта, телеграф т.б хабарлар егер олар мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндірсе. Сол сияқты олар нақты жеке немесе заңды тұлғалар туралы барлау мәліметтеріне қатысты болса олар, әрине, арнаулы қызмет органдарымен жүзеге асырылады. Сондықтан, олардың іс-шараларын құпиялық қамтамасыз етуі тиіс.

8.2 Жедел - іздігі қызметінің әдістемелері

Жедел-іздігі қызметін жүргізудегі іс-шаралар осы туралы Заңның өзінде көрініс тапқан. Себебі, бұл қызметтің сипаттамасының өзі соған негізделген.

Әдістеме - дегеніміз қандай да бір қызмет саласындағы белгілі бір ныса-наға жетудегі амал, амалдар мен тәсілдерді қолдану жүйесі немесе жолдары. Әр нақты мән-жайда белгілі бір мақсатқа жету үшін тиімді тәсілдер, амалдар қолданылады. Қызмет саласының түрлеріне қарай олар әртүрлі болып келуі мүмкін. Құқық қорғау органдары да өз қызметінде қылмыстың алдын, алу, жолын кесу, ашу жөніндегі шара қолдануда, белгілі бір өзіне тиімді, заң талаптарын бұзбайтын әдістеме таңдап алып, соны іске асырады. Ал жедел-іздігі қызметі де жоғарыда көрсетілгендей осы әдістемелер негізінде құқық қорғау және арнаулы функцияны іске асыра отырып, өз құзыретіне берілген салаларда, өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындайды.

Жедел-іздігі қызметі өз функциясына сәйкес **танымдық** және **ықпал жасау** қызмет түрін атқарады. Танымдықта хабарларды қабылдау мен талдау түрінде, яғни құқық бұзушылыққа қатысты хабарларды өінің құпия көмекшілері арқылы табу және оны тексеріп талдап, баға беру

болса, әсер етушілікте қылмыстың алдын алу, жолын кесу, болдырмау, сақтандыру сияқты құқық қорғау функциясында, сол сияқты арнаулы функциясында ықпал ету акциясы мен әсер ету түрінде көрінісін табады.

Танымдық әдістеме бақылау, сұрау, эксперимент, үлгі алу, талдау мен синтез және тек жедел- іздестіруде ғана қолданылатын арнаулы күш пен құралды іске қосу түрінде, яғни жедел-бақылау, жедел- сұрау, анықтау, жедел эксперимент, жедел- үлгі алу, жедел-әдіс- тәсіл, айла тағы басқалар арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық әдістемені жедел- іздестіру әстемесі арқылы табу, талдау мен сұрыптау, болжау әдістемесі және құқық бұзушылыққа байланысты объекті бойынша құпия көмекшілер арқылы алғашқы алынған хабар, және оны тексеріп зерделеу сияқтылардан көруге болады.

Ықпал жасау әдістемесі сақтандыру мен жолын кесу және жәрдем ету түрлерінде көрінеді. Сонымен қатар, ол күш қолданбай, жалған хабарлама беру, арнаулы дайындалған хабарды жіберу, жедел-қисынды іс-әрекеттер түрінде орын алса, күштеу әдістемесі ықпал ету акциясы, арнаулы іс- шара мен операциялар арқылы жүзеге асырылады.

Жедел-іздестіру қызметінің маңызды бір әдістемесі алға қойылған тап-сырманы құпия сақтай отырып шешу әдістемесі. Оны ашық және жасырын деп екіге бөлуге болады.

Ашық әдістеме-түріндегі жедел- іздестіру қызметінің тапсырмаларын шешу жағдайында жедел-іздестіру қызметкері өзінің қай органға жататынын жасырмайды және соның атынан ашық түрде іс-әрекет жасайды. Оған жедел- іздестіру қызметінің алға қойған тапсырмаларын шешуге бағытталған ресми немесе ресми емес ақпарат көздерінен алынған хабарларды жинау, зерделеу, өңдеу және талдау жатады.

Барлау және сыртқы барлау қызметінде ашық әдістемені тек шартты деп қана түсінуге болады, себебі олардың жұмысы құпия атқарылады, тек қана оның бүркемелеуші қызметі атынан іс- әрекет етуін ғана, ашық іс-әрекетке жатқызуға болады. Олар бақылау, сұрау, эксперимент, модельдік іс-әрекет, үлгі алу, зерделеу, өңдеу, талдау түрінде болса, ықпал жасау әдістемесінде сол үшін арнаулы дайындалған хабар, арнаулы іс- шара немесе операция түрінде көрінеді.

Жасырын әдістеме - ол жедел-іздестіру қызметінде құпия агенттік және құпия агенттік емес әдістеме ретінде көрінеді.

Құпия агентті пайдалану әдістемесі - ол құпия көмекшілерді пайдалану арқылы танымдық және ықпал жасау әдістемесі.

Құпия агентті пайдаланбау әдістемесі – ол жедел-іздестіру қызметінің тапсырмасын жедел-іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлерінің тікелей қатынасуымен, оның ішінде жедел-техникалық құралдарды пайдалануды айтылады.

Негізінен бұлар барлық жалпы және арнаулы іс-тәжірибедегі жедел-іздестіру шараларын жүргізуде қолданылады. Бұдан басқа жедел-іздестіру қызметі әдістемесін саралау оның атқаратын функциясына сәйкес

құқық қорғау функциясын іске асыру әдістемесі және арнаулы функцияны іске асыру болып екіге бөлінеді.

Құқық қорғау функциясын іске асыру әдістемесі өз кезегінде мына төменгілерден тұрады:

- Құқыққа қарсы іс- әрекетті анықтау әдістемесі
- Құқыққа қарсы іс- әрекеттен сақтандыру әдістемесі
- Құқыққа қарсы іс- әрекеттің алдын алу, жолын кесу әдістемесі
- Қылмысты ашу әдістемесі
- Жедел іздеу әдістемесі

Арнаулы функцияны іске асыру әдістемесі ол:

-Барлау мәліметтерін табу және мемлекеттік органның сыртқы саясаты мен экономикалық қызметіне, сыртқы экономикалық потенциалы мен қорғану мүмкіндігіне ықпал ету әдістемесі;

-Мемлекеттегі саяси тұрақтылық, экономикалық потенциал мен қорғану мүмкіндігін бекіту мен Қазақстан Республикасына сырттан қауіп төндіретін барлау және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекетте мемлекет басшылығына көмек көрсету әдістемесі;

-Мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін, мемлекеттік құрлысты, қоғам тұрақтылығы, халықтың амандығын, келісіммен өмір сүру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістемесі;

-Президенттің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістемесі;

-Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз еті әдістемесі;

-Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтердің сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістемесі;

-Өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістемесі;

8.3 Жедел - іздестіру қызметінің объектілері

Жедел- іздестіру қызметінің объектілері болып, осы қызмет мүддесіне қатысты бақылап тексеруге алынған, жеке тұлға, мекеме мен ұйымдар, зат-тар, байланыс жүйесі тағы басқа хабарлар мен мәліметтерді иеленушілер мен тасушылар танылады.

Олардың маңызына қарай төмендегі топтарға бөлуге болады [28]:

1. Әртүрлі құқық бұзушылыққа барған және Қазақстан Республикасының заңдарына қарсы іс-әрекет жүргізуші жеке тұлғалар, ұйымдар, мекемелер;
2. Жедел-іздестіру хабарларын иеленуші және онымен тұрақты қатынастағы тұлға;
3. Жедел іздестіру жөніндегі маңызды хабарды иеленуші тұлға;
4. Оларға қатысты барлау іс-әрекеті жүргізілетін, бапруды қызықтыратын мемлекеттік ведомстволар, мекемелер, фирмалар, шет елдердің арнаулы қызметі;

5. Жедел-іздістіру қызметінің объектілеріне өзінің қоғамдық тағы басқа лауазымдық қызметіне байланысты ықпал ету тетігі қолында тұрған, тұлға;

6. Іздістірілуде жүрген құжаттар, заттар және тұлғалар;

7. Мемлекеттік құпиялар, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін мәліметтерге жіберу тіралы мәселе қаралып жатқан тұлға;

8. Жедел-іздістіру қызметіне және оны жүргізу нәтижесінде алынған материалдарына жіберілетін құқық қорғау және арнаулы қызмет органдарының қызметкерлері;

9. Жедел-іздістіру қызметін жүргізуші органдардың құпия көмекшілері.

Аталған тұлғалардың барлығы міндетті түрде жедел-іздістіру қызметінің әдістемесі негізінде, жедел-іздістіру қызметінің күш пен құралдары пайдаланыла отырып, жедел-іздістіру қызметіне жарамды-жарымсыздығы, олардың сенім-нанымы, көзқарасы, психологиялық жағдайы, құқық бұзушылыққа көзқарасы, тағы басқа көптеген жедел-іздістіру қызметіне қатысты мәселелер тексеріледі. Екінші жағынан оларды тәрбиелеу, психологиясының дұрыс қалыптасуына ықпал ету сияқты мәселелер де назардан тыс қалмайды және бұл ортаға қылмыстық топ, шет мемлекеттердің арнаулы қызметінің агенттерінің кіріп кетуін болдырмау мәселелері де қарастырылады.

Жедел-іздістіру қызметі процесіне байланысты және әртүрлі жағдайларға сәйкес Жедел-іздістіру қызметінің объектілерін былай қарастыруға болады:

- Жедел іздеп табу объектілері;
- Жедел тексеру объектілері
- Жедел өңдеу объектілері
- Жедел-іздістіру объектілері
- Жедел бақылауға алу объектілері

Бұл аталған объектілер жөніндегі түсінік, жедел-іздістіру процесі тара-уында беріледі.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. ЖІҚ-і операциясына түсінік беріңіз?
2. ЖІҚ-і шарасын қолдану формасына тоқталып өтіңіз?
3. Жалпы ескерту шарасын атаңыз?
4. ЖІҚ-і операциясының негізгі белгілерін көрсетіңіз?
5. ЖІҚ-інің әдістемесіне анықтама беріңіз?
6. Арнаулы шараны атаңыз?
7. Танымдық әдістемені талдаңыз?
8. Ашық және жасырын әдістеменің ара - жігін ашып көрсетіңіз?
9. Құпия агентті пайдалану мен пайдаланбау әдістемесінің мазмұнына тоқталыңыз?
10. Құқық қорғау функциясын іске асыру әдістемесін атап өтіңіз?

11. Арнаулы функцияны іске асыру әдістемесіне тоқталыңыз?
12. ЖІҚ-і объектілерінің топтарын атап айтыңыз?
13. Ықпал жасау әдістемесіне тоқталыңыз?
14. ЖІҚ-і процесіндегі объектілердің бөлінуін атаңыз?

Тест тапсырмалары

1. ЖІҚ-нің формалары неден құралады:

- A) Оны жүргізу іс-әрекеттерінен
- B) Жүргізу сатысынан
- C) Жүргізу мәселелерінен
- D) Жолдарынан
- E) Шара әдістерінен

2. Жедел-іздістіру шарасы, ЖІҚ-нің қандай формасы болып табылады:

- A) Негізгі
- B) Қосымша
- C) Аранаулы
- D) Мағыналы
- E) Жалғыз

3. ЖІҚ-і шарасын қолдану формасы неге бағытталған:

- A) Бір немесе бірнеше тапсырмаларды шешуге
- B) Бір тапсырманы шешуге
- C) Жалғыз тапсырманы шешуге
- D) Ешқандай тапсырманы
- E) Негізгі

4. Ықпал жасау әдістемесі қай түрімен көрінеді:

- A) Сақтандыру, жолын кесу, жәрдем ету
- B) Сақтандыру
- C) Жолын кесу
- D) Жәрдем ету
- E) Қудалау

5. Құпия агентті пайдалану әдістемесі дегеніміз не:

- A) Құпия көмекшілерді пайдалану арқылы танымдық және ықпал жасау
- B) Қылмысты ашуға пайдалану
- C) Көмекші ретінде пайдалану
- D) Танымдық процесте пайдалану
- E) Ықпал етуде пайдалану

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметін іске асыру шаралары түсінігі және негіздері

9.1 Жедел- іздестіру қызметі шараларының түсінігі және маңызы

9.2 Жедел- іздестіру шараларын жүргізу негіздері

9.3 Жедел- іздестіру шараларын жүргізу шарттары

9.1 Жедел-іздестіру қызметінің шараларының түсінігі және маңызы

«Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңның 11-бабы 1- бөлігінде Жедел іздестіру шаралары туралы мынандай түсінік берілген[3]:

Жедел іздестіру шаралары дегеніміз - бұл жедел - іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың өз құзіреті шегінде, осы заңның 2-бабында көзделген міндеттерді, яғни азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, меншігін, заңды мүдделерін, қоғамды, мемлекетті, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді шешіге бағытталған іс-әрекеттері. Осы көрсетілгеннен туындайтыны жедел - іздестіру шаралары екі түрлі іс әрекетті, яғни, жедел іздестіру шаралары мен жедел іздестіру операциялары бірлігінен құралады. Ол дегеніміз, алға қойған мақсатқа жету үшін күні бұрын дайындалған, жоспарланған және бір немесе бірнеше шараларды жедел іздестіру тұлғаларының іске асыруы, сөйтіп олар жедел- іздестіру шараларының мазмұнын құрайды.

Жедел-іздестіру шараларына мына талаптар қойылады: Олар жедел- іздестіру қызметі қағидаларына сәйкестігі, ЖІҚ-ның негізгі мақсатына, жалпы шараларына бағыныштылығы, шараның нақтылығы, күш пен құралды қажетті шекте, табандылық көрсету арқылы икемділік таныту, өзара қарым-қатынаста болу.

Жедел-іздестіру шараларының құрлысы мыналардан тұрады: Нысана мен міндет, тұлға, объектісі, шара жоспары, жедел іздестіру іс-әрекеті, күш пен құрал және нәтиже.

Енді осыларға қысқаша анықтама берелік.

Жедел-іздестіру шарасының **нысанасы** ол, жедел-іздестіру қызметінің тапсырмасын шешудегі белгілі бір нәтижеге жетуі.

Жедел-іздестіру шарасында, белгілі бір жедел-іздестіру қызметінің **тапсырмасы** нақтыланады және ол белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталады.

Жедел- іздестіру шарасының тұлғасы-дегеніміз, ол жедел іздестіру қызметін іске асырушы орган.

Жедел - іздестіру шарасының объектісі болып, жеке тұлғаға, қоғамға және мемлекетке бағытталған құқыққа қарсы іс - әрекет жүргізуші тұлға, мекеме, ұйым, сол сияқты Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жедел- іздестіруді қажет ететін мән-жайлар танылады.

Жедел іздестіру шарасының жоспары дегеніміз-жедел іздестіру шара-сын дайындау мен іске асыру тәртібі мен тәсілі.

Жедел іздестіру іс-әрекеті - ол шараларды іске асырудың әртүрлі актілі әрекеттері.

Жедел іздестіру шараларының күштері - шара өткізуге тартылған құпия көмекшілер аппараты, жедел-техникалық, жедел-іздеу, ақпараттық тағы басқа құрамдар.

Жедел-іздестіру шарасының әдіс-тәсілі - ол шара жүргізудегі қолданылатын жедел-техникалық, жедел-іздестіру, ақпараттық тағы басқа құралдар.

Жедел іздестіру шарасының нәтижесі - ол мақсатқа жету үшін жүргізілген іс-шаралардың қол жеткізген нәтижелері.

Жедел-іздестіру шарасының жоспары және соның негізінде қол жеткізілген нәтиже жүргізілген шараның тиімділігін көрсетеді.

Жедел- іздестіру шарасын жүргізуге байланысты, оның объектілері де белсенді түрде қарсы іс- әрекетке барады, атап айтқанда, олар ұйымдасқан қылмыстық топ, ұйымдар, шет мемлекеттердің арнаулы қызмет органдары да болуы мүмкін. Олар әртүрлі әдіс –тәсілді қолданып, жедел-іздестіру қызметін іске асырушы тұлғалар, олардың қолданатын әдіс- тәсілі, жоспары, мақсаты туралы хабарлар жинау және жедел-іздестіру шарасын жүргізуші органға қарсы тұрудың амал-айласын жасауда орын алады.

Жедел-іздестіру шаралары жалпы және арнаулы болып екіге бөлінеді. Оның бұлай бөлінуі, олардың бағытталған мән-жайына байланысты. Олар Заңның 11-бабында атап көрсетілген жалпы және арнаулы жедел – іздестіру шараларын түпкілікті және заң арқылы өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін деп қарауға да болмайды. Бірақ «Жедел - іздестіру қызметі туралы» Заңның 8-бабында: «Жедел- іздестіру қызметінің жүктеген тапсырмасын іске асыру барысында, оны жүргізуге күзиреті бар органдар: осы Заңның 11- ба-бында көрсетілген және өз күзиретіне сәйкес ашық және құпия жедел-іздестіру шараларын жүргізуге құқылы» деп көрсеткен. Демек, Заң жедел-іздестіру шарасын тек осы заңның 11- бабында көрсетілген тізім негізінде жүргізу керектігін көрсете отырып, оны жүргізу құқығын шектеп отыр.

9.2 Жедел- іздестіру шараларын жүргізу негіздері

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жедел- іздестіру шаралары, жедел-іздестіру қызметкерлерінің өз қалауынша қалай болса - солай жүргізіле бермейді, тек Заңда атап көрсетілген мән-жайлар негізінде ғана іске асырылады. Ондай негіздер болып нақты фактілер, материалдар, құжаттар, сұраулар, мән-жайлар тағы басқа «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңда атап көрсетілген және адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігі үшін шара қолдануды қажет ететін құқық бұзушылықтар жатады.

Олар «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңның 10-бабында көрсетілген, осы бапқа сәйкес, жедел-іздістіру шараларын жүргізу негіздеріне мына мән-жайлар жатады:

1. Қозғалған қылмыстық істің болуы.

2. Әзірленіп жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық туралы мәліметтің орын алуы.

3. Жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып немесе қылмыстық жазадан жалтарып жүрген адамдар жөнінде.

4. Азаматтардың хабарсыз кетуі және танылмайтын мәйіттердің табылуы.

5. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнайы қызметтерінің барлау, бүлдіру әрекеттері туралы хабарлардың орын алуы.

6. Өздерінің өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша тергеушінің жазбаша тапсырмалары және прокурордың нұсқаулары, сол сияқты соттың ұйғарымдары.

7. Бас прокурор мен оның орынбасарларының, Облыстық прокурорлар мен оған теңестірілген прокурорлардың қаулылары.

8. Құқықтық көмек туралы шартқа, келісімге сәйкес халықаралық құқық қорғау ұйымдарының және мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сауал салулары.

9. Қоғам, мемлекет мүддесі мен оның экономикалық және қорғаныс қабілетін нығайту мүддесіне орай барлау ақпараттарын алу қажеттігі жөніндегі хабарламалар негіз бола алады.

Жедел-іздістіру қызметін іске асырушы органдар, жоғарыда көрсетілген мән-жайлардан басқа, өз бастауымен және немесе басқа да мемлекеттік органдардың сұрауымен, өз құзіреті шегінде, жедел-іздістіру шараларын жүргізу арқылы, белгілі бір шешім қабылдауға қажетті тұлғаның жеке басын сипаттайтын төмендегі мән-жайлар бойынша мәліметтер жинауға құқылы:

2. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар өз құзіреті шегінде өзінің не өзге мемлекеттік органдардың бастамасы бойынша азаматтардың жеке басын сипаттайтын және шешімдер қабылдау үшін қажетті:

- ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, әскери барлау, қаржы полициясы, кеден органдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне жұмысқа және қызметке қабылдау туралы;

- жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде;

- мемлекеттік құпия болып табылатын мағлұматтарға немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін апат немесе экологиялық қауіп аса жоғары объектілер мен ғимараттарды пайдалануға байланысты жұмыстарға рұқсат беру туралы;

- жедел-іздістіру қызметіне қатысуға рұқсат беру немесе оны жүзеге асыру нәтижесінде алынған материалдарды пайдалануға рұқсат беру туралы;

- күзет қызметімен айналысуға лицензиялар берілгені туралы деректер жинауға құқылы.

3. Көрсетілген негіздер түпкілікті болып табылады және тек заңмен ғана толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Бірақ кейбір авторлардың мына ескертпелеріне көңіл аударуға және келісуге болады, атап айтқанда, жедел- іздестіру қызметіндегі тапсырмалардан туындайтын мына төмендегі мән- жайлар ескерілмеген:

1. Мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты;
2. Президент пен қорғауда болатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты;
3. Мемлекеттік шекараны қорғауға байланысты.

9.3 Жедел - іздестіру шараларын жүргізу шарттары

Адамдардың азаматтығы, жынысы, ұлты, тұрғылықты жері, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, қандай қоғамдық бірлестіктерге жата- тындығы, дінге қатынасы мен саяси сенімі, егер заңмен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында оларға қатысты жедел-іздестіру шараларын жүргізуге кедергі бола алмайды.

Осы Заңның **11-бабының 2-тармағында** көрсетілген жедел-іздестіру шараларын өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар жүргізеді және бұл шаралар олардың құзыреті шегінде шектеледі.

Осы Заңның **11-бабының 3-тармағында** көрсетілген жедел-іздестіру шара-ларын:

а) ішкі істер, қаржы полициясы және кеден органдары - сотталғандардың хат-хабарларын цензуралау; посылка және бандероль түрінде почта жөнелті- імдеріне бақылау жасау; бейне - аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламаларды алып- тастау; байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру;

б) ұлттыққауіпсіздік органдары - почта жөнелтілімдерін бақылау; байланыс желілеріндегі жедел іздестіру; бейне-аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ

телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден және өзге техникалық құралдардан хабарламаларды алып тастау, байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және жайларға, үйлерге, ғимараттарға жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру;

в) жедел қамтамасыз ету объектілерінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлауы мен Президенттің Күзет қызметін байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру; бейне – аудио-техниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдардан хабарламаларды алып тастау ісін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Қорғаныс министрлігінің әскери барлау, қаржы полициясы, кеден органдары мен Президентінің Күзет қызметі қажет болған жағдайда осы Заңның 11-бабының 3-тармағында көрсетілген арнаулы шараларды ұйымдастыру мен жүргізуде өзара жәрдемдесуге міндетті.

6-бапта көрсетілген барлық органдардың міндеттері шешу мүддесіне орай телекоммуникациялар желілері мен байланыстың почта арналарын пайдалана-нуына орай арнаулы жедел-ізвестіру шараларын техникалық жағынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады, бұл үшін оларға қажетті күштер мен қаржы бөлінеді.

3. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге құқығы бар қызметтердің, бөлім-шелердің және қызметкерлер санаттарының тізбесін жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші органдардың басшылары белгілейді.

4. Заңмен қорғалатын жеке өмірге тиіспеушілік, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтілімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйді қол сұғудан қорғау құқығын қозғайтын арнайы жедел-ізвестіру шаралары тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды, сондай-ақ қылмысты топтар әзірлеп жатқан және жасаған қылмыстарды анықтау, алдын алу және ашу үшін прокурордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

Мұндай шараларды жүргізуге рұқсатты жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші органдардың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасының бас прокуроры, оның орынбасарлары, республиканың әскери прокуроры, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар береді.

5.Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шет мемлекеттер мен шетел ұйымдарының арнаулы қызметтерінің, сондай-ақ терроризмнің барлау-бүлдіру мақсатында қол сұғушылықтарын анықтау, алдын алу және болдырмау мақсатында тек қана барлау хабарламасын алу үшін осы баптың 4-тармағында көрсетілген жедел-ізвестіру шаралары Қазақстан Республикасының бас прокурорымен келісілген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Жекелеген адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қауіп төнген жағдайда олардың өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші орган басшысы бекіткен қаулы негізінде, 24 сағаттың ішінде міндетті түрде прокурорды хабардар ете отырып, олардың телефондарынан немесе басқа да сөйлесу құрылғыларынан жүргізілген сөйле-сулерді тыңдауға және жазып алуға рұқсат етіледі.

7. Кейінге қалдыруға болмайтын және террористік әрекет білдіру және басқа да ауыр қылмыстар жасауға әкеліп соғуы мүмкін жағдайларда жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші тиісті орган басшылары бірінің дәлелді қаулысы негізінде прокурорды хабардар ету және соңынан 24 сағаттың ішінде рұқсат алу арқылы осы баптың 4-тармағында көрсетілген жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге жол беріледі.

8.Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге рұқсат алу кезінде прокурорға жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдармен құпия негізде қызмет жасаушы немесе қызмет жасаған азаматтардың жеке басы туралы мағлұматтар құпиясын ашуға мүмкіндік бермейтін нысанда және мазмұнда оларды жүргізуге негіздеме материалдар тапсырылады.

9. Жасырын жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыру және оларды жүргізу тактикасы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Құпияландыруға жататын мағлұматтар тізбесіне сәйкес қызметтік, әскери және мемлекеттік құпияны құрауы мүмкін.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. ЖІШ-на түсінік беріңіз?
2. Нысана дегеніміз не?
3. ЖІШ-ның оюбектісін атаңыз?
4. ЖІШ-н жүргізу негіздерін көрсетіңіз?
5. ЖІҚ-і өз бастамасымен немесе сұрау бойынша атқаратын жұмысының мазмұнын сипаттаңыз?
6. ЖІШ-н жүргізу шарттарына түсінік беріңіз?
7. Заңның 11- бабы 3- тармағы а) пункті шарттарын атаңыз?
8. Заңның 11- бабы 3- тармағы б) пункті шарттарын атаңыз?
9. Заңның 11- бабы 3- тармағы в) пункті шарттарын атаңыз?

10. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу тағы басқаларды тыңдаудың мазмұны-на тоқталыңыз және прокурордың ролін атаңыз?
11. Қандай іс-шараға Бас прокурордың келісімі керектігіне тоқталыңыз?
12. Кейінге қалдырылмайтын іс-шараны жүргізу шартына тоқталыңыз?

Тест тапсырмалары

1. ЖІШ-дағы нысана дегеніміз не:
- А) Тапсырманы орындаудағы нәтижеге жету
 - В) Белгілі бір істі орындау
 - С) Шешім
 - Д) Шараны іске асыру
 - Е) Іс-әрекет нәтижесі
2. ЖІШ-ның тапсырмасы неге бағытталады:
- А) Белгілі бір мақсатқа жетуге
 - В) Қылмысқа
 - С) Нәтижеге
 - Д) Ұстауға
 - Е) Тоқтатуға
3. ЖІШ-ның тұлғасы ол:
- А) ЖІШ-н іске асырушы орган
 - В) ЖІҚ-нің қызметкері
 - С) Құпия тұлға
 - Д) Ашық істегі тұлға
 - Е) Анықтаушы
4. ЖІШ-ның объектісі ол:
- А) Құқыққа қарсы іс жүргізуші тұлға, мекеме, ұйым
 - В) Азамат
 - С) Шет ел азаматы
 - Д) Мемлекет
 - Е) Орган қызметкері
5. ЖІШ-ның жоспары ол:
- А) Шараны дайындау, іске асыру тәртібі мен тәсілі
 - В) Шараның түрін көрсету
 - С) Шараның мақсаты
 - Д) Шараның түйіні
 - Е) Шараны орындау түрі
6. Жедел-ізвестіру іс-әрекеті ол:
- А) Шараны іске асырудың актілі әртүрлі әрекеті
 - В) Қылмыскерді ұстау
 - С) Қылмыстың алдын- алу
 - Д) Жоспар құру
 - Е) Құрал дайындау
7. ЖІШ-ның күштері ол:
- А) Құпия көмекшілер, жедел- техника, жедел- іздеу, ақпараттық құрамдар
 - В) Техникалар

С) Әскерилер

Д) Құралдар

Е) Ақпараттық жүйе

8. ЖІШ-ның әдіс-тәсілі ол:

А) Шара жүргізуде қолданылатын жедел- техникалық, іздеу, ақпараттық құралдар

В) Айла-тәсіл

С) Шараны жүргізу тәсілі

Д) Шара жоспары

Е) Жасырын тәсіл

9. ЖІШ-ның нәтижесі ол:

А) Қол жеткізілген нәтижелер

В) Қылмыскердің ұсталуы

С) Заттарды алу

Д) Күдіктіні табу

Е) Айланы асыру

10. ЖІШ-сы қандай мән-жай негізінде жүргізіледі:

А) Заңда атап көрсетілген мән- жайлар енгізінде

В) Анықталған мән-жайда

С) Хабарға байланысты

Д) Арызға байланысты

Е) Қылмысқа байланысты

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Жалпы жедел-іздестіру іс-шаралары

Сұрақтар:

10.1 Жалпы жедел-іздестіру шарасының түсінігі, маңызы

10.2 Жалпы жедел-іздестіру шараларына жатқызылған іс-әрекеттер

10.1 Жалпы жедел-іздестірушарасының түсінігі, маңызы

Қоғамның дамуында жалпы жедел-іздестіру қызметі жариялы, жариялы емес күштерді қолдана отырып, қылмыстылықпен күресіп, қоғамдық тәртіпті сақтап, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және әлеуметік қоғамға пайдалы тапсырмаларды орындауға бағытталған мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің бір түрі болып табылады. Сонымен қатар, жалпы жедел-іздестіру қызметі спецификалық қарым-қатынаста, басқа құқықтық қатынас субъектілерінен ерекшеленеді. Ол, арнайы құзыреті бар мемлекеттік органдар және олардың лауазымды тұлғалары болып танылады.

Негізгі субъектілердің құқықтық мәртебесі қылмыспен күресу әдісіндегі спецификалық құралдарды қолдану барысында олардың құқықтары мен міндеттерінің ерекшелігі негізінде көрінеді.

Бұл қызмет ашық немесе жасырын түрдегі іс- әрекетінде, тек заңға сәйкестігімен ғана мазмұндалады.

Жалпы жедел іздестіру қызметі, қызмет күшін, құралын, әдісін қолдана отырып, жедел аппарат қызметкерлерінің күнделікті қылмыспен күресудегі іс- әрекетін қамтиды. Олар заң тиым салған іс-әрекеттер туралы фактілерді табу және ескерту және оларға қарсы күресті ұйымдастырады, сол сияқты хабар ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру, табу жұмыстарын жүргізеді.

Қылмысты ашу мен анықтау, сондай-ақ қылмыс жасаған тұлғалардың ниетін, құрылымын, жоспарын, оған қатысушыларды, әрқайсысының ролін анықтау ЖІҚ басты тапсырмасы болып табылады.

Қылмысты анықтаудың мәні- қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде көрсетілген, қылмыс жасаған адамның (тұлғаның) іс-әрекетіндегі қылмыс құрамын, белгілерін, жағдайдын анықтаудан көрінеді. Қылмысқа тыйым салу және ескерту, яғни қоғамға қауіп тудырудың алдын алу, қылмысты болдырмау шарттары жедел-іздестіру қызметінің негізгі шартының тапсырмасы. Жалпы жедел-іздестіру қызметі осыларға бағытталған және заң арқылы реттелген, белгілі бір іс-әрекеттерді заңда көрсетілген негізде және ретте жүзеге асырады, бірақ барлық жағдайларда заң талаптары қатаң сақталуы тиіс, яғни іске қатысы жоқ тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына, мүдделеріне нұқсан келтірмеу, қоршаған ортаның қауіпсіздігі тағы басқа

мәселелер әрқашанда назарда болуы тиіс және олар заңмен қорғалатынын естен шығармау керек.

10.2 Жалпы жедел- іздестіру шараларына жатқызылған іс-әрекеттер

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 11- бабының 2- бөлігіне сәйкес көрсетілген. Жалпы жедел-іздестіру іс-шараларына жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының маңызына тоқталып өтелік[3,28].

1. Азаматтарға, лауазым иесі адамдарға сауал-сұрақ қою: «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңның 11-бабы 2-бөлігінде жалпы жедел-іздестіру шараларына мыналарды жатқызған:

1. Азаматтарға, лауазым иесі адамдарға **сауал-сұрақ қою**, олардан хабарламалар алу. Ол екі түрде іске асырылуы мүмкін: ашық жария немесе ашық жария емес түрде.

Ашық жария кезінде сұрауды ЖІҚ-н жүргізуші органның атынан оның қызметкері жүргізеді. Бұл кезде сұрақ беруші қандай органның адамына жауап беріп отырғанын біледі. Бұл жағдайда жауапты көрсетудің белгілі бір формасы, тәртібі атап көрсетілмеген, ол арыз, түсінік, анкета, сұрақ листогі т.б. түрінде орын алуы мүмкін. Қажет болған кезде ол ҚІЖК-не сәйкес куәден, сезіктіден, айыпкерден жауап алу хаттамасы болуы мүмкін. Жасырын сұрау- ол ЖІҚ-ті органы атынан емес, басқа мекеме, мемлекет немесе жеке тұлға атынан сұрау болып келеді. Бұл кезде жедел іздестіру қызметкері қандай-да бір аңызды, құжатты пайдалануы немесе қажет деп тапқанда бет пердені өзгертуі мүмкін, не жасырын көмекші арқылы іске асырады.

Құқық қорғау органдарының жедел құрамы күнделікті жұмыс барысында жасалынған немесе дайындалған қылмыстар туралы, қылмыстық элементтердің шоғырланған немесе қолды болған заттарды сату орындары туралы, іздеудегі қылмыскер туралы және т.с.с әртүрлі ақпараттармен кең көлемдегі мәліметтермен жанасуда болады. Сондықтан, жедел іздеу қызметкерлері азаматтармен, лауазымды тұлғалармен өздерінің алдарына қойылған тапсырмаларды шешу мақсаттарына сай іс-әрекет жүргізеді.

Құқық қорғау органдары үшін жедел қызығушылық танытып отырған фактілер, оқиғалар, жағдайлар мен азаматтар туралы маңызды ақпараттар алу мақсатында азаматтармен арнайы іс -әрекет жүргізу азаматтардан лауазымды тұлғалардан ақпарат алу мақсатында жауап алады деп те аталады.

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу түсінігін жедел-іздестіру қызметінің шаралары ретінде қарастыра отырып, нақты анықтама беруге болады.

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу – бұл, факті мен оқиға-дан хабардар тұлғалармен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қылмыспен күресу міндеттерін шешуде мәні бар ақпараттарды алу

мақсатында, арнайы әнгіме жүргізуінен тұратын құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің өзіндік шаралары.

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу – бұл құқық қорғау органдарының барлық жедел аппараттарының жұмысында тұрақты қолданыс тауып жүрген ең кең тараған жедел іздестіру шаралары. Жауап алу субъектісі, құқық қорғау органдарының жедел–оперативтік қызметкері болып табылады. Жауап алу объектісі қызығушылық танытып отырған тұлғалар жайлы, факті мен оқиғалар дайлы хабардар болуы мүмкін азаматтар мен лауазымды тұлғалар.

Біріншіден, бұлар қылмыс жасауға бейім, сондай-ақ, қылмыстық ортамен тығыз байланыстағы тұлғалар болуы мүмкін, соның ішінде:

- сезікті деп тануға негіз бар немесе қылмыс жасағанға күдікті тұлға;
- бұрын сотталған, түзелу жолына түспеген, сонымен қатар әкімшілік бақылауда тұрған тұлғалар;

- тұрғылықты тұрағы жоқ тұлға;

- үстінен қылмыс жасағаны немесе оған дайындалуы туралы мәліметтер түскен тұлғалар;

- ұрланған заттарды жүйелі түрде сатып алуыш, тұрғылықты тұрғыны жоқ тұлғаларды, келуші қылмыскерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуші, сонымен қатар қылмыс жасауды жеңілдететін жағдайлар туғызушы тұлғалар;

- тексерудегі азаматтардың қоғамға қарсы әрекеттерінен хабардар тұлғалар.

Екіншіден, құқық бұзушылармен байланысы жоқ бола тура, әртүрлі жағдайларға байланысты күдікті тұлғалар мен фактілер туралы қызығушылық танытарлық ақпараттармен хабардар тұлғалар, атап айтсақ:

- құқық қорғау органдарының жедел қызметтік міндеттерін табысты атқаруға қажетті ақпараттар беретін қандайда бір құқыққа қарсы немесе басқа да әрекеттерге, фактілерге кездейсоқ куә болған тұлғалар;

- аталмыш мәліметтермен өзінің лауазымдық жағдайында соқтығысуы мүмкін тұлғалар(экономистер, бухгалтерлер және т.с.с.).

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу нәтижесінде алынған ақпараттар қылмыстың алдын алу, ескерту, және ашу, бой тасалаушы қылмыскерлерді, заңда қаралған жағдайда хабар- ошарсыз жоғалған және т.б. тұлғаларды іздеу сияқты жедел іздестіру қызметінің жалпы міндеттерін шешу мақсатында қолданылады. Сонымен қатар, түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың режимдік тәртіпті бұзуымен күресу сияқты жедел іздестіру қыз-меткерлерінің алдына қойылған тапсырмалардан туындаған жекелеген мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Жауап алу нәтижесінде келесідей әртүрлі жедел-әдістемелік мәселелер шешілуі мүмкін:

- қылмыстың орын алуы себебі мен оған мүмкіндік жасайтын жағдайды анықтау;

- жедел қызығушылық танытатын тұлғаны анықтау;

- қылмысқа немесе басқа да құқық бұзушылыққа дайындық немесе оның жасалу фактісін анықтау;

- басқа да дерек көздерінен алынған мәліметтердің ақиқаттығын тексеру;
- қылмыстық іс бойынша дәлелдер табу үшін жоба мәліметтерге қол жеткізу;

- қылмыстық жолмен табылған бағалы заттар мен мүліктерді жасырған орынды табу, сонымен қатар, іздеудегі тұлғаның бой тасалаған орнын анықтау.

2. Азаматтармен жария және жасырын қатынастар орнату, оларды жедел іздестіру қызметіне пайдалану:

Жария қатынас - өз қызметіне байланысты меншік түріне қарамастан жедел іздестіру қызметіне көмек көрсетуге міндетті тұлғалар, сол сияқты жария қатынас жасауға келісім бергендер.

Жасырын қатынас – кәмілеттік жасқа толған, ақыл есі дұрыс, өзінің жеке қасиетіне сәйкес ЖІҚ-не көмек көрсетуге келісім берген адам.

Құқық қорғау органдарының жедел бөлімшелері әртүрлі жедел іздестіру шараларын қолдана отырып әрқашан азаматтардың көмегін қолданған және қолданады. Азаматтармен ынтымақтастық құпиялылық негізінде белгісіз сырт көзден сақтана жария емес жағдайда жүзеге асырылады. Жедел іздестіру жұмысының көпқасырлық тәжірибесі дәл осындай көмектің арқасында қоғамның мүддесін, оның азаматтарының заңды құқықтарын қорғаудағы ең қиын мәселелерді жетісті шешуге мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Қылмыстылықпен күрестің осындай институтының қажеттілігі, әлеуметтік пайдалылығы келесі жағдайларға негізделген:

- құқық қорғау органдарының жедел қызметкері қылмысты ортада болып жатқан процесс туралы, атап айтқанда, қылмыстардың айтарлықтай көп бөлігі жасырын түрде дайындалатындығынан және жасалынатынын, іздерін мұқият түрде жасырып отыратындығын ескере отырып, олар туралы үнемі толық мәліметтер алып тұру;

- азаматтар мен жариясыз байланыс орнату, жедел-іздеу қыметі шарасындағы, қылмыстық әрекеттерге дайындық үстіндегі тұлғаға қатысты бақылау қоюдың тиімді әдісі болып табылады;

- кезек күтірмейтін жағдайда, тек осы жариясыз байланыс орнатылған тұлғалар арқылы қылмыстық ортаға тез еніп, ауыр салдар әкелетін қылмыстардың алдын алу үшін тиімді шара қолдануға болады.

ЖІҚ теориясы мен практикасында жария емес байланыс орнатылған тұлға, тәжірибелі жедел қызметкердің тиімді қаруы деген көзқарас туындаған. Қазіргі уақытта жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс істеудің рөлі күннен күнге өсуде. Сондай-ақ, оны дамытудың қажеттілігі арта түсуде.

Қауіпті қылмыстардың өсуіне негіз болып отырған факторды атап көрсетсек:

- қылмыстық белсенділіктің туындау кеңістігінің кеңеюі;
- қылмыс жасаудың және ізін жасырудың жаңа әдістерінің пайда болуы;
- жаңа заңнамалардың қабылдануына байланысты құқық қорғау қызметі көлемінің айтарлықтай өсуі;

- жасырын қылмыстардың өсу туралы жобалау мәліметтері;

Жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс істеудің жалпы ұғымы азаматтарды қылмыстылықпен күресуде ынтымақтастыққа шақыру және оларды қылмыстылықпен күресте олардың мүкіндігін пайдалану болып табылады. Құқық қорғау органдары азаматтармен жария емес байланыс орната отырып өз қызметтері барысында республикадағы заңдылық пен тәртіпті нығайтып, мекемелер, ұйымдықтар, кәсіпорындар мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғайды.

Жұмыстың жария еместігін, сонымен қатар қатаң түрде дараланғандығын, қылмыстылықпен күрес мақсатында тек жедел аппараттардың жүзеге асыратындығын ескере отырып келесідей қортындыға келуге болады. Жария және жария емес байланыс орнату – бұл нормативтік-құқықтық, этикалық және ғылыми негізге негізделген жекелеген түрде өз еркімен келісім берген және тексерілген азаматтарды құпия көмекке тарту бойынша жедел құрамның құпиялықты қатаң сақтайтын қызметі.

Құқық қорғау органдарының жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс жасау барысындағы басты міндеттері:

- қылмысты дер кезінде анықтап, алдын алу, оларды тез және толық ашу;

- мүлікті (оның үлгісіне қатыссыз) және азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқығын, бостандығын, заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау;

- алдын ала анықтау, тергеу, сот органдарынан бой тасалап, қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген, заң бойынша із -түзсіз жоғалған және басқа да тұлғаларды іздестіру;

- бас бостандығын шектеу және уақытша тергеу орындарындағы қылмыстық атқарушы заңнамамен бекітілген тәртіпті қолдау.

3.Қызметкерлерді қылмысты ортаға енгізу.

Енгізу- жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкерін, не онымен бірге қызмет істеп жүрген құпия көмекшіні жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін жедел қызмет мүдделі болып отырған объектінің төңірегіне жасырын енгізу;

ЖІҚ теориясы мен практикасындағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қылмыс жасалуының себебі мен оның шарттарын анықтау үшін қажетті шаралар қолдану, қылмыстық ортада болып жатқан құбылыстар мен үрдістер жайлы жедел маңызы бар ақпараттар алу болып табылады. Жоғарыда айтылған өзекті мәселелерді шешу құпиялылық негізде ынтымақтасқан тұлғаларды қылмыстық ортаға енгізу көмегімен жүзеге асырылады.

Ұйымдасқын қылмыстық топтарды жедел іздеу жағдайлары және басқа да себептер жедел қызметкерлер алдына шешілуі қиын мәселелер қояды. Дәл осындай жағдайда құпия қызметкердің немесе оның көмекшісінің атқарар ролі зор және оның мақсаттары төмендегідей болуы мүмкін:

- қылмыскерлерді және олардың қылмыстық ниеттерін ішінде жүріп бақылау;

- құқық бұзушыларды бекіту және олардың ашылмаған қылмыстарға қатысының бар-жоғын тексеру;

- контрабандалық тауарлардың үлгілеріне қол жеткізу;

- қылмыстың зардаптарын анықтау;

- қылмыстың алдын алу және ашу шараларын әзірлеу;

- контрабандалық тауарларды тарату немесе қару және есірткі заттарын заңсыз тарату;

- келешектегі басты куәгерлерді анықтау;

- ұстауға және тінту жүргізу туралы қаулы шығаруға болатын дәлелдемелерді анықтау;

- құпия азаматтың сенімділігін тексеру;

- куәгерлердің жауаптарының нақтылығын растау;

- қылмысты тергеу үшін ақпараттар жинау;

- бақылаудағы тұлғаның алған заттары мен шығындары бойынша мәліметтер жинау;

- жасырын түрде қылмыстық әрекеттермен айналысып жүрген тұлғаның ізіне түсуге қажетті дәлелдер алу;

- қылмыстық сыбайластықтың ұйымдастырушылық деңгейін анықтау;

- лауазымды тұлғаның берген ақпараттарын растау;

- қылмыскерлерді ұстау, дәлелдерді алу және соған қатысты қолайлы уақытты анықтау.

Қылмыстық ортаға құпия қызметкерді енгізуге дайындық барысында жоғарыда көрсетілген мақсаттарды шешу үшін мыналарға аса назар аудару қажет:

- енгізуге ұсынылғын кандидатқа деген талапты жоғарлату;

- шын оқиғаларға негізделген өтірікті әзірлеу;

- өтірікті растауға бағытталған қамтамасыз ету шараларын әзірлеу;

- өтірікті материалдық қамтамасыз ету;

- енгізіліп отырған қызметкердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- құпиялылықтың жоғарғы деңгейлілігін қамтамасыз ету;

- енгізу аймағын таңдау барысында әлеуметтік-демографиялық, ұлттық, этникалық, діни факторларды есепке алу;

- қызметкерді қайта шығарып алу әдісін анықтау;

- енгізіліп отырған қызметкердің әлеуметтік-құқықтық қорғанысын қамтамасыз ету.

4. Қылмысты іс-әрекетке еліктеу мінез-құлық үлгісін қолдану

Қылмыстық ортаға ІО қызметкерлерін енгізуге дайындық барысында жоғарыда көрсетілген мақсаттарды шешу үшін мыналарға аса назар аудару қажет:

- енгізуге ұсынылғын кандидатқа деген талапты жоғарлату;

- шын оқиғаларға негізделген өтірікті әзірлеу;

- өтірікті растауға бағытталған қамтамасыз ету шараларын әзірлеу;

өтірікті материалдық қамтамасыз ету;

-енгізіліп отырған қызметкердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-құпиялылықтың жоғарғы деңгейлілігін қамтамасыз ету;

-енгізу аймағын таңдау барысында әлеуметтік- демографиялық, ұлттық, этникалық, діни факторларды есепке алу;

-қызметкерді қайта шығарып алу әдісін анықтау;

-енгізіліп отырған қызметкердің әлеуметтік-құқықтық қорғанысын қамта-масыз ету.

Ерекше жағдайда оны құқық қорғау үшін, қажетті қорғану, мәжбүрлі қажеттілік, бұйрықты, өкімді орындау, орынды тәуекел, қылмыстын өз еркімен бас тарту, қажетті қорғану шегінен шығушылық сияқты мән - жайда қолдану.

4. Астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құру

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтарды құру – бұл қылмыстылықтың ұйымдасқан үлгісімен және сыбайлас жемқорлықпен күрес мақсатында қылмыстық ортаға ұзақ уақыттық, жетістікке жететін жедел позиция құру бойынша жедел іздестіру шаралары.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтарды құру, құқық қорғау органдарының жедел жұмысының тиімділігін арттырудың нақты жолы болып табылмақ.

Оларды құру қызмет ететін территориядағы жедел жағдайды терең және жан-жақты сараптаумен сипатталатын алдын ала дайындықты талап ететін күрделі және жауапты іс.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорын мен ұйымдық құру жұмыстарын жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер жүзеге асырады.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтардың алға қойылған міндеттеріне байланысты жедел-іздестіру қызметін атқарушы құқық қорғау органдары құрады. Осындай кәсіпорындар мен ұйымдықтар келесі міндеттерді шешу мақсатында құрылады:

- экономикалық қылмыс кеңістігінде жедел ақпараттар алу үшін;

- қылмысқа дайындалуына немесе жасауға күдікті тұлғаға қатысты ақпараттар алу үшін;

- іздеудегі тұлғаға қатысты ақпараттар алу үшін және т.б.

Кәсіпорын қысқа уақытты және ұзақ уақытты құрылым болуы мүмкін. Құпиялылықты сақтайтын кәсіпорындар мен ұйымдықтар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жалпы негізде құрылады.

6.Берілетін өнімдерге жедел бақылауды жүзеге асыру. Жедел-іздестіру күш және құралдары арқылы өнімдерге бақылау жасау. Ол 3 тапсырма-ны міндетті іске асырады:

А) ҚР-да рұқсат берілмеген кіргізілген немесе шығарылған есірткі, қару-жарак, контрабандалық тауар, өнімдер туралы барлық буындарды бақылау.

Б) Заңсыз құқыққа қайшы мән-жайларды, іс-әрекеттерді анықтау.

В) Құқыққа қарсы іс-әрекеттің алдын-алу, жолын кесу, ұйымдарстыру
Жеткізуді жедел бақылау – бұл еркін өткізуге тыйым салынған немесе айналымы шектеулі заттар мен құралдарды алу, сату және тасымалдауға бақылау қою жолымен ақпараттар алу үшін жүргізілетін жедел іздеу шаралары.

Мұндай құралдар мен заттарға жататындар: арнайы экспорттық бақылау қойылған қаруларды құру барысында қолданатын материалдар, қондырғылар, шикі заттар мен биологиялық қару жарақтар;

- жасанды ақша және құнды қағаздар;
- валюттік құндылықтар;
- сапасыз тауарлар;
- үй жағдайында жасалған ащы спирттік сусындар;
- мемлекет меншігіне жататын бағалы жануарлардың терілері;
- табиғи алтын, бағалы металдар мен бағалы тастар;
- табиғи және қайта өңделмеген янтарь;
- орден және медальдар;
- жасанды құжаттар, таңба, штампы және т.б.;
- қылмыстық жолмен табылған мүлік;
- қару-жарақ, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар;
- радиоактивті материалдар;
- есірткі заттары;
- күшті әсер ететін және улы заттар;
- порнографиялық өнімдер.

Көрсетілген шараларды жүргізу негізі құжаттандыру жолымен бекітуді талап ететін дәлелдеу базасының жедел ақпарат алуы болып табылмақ.

Аталмыш жедел- іздестіру шараларын жүргізуге дайындық барысында жоспар жан-жақты қаралады.

7. Арнаулы техникалық құралдарды қолдану

1) ҚІЖК ережесіне сәйкес заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің құқықтық күші жоқ.

Ал, ЖІҚ туралы заңның 11-12 баптарына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттарына қол жеткізу үшін анықтау органдары алған жедел-іздестіру ақпараты заң белгілеген жедел-іздестіру шараларын жүргізу жолымен ғана алынады. Басқаша ақпарат алу жолы жоқ.

Заң белгілемеген жолмен алынған іс жүргізушілік емес ақпарат, оның заңсыздығына байланысты сот ісін жүргізу мақсатында да жедел іздестіру қызметінің мақсаттарында да пайдаланылмайды.

Бұдан көрінетін ҚІЖК мен жіктелуі арқылы заң талаптарының арақатынасы, дәлелдеме ақпаратының табиғатын екі жақты түсіндіретіндігімен көрінеді.

Бір жағынан тек қана заңды дәлелдемелерді сот ісін жүргізуге тартудың қылмыстық іс жүргізу талабы олардың өтуінің бірыңғай іс жүргізушілік жолын білдіреді және кез келген мүдделілік білдіретін іс жүргізуге жатпайтын ақпарат, іс жүргізушілік нысан алған уақытқа дейін заңды деп

танылмайды, яғни іс жүргізушілік түрде бекігенге дейін, іс жүргізуге жатпайтын ақпарат, дәлеледеу мақсаттары көзқарасы тұрғысынан заңсыз болып танылады.

Екінші жағынан ЖІҚ туралы заң белгілегендей, жедел іздестіру шараларын өткізу нәтижесінде алынған іс жүргізуге жатпайтын ақпарат тікелей мағынасында заңды болып табылады, өйткені оны алу заң талабына сәйкес келеді. Себебі, қылмыстық процесс үшін жіктелуі туралы заң, қылмыстық іс жүргізу құқығының көздерінің бірі болып табылады[29].

Сонымен, заңсыз алынған іс жүргізушілікке жатпайтын ақпарат ресмиленуге, яғни процессуалдық нысан алу мүмкіндігінен айырылады да жоққа шығарылады, ал заңды болып табылатын іс жүргізуге жатпайтын ақпарат белгілеген тәртіппен ресми түрге енген және дәлелдеме мәртебесін алған уақытқа дейін, ҚІЖК-ң талабына сәйкес, уақытша, заңды жолмен дәлелдеме айналғанша, заңсыз сипатта қала береді.

2) ЖІҚ туралы заңның 10-бабына сәйкес, қылмыстардың алдын алуға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сондай-ақ қылмыстық атқару заңдары мен белгіленген бас бостандығынан айыру органдарында режимді сақтауға бағытталған іс шараларды жүзеге асыруға міндетті. Олардың сараптамалар, жедел іздестіру материалдары бойынша зерттеулер жүргізуге, заңда көзделген тәртіппен және жағдайда қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, оларды жүргізуге мамандар тартуға, дерек мәліметтерді жинау мен зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар делінген.

Ал ҚІЖК-ң 65-бабында, қылмыс белгілерін және оны жасағанадамдарды табу мақсатында, анықтау органдарына қажетті жедел іздестіру шарасын жүргізу жүктелген.

Сол сияқты ҚР Президентінің «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заң күші бар жарлығының 13-бабында, олар өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін жалпы және арнаулы жедел іздестіру шараларын жүргізуге құқық берілген [30].

ЖІҚ заңды түрде бекітілген ұғымына ғалым А.И.Вошльев былай түсінік берген; белгілі бір адамдармен объектілерді бақылау, жария және жария емес көздерден мәліметтер жинау, іздестіру, тарауыл және бөгеттерді ұйымдастыру, іздеу иттерін қолдану, құжаттармен үй жайларды тексеру, қандай да бір оқиғаның куәгерлерін анықтау т.б. жөніндегі іс-шара деп көрсетеді[31].

Р.С.Белкин оны қолдап, ЖІҚ дегеніміз - процессуалдық емес анықтау органдарының дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстарды анықтауға, қылмыскердің тұлғасы мен тұрғылықты орны, оның байланыстары туралы мәліметтер жинауға, объектілерді дәлелдеу ақпаратының ықтимал иелерін белгілеу және олардың амандығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимыл дейді.

ЖІҚ нәтижесінде алынған материалдар болашақта қылмыстық іс бойынша айғақтар ретінде пайдалануы мүмкін.

3) ЖІҚ жолымен алынған дәлелдемелер, техникалық құралдарын қолдануға байланысты іс жүргізуге жатпайтын ақпарат туралы өз ерекшелігі бар. Қылмыстық сот ісін жүргізу мақсатында техникалық құралдарды қолдану, қылмыстық іс жүргізу құқығының әртүрлі көздерімен реттеледі.

Мысалы, ішкі істер туралы заңда, олар өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін, оларға жария және жария емес түрде жедел іздестіру шараларын т.б. оның ішінде суретке түсіру, дыбыс жазып алу, бейне түсірілім т.б. техникалық құралды қолдану құқығы берілген.

Бұл мақсатқа ҚІЖК-ң 129-бабына сәйкес, заңда көзделген тәртіппен сенімділігі тексерілген, кино түсірілім, дыбыс бейне жазба жолымен алынған кез келген іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Қылмыстық іс қозғалғанға дейін, сондай-ақ алдын-ала тергеу немесе ЖІҚ іс-шараларын жүргізу барысында кино-сурет түсірілімі және бейне, дыбыс бейне жазбаларды пайдалана отырып алынған іс жүзіндегі деректер дәлел-демелер болып табылатыны айтылған[3].

Демек, ЖІҚ бойынша алынған материалдар қажетті тіркеуден өткен соң, тергеушіге беру, іс-жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Ол рапорт түрінде орын алуы мүмкін, онда[11,19]:

- техникалық құралдарды қолдану мақсаты;
- техникалық құралдарды қолдануды жүзеге асырған нақты адамдар;
- техникалық құрал қашан, қай жерде, қандай жағдайда қолданылды,
- аппаратураның, алмастыру тетіктерінің түрі (объективтер, микрофондар) және таспалар, сондай-ақ бар болса олардың заводтық номерлері;

- техникалық құрал қолданылған адам (адамдар) туралы қысқаша мәліметтер,

- тіркелген ақпараттың қысқаша мазмұны қолданылған техникалық құралдың түріне байланысты рапортқа фонограммасы бар таспа, бейне таспа, фотокино материалдар қоса тіркеледі.

Олар шараға қатысушылардың денсаулығына, және қоршаған ортаға қауіпті болмауы тиіс. ЖІШ- ішінде қылмыстылықпен күресте қолданылатын жедел іздестіру шараларында арнайы техникалық құралдардың алатын орыны айтарлықтай. Қоғамның дамуына және ғылым мен техниканың жетістіктерімен бірге тұрғындардың техникалық біліктілігі де өсуде, сонымен қатар күнделікті өмірде қолданылатын техника саны да күрт өсуде. Бұл жетістіктердің белгілі бір бөлігі қылмыстық мақсаттарға қолданылуда. Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарында техникалық құралдардың әртүрі бар. Арнайы техникалық құралдар – бұл қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыстылықпен күрес мақсатындағы заңдылықты қатаң сақтау барысында құқық қорғау органдары қолданылатын техникалық құралдар, құрылғылар және сәйкес тактикалы-техникалық қабылдау жүйесі. Оның материалдық бөлігін құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру қызметінің талаптары бойынша арнайы құрастырылған немесе арнайы мүмкіндігі бар криминалистикалық, радио-техникалық, кино, фото, аудио, дыбыс, бейне жазушы, химиялық, оптикалық және т.б. құралдар құрайды.

Арнайы техникалық құралдар негізгі, яғни жедел- іздестіру қызметінде арнайы нормативтік реттеуді талап ететін және қосымша болып бөлінеді. Қосымша құралдар бұл қызметте жалпы және құқық қорғау органдарының басқа да нормативтік актілерімен реттелетін қағидалар негізінде қолданылады. Негізгі техникалық құралдарға көзбен көру және ақпараттық ақпараттар, бақылау, дактилокөшіру, арнайы химиялық заттар, іздеу құрылғылары және басқалар жатады. Негізінен қосымша арнайы техникалық құралдар жиі қолданылады. Қосымша арнайы техникалық құралдар – бұл байланыс, көлік, сигнализация, жеке құрамды белсенді және пассивті қорғайтын және т.б. құралдар. сонымен қатар олардың қатарына факсималды апаратураны, телевизиялық, ақпараттық, арнайы көлік құралдарын жатқызуға болады. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер участкелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру. Бұл шара жедел іздестіру қызметіне келіп түскен мәліметтерді анықтауға бағытталған және жедел іздестіру шарасына қатысушыларға қауіп төндіретін мән-жайларда, мәліметті зерттеуге, қылмыс құрамын табуға, олардың байланысын, жоспарын анықтауға бағытталған.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу. Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу, бұл жедел-іздестіру жұмысының жария және жасырын түрде жедел қызығушылық көрсетуші тұлғалардың жұмыс орындары немесе тұратын жерлері бойынша және басқа да орындарда жағдаймен танысу және табу, сонымен қатар жасырынып жүрген қылмыскерлерді және тұлғаларды, хабар-ошарсыз кеткендерді және басқа да заңда қаралған жағдайда іздестіру жүргізетін дербес шаралар. Осы қалыпта, тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеудің мәні жедел-іздестіру қызметкерімен немесе оның тапсырмасы бойынша басқа адамның арнайы зерттеуімен қылмыс жасайтын (жасаған), дайындалушы, іздестірудегі адамдарды, жерлерді, ғимараттарды, жағдаяттарды, заттарды және құжаттарды жедел-іздестіру міндеттерін шешуге қажетті, негізделген мәліметтерді алу мақсатында арнайы іздеуде қорытындыланады. Қазақстан Республикасының заңнамасында қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібінде бекітілгендей, қаралып отырған ЖІШ азаматтардың қызметтік ғимаратында жүргізуге тыйым салынады.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуде бір ғимаратта немесе басқа бір жерде, белгілі бір адамда қылмысты ашу немесе ескерту, табу үшін мәні бар, құралдар мен құжаттар, іздер бар екендігіне, сонымен қатар қылмыскерді және хабар-ошарсыз кеткен адамды табуға жетерліктей негіз беретін жедел және басқа да мәліметтер негізінде зерттеу жүргізілуі мүмкін. Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға,

құрылыстарға, жер учасогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуді тексеруде келесі негізгі міндеттер шешіледі:

- жасалған қылмыстың ізін табу және белгілеу;
- жасырынып жүрген қылмыскердің жасырынған орнын, зерттелушілердің қылмыстық байланыстарын, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдардың тұрған жерлерін табу;
- объектінің орналасқан жерімен, механизм құрылымдарымен, ғимараттың жоспарларымен танысу;
- қылмыстың жасалғандығын куәландыратын жерлердегі, жағдайлардағы, заттардағы, құжаттардағы, киімдегі, денедегі және т.б. өзгерулерді табу;
- қылмыстық жолмен алынған құнды заттарды, қылмыс жасауға қолданған құралдар мен заттарды табу;
- құпия жолмен суретке түсіруді, ауыстыруды, көшірмені және т.с.с. орналастыру;
- қылмыс жасаушы немесе қылмысқа дайындалудың белгіленген белгілерінің керек-жарақтарын, қылмыс жасауға немесе дайындалуға қатысы бар нақты бір тұлғалардың құжаттарын және құралдарын, заттары мен құрал-саймандарын анықтау;
- іздестірілудегі адамның нақты бір жерде мекендеуі туралық уәландыратын белгілерді табу;
- құқық бұзушылардың қылмыстық іс-әрекеттерін, іздерін жасыруларын, бүркемелулерін және тәсілдерін анықтау;
- тергеу жұмысына айғақ болулары мүмкін құралдардың, заттардың және құжаттардың тұрған жерлерін белгілеу және оның сақтауды қамтамасыз ету;
- қылмысқа дайындалушы немесе жасалған қылмыстың белгілерін көрсететін құралдар мен құжаттардағы өзгерген жағдайларды жедел техниканың көмегімен жазып алу;
- бухгалтерлік үстеме құжаттарға жасырын түрде салыстыру жүргізу, сонымен қатарұрлық жасағанға күдікті деген тұлғалардың ресми есептерінен олардың мөлшерімен жасыру тәсілдерін табу үшін жедел мәліметтер жүргізу;
- қылмысқа дайындалудың немесе жасалған қылмыстың табылған іздерінжасырын тексеру және құралдар мен құжаттарды нақты бір оқиғаға және тұлғаларға қатысы бар екендігін тексеру;
- қылмыс жасауға дайындалған құралдар мен заттарды іске жарамсыз қылу (алмастыру жолымен, іске жарамсыз қылу т.б.);
- химиялық тұзақ құру;
- қылмыс жасаушы немесе оған дайындалушыны көрсететін айқын белгілері бар тұлғаларды, сонымен қатар, іздестірілудегі қылмыскерлерді ұстауға жағдай жасау;
- алынған ақпараттар негізінде «ізін суытпай» және т.с.с.бақылау жасау мүмкіндігі.

Жедел іздестіру жұмысын жүзеге асырушы қызметкер берілген ЖПП-ні жүргізу кезінде талдау жолымен және табылған іздердің пайда болуы туралы сұрақтарды салыстыру үшін (химиялық, технологиялық, тауартанушы, криминалистік, биологиялық және т.с.с.) жасырын тексеруге мүмкіндігі бар.

Берілген іс-шараларды өткізу кезіндегі басқа бір жағдайларды зерттеуді жүргізуге ұйғарылған жердегі жағдайды анықтау маңыздырақ.

Тексерудің қорытындысынан алынған ақпараттардың артықшылықтары, бәрінен бұрын, осының негізінде нақты жайттердің заңды бағасын (жіктеуін) тез арада жүзеге асырып және оның қылмыстық-құқықтық мәнін анықтау. Сонымен қатар, бұл ақпарат заңды бұзушылықты жоюға, уақытты, күшті және заттарды үнемдеуге, оның үстіне қылмыспен күресуде шабуыл принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу қылмыстық оқиғалар туралы мәліметтер, сенімді айғақтарды жинау және дұрыс бағалауға және қылмыстық-іс жүргізу мен криминалистік заттар және тәсілдер әлсіз болса да, оның бөлек бір элементтері туралы шамамен ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу құқық қорғау органдары аппараттарының жедел жұмыстарының тәжірибесінде қылмыспен күрестегі шынайы қару болып саналады, жедел-іздестіру жұмыстарының қызметкерін тапсырылған міндеттерді шешуде творчестволық түрде жақындауын мәжбүр етеді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу тергеу-тексеру жұмыстарымен ұқсастықтары бар. Бұл ұқсастық, екі жағдайда да жағдаятты тексерушілер жүзеге асыратын, қылмыстық оқиғаға байланысты, қылмысты ашу және алдын алу үшін мағынасы бар заттар мен құжаттарға өзіндік қабылдау. Бұл қабылдаудың зерттеулік сипаты бар (жағдайды алуға және талдауға бағытталған, іздерді табу және белгілеу, басқа да шынайы мәліметтерді белгілеу).

Сонымен қатар, тексеру: тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуден тергеу жұмыстары сияқты өзгешеленеді.

8. Мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың есептері бойынша анықтамалар мен тексерулер жүргізу

Олар ашық және жасырын түрде жүргізілуі мүмкін. Ашық түрде өз құқығын қолдану арқылы мәліметтер алады.

Жасырын түрде - азаматтардан жасырын сұрақ алу, азаматтармен жасырын қарым-қатынас орнату.

Қылмыстың алдын алу, оларды толық және тез ашу, бой тасалап жүрген, заңды түрде із-түзсіз жоғалған және басқа да категориядағы тұлғаларды

іздеп табу тек құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінде ЖІШ кешенді түрде қолдану негізінде ғана өз нәтижесін бермек.

Құқық қорғау органдарының жедел аппараттары жұмысының көп жылдық тәжірибелері ЖІШ-ның мекеме, кәсіпорын және ұйымдық есебі бойынша тексеру және сұрау жүргізу сияқты түрлерінің маңызды рөл атқаратындығын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу қылмыстың алдын алу және ашу, бой тасалап жүрген, заңды түрде із-түзсіз жоғалған тұлғаларды іздеу сияқты маңызды және күрделі мәселелерді шешудегі ең тиімді ЖІШ болып табылмақ.

Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу – әртүрлі бастаулардан егер құқық қорғау органдарының жедел құрамы құпия жағдайда немесе қаралу үстіндегі мәселенің күрделілігіне байланысты, бұл мәселені шешу қиын немесе мүмкін болмаған жағдайда жедел қызығушылық тудырып отырған тұлға туралы олардың тұрғылықты жерінен, бұрынғы, немесе уақытша тұрған жерлері бойынша, бұрынғы және қазіргі уақыттағы жұмыс орны бойынша жариялы, жария емес және құпия түрде мәліметтер жинау.

Мұндай жағдайда аталмыш ЖІШ жедел жұмысқа жіберілген құқық қорғау органдарының жедел-басқару құрамының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу құқық қорғау органдарының басқа ЖІШ сияқты белгілер қатарымен сипатталады:

- алға қойылған міндетті шешуге бағытталған жедел қызметкердің нақты бір кешенді әрекеті;
- аталмыш әрекеттер кешенін бір уақытта жүзеге асыру;
- ұқсас жағдайларда осы сияқты міндеттерді шешу үшін аталмыш әрекет кешенін қолдану мүмкіндігі;
- оның нәтижелілігі;
- құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының қызметкерлерін осы әдісті қолдануға үйрету мүмкіндігі.

Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізудің негізгі **міндеттері:**

1. Алдын ала тексеру материалы бойынша тексерудегі тұлғалар тарапынан қылмысқа дайындық немесе қылмыстың жасауына байланысты байланысты фактілер мен жағдайларды бекіту;

2. Әкімшілік бақылауда тұрған тұлғаның өмір сүру жағдайы туралы мәліметтер алу; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдықтың лауазымды тұлғаларынан жариялы түрде алынған мәліметтерді тексеру және нақтылау; тергеу әрекеттерінің жетісті жүргізу үшін қажетті (тінту, мүлікті тәркілеу, іздеудегі қылмыскерді ұстау), сонымен қатар жедел-іздестіру шараларын жүргізуге қажетті мәліметтерді нақтылау.

9.Зерттеу үшін сынамалар мен үлгілер алу. Ол да ашық немесе жасырын түрде іске асырылуы мүмкін.

Ашық-өз құзіреті шегінде іске асса, жасырын-ол жасырын күш пен құралды қолдану жолымен іске асырылады.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу – бұл қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі ретіндегі қылмыс пен қылмыскердің ізі қалуы мүмкін заттарды және де қылмыс пен оған қатысты тұлғаны табу құралы болуы мүмкін барлық заттарды табу мен алуға бағытталған жедел іздестіру шаралары.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу адамның өмір сүруіне байланыстылардан тұрады. Атап айтсақ, саусақ таңбасы, аяқ киім ізі, шашы, қаны, иісі, қол жазуы, даусы, көлік құралының ізі, ұрланған мүлік, шикізат, жартылайфабрикаттар, дайын өнім, азаматтық айналымнан алынған заттар, қару-жарақ, есірткілер, жарылғыш заттар және т.б.

Қылмыстық іс қозғағанға дейінгі жедел іздестіру қызметі барысында үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу күдікті тұлғаның жеке басын ұқсастыру және олардың жасалынған қылмысқа қатысы бар жоғын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу процессуалды түрде жүзеге асуы мүмкін және де жедел-іздестіру шараларын жүргізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар, процессуалдық әрекеттер үшін үлгі алуда ведомствалық нормативтік актілерде көрсетілген және криминалистикалық әдебиеттерде ұсынылған тәртіптер қадағаланады және де үлгі алудың тактикалық әдістері қолданылады.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу мыналарға бағытталады:

- қылмыстық әрекетке дәлел ретінде үлгі алу;
- салыстырмалы материал ретінде үлгі алу;
- әрекет фактісін бекіту үшін үлгі алу;
- сапалық және сандық сипаттама алу және олардың құрамын, сонымен қатар қажетті шикізат, технологиялар мен құрылғыларды анықтау үшін үлгі алу;
- криминалистикалық есеп бойынша тексеру үшін үлгі алу;
- басқа да ЖІШ мен процессуалдық әрекеттердә жүргізу туралы шешімдер қабылдау үшін үлгі алу.

Үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу жариялы, жариялы емес және шифрленген түрде жүзеге асырылады.Жариялы түрде үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу қажетті үлгі алынатын тұлғаның өз еркімен келісімін берген кезде жүргізіледі. Жария емес түрде үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу тексеру үстіндегі тұлғадан жасырын түрде алынады.

10. Бақылау үшін жедел сатып алу. Бақылау үшін сатып алу – заңға қарсы әрееттерге күдікті тұлғамен ұсақ алып-сатуды жасаумен қортындыланатын (алушыларды алдау, тиым салынған тауарларды сату) жедел іздестіру шаралары.

Бақылау үшін сатып алу құралы ретінде зазаматтық айналымдағы заттарменқатар қару-жарақ, оқ-дәрелер есірткі заттары болуы мүмкін.

Бақылаудағы сатып алу шифрланып жариялы түрде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда сатып алу мақсаты сатушыға құпия болуы мүмкін. Бақылаудағы сатып алуды жүргізу барысында алып-сату фактілерін тіркейтін, ақша және басқа да заттарға белгі салатын арнайы техникалық құралдар пайдалануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы Заңында бақылаудағы сатып алуға нақты анықтама берілмегендігі, оны талдауда әртүрлі пікірлер тууына әкеп соқтырмақ. Мысалы, С.Ж.Галиев пен О.Е.Сапарин өздерінің заңға берген түсінігінде аталмыш шараны «Бақылаудағы сатып алу – сауда және халыққа күнделікті қызмет көрсетуде (асхана, кафе, магазин және тағы басқалар) жекеменшік үлгісіне байланыссыз жасалатын қылмыстар туралы мәліметтер алудың тиімді әдісін деп тек экономикалық қылмыстарымен күресумен байланыстырады[32].

Осыған ұқсас анықтаманы А.К.Молдахметов пен А.Ч.Оразалиев былай деп береді: «Бақылаудағы сатып алу – сатушыны тауар мен тағам алуда алдау фактісін алудың тактикалық әдісін. Көрсетілген мысалдар тек экономикалық қылмыстарға қолданылады. Бірақ, біз бақылаудағы сатып алу өзінің мақсаты мен міндеттерін толық ашып көрсететін кең талдауды қажет етеді», - деген пікірдеміз[33].

11. Іздеу қызмет иттерін пайдалану

Құқық қорғау органдары қылмыстылықпен күресте әртүрлі жедел-іздіру шараларын қолданады. Осындай шаралардың бірі ретінде арнайы дайындалған қызметтік-іздіру иттерін айтуға болады.

Құқық қорғау органдарының іздеу иттері қызметі қылмыстың алдын алу және ашу, қылмыскерлерді және де заңда қаралған жағдайда басқа да тұлғаларды іздеу және ұстау сияқты істерде қолданылатын арнайы дайындалған іздеу иттерін қолдануды ұйымдастыруға арналған бір құралы болып саналады.

Иісшіл іздеу иттер қызметінің негізгі **міндеттері** келесідей[3]:

- қылмыстың алдын алу және ашу, қылмыскерлерді іздеу және ұстау, есірткі және жарылғыш заттарды іздеу, қылмыскерлердің бой тасалауы мүмкін жерлерді шолу және өліктерді, заттай дәлел болуы мүмкін заттар мен құралдарды тыққан (көмген) жерлерді табуға негізделген жедел іздістіру және алдын алу шараларына белсенді қатысуы, сонымен қатар, кинологтар мен олардың иттерінің қызметтік міндеттерді шешуге үнемі дайын болуын қамтамасыз ету;

- жұмысшыларды таңдау, оларды орналастыру, оқыту және тәрбиелеу, олардың кәсіптік біліктіліктерін ұдайы жетілдіріп отыру, әрқайсысының жоғары моралдық сапаларын, қырағылығын, жылдамдығын, қызметтік парызын атқарудағы жеке басының жауапкершілігін сезінуін қалыптастыру;

- қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып аталмыш қызметтің негізгі бағытын жоспарлау;

- иісшіл иттерді өсіруді, жетілдіруді ұйымдастыру және оларды қылмыстылықпен күреске дайындау және пайдалану;

- иісшіл иттер қызметінің жұмыс нәтижелерін толық есепке алу және сараптауды қамтамсыз ету;

- құқық қорғау органдарының басқа да бөлімдерімен, сонымен қатар сәйкес ведомствалар, мекеме және қоғамдық ұйымдықтармен иісшіл иттер қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

- кинологтардың және осы бөлімшені техникалық қамтамасыздандырудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оған тікелей қатысу, сонымен қатар ғылым мен техниканың жетістіктерін олардың қызметтеріне енгізу;

- қылмыстылықпен күресте және қоғамдық тәртіпті қорғауда иісшіл иттерді қолданудың тактикалары мен дайындау әдістерін дамыту;

- бұрынғы тәжірибелерді зерделеу, тарату және оларды практикаға енгізу.

Қызметтік іздеу иттер жақсы есту және көруімен ерекшеленді. Әсіресе, олардың иісттерді айыруы және оларды есіне сақтап, арнайы жаттықтырудан кейін адамды, заттарды, жануарларды жазбай тану қасиеті ерекше дамыған. Адам иісі жалпы және жеке болып жіктеледі. Жалпы, яғни күнделікті өмірде соқтығысатын әртүрлі заттардың иісі. Жеке – бұл адамның терінің, май т.б. иістері. Әр адам денесінен бөлінетін заттардың иісі және химиялық құрамы әртүрлі. Ол зат алмасуға, жекелеген мүшелердің физикалық жағдайына, қабылдаған тамаққа және басқа да факторларқатарына тікелей байланысты.

12. Белгілері бойынша жеке адамды іздеу және ұқсастыру

Жедел іздестіру қызметінің субъектісі болып табылатын құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының қызметі дайындық үстіндегі қылмыстың алдын алуға, ескертуге және жасалған қылмысты ашуға, сондай-ақ, қылмыскерлер мен із-түзсіз жоғалған тұлғаларды іздеуге бағытталған[11].

Қазіргі уақытта белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеу құқық қорғау органдарының ЖІШ ең кең тараған түрі. Белгілері бойынша жеке басын айқындау және іздеу сияқты ЖІШ оқытуғы құзырлы ұйымдықтардың тәжірибелері құқық қорғау органдарының қызметкерлері бірнеше рет сотталған, қылмыс жасауда қалыптасқан тәжірибелері сақталған, түзету мекемелерінде жазасын өтеген тұлғаларды жеке белгілеріне қарап тиімді анықтайтындығын, сондай-ақ, әртүрлі қылмыстар жасаған тұлғаларды жазбай танып оларды ұстауға болатындығын көрсетіп отыр.

Құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің жан жақты ЖІШ-ның бірі ретінде белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеуді атап айтуға болады.

Белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеу құқық қорғау органдары қызығушылық танытып отырған тұлғалар мен фактлерді жедел анықтау үрдісінде жиі қолданылады. Белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеудің мәні көптеген объектілердің ішінен тек жедел қызығушылық танытып отырған тұлғаны айқындауда.

Іздеу белгілерін негізгі екі топқа бөлуге болады:

- объектіні нақты бір топқа жатқызу белгілері (топтық белгілер, мысалы, жедел қызығушылық танытып отырған тұлғаны жалпы жүріс-тұрысы бойынша ұрлық жасаған, нашақор және т.б. қатарына жатқызу);

- ұқсастықты бекітетін белгілер (жеке белгілер бойынша).

Сонымен қатар, үшінші топты бөліп шығаруға болады, яғни бұл топтағылар жағдайлық белгілерді айқындаудың және тоқталған пікірлерді жүзеге асырудың негізі болып табылады:

- құқық бұзушылық дайындық үстінде, ойластырылады, жасалады немесе жасырылады;

- қылмыстық жолмен табылған заттар сатылады, сақталынады немесе әкеліледі. Жағдайлық белгілердің ерекшелігі келесіде, яғни олар өз алдауына жеке болып, пайда болған ахуалдарға еш қатысы жоқ болмайды. Сондықтан, құқық қорғау органдарының олар үшін маңызы жоқ.

Тек белгілердің жиынтығы (сыртқы көрініс, байланыстар, әрекеттер, тәжірибелік, және т.б.) құқық қорғау органдары үшін қызығушылық танытатын объектілерді айқындаудың негізі ретінде қызмет етеді.

Аталған ЖІІІ жүзеге асырушылар белгілі мақсатқа жету үшін оның келесі **түрлерін** көрсетеді:

- тар мақсатты (алдын ала анықтау органдарынан, тергеу сотынан бой тасалап жүрген алаяқтарды, есірткі тұтынушылар мен тасымалдаушыларды анықтап, ұстау);

- көп мақсатты (кешенді операциялар жүргізу барысында қылмыстық элементтердің шоғырланған орындарына іздеу жұмысын жүргізу);

- еркін іздеу үлгісі бойынша (қызмет ететін аумақтың жедел жағдайымен танысу және объектілердің криминогендік ақуалын анықтау, т.б.).

Жоғарыдағыларды көрсете келе, келесідей қортынды жасауға болады, яғни тұлғаны жеке және ұқсастыру белгілері бойынша іздеу - қылмыстылықпен күресу мақсатында белгілі бір мақсатқа жету үшін қызығушылық танытып отырған немесе олардың қылмыстық әрекетке күдік тудырған тұлғалардың бой көрсетуі мүмкін орындарда көзбен көріп тану әдісі бойынша белгілі әрекеттерді жүзеге асырудан тұратын құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тікелей жүзеге асыратын жедел іздестіру қызметінің шаралары болып табылады. Тұлғаларды жеке белгілері бойынша және ұқсастыру бойынша іздестіру келесі **мәселелерді** шешуде қолданылады:

- тұлғаның қылмыстық әрекеттерін және қылмыс жасайтын тұлғаларды жасырын әдіспен тану, айқындау және анықтау;

- қылмыс жасауға сезіктілер туралы, олардың өмірі туралы жасырын мәліметтер жинастыру;

- қоғамға жат қылықтарымен көзге түскен, өмір сүру көрнісі күдікті, сыртқы келбетіне сәйкес қылмыстық әрекетке бейім тұлғаларды айқындау;

- қылмыстылықпен күресуде маңызы бар әрекеттерді фиксациялау, қылмысқа дайындалып, жоспаралап жатқан тұлғаларды анықтау;

- қылмыстық элементтің пайда болуы мүмкін жерлерді айқындау, қызығушылық танытатын тұлғалардың жүру бағытын және қылмыстық жолмен қолды болған мүліктерді табу;
- қылмыстың жасалуына, пайда болуына әсер ететін себептерді анықтау;
- анықтау органдарынан, сот, тергеуден бой тасалап жүрген тұлғаларды анықтау және ұстау.

13. Ақпаратты заңсыз алып тастау қондырғыларын іздеу

Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алу - ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, іздеуге және таратуға арналған, электрлі байланыс желілері, компьютер желілері, деректер базалары, телекоммуникациялық және ақпараттық жүйелер арқылы берілетін ақпаратты арнаулы техникалық құралдармен жасырын алу;

14. Құқыққа қарсы әрекеттер іздерін табу, жасырын орнықтыру және алып қою, оларды алдын ала зерттеу

Құқыққа қайшы әрекеттерді анықтауды, жасырын алуды және бекітуді алдын-ала зерттеудің мазмұны қылмыстың алдын алу, ашу және де бой тасалап жүрген қылмыскерлерді іздеу мақсатында жедел қызығушылық танытатын құқыққа қайшы әрекеттердің іздерін жасырын түрде алуды қамтамасыз ететін жедел іздестіру шаралары болып табылады. Олар мына жағдайларды қолданылады: оқиға орнынан табылған саусақ іздерін табу арқылы тұлғаның қылмысқа қатысын анықтау;

- қылмыскерлерді қол саусақ таңбалары бойынша анықтау;
- тексерілушілерді жедел дактилоскопиялық есепке қою;
- тұлғаны қылмысқа қатысушы ретінде, сезікті ретінде тексеру;
- ізделінушіні қол саусақ ізі бойынша.

Бұл шаралар тек қақпан көмегімен жүзеге асырылады. құқыққа қарсы әрекеттерді анықтау, іздерді жасырын түрде белгілеу және алу, оларды алдын ала зерттеу жұмыстары қақпан түріне қарай екі бағытқа бөлінеді:

- а) шараларды жүргізу орындарындағы қолданылатын құралдар:
- ә) арнайы дайындалған қақпан-құралдарын пайдалану.

Жұмыс аяқталысымен құқық қорғау органдарының қызметкерлері жүргізілген ЖІШ бойынша дактилокарталар, фотокестелер және фотоуреттерді дайындалады.

15. Қылмысты әзірлеуші, жасаушы немесе жасаған адамның ізіне түсу және оны ұстау. тексеруді, көлік құралдарын тексеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыру

Ауыр қылмыстардың ішінде жоғары орынға қару қолданып жасалатын қылмыстар жасатады. Қарулы қылмыскерлер әрқашанда адам құрбанымен байланысты ауыр қылмыстар жасайды. Қарулы қылмыскерлердің өте қауіпті, белсенді әрекеттері олар топ болып жүзеге асыратындығында болып отыр. Жоспраналанып, дайындалған қауіпті құқық бұзушылықтардың алдын алудың,

бой тасалап жүрген қылмыскерлерді анықтаудың нәтижелі болуы қаруланған қылмыскерді дер кезінде ұстауына тікелей байланысты.

Қылмыскерлерді ұстау қылмыстық-құқықтық заңнамада реттеледі. ҚР ҚК бабына сәйкес,

1. Қылмыс жасаған тұлғаны мемлекеттік органға әкелу үшін ұстау барысында немес бұл тұлғаны ұстау мүмкін болмаған кезде және де шектен шығу болмаған жағдайда зиян әкелінсе бұл қылмыс болып саналмайды.

2. Қылмыскерлерді ұстау құқығына құқық органдарымен қатар жай азаматтармен жәбірленушілерге де уәкілеттілік беріледі.

3. Қылмысқа қатысы бар заттар мен құжаттарды алу үшін, ұсталған адамды, тұрғын үй, жұмыс орнын, көлік құралын тағы басқаларды тексеру, қылмысқа қатысты болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қарауды және алып қоюды, сондай-ақ тұрғын жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды тексеруді, көлік құралдарын тесеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыру Ұсталғандарды жеке тінту, олардың меншігіндегі заттарды қарау мен алу жүргізу- қылмыстың жасалуына құрал болып табылатын заттарды, құжаттарды тұлғаларды анықтау арқылы заңда көзделген мақсатты шешуге бағытталып жүргізілетін жедел іздестіру шараларының жиынтығы. Жеке қарау, заттарды алу мен қарау қылмыстық рәкетке тікелей байланысы болғандықтан, уәкілетті қызметкерлермен орындалады:

- ЖІШ-ын жүзеге асыру барысында жолаушылардың заттарын, әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің жеке заттарын, жүктерді, почта жөнелтілімдерін тексеру;

- қылмыс жасауға сезікті тұлғаларды ұстау барысында ҚР-ның ҚІЖК-нің 132-бабын басшылыққа ала отырып жүзеге асыру.

Жеке қарау жүргізіледі:

- азаматтың өзінде, киімдерінде құқық бұзушылықтың белгілерінің болуына байланысты;

- көргендер арқылы тұлғаны нақты орнату;

- егер қарау тікелей заңнамамен көрсетілсе.

Тексерме уәкілетті тұлғаның қызметіне сай болуы тиіс, яғни соған қатысты заңмен бекітілген дәлелдемелердің, құқық бұзу объектісі құжаттар, басқа да заттар. Жеке тексерме тексерілушімен бір жыныстағы тұлғалармен, екі куәгердің қатысуымен, басқа тұлғалармен кедергі келтірмейтін орындарда, мекемелерде жүргізіледі. Жеке тексермені жүргізу барысында тексерілушінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, оның денсаулығына, құқықтары мен ар-намысына нұқсан келтірілмеуін, тексеру барысында белгілі болған мәлі-меттердің сыртқа шығып кетпеуін қамтамасыз етілуі тиіс. Заттарды, басқа да құралдарды тексеру барысында тексеруші екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

17. Қарулы қылмыскерлерді ұстау үшін операциялар жүргізу

Қаруланған қылмыскерлерді ұстау операциясын жүргізудің бастымақсаты олардың қылмыстық әрекеттерінің алдын алу, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қылмыс жасаға немесе жасау үстіндегі тұлғаны аңду және оны ұстау – бұл жедел іздестіру қызметі қызметкерлерінің қылмыс жасаған немесе қылмыс жасау үстіндегі және ұсталып қалмау мақсатында бой тасалаған тұлғалардың ізіне түсуімен қортындыланатын жедел іздестіру шарасы.

Қылмыстың жасалуы туралы мәлімет алғаннан бастап, егер оқиға болған жерде тікелей жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер бірінші келген жағдайда, олардың міндеті:

- қылмыстың жолын кесуге шаралар қабылдау;
- қылмыскерлерді ұстау мен ізін кесуді ұйымдастыру;
- жәбірленушілерге көмек көрсету;
- оқиға туралы кезекші бөлімге хабарлау, оның нұсқауы бойынша әрекет ету;
- көрген адамдарды, куәлерді анықтау;
- оқиға болған жердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жедел іздестіру шараларының жүргізу барысындағы әрекеттердің кезектілігі жасалған қылмыстың жағдайы мен сипатына байланысты. Қылмыскерлерді, қылмыс жасауға сезікті тұлғаларды ұстау ізге түсуші қызметкерлер тобынан жоғары біліктілікті, ұстамдылықты және әрбір жағдайда қатаң заңдылықтың сақталуын талап етеді. Азаматты ұстау үшін шешім қабылдап, оны кезекші бөлімге жеткізу барысында қызметкер өз әрекетінің заңға сай екенін толық анықтап алуы қажет. Бұл шараларды жүргізу алдында мына жағдайларды анықтап алуы тиіс:

- ұсталушының жеке басын анықтап және ол бостандықта қалдырылған жағдайда келтіретін қауіпті зардаптарын түсіру мүмкінділігі;
- оны ұстау барысында пайда болатын қиындықтар, өз тарапынан немесе қасындағы қатысушылардан;
- қарулы шабуыл жасау қаупі;
- қажеттілік туғанда қару қолдану жағдайы. Ұстаудан кейін ыңғайлы жағдайда ұсталушы тұлғаның киімдеріне, заттарына басқа полиция күштерінің көмегімен тез арада тінту жүргізу. Қарсылық көрсетуге, шабуыл жасауға қолдануы мүмкін қарулар немесе басқада құралдар табылған тез арада алынады. Ұсталған тұлғаларды кезекші бөлімге жеткізілуі арнайы көліктермен немесе қызметкерлердің жеке автокөліктерімен жүзеге асырылады. Қызметкер ұсталған тұлғаны кезекші бөлімге жеткізу барысында оның басқа ұсталған тұлғаларға немесе қатысушыларына заттай дәлелдемелерді бермеуін, күпітеп қашып кетпеуін бақылауы тиіс. Қаруды қылмыскерлерді ұстау операциясын жүргізудің мазмұны болып- уақыты мен орны бойында бірлесіп кешенді жедел іздестіру, әскери тактикалық және қылмыстық-процессуалдық әрекеттерді басшылыққа ада отырып, жедел органдар мен басқа да күштердің бірігіп қаруды қарсылық керсетудің

жолын кесу мен ескерту мақсатында заңмен белгіленіп жүргізілетін шаралардың бірі. Қарулы қылмыскерлерді ұстауда жүргізілетін операциялардың негізі болып олардың орналасқан жері бойынша анықтау болып табылады. Қарулы қылмыскерлерді ұстау барысында жүргізілетін операциялар бір-бірінен ерекшеленіп, қағидаларға сәйкес қалыптасады.

- операцияға барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қылмыскерге мүмкіндігінше нақты жағдайда аз мөлшерде зиян келтіруге тырысу.
- операцияны жүргізу барысында барынша күш пен құралдарды аз пайдалану.

18. Жедел іздестіру, қылмыстар мен криминалистикалық есептер бойынша тексеру жүргізу

Құқық қорғау органдарының жедел аппараттарына әртүрлі қайнар көздерден, қылмысқа дайындалып жатқан немесе жасалғалы жатқан қылмыс туралы немесе олардың қоғамға жат қылықтарымен көзге түсіп қызығушылық танытқан тұлғалар туралы мәліметтері.

Кейбір түскен материалдарды жедел аппараттар кейінге қалдырмай, қылмысты тез арада ашуға тырысады, яғни басқа материалдардың негізінде жедел өндеуді жүзеге асырып аталған тұлғалардың өмір сүру қалпына бақылау жүргізеді. Әр түрлі көздерден түскен мәліметтерді жедел аппараттар мен құқық қорғау органдарының ақпарат орталықтары анализдеу арқылы қылмыс күресінде алынған мәліметтер жүйелі түрде қолданылады. Есептің салттық түсінігі тәжірибеде өте ертеде пайда болған. Оны өте ерте уақытта (Қытай, Жапония, Үндістанда - жасаған қылмыстар үшін тілдерін, аяқтарын, қолдарын кескен) қолданған. Ресейде патша Иван Федоровичтің уақытында (1637жылы) қылмыс жасалған тұлғаларға әріптерден таңба қойылған "В"-вор, "Кат" - каторжник. Патша жарлығында былай деп жазылған - "Клеймить воров - дабы они были знатны". 18 ғасырдың басында таңбалар алынып, оның орнына сотталғандарға арнайы куәліктер берілді[11].

1892 жылы француз ғалымы Бертильон тіркеудің антропологиялық әдісін ұсынды. 1894 жылы бірінші рет француз ғалымы Гамильтонмен тіркеудің қылмыс жасағандарға дактилоскопиялық әдісі енгізілді. Бұл әдіс қазіргі уақытқа дейін қолданылып келеді. 1913 жылы антропологиялық әдіс болған. Бізде олардың екі әдісі бар (бойы, фотосуреті, сөздік портреті, және т.б.- дактилоскопиялық - салыстырмалық). Криминалистикалық, жедел есеп және қылмыстық тіркеу жүйесі бойынша тексеру - ол жедел іздестіру қызметінің тіркеу жүйесін қосатын, тұлғалар туралы криминалдық белгілері бойынша жедел іздестіру қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету. Осы аталған түсініктен келесі мақсат пайда болады. Ол мақсаттар болып: тіркеу; зейін салу; жіктелу;

мәліметтер сақтау; тұлғалар туралы; оқиғалар - олардың криминалдық белгілері; жедел іздестіру қызметінің ақпаратпен қамтамасыз ету орталығы .

Тіркеудің қолдану мақсаты - қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларды анықтау, олардың өмір қалпын ұғыну. Оған жататындар:

1.Қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларды анықтау

2.Қылмыс жасаған немесе жасағалы жатқан, қылмыстық жауаптылық-тан немесе жазасын өтеуден бойтасалаған тұлғаларды анықтауға байланысты жедел іздестіру шараларын жүргізу.

3.Қылмыстық әрекеттің салдарынан келтірілген зардаптың орнын толтыруға байланысты шаралар.

4.Құқық органдарының жедел жұмыстары бойынша анализдеу.

5.Қылмыстық топтар туралы, олардың жетекшілері туралы, қылмыстық фактілерге байланысты жедел қызығушылық танытатын тұлғалар туралы мәліметтер жинастыру.

6.Жедел аппараттардың және басқа да органдардың жедел қызығушылық танытатын адамдар туралы анықтауға байланысты атқаратын жұмыстары.

1.Жедел жұмыстардың ұйымдастырылуына күнделікті бақылау жасау, уақытылы жетіспеушіліктерді анықтап жедел бөлімшелерге тәжірибелік көмек көрсету.

2.Жедел жұмыстардың материалдарын архивтік қолданылуы, жүйелік сақталынуы.

Тіркеудің маңыздылығына көңіл бөле келе, оның көмегімен көптеген мәселелердің шешілуіне байланысты оған келесі талаптар қойылады:

1.Тіркеудің толықтығы. Тіркеулік құжатта көрсетілген мәліметтердің тіркеу аппараттарына ұсынылуы. Тек осы жағдайлардың толықтылығымен нақты-лығы, қылмыстық әрекеттерді өңдеуде және қылмыскерлерді ескерту мен іздеуде маңызды роль атқарады.

2.Бағыттылығы. Алдын-алу жұмыстарын жүргізуге қымысты ашуға оның жолын кесуге байланысты мәліметтер жиналып, жүйеленіп, жіктелінеді.

3.Уақыттылығы. Жедел іздестіру тіркеуінің қылмыстылықпен күресте жоғары сапалылығы көбінде қажетті мәліметті алуы мен пайдалуынан тұрады. Жоғары аталғандарға сәйкес жедел тіркеуі өз-алдына тұрақты жүйені құрап, қылмыспен күресуге бағытталған органды құрайды.

Жедел - здестіру тіркеуі нақты уақытта өз деңгейіне байланысты бөлінеді:

- республикалық(орталықтандырылған)
- жергілікті
- ТМД

Республикалық тіркеулер ҚР аумағы бойынша барлық құқық қорғау органдарымен жүргізіледі.

Жергілікті тіркеулер облыс аумағында, аудандарда, көліктік құқық қорғау органдарымен жүргізіледі.

ТМД бойынша тіркеу жүргізілу тәртібі Ресей Федерациясының орта-лықтандырылған ақпарат орталығында жүргізіледі.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

- 1.Лауазым иесі - адамға сауал-сұрақ қоюдың мазмұнын саралап көрсетіңіз?
- 2.Жария немесе жасырын қатынас орнату деген не?
3. Қызметкерді қылмыстық ортаға енгізудің мақсатын саралап көрсетіңіз?
- 4.Қылмысты іс- әрекетке еліктеу мінез-құлқы дегенімізді түсіндіріңіз?
- 5.Астыртын кәсіпорын, ұйым құру мәселесіне тоқталыңыз?
- 6.Берілетін өнімге жедел бақылауды жүзеге асыруға анықтама беріңіз?
- 7.Арнаулы техникалық құралдарды қолдану дегеніміз не?
- 8.Мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың есептері бойынша анықтамалар мен тексерулер жүргізудің мәнісі неде?
- 9.Мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың есептері бойынша анықтамалар мен тексерулер жүргізудің міндеттері нені анықтауға бағытталған?
- 10.Зерттеу үшін сынамалар мен үлгілер алуды саралап атаңыз?
- 11.Бақылау үшін жедел сатып алу дегеніміз не?
- 12.Іздеу иттерін пайдалануды атаңыз?
- 13.Иісшіл иттердің міндеттерін атап өтіңіз?
- 14.Жеке белгілері бойынша адамдарды іздестіру және ұқсастыру мәселесіне тоқталыңыз?
- 15.Адамды іздеу белгілерінің топқа бөлінуін атаңыз?
- 16.Құқыққа қарсы әрекеттер іздерін табу, жасырын орнықтыру және алып қою, оларды алдын-ала зерттеу мәселелеріне тоқталыңыз?
17. Қылмысты әзірлеуші, жасаушы немесе жасаған адамның ізіне түсу және оны ұстау, тексеруді, көлік құралдарын тексеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыруға тоқталып түсіндіріңіз?
18. Қылмысқа қатысы бар заттар мен құжаттарды алу үшін, ұсталған адамды, тұрғын үй, жұмыс орнын, көлік құралын тағы басқаларды тексеру, әрекетке қатысты болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қарауды және алып қоюды, сондай-ақ тұрғын жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды тексеруді, көлік құралдарын тексеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыруға атап тоқталыңыз?
19. Қарулы қылмыскерді ұстау операциясын жүргізу.
20. Жедел іздестіру, қылмыстар мен криминалистикалық есептер бойынша тексеру жүргізуге тоқталыңыз?

Тест сұрақтары

1. Ашық жария сұраужүргізіледі:
А) ЖІШ-н жүргізуші органның атынан
В) Өз атынан
С) Кім екенін атап

Д) Жалған куәлік көрсету

Е) Бет пердесін өзгерту

2. Жасырын сұрақ қою іске асады:

А) Басқа мекеме, тұлға, мемлекет атынан

В) Өзін жасыру арқылы

С) Шындықты айтпай

Д) Өтірік айту арқылы

Е) Өзін құпиялау

3. Жария қатынас дегеніміз, ол:

А) Жария қатынасқа келісім беру

В) Жария емес түрде

С) Жариялылықты жасыру

Д) Кім екенін жасыру

Е) Қайдан шыққанын жасыру

4. Жасырын қатынас дегеніміз, ол:

А) Жасырын көмек көрсетуге келісім беру

В) Жария еместілік

С) Жариялылығын жасыру

Д) Еркінен тыс болу

Е) Басқаның нұсқауын орындау

5. Жария және жасырын қатынасқа тартылады:

А) Кәмілеттік жасқа толған адам

В) Кез келген адам

С) Пенсиядағы адам

Д) Әйел адам

Е) Ер адам

6. ЖІҚ-мен қатынас орнатуға тартылған адамның ақыл-есі қандай болуы керек:

А) Ақыл-есі дұрыс

В) Кез келген адам

С) Ақыл-естің қатысы жоқ

Д) Саналы болуы керек

Е) Патриот адам

7. Қылмыстық ортаға енгізіледі:

А) ЖІҚ-нің қызметкерлері немесе көмекшілері

В) Кез келген тұлға

С) Арнаулы тұлға

Д) Жасқа толған тұлға

Е) Қорықпайтын тұлға

8. Арнаулы техникалық құралдарды қолдану кімдерге қауіпті болмауы тиіс:

А) Қатысышылар мен қоршаған ортаға

В) Адамдарға

С) Экологияға

Д) Қоршаған ортаға

Е) Іске қатысы жоқтарға

9. Мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың есептері бойынша анықтамалар мен тексерулер қалай жүргізіледі?

А) Ашық және жасырын түрде

В) Ашық түрде

С) Тек жасырын түрде

Д) Өкілдің қатысуымен

Е) Бастықтың қатысуымен

10. Үлгілер алу іске асырылады:

А) Ашық және жасырын түрде

В) Тек ашық түрде

С) Тек жасырын түрде

Д) Бөлім бастығының қатысуымен

Е) Жауапты адамның қатысуымен

11. Ашық сынамалар мен үлгілер алу, ол:

А) Ашық өз күзіреті шегінде іске асу

В) Кез келген іс-әрекет жасау

С) Құқығын пайдалану

Д) Ескерту арқылы іске асыру

Е) Өкілдің қатысуы

12. Жасырын сынамалар мен үлгілер алу, ол:

А) Жасырын күш пен құралдарды қолдану арқылы алу

В) Өзінің кім екенін жасыру

С) Алдау жолымен

Д) Күш көрсету жолымен

Е) Бет пердесін өзгерту арқылы

13. Іздеу иттерінің ЖІҚ-дегі міндеттері:

А) Қылмыстың алдын алу, ашу

В) Қылмыспен күресу

С) Қылмысты тоқтату

Д) Мүмкіндігін пайдалану

Е) Міндеттері жоқ

14. Адам иісі ЖІҚ-де бөліктерге бөлінеді:

А) Жалпы және жеке

В) Бөлінбейді

С) Жалпы

Д) Жеке

Е) Ерекше

15. ЖІҚ-не сәйкес жалпы адам иісі дегеніміз, ол:

А) Күнделікті жұмыстан жұғысатын әртүрлі заттар иісі

В) Ондай бөлініс жоқ

С) Адамның өз иісі

Д) Арақ иісі

Е) Есірткі иісі

16. ЖІҚ-не сәйкес жеке адам иісі дегеніміз, ол:

- A) Жеке әр адамға тән өз иісі
- B) Ер адам иісі
- C) Әйел адам иісі
- D) Жас бала иісі
- E) Есірткі иісі

17.ЖІШ-ның нәтижелері..... сипатталады:

- A) Дактилокарталар, фотокестелер, рапорттар, құжаттар т.б.
- B) Тек дактокарталар
- C) Тек фотосуреттер
- D) Тек рапорт арқылы
- E) Куәлер

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Арнаулы жедел- іздестіру шаралары

Сұрақтар:

11.1 Арнаулы жедел- іздестіру арнаулы шараларының түсінігі

11.2 Жедел іздестіру арнаулы шараларын жүргізудегі құқық қорғау органдарының құқықтары

11.1 Арнаулы жедел- іздестіру арнаулы шараларының түсінігі

Арнаулы жедел іздестіру шаралары дегеніміз - оны жүргізу белгілі бір жағдайларда кейбір азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясы белгілеген құқықтарына қол сұғылып, қысым жасалуын көрсетеді.

Бұл жерде азаматтардың жеке өмірі құпиялылығы, тұрғын үйге қол сұқпау, хат-хабар, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарларға қол сұқпау құқықтарына нұқсан келтіріледі.

Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтар Қазақстан аумағында, осы ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын пайдаланатындықтан, жедел-іздестіру қызметінің арнаулы шаралары олардың да құқықтарымен бостандықтарына әсерін тигізеді. Осыған қарамастан ҚР Конституциясының 12 бабының 5-тармағында былай деп көрсетілген: Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, Конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс екені атап көрсетілген. Ал, Конституцияның 18-бабының 2-тармағында, азаматтардың Конституциялық құқықтарын шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол берілетіні айтылған[3,34].

Конституцияның 25-бабының 1-тармағы бойынша, тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттерде және тәртіпте жол берілетіндігі көрсетілген.

Осы жоғарыда көрсетілгендердің негізінде жедел-іздістіру қызметін іске асыруға құқық берілген органдар, ол туралы заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес мынандай арнаулы жедел іздістіру шаралары жүргізіледі:

1. Сотталғандардың хат-хабарын цензуралау;

2. Почта жөнелтілімдерін бақылау;

3. Байланыс желілеріндегі жедел іздеу;

4. Бейне - аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу;

1. Телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау;

2. Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламалар алып тастау;

3. Соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), жеке адамның өміріне, денсаулығына және айналадағы ортаға зиянын тигізбейтін заттарды және материалдарды пайдалана отырып байқау;

4. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру.

1. Сотталғандардың хат-хабарын цензуралау. Оның мақсаты жазаны өтеу орнындағы сотталғандар пошта, хат-хабар, телефон байланыстарын пайдалану арқылы құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаудың алдын алады, сол арқылы құқық бұзушылық түрлерімен күреседі. Жазасын өтеушілер ол туралы ескертіледі. Ал, пошта хабарлары ашық түрде оқу немесе басқа тексеру құралдарын пайдалану арқылы іске асырылады. Хат-хабарлар жөнелту ашық, желімденбеген күйде қабылданады, ал, келіп түскендер міндетті түрде ашылып, тексеріліп беріледі. Бұл іс-әрекеттерді арнаулы бөлінген Жедел-іздістіру қызметкері жүзеге асырады. Осы іс-әрекеттер арқылы жедел - іздістіру қызметіне қатысты мәліметтер алуға мүмкіндік туады.

Пошта хат-хабарында, пошта арқылы жіберілуге болмайтын мән-жайлар анықталса, кесіп алып тастау немесе өшіру арқылы жойылады, ал қажет болған жағдайда хат-хабар тәркіленеді.

Бұл жедел-іздістіру шарасы сотталушы жазасын өтеп жатқан кезде және уақытша қапаста ұстау кезінде іске асырылады. Тар қапаста ұстау кезінде тексеруді тергеуші немесе анықтаушы іске асырады.

ҚР ҚАК 86- бабының 2- тармағына сәйкес сотталғандардың хат-хабар алулары және жіберулері бақылауға алынатыны көрсетілген.

Сотталғандардың хат-хабарларын бақылау - бұл сотталғандар жіберетін және олар алатын жеке және ресми түрдегі жеделхаттары, шағымдары, арыздары, хаттары ашық бақылауға алынатын жедел-іздістіру шаралары.

Сотталғандардың хат-хабарларын бақылау - кірістегі және шығыстағы хат-хабарлардағы ашылмаған қылмыстар туралы, қылмыстық пиғыл мен әрекет туралы, ұрланған мүліктерді тығып сақтау орны туралы, жазаны өтеу режимін бұзуға бағытталған іс- әрекеттің алдын-алу, ескерту, қылмысқа қатысты мәліметтерді ашу мақсатындағы және құқық қорғау органдарынан қашып жүрген қылмыскерлерді іздістіру, сонымен қатар қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу мақсатындағы тексеру жүйесі болып табылады.

Түзету мекемесіне түскен әрбір сотталушы хат-хабар жіберудің және алудың тәртібімен, ережесімен танысады. Қамауға алынғандардың және сот-талғандардың хат-хабар алмасуларының құқықтық реттеулері, олардың жіберген хат-хабарлары пошта жәшігіне тексерілмеген күйде салынса, хат шифрмен немесе басқа да шарттылықты қолданып, құпиялы мән-жайда жазыл-са, онда, хат адрес иесіне жіберілмейді, сол сияқты кіретін хат-хабар да осылай бақылауға алынады.

Кірістегі және шығыстағы хат-хабарларды тексеру кезінде түзету меке-месінің жедел бөлімнің бастауымен немесе ішкі істердің аймақтық орган-дарының тапсырумен жете тексеріледі және сотталғандардың хат-хабар алмасуларына ерекше назар аударылады.

Сотталғандардың өз хабарларын жасырулары әр түрлі болуы мүмкін, олар:өзінен кейін іздерді қалдырмайтын заттардың көмегімен, шифрдің көме-гімен хат алмасу (әріптік, сандық және тағы басқалар).

2.Пошта жөнелтімдерін бақылау. Бұның мазмұны белгілі бір уақыт аралығында жеке тұлға немесе заңды тұлғалардың хат-хабарына бақылау жүргізу болып табылады. Бақылау кірген немесе шыққан хат-хабарлар жөнінде орын алады

Пошталық жөнелтілулерді бақылау - бұл хат-хабарларды рұқсатсыз ашу бойынша жедел-іздістіру шаралары (сәлем-сауқатты және бандерольды тек-серу), олар тікелей пошта-телеграф мекемелері органының қызметкерлері арқылы орындалынатын, қылмыстық топтар, дайындалып жатқан қылмыстарды және аса ауыр қылмыстарды ашу және алдын ала ескерту мақсатындағы жедел-іздістіру қызмет шараларын жүзеге асыру болып табылады.

Пошталық жөнелтілулерді бақылау тек мемлекет үшін маңызды мүддеге қол сұғылуы немесе қылмысқа байланысы бар екеніне байланысты күдікке негізделген және нақты мәліметтер негізінде, белгілі бір тұлғаға қатысты жүзеге асырылады.

Белгілі бір жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру туралы шешім: экологиялық, экономикалық, әскери және мемлекеттік қауіпсіздікке немесе нақты бір тұлғаның денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін (химиялық заттар,жарылғыш құралдар және т.б.) заттар бар екенін білдіретін

мәліметтер бар пошталық хат-хабар нақты бір тұлғаның мекен-жайына немесе «Іздеуге дейін» абоненттік жәшігіне түсуі мүмкін деген жорамалы бар болған кезде жүзеге асады. Аталған жағдайларда, пошталық жөнелтілулерді қарау кезінде табылған, сөз болып отырған қауіп тудыратын құралдар, хабарлар иесіне жіберілмей, хабардан алынып тасталынуы да қажеттілікке, қауіпсіздікке байланысты болуы мүмкін.

Пошталық жөнелтілулерді қарау (тексеру) және алып тастау іс- әрекеттерін пошта-телеграф мекемесінің аз дегенде екі қызметкерінің қатысуымен, жедел- іздестру шарасын жүргізетін органның қызметкері жүзеге асырады.

Бұл іс-шара тек прокурордың, рұқсатымен ғана жүргізіледі және пошталық жөнелтілулерді бақылау жағдайға байланысты бір жолғы немесе ұзартылған сипатта болуы мүмкін.

Пошталық жөнелтілулерге ұзартылған бақылау жедел- іздестіру шарасын жүзеге асыратын органдардың жедел-техникалық құрылымдарымен іске асырады. Оның қорытындыларын алу және рәсімдеудің тәртібі арнайы тізімдік нормативтік актілерімен белгіленеді. Пошталық жөнелтілулерге бір жолғы бақылау жедел-іздестіру шарасын жүзеге асыратын органдардың басшыларының дәлелденген қаулысы бойынша бекітілген тәртіпте анықтаушының немесе тергеушінің жазбаша тапсырмасымен жүзеге асырылады.

Пошталық жөнелтілулерге бір жолғы бақылау құқық қорғау органдарымен жасырын түрде жәрдемдесуге қатыстырылған байланыс кәсіпорынының қызметкерлерінің көмегімен және жедел-іздестіру шараларын жүргізетін органның қызметкерлерінің қатысуымен іске асырылады.

Қажеттігіне қарай пошталық жөнелтілулерден көшірмелер жасалынады, сәлем-сауқаттың ішіндегілері суретке түсіріледі, тексеру үшін алынады.

Пошталық жөнелтілулерді бақылауды жүзеге асыру кезінде қызметкерлерден төмендегілер талап етіледі:

- бақылау деректерін құпия сақтауды;
- пошталық жөнелтілулерді сақтауды;
- пошталық жөнелтілулердің ішіндегі мәліметтердің сыртқа жайылмауы.

Пошталық жөнелтілулерді құпия түрде ашуды жедел-іздестіру шара-ларын жүзеге асыратын органның қызметкері, егер қажет болса жедел-техникалық құрылымның маманының қатысуымен өткізеді. Іске қатысты мәні бар деректерді тапқан жағдайда, қызметкер алу туралы акт жасайды және оны тексеру туралы қаулы шығарған тұлғаға жібереді.

Қылмыстық іс бойынша бақылауды жүргізу кезінде, қылмыстық іске тіркелетін, ҚІЖК-ң 103,234 баптарының талаптарын сақтай отырып, алу хаттамасы жасалады, қажеттігі жағдайында, қызметкер пошталық жөнелтілудің көшірмесін немесе таңдалған үлгісін тексерумен шектелуі мүмкін. Бұған акті немесе хаттама жасалынады.

Хат-хабар ұсталып, онда құқыққа қарсы іс-әрекеттер бар жоғы тексеріледі, одан кейін өз мекен жайы бойынша баратын жеріне жіберіледі.

Қажет деп табылғанда хат-хабар тәркіленеді және жедел-ізвестіру материалына тігіледі, егер қылмыстық іске байланысты болса қылмыстық іс жүргізу құқығына сәйкес алынып қылмыстық іске тігіледі.

3. Байланыс желілеріндегі жедел іздеу

Байланыстың пошта, телеграф арналарында сыртқы белгілері бойынша жедел іздеулер. Бұл шара хат-хабардың құқыққа қарсы іс-әрекетке пайдаланылып жүргенін анықтау мақсатында атқарылады. Хат-хабар жалпы емес, белгілі бір хат-хабар тексеріледі. Хат-хабар ашылмай сыртқы түрі пошымы бойынша тексеріліп, қай мемлекеттен немесе мекен-жайдан шыққаны және кімге арналғаны анықталады. Бұл жолмен қашып, тығылып жүрген қылмыскерлер жөнінде іздеу шаралары іске асырылады. Қажет деп табылған кезде, пошта ашылуға, тәркіленуге жатады. Бұл іс-әрекет жасырын түрде іске асады. Пошталық жөнелтілулердің қозғалысын жағдайға байланысты тоқтатпау қажеттігі жағдайында, қызметкер пошталық жөнелтілудің көшірмесін немесе таңдалған үлгісін тексерумен шектелуі мүмкін. Бұған акті немесе хаттама жасалынады.

Пошта - телеграфтың байланыс жолдарындағы ішкі белгілер бойынша жедел-ізвестіру-бұл қылмысқа және тұлғаға және оған қатысты бар дәлелдік құралдар табылған аудармалар, бандерольдар, сәлем-сауқаттар, хаттар және жедел хаттарды табу және алуды көрсетеді. Қылмысқа және тұлғаға және оған қатысты бар деп дәлелдер табылған хаттарға, жеделхаттарға, сәлем-сауқаттарға, аудармаларға және бандерольдарға жасалынған немесе жасалынатын қылмыстарға, қылмыс жасауға дайындалуға бір-бірімен хат арқылы хабарласуға қатысты бар күдік тудырушы хат-хабарлар жатады. Бұл іс-шаралар, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес, кезек күттірмейтін жағдайдан басқа кезде прокурордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

4. Бейне-аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құрал-дарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, те-лефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөй-лесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу;

Сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, бейне - аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

Телефон арқылы жүргізілген сөйлеулер туралы мәліметтер алу- телефон байланысы абонентінің кіріс және шығыс қоңыраулары туралы ақпаратты жасырын алып қою;

Телефон және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, егер тексерілетін адам, күдікті,

айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса, немесе үшінші бір адам телефонды және басқа да сөйлесу құрылғысын пайдаланып, тексерілетін адамға, күдіктіге, айыпталушыға арналған не басқа адамдарға беру үшін тексерілетін адамнан, күдіктіден, айыпталушыдан, ақпарат алады деген мәліметтер болса, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының не үшінші адамның сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

5. Телефон және өзге сөйлесулерді тыңдау

Бұл жедел-ізвестіру қызметі объектісінің іс-әрекетін бақылауға арналған шара. Мысалы: оның жоспары, алға қойған мақсаты, қылмыстық байланысы, мекен жайы т.б. Бұл іс-әрекет тек жасырын түрде белгілі бір объектіге байланысты жүргізіледі. Байланыстың техникалық жолдарынан ақпараттарды алу. Байланыстың техникалық жолдарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдардан ақпараттарды алу. Телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау - бұл заңның қорғауындағы телефондық және басқа да сөйлесу құпиясын жанап өтетін және басқа да ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сонымен қатар, қылмыстық топтармен дайындалынатын және жасалынатын қылмыстарды тек қана ашу, алдын-ала ескерту және табу үшін, прокурордың рұқсатымен жүзеге асырылатын арнайы жедел-ізвестіру шаралары. Басқа сөйлесулер болып, селектор арқылы, сым арқылы, радио және басқа да техникалық сөйлесу ақпараттар құралдарының көмегімен абоненттер арасындағы жүргізілетін сөйлесулер болып түсіндіріледі.

Жеке азаматтардың телефондарынан немесе басқа сөйлесу құралдарынан жүргізілген телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау, олардың өздерінің жазбаша түрдегі келісімдерімен немесе арыздары бойынша, өзінің денсаулығына, өмірлеріне қауіп тудырған жағдайда, сонымен қатар, қылмысты ашу үшін маңызды мәліметтер алынатын жағдайларда немесе жедел-ізвестіру шарасының басқа міндеттерін шешу үшін қажетті болған жағдайда жүргізіледі.

Аталған жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру негізі болып жедел-ізвестіру шарасын жүргізетін органдарға мәлім болған, мемлекет үшін маңызды мүддеге қол сұғуға немесе нақты бір тұлғаның қылмыспен байланысы туралы негізделген мәліметтердің бар болуы талап етіледі.

Кезек күтірмейтін жағдайда сөйлесуді тыңдау, оның нәтижесі туралы 24-сағаттың ішінде прокурорды міндетті түрде хабардар етуімен жүзеге асырылады.

Телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау «Жедел-ізвестіру шаралары туралы» ҚР Заңының 11 бабына сәйкес, сонымен бірге ҚР ҚЖК-нің 237 бабында көрсетілген, «сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сонымен қатар күдіктінің, айыпталушының және қылмыс туралы мәліметтері бар басқа да тұлғалардың телефондарынан, басқа да сөйлесу құралдарынан жүргізілетін сөйлесуді тыңдау қорытындысында іс үшін маңызы бар

жеткілікті негіздің бар болуын жорамалдау» ауыр және аса ауыр қылмыс туралы іс бойынша сөйлесуді тыңдау кезінде қылмысқа қатысы бар мәліметтер алынатын жеткілікті негіздің болуын жорамалдау негізінде прокурордың рұқсатымен, тергеушінің қаулысының негізінде жүргізіледі», сонымен қатар, «жәбірленушіге, куәгерге немесе оның жанұясының мүшелеріне зорлық жасау қаупін туғызу, қорқыту кезінде прокурордың рұқсатымен, тергеушінің қаулысымен олардың телефондарынан немесе басқа да сөйлесу құралдарынан сөйлесуді тыңдап, жазып алу жүргізілуі мүмкін».

Бұл іс-шара техникалық құралдарды және арнайы құрылғыларды қолданумен іске асады. Байланыс кәсіпорынының телефондық коммуникациясын қолдануға байланысты телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау бойынша жедел-ізвестірудің арнайы шаралары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен жүзеге асырылады.

Байланыстың техникалық жолдарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдарынан алынатын ақпараттар - бұл қылмыстық іске күдікті тұлғамен берілетін (телефакс, телетайп, компьютердік жүйе, ұялы, транктік және пейджинг байланысы және т.б. байланыстар арқылы) хабарларды жасырын түрде алу.

Ақпараттарды алуды ведомствалық нұсқауларға қатаң байланысты және арнайы техникалық құралдар жинақтарының көмегімен жедел-техникалық құрылымдар жүзеге асырады.

5. Бейне-аудио техникаларды немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау, жазып алу, мәліметтер жинау. Бұл да жоғарыдағы мақсаттармен іске асырылады.

Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алу-ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, іздеуге және таратуға арналған, электрлі байланыс желілері, компьютер желілері, деректер базалары, телекоммуникациялық және ақпараттық жүйелер арқылы берілетін ақпаратты арнаулы техникалық құралдармен жасырын алу;

7. Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламалар алып тастау.

Бұлар құқық қорғау органдарының назарына, өздерінің құқыққа қарсы іс-әрекеті жөнінде іліккен объектілерге байланысты жүргізіледі. Мақсаты, құқыққа қарсы іс-әрекетті анықтау, оның ізін, қылмыстық жоспарын, ойын, байланыстарын анықтау. Аталған әрекеттер ауыр және аса ауыр қылмыс-тардың бетін ашып тергеуде, қашып кеткен, жасырынғандардың мекен-жайын анықтау, қылмыс құралдарын табуда өте қажетті шара болып танылады. Бұлар жасырын түрде іске асырылады.

8. Соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), жеке адамның өміріне, денсаулығына және айналадағы ортаға зиянын тигізбейтін заттарды және материалдарды пайдалана отырып байқау;

Бұлар қоршаған ортаға және жеке тұлғаның денсаулығына, өміріне зиян келтірмейтін заттар мен құралдарды, арнайы техникалық құралдарды қолдана отырып бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Бақылауды жүзеге асыра отырып, жедел аппараттар өздерінің қызметтерін Қазақстан Республикасының Конституциясына және қылмысты іс жүргізу заңнамасына, «Жедел-ізвестіру ісі туралы» Заңына сәйкес ұйымдастырады.

Бақылау - бұл қылмыс жасаушы немесе қылмысқа дайындалушы күдікті адамға, объектілерге, қылмысты ашуға және алдын алуға, мүмкіндік туғызатын, мәліметтерді анықтау үшін және іздестірілудегі қылмыскерлерді табу үшін, немесе олардың тұрған жерлерін анықтауда, басқа жолмен, тәсілдерімен алу қиындық туғызған жағдайда қолданылатын ішкі бақылау.

Бақылау күдікті деп танылған тұлғалардың белгілі бір жерлерде жүрулері (көше жағдайында), көлікте жүруі және қоғамдық орындарға баруын қадағалуда жасалады. Бақылаудың көмегімен келесі негізгі міндеттер шешіледі:

- бақылаудағы тұлғалардың және олардың байланыстары жағынан қылмысын бұлтартпауға байланысты дәлелдемелер алу;

- әкімшіліктің қадағалауында тұрған тұлғаларды, қылмыстық іс бойынша айыпталушыларды және күдіктілерді, қылмысы барадамдарды табу;

- соттан және тергеуден, жауап алу органдарынан жасырынып жүрген нақты қылмыскерлердің, жазадан жалтарып жүрген жаза кесілген адамдардың, хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың жүрген жерлерін белгілеу;

- бейне-және ұнтаспаға жазылған, жасырын суретке түсіріп алудың көмегімен өңделген іс-әрекеттің жеке оқиғаларын жазып алу;

- тергеу және жеке жедел-ізвестіру жұмыстарын ойдағыдай өткізуді қамтамасыз ету.

Бақылаудың объектілері болып:

- әкімшіліктің қадағалауында тұрған, қылмыстық іс бойынша айыпталушы немесе күдікті, олардың қылмыстық істері туралы негізделген дерек-тері бар тұлғалар;

- қылмыскерлермен қатынасы бар немесе дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы мәліметтер туралы білетін азаматтар;

- егер де оларға бақылау қойғанда іздестірілудегі қылмыскерді табуға немесе оның жүрген жері туралы деректерді алуға жетерліктей негіз болатынын жорамалға байланысты, онда іздестірілудегі қылмыскердің таныстары немесе туыстары;

Бақылау қылмыспен күрестегі жедел-іздігіру жұмыстарының жалпы құқықтық негіздеріне сәйкес, заңды бұлжытпай қамтамасыздандырудың арқасында жүзеге асады. Бұл тек қана қылмыспен күрес мақсатында құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының тапсырмаларына сәйкес бақылаудың жүргізілуін білдіреді.

Қылмыстан алдын-ала сақтандыру бойынша мын жағдайларға мүмкіндік туғызады:

-қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайлар мен себептерді пай-далану мүмкіндіктерін шығарып тастау;

-дайындалып жатқан қылмыстары мен белгіленген объектілерге қыл-мыстық қол сұғулар туралы мәліметтерді жинау;

-қылмыстық топтардың немесе олардың қатысушылары, олардың пиғылдарын, рөлдерін анықтау, топтардың мүшелер арасындағы келіспеу-шіліктер және қайшылықтар, сонымен қатар, қылмыс жасаудан бас тартуға бейімділігін немесе басқа да жедел мақсаттар (жасырын, бірлесе қызмет істеуге тарту және т.б.) бойынша шараларға қолданулары туралы мәліметтер жинау;

Ол қылмыстың алдын алу сатысында бақылау, қылмыстық пиғылды жүзеге асыруға және қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыруға жібермеуге мүмкіндік береді, қылмыс жасауға оқталу немесе дайындық әрекеттерін аяқтау кезінде қылмыскерлерді ұстауды қамтамасыз етеді.

Қылмысты ашу және жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздестіру бойынша бақылау төмендегі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

-қылмыскерлерді табу және оларды әшкерелеу үшін мәліметтер алу;

-жедел жұмыста осы мәліметтерді пайдалану мақсатында, олардың тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын, қылмысқа бейімділігін зерттеуге мүмкіндік тудырады;

- бақылаудағы адамның қарым-қатынастарында болған адамдарды, қылмыстың басы қасында болған адамдарды және басқа да іске қатысты, ақпараттары бар тұлғаларды, сонымен қатар ұрланған заттар топтастырылған және өткізілген жерлерді табу;

-заттық айғақ болуы мүмкін, құжаттар мен құралдарды табу;

-құпия орынды табу арқылы қылмыстық жолмен келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру, басқа да қылмыстық жолмен жиналған, құнды заттарды өткізген жерлер мен сақтау орындарын, мүлікті тәркілеу-ден жасырып қалу бойынша іс-әрекеттер немесе пиғылдар туралы мәлімет-терді алу;

-іздігірілуіндегі қылмыскерлердің, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен және басқа да адамдардың тұрған жерлерін анықтау;

-қылмыскерлерді ұстауға мүмкіндік туғызу.

Бақылаудың қажеттілігі туралы сұрақтарды шешу кезінде анықталатын мән-жайлар:

-бақылауды қолдану қажеттілігін талап ететін, мәліметтер мен деректер-дің жедел маңыздылығы;

-заңды сақтай отырып қамтамасыз ететін, бақылауды қолдану туралы шешімді қабылдау үшін негіз болып саналатын мәліметтердің айқындылығы;

-бақылаудың көмегімен қажетті қорытындыларды алу мүмкіншілігі;

Дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстардың сипаттарын есептей отырып, жедел мәліметтердің нақтылығы және дәлелділігі, тұлға туралы мәліметтердің мазмұны бойынша барынша көбірек қорытынды беретін бақылаудың оңтайлы түрін іске қосуға мүмкіндік тудырады. Тексерілген тұлғалардың жалпы санынан қажетті объектіні таңдап алу туралы сұрақты шешер кезде, қылмыстық топқа қатысушылар туралы, олардың ішінен қайсысына бақылау жасағанда (ұйымдастырушы, жақындатылған тұлға, орындаушы және т.б.) толық және құнды мәліметтерді көбірек алуға болатынын тексеріп, барлық қолда бар мәліметтер мұқият саралануы тиіс.

Тексерудің сипаты мен нақты жағдайы кейбір кезде бақылау объектісі ретінде нақты бір тұлғаны таңдау емес, белгілі бір жерді (көпшілік орны, алаңдар, сақтау камерасы, мекемені) таңдау қажеттілігі туады. Бұндай объекті болып белгілі бір тұрақты жері жоқ және жұмыссыз күдікті адамның, жолаушы-қылмыскер, іздестірудегі қылмыскердің тұрған жері, қылмыс құралының тұрған жері немесе ұрланған затты сақтау орны орын алады. Белгіленген жерлерге бақылау қою, құқық қорғау органдары үшін күдікті тұлғаның пайда болуын анықтауға мүмкіншілік береді, осының негізінде оны ұстауға, қылмыстық топтың байланысын ашу және т.с.с. шаралар өткізуді ұйымдастырады.

Бұл шараларды өткізу кезінде оның басталу сәтінің уақытын дұрыс анықтау, бақылау қоятын объектісін таңдаудан да маңыздырақ. Бақылауды іске қосу уақытын белгілеуде кеткен қателік бақылауды жүргізу кезінде алынатын ақпараттардың нақтылығына кедергі келтіреді.

Бірінші кезекте, бақылаудың уақытын таңдау кезінде тексерудегі тұлғаға бақылау қою жолымен оның қандай да бір қылмыстық іске қатысы бар екендігін (қылмысқа дайындық жұмыстары, ұрланған заттарды өткізу, істес адамдармен кездесу), нақты бір уақытта қылмыскер қылмыстық істі жасауы туралы мәліметтер бар болған жағдайды айқындау дұрыс болып табылады.

Ерекше кезек күттірмейтін жағдайларда (қоғамдық тәртіпті бұзу, қоғамға айтарлықтай қауіп туғызатын, аса қауіпті қашқан қылмыскерлерді іздеу, ұстау) бақылау тапсырмасын бекітуге құқылы және одан кейін міндетті түрде тапсырманы берілген тәртіпте бекітетін және дайындайтын лауазымды бір тұлғаның ауызшы тапсырмасымен тез арада жүзеге асуы мүмкін.

Бақылаудың құралдары (фотосуреттер, бейне, дыбыс жазбалар т.с.с.) жедел-іздестіру шараларында, одан сақтандыруда, алдын-ала тергеу жұмыстарына, қылмысты зерттеу және ашу, оны жасауға дайындалуда кінәсі бар адамдарды әшкерелеуде көптеп қолданылады.

Жедел-іздістіру шарасын жүзеге асыратын органдар бақылау құжаттарын алғаннан кейін, алынған мәліметтерді талдап және басқа да құжаттармен (мәліметтермен) салыстыра отырып, анықтайды. Бақылау барысында алынған мәліметтер, қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында қаралған, істің жасалу жолымен рәсімделген және расталғаннан кейін ғана, қылмыстық іс бойынша тергеу жұмыстарына қолдануға болады. Осыған байланысты жедел-іздістіру қызметкері дәл уақытында олардың ішінен қайсысы тергеу жұмыстарын жүргізуге дейінгі мерзімге сақталынуы мүмкін екенін анықтайды, ал тергеуге қажетсізін, нақты мән-жайға байланысты жояды немесе архивке өткізеді.

9. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер участкелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру. Бұл шара жедел-іздістіру қызметіне келіп түскен мәліметтерді анықтауға бағытталған және жедел іздістіру шарасына қатысушыларға қауіп төндіретін мән-жайларда, мәліметті зерттеуге, қылмыс құрамын табуға, олардың байланысын, жоспарын анықтауға бағытталған

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу - бұл жедел-іздістіру жұмысының жария және жасырын түрде жедел қызығушылық көрсетуші тұлғалардың жұмыс орындары немесе тұратын жерлері бойынша және басқа да орындарда жағдаймен танысу және табу, сонымен қатар жасырынып жүрген қылмыскерлерді және тұлғаларды, хабаршарсыз кеткендерді және басқа да заңда қаралған жағдайда іздістіру жүргізетін дербес шаралар.

Осы қалыпта, тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеудің мәні жедел-іздістіру қызметкерімен немесе оның тапсырмасы бойынша басқа адамның арнайы зерттеуімен қылмыс жасайтын (жасаған), дайындалушы, іздістірудегі адамдарды, жерлерді, ғимараттарды, жағдаяттарды, заттарды және құжаттарды жедел-іздістіру міндеттерін шешуге қажетті, негізделген мәліметтерді алу мақсатында арнайы іздеуде қорытындыланады.

Берілген жедел - іздістіру шараларын өткізу жұмысы кезінде басқа бір жағдайларда және жедел әрекет қолданудан басқа кезде, алынған құжаттар мен заттар алынып тасталмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібінде бекітілгендей, қаралып отырған жедел-іздістіру шарасы азаматтардың қызметтік ғимаратында жүргізуге тыйым салынады.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуде, бір ғимаратта немесе басқа бір жерде, белгілі бір адамға байланысты қылмысты ашу немесе ескерту, табу үшін мәні бар, құралдар мен құжаттар,

іздер бар екендігіне, сонымен қатар қылмыскерді және хабар-ошарсыз кеткен адамды табуға жетерліктей негіз беретін жедел және басқа да мәліметтер негізінде зерттеу жүргізілуі мүмкін.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуді тексеруде келесі негізгі міндеттер шешіледі:

-жасалған қылмыстың ізін табу және белгілеу;

-жасырынып жүрген қылмыскердің жасырынған орнын, зерттелушілердің қылмыстық байланыстарын, хабар – ошарсыз жоғалып кеткен адамдардың тұрған жерлерін табу;

-объектінің орналасқан жерімен, механизм құрылымдарымен, ғимараттың ішкі және сыртқы құрылымдарымен танысу;

-қылмыстың жасалғандығын куәландыратын жерлердегі, жағдаяттардағы, заттардағы, құжаттардағы, киімдегі, денедегі жәнет.б. өзгерулерді табу;

-қылмыстық жолмен алынған құнды заттарды, қылмыс жасауға қол-данған құралдар мен заттарды табу;

-құпия жолмен суретке түсіруді, ауыстыруды, көшірмені және т.с.с. ор-наластыру;

-қылмыс жасаушы немесе қылмысқа дайындалудың белгіленген белгілерінің керек-жарақтарын, қылмыс жасауға немесе дайындалуға қатысы бар нақты бір тұлғалардың құжаттарын және құралдарын, заттары мен құрал - саймандарын анықтау;

-ізвестірілудегі адамның нақты бір жерде мекендеуі туралы куәландыратын белгілерді табу;

-құқық бұзушылардың қылмыстық іс-әрекеттерін, іздерін жасыруларын, бүркемелеулерін және тәсілдерін анықтау;

-тергеу жұмысына айғақ болулары мүмкін құралдардың, заттарды және құжаттардың тұрған жерлерін белгілеу және оның сақтауды қамтамасыз ету;

-қылмысқа дайындалушы немесе жасалған қылмыстың белгілерін көрсе-тетін құралдар мен құжаттардағы өзгерген жағдайларды жедел техниканың көмегімен жазып алу;

-бухгалтерлік үстеме құжаттарға жасырын түрде салыстыру жүргізу,со-нымен қатар ұрлық жасағанға күдікті деген тұлғалардың ресми есептерінен олардың мөлшері мен жасыру тәсілдерін табу үшін жедел мәліметтер жүргізу;

-қылмысқа дайындалудың немесе жасалған қылмыстың табылған ізде-рін жасырын тексеру және құралдар мен құжаттарды нақты бір оқиғаға және тұлғаларға қатысы бар екендігін тексеру;

-қылмыс жасауға дайындалған құралдар мен заттарды іске жарамсыз қылу (алмастыру жолымен, іске жарамсыз қылу т.б.);

-химиялық тұзақ құру;

-қылмыс жасаушы немесе оған дайындалушының көрсететін айқын белгілері бар тұлғаларды, сонымен қатар іздестірілудегі

қылмыскерлерді ұстауға жағдай жасау;

-алынған ақпараттар негізінде «ізін суытпай» және т.с.с. бақылау жасау мүмкіндігі.

Жедел іздестіру жұмысын жүзеге асырушы қызметкер берілген жедел – із-дестіру шарасын жүргізу кезінде талдау жолымен және табылған іздердің пайда болуы туралы сұрақтарды салыстыру үшін (химиялық, технологиялық, тауартанушы, криминалистік, биологиялық және т.с.с.) жасырын тексеруге мүмкіндігі бар.

Тексерудің қорытындысынан алынған ақпараттардың артықшылықтары, бәрінен бұрын, осының негізінде нақты жәйттердің заңды бағасын (жіктеуін) тез арада жүзеге асырып және оның қылмыстық- құқықтық мәнін анықтау. Сонымен қатар, бұл ақпарат заңды бұзушылықты жоюға, уақытты, күшті үнемдеуге, оның үстіне қылмыспен күресуде шабуыл принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу, қылмыстық оқиғалар туралы мәліметтер, сенімді айғақтарды жинау және дұрыс бағалауға және қылмыстық-іс жүргізу мен криминалистік тәсілдер әлсіз болса да, оның бөлек бір элементтері туралы шамамен ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу құқық қорғау органдары аппараттарының жедел жұмыстарының тәжірибесінде қылмыспен күрестегі шынайы қаруы болып саналады, жедел-іздестіру жұмыстарының қызметкерін тапсырылған міндеттерді шешуде творчестволық түрде ойлануға мәжбүр етеді.

Тексеру тергеу жұмысы сияқты ашық түрде, мәжбүрлеу түрінде жүргізіледі, және жазбаша мен заттық айғақ болатын қылмыстың құралдары және іздерді табу, жер участоктерін, тұрғын үй, қызметтік және басқа да ғимараттарды тексеруге ғана арналған емес, сонымен қатар қылмыстық істің мәліметтеріне қосу мақсатында, нақты бір объектіні алу үшін де жүргізіледі. Ол ҚР ҚІЖК сәйкес тергеушінің дәлелді қаулысы бойынша өткізіледі.

11.2 Жедел іздестіру арнаулы шараларын жүргізудегі құқық қорғау органдарының құқықтары

Осы Заңның **11-бабының 2-тармағында** көрсетілген жедел-іздестіру шараларын өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар жүргізеді және бұл шаралар олардың құзыреті шегінде шектеледі. Ішкі істер органдары осы Заңның 11-бабының 2-тармағында тізіп көрсетілген жедел-іздестіру шараларын қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша жүзеге асыруға құқылы.

Осы Заңның **11-бабының 3-тармағында** көрсетілген жедел-іздестіру шараларын:

а) ішкі істер, қаржы полициясы және кеден органдары - сотталғандардың хат-хабарларын цензуралау; посылка және бандероль түрінде почта жөнелтілімдеріне бақылау жасау; бейне -, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламаларды алып тастау; байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру;

б) ұлттық қауіпсіздік органдары - почта жөнелтілімдерін бақылау; байла-ныс желілеріндегі жедел іздестіру; бейне - аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден және өзге техникалық құралдардан хабарламаларды алып тастау, байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және жайларға, үйлерге, ғимараттарға жер учаскелеріне, көлік және өз-ге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру;

в) жедел қамтамасыз ету объектілерінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлауы мен Президенттің Күзет қызметін байқау, соның ішінде арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), материалдар мен заттарды пайдалана отырып байқау; тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер учаскелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексеру; бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдардан хабарламаларды алып тастау ісін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Қорғаныс министрлігінің әскери барлау, қаржы полициясы, кеден органдары мен Президентінің Күзет қызметі қажет болған жағдайда осы Заңның **11-бабының** 3-тармағында көрсетілген арнаулы шараларды ұйымдастыру мен жүргізуде өзара жәрдемдесуге міндетті.

Ішкі істер органдарының құқықтары:

1. Сотталғандардың хат-хабарын цензуралау.
2. Пошта жөнелтімдерін бақылау.
3. Телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау.
4. Арнаулы техникалық құралдары пайдалану.
5. Тұрғын үйге және басқа жайларға кіру.
6. Байланыстың пошта, телеграф, арналарында сыртқы белгілері бойынша іздеулер.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1. Пошта жөнелтімдерін бақылау.
2. Байланыстың пошта, телеграф, арналарында сыртқы белгілері бойынша іздеулер.
3. Телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау.
4. Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламалар алу.
5. Бақылау, оның ішінде бейне, аудио техникаларды пайдалану жолымен, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін заттарды, материалдарды пайдалана отырып бақылау.
6. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер участкесіне және өзге техникалық құралдарға кіру.

Әскери барлау, Президенттің күзет қызметі, Кеден органдары:

1. Бақылау, оның ішінде бейне, аудио техникаларды пайдалану жолымен қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін заттарды, материалдарды пайдалана отырып бақылау.
2. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер участкесіне және өзге техникалық құралдарға кіру.
3. Телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау.
4. Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламалар алу.

Жедел іздестіру қызметін жүргізу құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне емес, тек арнаулы бөлімдер мен қызметкерге жүктеледі. Жедел-іздестіру қызметі мен шараларын жүргізуге құқы бар қызметкерлерді құқық қорғау органдарының басшылары тағайындап белгілейді.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Арнаулы ЖІШ-на түсінік беріңіз?
2. Арнаулы ЖІШ-ның түрлерін атаңыз?
3. Сотталғандардың хат-хабарын цензуралаудың маңызына тоқталыңыз?
4. ҚР қылмыстық атқару құқығының 86-бабы 2-тармағының мазмұнын атаңыз?
5. Пошта жөнелтімдерін бақылау мәселесін түсіндіріңіз?
6. Байланыс желілеріндегі жедел-іздеудің маңызын атап өтіңіз?
7. Телефон және өзге де сөйлесулерді тыңдау қажеттілігінің маңызын көрсетіңіз?

8. Бейне-аудио техникаларды немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау, жазып алу, мәліметтер жинау мәселесіне түсінік беріңіз?

9. Арнаулы техникалық құралдарды (дыбыс-бейне жазбаларды, кино-сурет түсірілімдерін және басқа техникалық құралдарды), жеке адамның өміріне, денсаулығына және айналадағы ортаға зиянын тигізбейтін заттарды және материалдарды пайдалана отырып байқау туралы түсіндіріңіз?

10. Тұрғын және басқа жайларға, үйлерге, ғимараттарға, жер участкелеріне, көлік және өзге техникалық құралдарға кіру және оларды тексерудің қажеттілігі неде?

Тест сұрақтары

1. Арнаулы ЖІШ-да қандай заңмен кепілдік берілген құқыққа қол сұғылады:

- А) Конституциялық
- В) Заңдармен
- С) Қылмыстық заңмен
- Д) Азаматтық заңмен
- Е) Әкімшілік заңмен

2. Арнаулы ЖІШ-сы шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқтарға да әсерін тигізе ме:

- А) Тигізеді
- В) Тигізбейді
- С) Әсері жоқ
- Д) Қатысты емес
- Е) Ол туралы айтылмаған

3. Сотталғандардың хат- хабарын цензураалаудың мақсаты не:

- А) Құқық бұзушылықтың алдын алу
- В) Тәртіпте ұстау
- С) Бұрыннан орын алған мәселе
- Д) Дұрыс жүруін қадағалау
- Е) Заң талабы

4. Хат- хабарды цензураалау туралы сотталушылар ескертіле ме?

- А) Ескертіледі
- С) Ескертілмейді
- Д) Өзі білуі тиіс
- Е) Сотталған адам болғандықтан түсінеді

5. Пошта жөнелтімдерін бақылау қандай хат-хабарлар жөнінде орын алады:

- А) Кірген және шыққан
- В) Кездескенге байланысты
- С) Тек кірген
- Д) Тек шыққан
- Е) Арнаулы мәселеде

6. Егер заңмен шек қойылған мәселе болса кімнің рұқсатымен жүзеге асырылады?

- A) Прокурордың
- B) Соттың
- C) Әкімшіліктің
- D) Жедел өкілдің
- E) Арнаулы өкілдің

7. Хат- хабар ұсталғанда, оның мазмұнынан ізделеді:

- A) Құқыққа қарсы іс- әрекеттер бар - жоғы
- B) Жала жабу мәселесі
- C) Құпия мәлімет
- D) Әкімшілікке көз қарасы
- E) Арыз- шағым

8. Сөйлесулерді тыңдау ҚІЖК-не көрсетілген бе:

- A) Иә, 237- бабында
- B) Жоқ көрсетілмеген
- C) Атап айтылмаған
- D) ҚІЖК-нің қатысы жоқ
- E) Қылмыстық құқықта көрсетілген

9. Хабарды жол-жөнекей ұстау туралы ҚІЖК-мен реттелген бе:

- A) Иә, 236- бабымен
- B) Реттелмеген
- C) ҚІЖК-не қатысы жоқ
- D) Бұл құпия іс -әрекет
- E) Ведомоствалық нормативпен реттелген

10. Кезек күттірмейтін жағдайда сөйлесуді тыңдау қалай іске асырылады:

- A) Тергеушінің қаулысымен және 24 сағат ішінде прокурорға хабарлау жолымен іске асырылады
- B) Ондай тәсіл көрсетілмеген
- C) Бастықтың рұқсатымен
- D) Міндетті түрде прокурорды ескертіп
- E) Уәкілетті өкіл өзі біледі

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің оперативтік жағдайлары

Сұрақтары:

12.1 Жедел- іздестіру қызметінің оперативтік - жағдайлары түсінігі

12.2 Оперативтік жағдайдың маңызы мен элементтері

12.3 Оперативтік жағдайды танып - білудің әдістемесі

12.1 Жедел- іздестіру қызметінің оперативтік жағдайлары түсінігі

Жедел- іздестіру қызметін іске асырушы органдар үшін, өзі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аудандар, аймақтардағы құқық бұзушылыққа байланысты туындайтын жағдайларды дер кезінде сезіп білудің маңызы зор. Себебі, кез келген ортада, белгілі бір мән- жайлардың әсерінен қоғам-ға пайдалы немесе пайдасыз оқиғалар орын алады. Олар саяси, экономикалық, экологиялық, әскери- стратегиялық, демографияға байланысты немесе қылмыстың белгілі бір түрінің өсуі, ұйымдасқан топтар пайда болып, қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіруі сияқтылар болады.

Жедел-іздестіру қызметкері осы ортада өмір сүреді және өзінің күнде-лікті қызметтік жағдайларында олармен кездесіп отырады және соған сәйкес оны танып - біліп дер кезінде шара қолдана алуы тиіс.

Негізінен жедел-іздестіру шараларын қолдану, орын алған немесе орын алуы мүмкін құқық бұзушылық жағдайларына байланысты туындап өрбиді. Сондықтан, жедел-іздестіру қызметі қызметкері, өз аумағында, өзіне жүктелген міндетті іске асыру үшін, құқықбұзушылыққа байланысты туындайтын жағдайларды тұрақты түрде қадағалап, жедел-іздестіру шараларын іске асыра алуы тиіс. Ол бақылау, болжау, талдау, синтез, индукция, дедукция тағы басқа тәсілдерді қолдану негізінде іске асырылады.

Мысалы бақылау, адамдардың іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, жеке оқиғаларға, құбылыстарға баға беру, оның себебін анықтау, болжамдар жасау, салыстыру тағы басқалар негізінде іске асырылады.

Жедел-іздестіру жағдайлары ол-белгілі бір аумақтағы құқық бұзушылық-қа әсер ететін фактілер мен жағдайларды сипаттайтын және жедел-іздестіру процесінің туындауына ықпал ететін мән-жайлар.

Оларды анықтауға көптеген ғылымдардың атап айтқанда: криминалистиканың, құқықтық хабардың, криминалистикалық тактика мен әдісте-менің, психологияның, ұйымдық, кадрлық құрылымдардың тигізер әсері көп.

12.2 Оперативтік жағдайдың маңызы мен элементтері

Құқық бұзушылық туындайтын жағдайлар белгілі бір учаскеде, ауданда, аймақта, мемлекетте, дүние жүзінде тағы басқаларда орын алған немесе алады деп қарастыруға болады. Оның барлығы белгілі бір уақытқа, орынға, қылмыс жасау тәсіліне, қылмыстың криминалистикалық түріне, тағы басқаларға байланысты туындайды. Белгілі бір орынсыз, уақыт пен жағдайларға байланыссыз ол орын алмайды.

Бұдан басқа құқық бұзушылық жағдайлары қатып қалған дүние емес, ол тұрақты түрде дамып, өзгеріп, құбылып тұратын нәрсе. Сонықтан, оны сипаттау белгілі бір кезеңге және уақытқа тән нәрсе. Олар бір – біріне қарсы тұратын элементтерден, тұлғалардан, тағы басқалардан туындайды және оған белгілі бір себептер мен жағдайлар өз әсерін тигізетін құбылыс.

Құқық бұзушылыққа байланысты **жедел-іздістіру оперативтік жағдайлары дегеніміз** ол-белгілі бір уақытта, нақты учаскеде, объектіде, терри-торияда құқық бұзушылыққа әсер ететін фактілер мен жағдайларды сипат-тайтын және жедел- іздестіру процесінің туындауына ықпал ететін мән- жайлар.

Белгілі бір учаскедегі оперативті жағдайды нықты білу және оны жан-жақты қарап түсінудің маңызы мыналарда:

1.Кәсіби ойластырылып, сауатты жасалған жедел- іздестіру шарасы тиімділігінің жоғары дәрежеде болуын;

2.Жедел- іздестіру қызметіне қатысушы тұлғалардың құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3.Жедел-іздістіру қызметі алдына қойылған тапсырманы мүлтіксіз шешу;

4.Жедел- іздестіру шарасына қатысушы орган бөлімдеріне қойылатын талаптар мен қауіпсіздігіне байланысты шараларды дер кезінде ұйымдас-тыру;

Жедел- іздестіру шарасы жағдайларына өз әсерлерін тигізетін фактор-лар, шарттар мен жағдайлар көп түрлі болып келеді. Олардың барлығы жедел іздестіру қызметінің барлау, қарсы барлау, қылмыстық және әкім-шілік іздестіру бағыттарына байланысты және мемлекеттер немесе аумақ-тардың өздеріне ғана тән ерекшеліктеріне, шешілуге жататын тапсырмалар түріне жағдайларына байланысты болып келеді, олар:

1. Әртүрлі құқық бұзушылыққа барған және Қазақстан Республикасының заңдарына қарсы іс-әрекет жүргізуші жеке тұлғалар, ұйымдар, мекемелер;

2. Жедел-іздістіру хабарларын иеленуші және онымен тұрақты қатынас-тағы тұлға;

3. Жедел іздестіру жөніндегі маңызды хабарды иеленуші тұлға;

4. Оларға қатысты барлау іс-әрекеті жүргізілетін, барлауды қызықтыра-тын мемлекеттік ведомстволар, мекемелер, фирмалар, шет елдердің арнаулы қызметі;

5. Жедел-ізвестіру қызметінің объектілеріне өзінің қоғамдық тағы басқа лауазымдық қызметіне байланысты ықпал ету тетігі қолында тұрған тұлға;

6. Ізвестірілуде жүрген құжаттар, заттар және тұлғалар;

7. Мемлекеттік құпиялар, адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін мәліметтерге жіберу туралы мәселе қаралып жатқан тұлға;

8. Жедел-ізвестіру қызметіне және оны жүргізу нәтижесінде алынған материалдарына жіберілетін құқық қорғау және арнаулы қызмет органдарының қызметкерлері;

9. Жедел-ізвестіру қызметін жүргізуші органдардың құпия көмекшілері.

10. Барлау мәліметтерін табу және мемлекеттік органның сыртқы саясаты мен экономикалық қызметіне, сыртқы экономикалық потенциалы мен қорғану мүмкіндігіне ықпал ету;

11. Мемлекеттегі саяси тұрақтылық, экономикалық потенциал мен қорғану мүмкіндігін бекіту мен Қазақстан Республикасына сырттан қауіп төндіретін барлау және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекетте мемлекет басшылығына көмек көрсету;

12. Мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін, мемлекеттік құрылысты, қоғам тұрақтылығы, халықтың амандығын, келісіммен өмір сүру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

13. Президенттің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

14. Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

15. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтердің сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тағы басқалар, яғни танымдық процесс пен жаңғыру мен өзгерістерге жататын мән-жайлардағы қызметті қамти алу. Көп жағдайларда олар қарсыластар түрінде танып білінеді, бірақ оларды жоғарыдағылардың бір элементі деп қана түсінген дұрыс.

Екінші жағдайда, оған қатысушы күш пен құралдар екінші элементі ретінде көрінді, оның өзінде де тікелей шара мен операцияға қатысушылар ғана танылады.

Үшінші жағдайда, оның элементтері ретінде саяси, экономикалық ұлтаралық және басқа да қатынастар танылады. Оларды сипаттаушы ретінде әр түрлі деңгейдегі элементтік топтардың қарым-қатынасы танылады. Бұлар елді мекендерде, аймақтарда, аудандардағы қылмыстық жағдайларға байланысты орын алады және осыларға байланысты құқық бұзушылық жағдайлары ескеріледі.

12.3 Оперативтік жағдайды зерттеп, танып - білудің әдістемесі

Жедел-іздістіру қызметінің маңызды бағытының бірі, әр аумақтағы, участкадегі, белгілі бір объектілер бағытындағы жедел (оперативтік) жағдайды тұрақты түрде зерттеп, танып- біліп отыру. Ол үшін сол жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның және онымен ынтымақтастықта өз күзіреті шегінде қызмет атқаратын органдарды, сол сияқты ашық және жасырын түрде немесе ресми және ресми емес түрде алынатын хабар көздері пайдаланылады.

Жедел (оперативтік) жағдайды зерттеп, танып-білу әдістемесі дегеніміз жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырудағы және оның алдына қойылған тапсырмаларды шешуге өз жиынтығында ықпал етуші объективті факторлардан жинақталатын, пысықтаушы, шартты түрдегі таным процесі. Оны екі этап құрайды:

1.Құқық қорғау органына қажетті бағыттағы жедел (оперативтік) жағдай туралы хабарды табу мен алу;

2.Жедел-іздістіру қызметіне қатысты табылған және алынған мәліметтерге талдау жасау, топтастырып жинақтау және баға беру;

Қоршаған ортада ашық түрде орын алып жатқан хабарлардың қылмыстық элементтері, жедел-іздістіру қызметінің құпия арнаулы күш, құралдары, әдістемелері арқылы анықталады және талдау мен бағалауға жатады. Демек, жедел-іздістіру қызметіне қатысты жедел (оперативтік) жағдайлардың барлық бағыттағы табылған және алынған мәліметтері қай бағытқа қатысты екені анықталып, оның әр элементі талданады және баға беріледі. Одан кейін олар жинақталып белгілі бір бағыттағы құқық бұзушылық жағдайы туралы мәліметтер береді. Соның негізінде, белгілі бір участкаге, аймаққа, ауданға қатысты қылмыспен күрес жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Жедел(оперативтік) жағдайды зерттеп, танып- білу мына талаптарға сай болуы керек, олар:

1.Табандылық пен тұрақтылық жағдайында орын алуы. Ол дегеніміз жедел(оперативтік) жағдайды жалпы зерттеу емес, олармен күресудегі әлсіз жерін дөп басып, соған сәйкес жедел- іздістіру қызметінің онымен күресуге сәйкес келетін формасы мен әдістемесін қолдану. Бұл нәтижеге табандылық пен тұрақты, қажымай- талмай іс-әрекет жүргізудің нәтижесінде қол жеткізуге болады. Себебі, оперативтік жағдай үнемі өзгеріп тұрады, ал оны өткізіп алу оперативтік жағдайдың нақты картинасын дәл мағынасында көрсетіп бере алмау мән-жайларына соқтырады және оларды топтастырып талдауда қателіктерге ұрындырады.

2.Жоспарлы және ұйымдасқан түрде іске асырылуы. Әр участка, аудан, аймақ, мемлекет туралы оперативтік жағдай жедел-іздістіру қызметін іске асырушы органдар, олардың қызметкерлері арқылы жүргізіледі. Олардың орталық апараттарында, оперативтік жағдайлар

туралы мәліметтер жинақталып, әр сала, құқық бұзушылық түрі тағы басқалар бойынша топтастырылып жинақталады және талданып, зерттеліп, бағалануға жатады. Осылардың негізінде әр бағыттағы құқық бұзушылықпен күрес туралы нұсқамалар, ережелер жасалып, олармен күресудің тиімді жолдары қарастырылып өздеріне бағынышты құрылымдарға жіберіледі. Оларда болашақтағы болуы мүмкін мән-жайларға болжамдар жасалып көрсетіледі. Осыларға сәйкес әр бөлім, бөлімшелер өздерінің нақты жоспарларын құрып, сол жоспар негізінде жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырады. Әрине, бұл жерде олар өз аумағындағы ерекшеліктерді еске ала отырып жұмыс жоспарын құрады.

3. Құпиялылықты сақтау. Тәжірибе көрсеткендей, құқық бұзушылыққа қатыс-ты көптеген мәліметтер, хабарлар ашық түрде орын алады. Мысалы, ақпа-рат құралдары, арыздар, құжаттар, анықтамалар тағы басқа түрлерінде. Олар міндетті түрде егер қылмысқа байланысты болса, қылмыстық іс- жүргізу кодексінің талаптарына сай тексерілуге жатады.

Сонымен қатар, көптеген құқық бұзушылық объектілері өздерінің іс-әрекеттерін жасырын түрде жасауға тырысады. Осыларға қарсы күресте және олардың әр қадамын анықтауда жедел-іздестіру шаралары құпия түрде жүргізіліп, өзінің алдыға қойған тапсырмаларын орындайды. Міне, осы іс-шаралар құпиялылықты талап етеді.

Оперативтік жағдай ылғи да өзгерісте болып отырады. Сондықтан, жи-налған мәліметтер мен хабарлар уақыт өте келе ескіруі мүмкін. Осы мәселеге байланысты алынатын мәліметтер мен хабарлардың болашаққа болжам жасауға мүмкіндік беретін жақтарына көп көңіл бөлінеді.

Оперативтік жағдайдың өзгеруі туралы болжам негізінен әр кезеңдегі орын алған мән- жайға байланысты болады және соның негізінде өзгереді. Бірақ, оның алдағы оперативтік жағдайдан өзгеше ерекшелігі орын алады.

Оперативтік жағдайға болжам жасаудың маңызы мынада: оқиғаны өрбітетін белгілі бір заңдылықтардың орын алуы, оған әсер ететін объективтік және субъективтік факторлардың болуы, міне осыларға қарсы тұра алатын варианттар болжамда орын алуы тиіс.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалары мен сұрақтары

1. ЖІҚ-нің оперативтік жағдайлары түсінігіне тоқталыңыз.
2. ЖІҚ-нің оперативтік жағдайына анықтама беріңіз.
3. ЖІҚ-і оперативтік жағдайын әсер ететін факторларды атаңыз.
4. Оперативтік жағдайды танып – білу дегеніміз не?
5. Оперативтік жағдайды танып- білу талаптарын атаңыз.
6. Оперативтік жағдайдағы болжамға тоқталыңыз.

Тест сұрақтары

1. Оперативтік жағдай қалай бақыланып отыруы тиіс:

- A) Тұрақты
- B) Жағдайға байланысты
- C) Тұрақсыз
- D) Бұйрыққа байланысты
- E) Қылмысқа байланысты

2. Оперативтік жағдайлар қай жерлерде туындайды:

- A) Белгілі бір участкада, ауданда, аймақты, мемлекетте
- B) Үйдің ішінде
- C) Сыртта
- D) Көшеде
- E) Аулада

3. Оперативтік жағдайды анықтаудың маңызы неде:

- A) Қылмыстылықтың әлсіз жерін дөп басу
- B) Онымен күресу
- C) Айғақты анықтау
- D) Қылмысты ашу
- E) Күресу тәсілі

4. Оперативтік жағдайлар туралы хабарлар, мәліметтер қандай аппаратта жинақталады:

- A) Орталық аппаратта
- B) Жергілікті жерде
- C) Әкімдерде
- D) Маслихатта
- E) Атқару орындарында

5. Орталық аппараттың оперативтік жағдайларға байланысты іс-әрекеті:

- A) Нұсқаулар, ережелер т.б. шығарып тарату
- B) Күресті күшейту
- C) Өз қызметкерлерін жіберу
- D) Бұйрықтар шығару
- E) Топ құру

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Жедел-ізвестіру қызметі функциясының түрлері

Сұрақтар:

13.1 Жедел - ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясының түрлері, саралануы және мазмұны

13.2 Жедел- ізвестіру қызметінің арнаулы функциясы түрлері, саралану және мазмұны

13.1 Жедел - ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясы түрлері, саралануы және мазмұны

Жедел-ізвестіру қызметі өзінің алдына қойылған: қылмысты анықтау, алдын-алу, жолын кесу, ашу іздеу тағы басқалар, сол сияқты қолданылатын күш пен құралына, яғни жедел-техника, жедел- ізвестіру, жедел- хабарларды талдау сияқты алдына қойылған тапсырмаларды шешуіне байланысты сараланады. Бірақ, оның теориясында жедел-ізвестіру қызметінің түрлері көрсетілмей, 4- тарауда айтылған функциялары ғана аталған. Жедел-ізвестіру қызметінің әр тапсырмасы өзінің атқаратын функциясына сәйкес белгілі бір жедел-ізвестіру түрлері арқылы іске асырылады. Осы түрлер оның атқаратын тапсырмасының мазмұнына сәйкес келеді.

Жедел - ізвестіру қызметінің түрлері ол, бір немесе бірнеше тапсырмаларды шешуге бағытталған және өзіне ғана тән әдістемесімен сипатталатын, жедел-ізвестіру қызметінің өз ішінен бөлектенетін жекеленген түрлері.

Жедел-ізвестіру қызметінің функцияларына сәйкес, ол атқаратын қызметіне байланысты құқық қорғау немесе арнаулы функцияларының түрлеріне бөлінеді.

Жедел-ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясы негізінен қылмыс-ты ашу, сақтандыру, алдын-алу мен ашуға бағытталған. Сол сияқты, ол хабар-ошарсыз кеткендерді, анықтау, тергеу және сот органдарынан қашып жүргендерді іздеп табу болып танылады. Осыларға сәйкес, құқық қорғау функциясы төмендегі түрлерге бөлініп сараланады:

1. Құқыққа қарсы іс-әрекеттерді анықтау;
2. Құқыққа қарсы іс-әрекеттерден сақтандыру;
3. Құқыққа қарсы іс-әрекеттердің жолын кесу;
4. Қылмысты ашу;
5. Ізвестіру;

Жоғарыда көрсетілгендерді бөлек-бөлек төмендегідей саралап көрсетуге болады:

1. Құқыққа қарсы іс-әрекеттерді анықтау. Ол Қазақстан Республикасы қылмыстық немесе әкімшілік заңдарымен тыйым салынған және

оны істегені үшін жауапкершілік көзделген құқық бұзушылыққа дайындалғаны, оны іске асырғаны туралы анықталған тұлғалар мен ұйымдардың немесе анықталмағандардың іс-әрекеттері туралы хабарлар алу, оны талдау, бағалау, тексеру жөніндегі құқық қорғау функциясының сараланған түрі.

Оның **мақсаты** дайындалып жатқан немесе орын алған құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы нақты хабар алу.

Анықтаудың **міндеті** мыналар болып келеді:

1. Құқық бұзушылыққа бағытталған кез келген ниетті анықтау;
2. Құқық бұзушылықтың қайнар көзін анықтау;
3. Жасалайын деп жатқан, немесе жасалған қылмыстар жөнінде хабарлар алу және оны тексеру;
4. Жасалған құқық бұзушылық туралы хабарды талдау және бағалау, сол арқылы қылмыстың жасалғаны немесе жасалмағаны туралы болжамдар жасау;

Аталған мән-жайларды анықтау құралдары болып құпия көмекшілер, жедел-іздеу, жедел-техникалық құралдар, ақпарат көздері тағы басқалар танылады. Олар ресми, яғни арыздар, ақпарат құралдарында жарияланғандар болса, ресми емес сенім телефондары арқылы да іске асырылуы мүмкін. Негізінен олар фактілер, яғни заттар, құжаттар, мәліметтер түрінде көрінеді, немесе құқық бұзушылықты көрсететін негізгі немесе қосымша белгілері арқылы танылады.

Негізгі белгілері болып әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық элементтері арқылы көрінсе, қосымша белгілері, яғни тікелей емес, мысалы, аяқ астынан бағалы заттардың пайда болуы, қызмет жағдайына сәйкес келмейтін фактілер тағы басқалар болып келеді. Оларды құқық бұзушылыққа қатыстылығы, нақтылығы, өз уақтысында анықталғандығы, қажеттілігі мен толықтығы жөнінен бағалауға болады. Осылардың негізінде жедел-іздігіру қызметінің болжамдары туындайды.

Жедел-іздігіру қызметінің болжамы дегеніміз, жедел-іздігіру қызметі процесіне сәкес, құқық бұзушылыққа байланысты зерттелуге жататын фактілер, құбылыстар және солар туралы жорамал. Ол шындыққа сәйкес, зерттелетін мәселеге қатысты болуы тиіс. Болжамды жалпы және жеке деп екіге бөлуге болады.

Жалпы болжам зерттелетін мән-жайды жалпы қамтиды, ол болашақта болуы да мүмкін және әртүрлі вариантта орын алады.

Жеке болжам ол қолдағы бар қылмысқа қатысты материал негізінде белгілі бір фактіге, белгілерге, оқиға элементтеріне бағытталуы мүмкін.

Аталған болжамдарды тексеру арқылы хабарда көрсетілген мән-жайдың орын алғаны, немесе іске қатыстылығы жоқ екені тексеріледі.

2. Құқыққа қарсы іс - әрекеттерден сақтандыру, бұл құқық бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған жедел-іздігіру қызметінің

құқық қорғау функциясының бір түрі болып танылады. Ол мыналардан тұрады:

1. Қылмыстылықтың себебі мен салдарын және оны жасауға ықпал ететін жағдайлардың жалпы және арнаулы сипаттағы мәселелеріне бағытталған шаралар жүйесі.

2. Қылмыс жасау туралы ниеті бар, немесе құқық бұзушылыққа дайын-далып жүрген тұлғаларға, оларды қылмыс жасаудан бас тартуға ықпал ететін жедел- іздестіру шаралары.

Сақтандыру шарасы дегенде тек қана жедел - іздестіру қызметін жүргізуге құқы бар органдардың арнаулы сақтандыру шарасы танылады, олардың өзі мазмұны жағынан құпия орын алуы мүмкін.

Бұлардан басқа жедел- іздестіру қызметін жүргізуші органдарды қоса алғанда, мекемелер, ұйымдар, мемлекеттік органдар өз құзреттері шегінде, қылмыстылықты тудыратын себептер мен салдарлардың алдын алу, оның ошағын жою үшін және тәрбиелік бағыттардағы **жалпы мемлекеттік сақтандыру** қызметін жүргізеді. Ал, жедел-іздестіру қызметі жалпы сақ-тандыру шарасына қатысуға және оның тиімділігін арттыру үшін, заңды жетілдіру ұсыныстарын ұсынады, осы мақсатта мекемелер мен ұйымдарға да арнаулы режимдерді сақтау мен бақылау мақсатында тиімді жолдарды таңдауына ықпал етеді. Сол сияқты, басқа да тәрбиелік және құқықтық мәдениет саласында ақпарат басылымдары арқылы жалпы сақтандыру мәселелері жөнінде сөз қозғайды. Оның мақсаты өз мезгілінде құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесуге байланысты психологиялық ықпал ету.

Сақтандыру құралдары ретінде құпия көмекшілер апараты, жедел-іздестіру қызметінің құралдары, жедел-техникалық құралдар, ақпарат құралдары пайдаланылады.

Сақтандыру әдістемесі ретінде: қылмыс жасауға ниеттенген адамдарды ол ниетінен өз еркімен бас тартуға бейімдеу; қылмыс жасауға ұмтылуының алдын-алу, тұлғаны қылмыс жасау мүмкіндігінен айыру, тұлғаға қарсы қылмыстың алдын - алу шараларын жүргізу. Жедел-іздестіру қызметін атқаратын тұлға, бұл іс-әрекеттің көбісін « ҚР мемлекеттік құпия туралы» Заңына сәйкес құпия атқарады.

3. Құқыққа қарсы іс- әрекеттердің жолын кесу шарасы- дегеніміз жедел- іздестіру, қылмыстық- процессуалдық және әкімшілік- құқықтық шаралар негізінде, тұлға мен ұйымдарды құқық бұзушылық іс-әрекеттен бас тартуға мәжбүрлеу бағытында қолданылатын және күш қолдану арқылы тоқтататын жедел- іздестіру қызметінің құқық қорғау функциясының бір түрі.

Ол ашық немесе жасырын түрде орын алады және нақты қылмыс жасауға бағытталған іс-әрекеттер немесе қылмыс жасаған тұлғалар мен ұйымдар жөнінде іске асырылады.

Қылмыстық іс-әрекеттің жолын кесу шаралары жедел- іздестіру болып танылады да, ол арнаулыға жатады және қылмыстық- процесуалдық және әкімшілік құқықтық болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодекісінің 177-бабына сәйкес оның негіздеріне мыналар жатады:

1. Азаматтардың арызы;
2. Кінәсін мойындап келу;
3. Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы;
4. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;
5. Лауазымды адамдардың және қылмыстық іс қозғауға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы;
6. Қылмыстық іс қозғауға қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән- жайлар болмай, қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы.

Шара қолдану негіздері болып нақты тұлға немесе ұйымның құқық бұзушылығы туралы хабарлар немесе мәліметтер танылады.

Құқық бұзушылықтың жолын кесу шарасы ашық немесе жасырын түр-де іске асырылады.

Ашық шара ретінде қылмыстық-процесуалдық немесе әкімшілік құқықтық шаралар мен ресми түрдегі әшкерелеулер жатады. Олар жедел- іздестіру қызметінің жасырын іс-әрекеті нәтижесінде алынған материалдар негізінде жүзеге асырылады.

4.Әкімшілік - құқықтық мәжбүрлеу шарасы

Құқықтық мәжбүрлеу шаралары билік өкілеттіліктері бар органдардың қызметінің салаларында кеңінен қолданылады. Мұндағы құқықтық мәжбүрлеу дегеніміз тұлғаға, оның жүріс-тұрысына әсер ету арқылы оның еркін шектеу.

Құқықтық мәжбүрлеу құқық қолданушылық, құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқық нормаларымен қоғамдық құқықтық және бір бөлігінде тәртіптік мәжбүрлеу шаралары реттеледі.

Әкімшілік мәжбүрлеу-ол мемлекеттік құқықтық мәжбүрлеудің бір түрі ретінде көрініс табады. Әкімшілік мәжбүрлеу толығымен осы құқық саласымен реттеледі. Сонымен қатар, әкімшілік мәжбүрлеу басқа да құқық салаларының нормаларын да қамтиды, айталық, азаматтық, қаржылық, таукен, еңбек және т.б.

Әкімшілік құқық нормаларымен қоғамдық-құқықтық және жеке тәртіптік мәжбүрлеу реттеледі.

Әкімшілік заңмен жауаптылықтың келесі түрлері реттеледі:

- азаматтардың әкімшілік жауаптылығы;
- ұйымдардың әкімшілік жауаптылығы;
- милитаризацияланған қызметкерлердің әкімшілік жауаптылығы;

- әскери қызметкерлердің, ПО қызметкерлерінің материалдық жауаптылығы.

Превентивтік функцияларды атқара келе әкімшілік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушыларға қатысты да, сондай-ақ әлі құқық бұзушылық жасамаған, бірақ соған баруы мүмкін тұлғаларға да қатысты қолданыла алады.

Алайда оның өзіне тән ерекшеліктері де болады, айталық:

- әкімшілік мәжбүрлеу әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі және әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу болып табылады;
- оны қолданатын субъектілердің көптігімен сипатталады;
- қоғамдық қауіпсіздікті қорғаудың құралы және кепілі болып табылады;
- превентивтік қызметті атқарады;
- әкімшілік мәжбүрлеу тікелей қызметтік бағыныстылықта емес тұлғаларға қатысты қолданылады.

Әкімшілік ескерту шаралары дегеніміз құқық бұзушылықтардың алдын алуына, қоғамдық тәртіпті сақтауға, азаматтардың қауіпсіздігін қорғауға, мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қалыпты қызметін сақтауға бағытталған шаралардың жиынтығы.

Тәртіптік-құқықтық мәжбүрлеу мемлекеттік мәжбүрлеудің бір түрі болып табылады және оған осы атқару билігін жүзеге асырудың бір әдісі ретіндегі мемлекеттік мәжбүрлеудің барлық белгілері тән.

Тәртіптік-құқықтық мәжбүрлеуді қолданудың негізі ретінде қызметкерлермен құқыққа қайшы және кінәлі түрде оларға жүктелген міндеттемелерді орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін, лауазымдық өкілеттікті теріс пайдаланғаны үшін, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сондай-ақ заңмен белгіленген мемлекеттік және өзге де қызметте болумен байланысты шектеулерді бұзатын тәртіптік құқық бұзушылық танылады.

Әкімшілік ескерту дегеніміз құқыққа қайшы әрекеттерді ескерту мен тоқтатуға, олардың қайталануының алдын алуына бағытталған атқару билік органдарының мәжбүрлеу қызметі.

Әкімшілік ескерту шараларын қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар:

-біріншіден, ескертуді қолданудың фактілі негізі болып құқықбұзушылық танылады, алайда, бұл шараларды қолдану негіздерінің шеңбері әкімшілік жауаптылыққа қарағанда кеңірек болады;

-екіншіден, әкімшілік бұлтартпау шаралары қолданыла алатын субъектілер шеңбері әкімшілік жауаптылық қолданылатын субъектілер шеңберінен кеңірек болады.

-үшіншіден, әкімшілік бұлтартпау шаралары кінәлінің жауаптылығын жоғарылататын оқиғалардың алдын алуына мүмкіндік береді;

-төртіншіден, бұлтартпау шаралары азаматтардың жеке тиіспеушілігіне қол сұға алады;

-бесіншіден, бұлтартпау шараларын қолданудың тәртібі мен негізін реттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық актінің болмауымен сипатталады. Әсер ету

мақсаттары бойынша әкімшілік ескерту шараларын жалпы, арнайы және процессуалдық деп бөлуге болады.

Ескертудің жалпы түрлеріне әкімшілік ұстауды, бас бостандығынан айыру, орнынан оралғандарға әкімшілік қадағалау, заңсыз сақталатын, тасымал-данатын заттарды алу сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Ескертудің арнайы шаралары құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және жедел тоқтатуға бағытталған. Мысалы, жай күш қолдану құралдары, атыс қаруын қолдану және т.б.

Процессуалдық ескерту шаралары ӘҚБК 252,253,257,258, 259, 259-1 баптарында көрініс тапты.

Бұлтартпау шараларын қолдану барысында заңдылық, тиімділік, зиянның мөлшерін азайту сияқты қағидалар сақталуы тиіс

Әкімшілік бұлтартпау шараларының түрлері ӘҚБТКпен және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Бұл шаралардың қатарына келесілер жатады:

- азаматтарды әкімшілік ұстау;
 - атыс қаруын және т.б. құралдарды, күш қолдану;
 - бас бостандығынан айыру орындарынан оралғандарға қадағалау жүргізу;
 - мәжбүрлеп емдеу;
 - жеке қарау, заттар мен құжаттарды қарау мен алу;
- жұмыстан уақытша шеттету.

6. Қылмыстық - процессуалдық мәжбүрлеу шарасы

Қылмыстық – процессуалдық шара Қазақстан Республикасы қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 18- тарауында қаралып өз көріністерін тапқан, олар осы Кодекстің 139- бабында былай деп көрсетілген: Айыпталушы анықтаудан, алдын-ала тергеуден немесе соттан жасырынады, не істі сотта объективті зерттеуге және талдауға бөгет жасайды немесе қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп ойлауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай - ақ үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган өз өкілеттігі шегінде, ол адамға осы Кодекстің 140- бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолда-натындығы айтылған.

Қылмыстық - іс жүргізу кодексінің 140- бапына сәйкес олар мынандай түрлерімен көрінеді:

1. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қол қойдыру;
2. Жеке кепілдік беру;
3. Әскери қызметшіні әскери бөлім командованиесінің бақылауына беру;
4. Кәмелетке толмағанды қарауға беру;
5. Кепіл болу;
6. Үйде қамауда ұстау;
7. Қамау болып табылады;

Бұл шаралар жөнінде Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69-бабында мынандай түсіндірме берілген: Айыпталушы - ол өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай - ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады. Іс бойынша басты сот талқылауы тағайындалған айыпталушы,- сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы,- сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы,- ақталушы деп танылатыны көрсетілген [3].

Сезікті жөнінде мәжбүрлеу шарасын қолдану осы Кодекстің 142-бабында былай айтылған: Сезіктіге қатысты бұлтартпау шаралары ерекше жағдайларда қылмыстық іс жүргізу кодексінің 139- бабында көзделген негіздер болған кезде, осы Кодекстің 141- бабында көзделген: тағылатын айыптың ауырлығы, тұлғаның жеке басы, жас мөлшері, денсаулық жағдайы, немен шұғылданатындығы, мүліктік жай-күйі, тұрақты тұратын жерінің бар-жоғы тағы басқалар ескеріле отырып, қолданылуы мүмкін екеніне түсініктеме берілген [3].

Мәжбүрлеу шарасы ретінде сезікті адамды ұстау, жеке тінту, алу, үй-жайға тінту жүргізу, сезіктіден жауап алу тағы басқаларды көрсетуге болады.

7. Жедел-іздістіру арнаулы мәжбүрлеу шарасы

Жедел - іздістірудің арнаулы мәжбүрлеу шарасына ашық түрде немесе құпия түрде әшкерелеулер жатады.

Ашық түрде әшкерелеу шарасы жедел-іздістіру қызметі немесе қылмыстық іс жүргізу процесінде алынған құқық бұзушылық туралы материалдарды ақпарат құралдарында жариялау немесе басқа түрмен тарату арқылы, ол тұлғаның құқық бұзушылық іс- әрекетін тоқтатуына ықпал ететін беделін түсіретін шара болып есептеледі. Олар Қазақстан аумағында орналасқандар және шет мемлекетте жүргенде жөнінде де орын алуы мүмкін.

Жасырын түрде әшкерелеу шарасы - ол жедел-іздістіру қызметінің құпия күш, құралдары мен әдістемесі арқылы уақытша немесе тұрақты құқық бұзушылықпен айналысатын объектіге қарсы бағытталған мәжбүрлеу шарасы, оған мына шаралар кіреді:

1. Құқықбұзушылық жасап жатқан адамның ол әрекетін тоқтатуға ықпал ету;

2. Құқық бұзушылық жасау объектісіне кіру мүмкіндігінен айыру;

3. Қылмыс жасау құралдары мен заттарынан айыру,

4. Құқық бұзушы топтың ыдырауына ықпал жасау;

5. Құқық бұзушы тұлғаның беделін түсіретін іс- әрекетті жүзеге асыру;

Бұлар ауыр қылмыстарға алып келетін, басқа жолмен тоқтату мүмкін болмаған кезде, егер ол Қазақстан аумағынан шет жерде

орналасса, саяси және жедел - оперативтік қажеттіліктен туындаса ған қолданылады.

7. Қылмысты ашу жөніндегі мәжбүрлеу шарасы- қылмысты ашу ол жедел-ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясының бір түрі болып табылады. Ол дайындалып жатқан, болайын деп жатқан, жасалған қылмыстар туралы дәлелдеуге жататын, оған қатысқан тұлғаларды анықтау, кінәлілерді әшкерелеу, сол сияқты оперативтік жолын кесу шараларын қолдану, оны тудырған себеп-салдарларды анықтау және қылмыстық қудалау және басқа да заңда көзделген шараларды қолдану бағытындағы жедел-ізвестіру қызметі.

Қылмысты ашу кешенді шара қолдану негізінде жүзеге асырылады. Оның құқық қорғау функциясындағы негізгілері: қылмысты анықтау, сақтан-дыру, тергеуді қажетті дәлелдемелік материалдармен қамтамасыз ету сияқты болып келеді.

Қылмысты ашу ол қылмыстың жасырын жағдайда жасалуында орын алады, яғни қылмыс орын алған, ал бірақ оны жасаған кінәлі адамдар жөнінде мәліметтер жоқ болған жағдайда. Себебі, бұлардың ерекшелігі олар жасырын түрде, қылмыс жасауға дайындалуы, орындалуы, ізін жасыруы сияқты болып келеді.

Қылмысты ашу, оның болайын деп жатқанын немесе болғанын анық-таудан басталады, яғни нақты түрде оперативтік мәліметтер пайда болған кезден бастап. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін тергеу мен жедел - іздес-тіру қызметін іске асырушы органдар бірлесіп жұмыс атқарады. Қылмысқа байланысты көптеген тапсырмаларды шешу үшін жедел-ізвестіру қызметінің күші, құралдары, техникасы, әдістемелері қолданылады және алынған мәліметтер процесуалдық жолмен қылмысқа қарысушы адамның кінәсін дәлелдеуге пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130-бабында, заң талаптарының сақталуы жағдайында алынған жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелері дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді және бағалауды реттейтін осы Кодекстің ережелеріне сәйкес қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге пайдаланыла алатыны атап көрсетілген.

Сол сияқты аталған жағдай «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңның 14-бабының 1-бөлімінде былай деп көрсетілген: Жедел-ізвестіру қызметі процесінде алынған материалдар тергеу жұмыстарын әзірлеу мен жүзеге асыру және қылмыстырдың алдын алу, жолын кесу және ашу жөніндегі жедел-ізвестіру шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының айғақтарды жинауды, зерттеуді және бағалауды реттейтін ережелеріне сәйкес тексерілген жағдайда қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінде пайдалануы мүмкін екені айтылған. Олар қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 122-бабында көрсетілген іс-жүргізу әрекеттерінің хатамалары және 177 баптың 1-бөлігіндегі қылмыстық іс қозғау негіздері жүзінде іске асырылады.

8.Жедел іздеу- жедел-іздістіру қызметінің түрі. Ол заңда көзделген жағдайларда тергеуден, анықтаудан немесе соттан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдардың, хабарсыз кеткен және өзге де адамдардың орналасқан жерін, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар, жоғалған құжаттар мен бұйымдарды анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, іс-жүргізу және жедел-іздістіру іс-шаралары.

Жедел-іздістіру іс әрекетін жүргізуге негіздер болып мыналар танылады:

- Даярланып жатқан, жасалған, жасалуы мүмкін қылмыстар жөніндегі немесе қылмыстық қудалау органынан қашып жүрген, қышып кеткен тұлғалар туралы хабарлар.

- Құқыққа қарсы іс әрекеттер туралы, егер оларды іске асырушы тұлғалар, ұйымдар белгісіз болса.

- Құпия мәліметтерді иеленуші адамдардың жоғалуы және құпия мәліметтердің сыртқа кетуі туралы хабардың орын алуы.

- Мемлекеттік құпиялылық сақталатын құжаттардың, заттардың, бұйым-дарды жоғалғаны туралы, сол сияқты мемлекет, қоғам, жекелеген азамат-тар үшін тарихи, мәдени және материалдықтарды жоғалту туралы хабар-лардың орын алуы.

- Жоғалтып алған құжаттар, заттар, іздеуде жүрген тұлға фактілері туралы қозғалған қылмыстық істің болуы.

- Іздеу жариялаған тергеушінің қаулысының болуы.

- Прокурор нұсқауы мен соттың ұйғарымының болуы.

- Келісім шартқа сәйкес халықаралық құқық қорғау мекемелері мен шет елдердің құқық қорғау органдарының сұраулары орын алса.

Іздеудің міндеті: іздеу жарияланған тұлғаның, мекеменің, құжаттар мен заттардың тұрған орнын, мекен жайын анықтау, іздеуде жүрген тұлғалардың қылмыстық іс-әрекетін анықтайтын фактілерді табу, іздеуді тоқтатуға негіз болатын мәліметті табу, іздеуде жүрген тұлғалар мен ұйымдардың қылмыстық іс-әрекетін тоқтату жөнінде шаралар қолдану, қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бекіту шараларына қатысу, іздеуде жүрген тұлғаның қылмыс жасау фактісіне байланысты, оның қатысушыларын анықтау, және қылмыстан туындайтын зардаптарының алдын алу туралы шаралар қолдану.

Жедел іздеудің өзі жергілікті, республика аумағы бойынша және мемлекетаралық не халықаралық болып бөлінеді.

Жергілікті іздеу- Қазақстан Республикасы облыстық аумағы шеңберінде жүргізіледі.

Республикалық іздеу- Қазақстан Республикасының бірнеше облыстары немесе толық Республика бойынша іске асырылады. Ол жергілікті жердің материалы негізінде және іздеу шараларын іске асыруға жеткілікті мәліметтер негізінде ұйымдастырылады.

Мемлекетаралық немесе халықаралық іздеу- екі жақты немесе көп жақты мемлекеттер арасындағы келісім шарттар және ТМД мемлекеттері

арасындағы Минск конвенциясы негізінде жүзеге асырылады. Сол сияқты, бұл жерде Интерполдың мүмкіндіктері пайдаланылады.

Мемлекетаралық іздеу негізінен Республикалық іздеу мерзімі төрт айдан асқанда жарияланады. Ал, мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігіне қатер төндіретін ауыр қылмыс жасаған жағдайда немесе соған дайындалғандығы жөнінде нақты мәліметтер болғанда, мемлекетаралық іздеу бірден іске асырылады.

Қозғалған қылмыстық іске қатысты іздеуге мыналар жатады: жәбірленуші мен куә, мәйіт және оның бөліктері, жануарлар, көлік құралдары, заттар мен қылмыс жасау құралдары, материалдық әлемнің дәлел болып табылатын дүниелері.

Іздеу туралы тапсырманы өз өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша анықтаушы мен тергеуші жазбаша түрде береді. Ол туралы олар қаулы шығарады, қаулыда іздеудің түрі, ұсталған жағдайдағы егер тұлға қылмысқа қатысты болса оған қолданылатын бас шарасы және қаулыға ізделуші туралы толық мәлімет тіркеледі.

Мекемелерді іздеу, оның басқару органы, оның бөлімшелері, филиалдары тағы басқа құрылымдары орналасқан жерлер бойынша және сол мекеменің қызметкерлерін іздеу арқылы жүзеге асырылады.

Хабар - ошарсыз кеткендерді іздеу, хабарсыз кеткендер жөнінде мүдделі адамдардың немесе әкімшіліктің (мысалы: қарттар үйі, жүйке аурулары диспансері) арызы негізінде жүзеге асырылады. Бұл іздеу қылмыстық іс қозғалмай-ақ жүргізіледі.

13.2 Жедел-іздістіру қызметінің арнаулы функциясы түрлері, саралануы және мазмұны

1. Барлау мәліметтерін табу және мемлекеттік органның сыртқы саясаты мен экономикалық қызметіне, сыртқы экономикалық потенциалы мен қорғану мүмкіндігіне ықпал ету;

2. Мемлекеттегі саяси тұрақтылық, экономикалық потенциал мен қорғану мүмкіндігін бекіту мен Қазақстан Республикасына сырттан қауіп төндіретін барлау және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекетте мемлекет басшылығына көмек көрсету;

3. Мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін, мемлекеттік құрлысты, қоғам тұрақтылығы, халықтың амандығын, келісіммен өмір сүру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4. Президенттің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5. Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтердің сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7. Өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Арнаулы функция түрлері өзіне жүктелген тапсырмалармен қоса, құқық қорғау функциясы түрлерінде қамтылған тапсырмаларды да шешуге өз ықпалын тигізеді, сондықтан іс- тәжірибеде олар араласып кеткен сияқты болып көрінеді.

Олар барлау және қарсы барлау қызметтері арқылы жүзеге асырылады және негізгі күш пен құралдары ретіндегі бірінші орында құпия көмек-шілер күштері тұрады және ақпараттық қызмет құралдары, яғни хабар мен теріс немесе жалған хабарлар, арнаулы жедел-техникалық, радиобайланыс, интернет, компьютер жүйелері, жедел-іздеу, ықпал ету шарасы тағы басқалар танылады.

Бұл қызметтің әдістемесі болып: ашық және жасырын барлау, қарсы барлау, яғни бақылау, сұрау, анықтау, эксперимент, моделдеу, ашық және ашық хабарлар көздерін анықтау, зерттеп- талдау, алынған хабарларға баға беру, әртүрлі айлалы әрекеттер, жалған хабарлар тарату, қарсы барлауды қамтамасыз ету әдістемесін қолдану, арнаулы ойдан құралған хабарды тарату, шифрлар, шартты белгілер жүйесі тағы басқалар болып келеді.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалары мен сұрақтары

1. ЖІҚ-нің функциясының түрлеріне анықтама беріңіз?
2. ЖІҚ-нің құқық қорғау функциясы түрлерін атаңыз?
3. ЖІҚ-нің құқыққа қарсы іс- әрекетті анықтау дегеніміз не?
4. ЖІҚ-ті құқыққа қарсы іс –әрекеттерді анықтаудың міндеттерін көрсетіңіз?
5. ЖІҚ-нің болжамы дегеніміз не?
6. ЖІҚ-нің құқыққа қарсы іс- әрекеттен сақтандыруына түсініктеме беріңіз?
7. ЖІҚ-дегі жалпы сақтандыру шарасы нені көрсетеді?
8. ЖІҚ-дегі құқыққа қарсы іс –әрекеттің жолын кесуді талдап көрсетіңіз?
9. ҚІЖК-нің 177-бабына сәйкес қылмыстың жолын кесу шараларының негізін атаңыз?
10. ЖІҚ-дегі әкімшілік құқықтық мәжбүрлеу шарасына қатысты мәселелерді атап көрсетіңіз?
11. ЖІҚ-де әкімшілік жауаптылықтың түрлерін атаңыз.
12. ЖІҚ-негі тәртіптік-құқықтық мәжбүрлеуге түсініктеме беріңіз.
13. Әкімшілік ескерту шараларын қолдану ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
14. Әкімшілік бұлтартпау шарасын атаңыз?
15. Қылмыстық-процесуалдық мәжбүрлеу шарасына түсініктеме беріңіз.
16. ЖІҚ-нің ашық түрде әшкерелеуі шарасының қолданылуын атаңыз.
17. ЖІҚ-нің жасырын әшкерелеу шараларының мақсатына тоқталыңыз.
18. Қылмысты ашу жөніндегі мәжбүрлеу шараларын атаңыз.
19. Жедел- іздеуге түсініктеме беріңіз.
20. Жедел- іздеу негіздерін атаңыз.
21. Іздеу түрлеріне тоқталыңыз.

22. Іздеу тапсырмасы, мекемелерді, хабар-ошарсыз кеткендерді іздеу мәсе-лелеріне тоқталып өтіңіз.
23. ЖІҚ-нің арнаулы функциясының түрлерін атаңыз.
24. ЖІҚ-нің құқық қорғау мен арнаулы функциясы түрлерінің арақатынасы мәселесінің маңызын ашыңыз.
25. Арнаулы функция түрлерінің әдістемесіне тоқталыңыз.

Тест тапсырмалары

1. ЖІҚ-нің функцияларының түрлері жалпы алғанда қандай түрлерге бөлінеді:
- А) Құқық қорғау және арнаулы
 - В) Тек құқық қорғау
 - С) Тек арнаулы
 - Д) Бөлінбеген
 - Е) Ондай бөлініс жоқ
2. Құқық қорғау функциясының түрлері неге бағытталған?
- А) Қылмысты ашу, сақтандыру, алдын- алуға
 - В) Қылмысты ашуға
 - С) Сақтандыруға
 - Д) Алдын - алуға
 - Е) Жолын кесуге
3. Құқыққа қарсы іс- әрекетті нанықтаудың мақсаты:
- А) Дайындалып жатқан немесе орын алған қылмыстар туралы нақты хабар алу
 - В) Қылмысты ашу
 - С) Қылмысты тоқтату
 - Д) Қылмысты болдырмау
 - Е) Кінәліні ұстау
4. Құқыққа қарсы іс-әрекетті анықтау көздері, ол:
- А) Құпия көмекшілер, жедел- іздеу, жедел- техника құралдары, ақпарат көздері
 - В) Хабарлар
 - С) Мәліметтер
 - Д) Арыздар
 - Е) Актілер
5. ЖІҚ-нің болжамы ол:
- А) Құқық бұзушылыққа байланысты зертелуге жататын фактілер, құбылыстар туралы жорамал
 - В) Қызметкер жоспары
 - С) Қылмыс жасау тәсілін іздеу
 - Д) Қылмысқа байланысты пікір
 - Е) Ой қорыту
6. Құқыққа қарсы іс-әрекеттің жолын кесу жүргізіледі:
- А) Ашық және жасырын

- В) Тек ашық
 - С) Тек жасырын
 - Д) Қылмысқа байланысты
 - Е) Хабарға байланысты
7. Қылмыстық іс-әрекеттің жолын кесу шарасы қайда бағытталады?
- А) Нақты жасалған қылмыс, тұлағ мен ұйымға
 - В) Қылмыс жасау тәсіліне
 - С) Қылмыс зардабына
 - Д) Қылмыс құралына
 - Е) Қылмыс құрамына
8. Құқық бұзушылыққа қарсы шара қолдану негіздеріне не жатады:
- А) Нақты тұлға, ұйымның құқық бұзушылығы туралы мәліметтер, хабарлар
 - В) Арыз
 - С) Шағым
 - Д) Нұсқау
 - Е) Ереже
9. Әкімшілік құқық нормаларымен не реттеледі:
- А) Қоғамдық- құқықтық және тәртіптік мәжбүрлеу
 - В) Заң реттеледі
 - С) Жаза реттеледі
 - Д) Жаза түрі реттеледі
 - Е) Жаза қолдану реттеледі
10. ЖІҚ-нің арнаулы мәжбүрлеу шарасы қандай түрде іске асырылады:
- А) Ашық және жасырын түрде
 - В) Тек ашық түрде
 - С) Тек жасырын түрде
 - Д) Арызға байланысты
 - Е) Сот шешіміне байланысты
11. Қылмысты ашу неден басталады?
- А) Оның болайын деп жатқанын немесе болғанын анықтаудан
 - В) Болған қылмысты ашудан
 - С) Болайын деп жатқан қылмысты ашудан
 - Д) Арыздан
 - Е) Хабардан
12. Жергілікті іздеу аймағында жүргізіледі:
- А) Облыс аймағында
 - В) Аудан аймағында
 - С) Республика аумағында
 - Д) ТМД аймағынада
 - Е) Шет мемлекетте
13. Республикалық іздеу дегеніміз не:
- А) Республиканың немесе бірнеше облыс аумағын қамтитын іздеу
 - В) Орталық аппараттың іздеу жариялау
 - С) Облыстық аппараттың іздеу жариялауы

- Д) Аудандық аппараттың іздеу жариялауы
 - Е) Іздеу қаулысының жариялануы
14. Іздеу туралы тапсырманы береді:
- А) Анықтаушы немесе тергеуші
 - В) Анықтаушы
 - С) Тергеуші
 - Д) Жәбірленуші
 - Е) Айыптаушы
15. Хабар- ошарсыз кеткендерді іздеу негіздеріне жатады:
- А) Мүдделі тұлғалар мен әкімшілік арыздары
 - В) Тергеушінің қаулысы
 - С) Анықтаушы шешімі
 - Д) Адамның қайтыс болуы
 - Е) Топан су қаптауы

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Жедел-ізвестіру процесі

Сұрақтар:

14.1 Жедел -ізвестіру процесінің түсінігі, оның функцияларының бөлінуі

14.2 Жедел- ізвестіру процесінің сатылары, түрлері

14.1 Жедел-ізвестіру процесінің түсінігі, оның функцияларының бөлінуі

«Процесс» деген сөз орыс тілі сөздігінде қандай да бір құбылыстың жүруі, дамуы, даму арқылы басқа бір нәрсеге өзгеруі деп түсіндіріледі.

ЖІҚ-ті ол өзінің алдына қойылған міндетті, тапсырманы шешуге бағыт-талған шаралар жүйесі болып табылады. Сондықтан, ол өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін, белгілі бір сатыға тән іс- әрекет жүргізіп және әр сатыда белгілі бір нәтижеге жетіп отыратын және әр саты тек өзіне ғана тән негіздер арқылы және белгілі бір өзіне ғана жатқызылған нақты мәселені шешуі болып танылады.

Осы көрсетілгендердің негізінде **Жедел ізвестіру процесі дегеніміз**- белгілі бір бағытқа бағытталған, кезектескен, әр кезеңде ЖІҚ-нің белгілі бір нәтижесіне жететін және әр кезең тек белгілі бір негіздер бойынша туындайтын және нақты ЖІҚ-нің тапсырмасын іске асыратын іс-әрекет болып танылады.

ЖІҚ-і құқық қорғау және арнаулы функцияларға бөлінетіні сияқты, жедел ізвестіру процесі де құқық қорғау және арнаулы функцияларға бөлі-неді.

Жедел ізвестіру процесінің құқық қорғау процесі дегеніміз- белгілі бір кезеңде жүйелі түрде ЖІҚ-нің құқық қорғау мақсатында, оның ішінде азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау жөніндегі жүргізілетін шаралар жүйесі болып табылады.

Ал, **жедел ізвестіру процесінің арнаулы функциясы дегеніміз**, белгілі бір кезеңде жүйелі түрде ЖІҚ-нің қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға бағытталған арнаулы мақсаты шаралар жүйесі.

Жедел ізвестіру процесі де, ЖІҚ-не байланысты барлау, қарсы барлау, қылмыстық ізвестіру, әкімшілік ізвестіру процестері бағытына бөлінеді.

Жоғарыда көрсетілген функциялар мен бағыттарына қарамастан, жедел ізвестіру процесінің құрастырушы элементі - кезеңі белгілі бір міндетті шешуге бағытталған. Ол кезеңдер, сатылар болып келуі мүмкін, бірақ кез келген процесті аяқтау үшін, кем дегенде үш кезең орын алады, олар:

- 1.Бастапқы кезең процесінің пайда болуы.
- 2.Негізгі басты тапсырманы шешу процесі.
3. Белгілі бір нәтижеге жету және қорытындысын шығару.

Әр кезең мерзімі ведомствоның құқықтық нормативтік актілерімен рет-теліп, кей жағдайларда олар бірнеше жылға созылуы мүмкін, ал төменгі мерзімге шектеу қойылмаған.

14.2 Жедел іздестіру процесінің сатылары

Жедел іздестіру процесінің сатылары дегеніміз-оны жүргізудің белгілі бір кезені. Бұл кезеңде әр сатыға тиісті және соған ғана шешуге жа-татын кешенді жедел іздестіру шараларын жүргізіледі.

Құқық қорғау функциясы процесінде олар былай бөлінеді:

- 1.Жедел қарау.
- 2.Жедел тексеру.
- 3.Жедел өңдеу.
- 4.Жедел іздестіру.
- 5.Қолма қол жедел бақылау.

Бұл аталған сатылар алдымен тұрақты түрде, жедел-іздестіру қыз-метінің белгілі бір бағыты пен саласы бойынша жедел қарау арқылы басталады. Оның **мақсаты** құқық бұзушылық белгілері мен фактілері туралы алғашқы мәліметтерді алу. Егер алынған мәліметте құқық бұзу-шылық іс әрекеттің бар екені анықталса, онда келесі негізгі саты, жедел талдап өңдеу мен объектіні іздестіруге көшу керек.

Ал, егер жедел іздеудің нәтижесінде құқық бұзушылық орын алғаны жөніндегі мәлімет жинақталса, онда келесі саты жедел тексеруге көшу орын алады. Жедел тексерудің мақсаты, құқық бұзушылықты анықтайтын немесе жоққа шығаратын мәліметтер жинау. Онымен қоса, тексеру кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу туралы шаралар да бірге атқарылады. Жедел тексеруге негіз болатын мәселе, объектінің құқыққа қарсы іс әрекет белгілері бар хабардың орын алуы.

Егер, тексеру кезінде объектінің іс әрекетінде құқыққа қарсы іс әрекет белгілері болмаса, тексеру тоқтатылады, ал жиналған материал жойылады немесе құндылығына байланысты архивке өткізіледі. Олардың негізі болып объектінің қылмыс жасау ниетінен толық бас тартуы немесе шет елге тұрақты тұруға көшіп кетуі осыған байланысты, оны қадағалау мүмкіндігінің болмауы (бұл жағдайда материал архивке өткізіледі).

Егер, жедел тексеру нәтижесінде объектінің іс-әрекетінде құқыққа қар-сы іс-әрекет белгілері анықталса, онда келесі саты, жедел талдап өңдеу орын алады. Бұл саты жедел іздестіру процесінің негізгі мазмұны болып танылады және мына жағдайларды қамтиды:

-Жан-жақты және мүмкіндігінше толық құқыққа қарсы іс-әрекетті зерттеу, оған қатысушыларды анықтап, оларды тексеру арқылы зерттеу.

-Құпия жолмен, алдын алу мен сақтандыру шараларын іске асыру.

-Ашық жария түрде шара қолдануға дайындалу.

Талдап өңдеудің объектісі болып қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп тудыратын, залал келтіретін жеке тұлға, әртүрлі мекемелер болуы мүмкін. Жеке тұлға жөнінде жедел талдап өңдеу деп танылса, мекемелер жөнінде объектіні талдау өңдеу түрінен көрінеді. Талдап өңдеу кезінде негізінен екі мәселе шешіледі, олар:

1.Қылмыстық іс- әрекеттің жолын кесу бағыты олар:

а) Құқық бұзушылық фактісі мән-жайын жеткілікті түрде толық зерттеу, объективті анықтау және қатысушыларын тауып зерделеу.

б) Қылмыстық іс-әрекеттің жолын кесу, яғни қылмыстық істі іске асыруды қиындату, жарамсыз объектіге қарай бағыттау, қылмыс жасау құралы мен күшінен айыру, әшкерелеу, қылмыстық ниеттен қайтару, жалған мәліметтер тарату, тағы басқа құпия түрдегі сақтандыру, қылмысты болдырмау шараларын қолдану.

2.ЖІҚ-нің жалпы мақсатына бағытталған міндеттерді шешу, сол сияқты құқыққа қарсы іс-әрекетті анықтау, одан сақтандыру, жолын кесу(ол талдап-өңдеуге қатысы жоқ адамдар жөнінде орын алады).

а) Құқық бұзушылықты тудыратын мән-жайларды анықтау.

-Қылмыстық ұйымдар, олардың күші, жүйесі, құралы, әдісі, орны функционалдық, кадрлық байланыстары т.б.мәліметтерді жинау.

б) Қылмыстық ұйымның құрылысы, күші, құралдары, қылмыс жасауға бағытталған әдістері тағы басқалар туралы мәліметтер алу

в) Жедел өңдеудің сыртында қалатын нақты тұлғалар, олардың қылмыстық іс-әрекеті туралы мәліметтерді қоса жинау және олар туралы қылмыстың алдын алу, жолын кесу, сақтандыру шараларын іске асыру.

г) Қазақстан Республикасы азаматтары мен шет ел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар жөнінде жалпы сақтандыру іс әрекеттерін іске асыру.

Әр сатыда оны сапалы жүргізу, алға қойған мақсатқа нәтижелі жету үшін көптеген жеке тапсырмалар шешілуі тиіс, мысалы: қылмыстық ортаға енгізу, оған қатысушы тұлғалар, күш пен құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жедел-іздістіру қызметін іске асыруға құқы бар органдармен ынтымақтастықта және байланыста іс-әрекет жүргізу және алынған мәліметтердің қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, айғақ дәлелдерге айналуын қамтамасыз ету тағы басқалар.

Барлық жағдайда жедел талдап өңдеу негізіне нақты, тексерілген белгілі бір тұлға немесе топ, не ұйымның қылмыстық іс- әрекеті танылады.

Сондықтан, жедел талдап өңдеу іс әрекеті кезінде белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының нақты тексеріліп анықталған қылмыстық іс әрекеті анықталады. Ол жиналған материалдар мына талаптарға сай болуы тиіс:

А) Объектінің немесе объектілердің қылмысқа қатыстылығы туралы қорытынды жасауға жеткілікті мәліметтердің болуы.

Б) Алдын-ала тексерілген, қылмысқа байланысты факті, оқиға, іс-әрекеттің орын алуы.

В) Белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының қылмысқа қатыстылығы.

Талдап өңдеу іс - әрекеттері мына жағдайларда тоқтатылады:

- 1.Объектінің тұрақты тұруға шет мемлекетке кетіп қалуы.
- 2.Объектінің өлімі.
- 3.Объектінің қылмыстық іс- әрекет жасаудан толықтай бас тартуы.
- 4.Бір топ тұлғалар болса, олардың ұйымдастырушылық байланысының үзілуі.(Бұл жағдайда бөлек-бөлек іс жүргізіледі).

Жедел-іздігіру қызметінің құқық қорғау функциясындағы талдап- өңдеу негізінен қылмысты ашу, сақтандыру, алдын-алу мен ашуға бағытталған. Сол сияқты, ол хабар - ошарсыз кеткендерді, анықтау, тергеу және сот органдарынан қашып жүргендерді іздеп табу болып танылады. **Жедел- іздігіру процесінің арнаулы функциясындағы талдап өңдеу-** ол барлау қызметіне тән, оның сатыларына мыналар жатады:

1.Жедел тексеру (барлау мүддесіне сәйкес алдын-ала алынған хабарды тексеру).

2.Жедел талдап өңдеу (объектімен жұмыс жасап, барлау мүддесіне тарту, сөйтіп, ҚР-на қарсы іс-әрекеттің жолын кесу жолындағы ынтымақтастыққа тарту).

3.Жедел бақылау, яғни ҚР-на қарсы құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған объект туралы бақылау жүргізу.

Жедел бақылауға алу-ол қылмыстық іс-әрекетті ескерту немесе алдын-алу, сақтандыру шаралары арқылы, қылмыстылықтың алды алынған, жолы кесілген тұлғалар туралы, олардың қылмыстық ниеттен толық қол үзгеніне көз жеткізу үшін, белгілі бір уақыт аралығында жүргізілетін шара. Егер, тұлға қылмыстық ниеттен бас тартпаса, ол туралы қосымша шаралар іске асырылуы тиіс.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

- 1.Жедел-іздігіру процесіне түсінік беріңіз.
- 2.Жедел-іздігіру процесінің құқық қорғау функциясының сатыларын атаңыз.
- 3.Жедел- іздігіру процесіндегі жедел қарауды атап өтіңіз.
- 4.Жедел- іздігіру процесіндегі талдап- өңдеуге тоқталыңыз.
- 5.Жедел- іздігіру процесіндегі талдап- өңдеуде шешілетін мәселелерді атап өтіңіз.
- 6.Жедел-іздігіру процесін талдап,оның қандай талаптарға сай болуы қажет екенін айтыңыз.
- 7.Жедел-іздігіру процесіндегі талдап-өңдеуге тоқтатылатын себептерді ата-ңыз.
- 8.Жедел-іздігіру процесіндегі талдап-өңдеудің арнаулы функциясына тоқта-лығыз.
- 9.Жедел- іздігіру процесіндегі жедел- бақылаудың мақсаты неде?

Тест тапсырмалары

1. «Процес» дегеннің түсінігі білдіреді:

- A) Құбылыстың жүруін, дамуын, өзгеруін көрсетеді
- B) Құбылысты көрсетеді
- C) Жағдайды білдіреді
- D) Қозғалысты айтады
- E) Даму деген сөз

2. Жедел- іздестіру процесі функцияға бөлінеді:

- A) Екі функцияға
- B) Бөлінбейді
- C) Үш функцияға
- D) Ондай аталмаған
- E) Түсініксіз

3. Жедел - іздестіру процесінің сатылары:

- A) Оны жүргізудің бергілі бір кезеңі
- B) Оны жүргізудің жолы
- C) Саты деген жоқ
- D) Алғашқы кезеңі
- E) Нәтижесіне байланысты

4. Жедел- қараудың мақсаты:

- A) Құқық бұзушылық белгілері мен фактілері туралы алғашқы мәліметтерді алу
- B) Қылмысты анықтау
- C) Тұлғаны анықтау
- D) Жағдайды анықтау
- E) Ұымды анықтау

5. Объектінің өліміне байланысты талдап - өңдеу тоқтатыла ма:

- A) Тоқтатылады
- B) Тоқтатылмайды
- C) Қатысушыларына тоқтатылады
- D) Іс тоқтатылады
- E) Бастыққа байланысты

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің нәтижесі және оны қолдану тәртібі

Сұрақтар:

15.1 Жедел- іздестіру қызметі нәтижесінің түсінігі және түрлері

15.2 Жедел- іздестіру қызметі нәтижесін анықтау органына, тергеушіге, прокурор және сотқа беру тәртібі

15.3 Жедел- іздестіру қызметінің нәтижесін заңнан тысқары қолдану тәртібі

15.4 Жедел- іздестіру қызметіндегі шектеулер мен шараларды тоқтату негіздері

15.1 Жедел- іздестіру қызметі нәтижесінің түсінігі және түрлері

ЖІҚ-нің нәтижесі дегеніміз, жедел іздестіру бөлімдерінің ЖІҚ-і заңына сәйкес, дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстар жөнінде және оларды жасаған, қатысқан, дайындаған, жасайын деп жатқан тұлғалар жөнінде, анықтау, тергеу, сот органдарынан қашып жүрген, жазасын өтеуден тығылып жүрген, хабар-ошарсыз кеткендер жөнінде, сол сияқты мемлекеттік, әскери, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікке қауіп төндіру туралы алынған мәліметтер болып табылады. Олар: Жедел- іздестіру қызметі нәтижесінде алынған хабарлар, мәліметтер, құжаттар, заттар түрінде болуы мүмкін және ЖІҚ-нің алдына қойылған тапсырмаларды шешу үшін өте маңызды болып табылуы тиіс.

Сонымен қатар, жедел-іздестіру шараларын жүргізу материалдарында, басқа да дүниелерден өз көрінісін тапқан, оқуға, қолмен ұстауға, оны көріп белгілі бір қорытынды шығаруға негіз болатын, мемлекет басшылары үшін саяси және экономикалық шаралар мәселелерін шешуге арналуы мүмкін. Сол сияқты, ол Президенттің қауіпсіздігін, мемлекеттік құпияны, мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналуы да орын алады.

Жедел-іздестіру қызметінің нәтижесінде сезіктіні ұстау, айыпкерді тауып қамауға алу, іздеуде жүрген адамды, құжатты, затты табу сияқты мәселелер шешіледі, демек жедел- іздестіру қызметінің нәтижесінің ауқымы кең, яғни бір немесе бірнеше жедел- іздестіру қызметінің тапсырмаларын шешетінін көрсетеді.

ЖІҚ-нің нәтижесі өз мәнін төменгі түрлері арқылы білдіреді:

1. Жедел-іздестіру қызметі арқылы табылған, алынған, анықталған және оның алдына қойылған тапсырмаларды шешуге қажетті:

-мәліметтер

-құжаттар

-заттар, бұйымдар

-іздер

-тұлғалар

-мәйіттер және олардың бөліктері

2.Жедел-ізвестіру қызметі тапсырмасын шешуге байланысты, оның бақылауындағы объектіге жалған мәліметтерді қолдану арқылы әсер ету арқылы қол жеткен:

- Жедел- ізвестіру қызметінің пайдалы жағы

-Жедел- ізвестіру қызметі тапсырмасына қатысты мемлекетке пайдалы саяси, экономикалық т.б. түрінде жағдайлар туғызу

- Сезіктіні ұстау, айыпкерді қамауға алу

ЖІҚ-нің нәтижелері жедел ізвестіру қызметі құжаттарында: рапорт, анықтама, мәліметтер, актілер, есептер ретінде көрінеді. Бұл құжаттарға ЖІҚ-і нәтижесінде алынған заттар, құжаттар тіркелуі мүмкін.

ЖІҚ-ті техникасын қолданғанда: фонограмма, бейнеграмма, бейнелента, фотопенка, магниттік, лазерлік дискілер т.б.түрінде орын алады.

Алынған нәтиженің мазмұны мен қажеттілігіне сәйкес, оны ары қарай пайдалану үшін,ЖІҚ-нің нәтижесі қажетті тәртіппен хатталады және ЖІҚ-і ісіне тіркеледі немесе қылмыстық, әкімшілік істерге тігіледі не анықтама тағы басқа түрінде өз көрінісін табады.

15.2 Жедел-ізвестіру қызметі нәтижесін, анықтау органына, тергеуші, прокурор және сотқа беру тәртібі.

ЖІҚ-і туралы Заң ЖІҚ-нің нәтижесін тар мағынада, белгілі-бір ЖІҚ-і және тергеу үшін қажетті материал ретінде көрінеді де, заңда көрсетілген тәртіппен пайдалану тәртібі реттеледі. Мысалы: ЖІҚ-ті туралы Заңның 14-ба-бында олар былай көрсетілген:

1.ЖІҚ-і үрдісінде алынған материалдар тергеу жұмыстарын әзірлеу және жүзеге асыру, қылмыстардың алдын алу, оларды болдырмау және ашу жөніндегі жедел –ізвестіру шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес олар тексерілгеннен кейін қылмыстық іс бойынша айғақтар ретінде пайдаланылады.

2.ЖІҚ-н жүргізу нәтижесінде алынған материалдар оларға қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген сипат бергенге дейін, не оларды қылмыстық процеске енгізуге мүмкіндік болмаған жағдайда ешқандай құқықтық зардаптарға әкеліп соқпайды және жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеу үшін негіз бола алмайды.

3.ЖІҚ-ін ұйымдастыру, нақты жедел – ізвестіру шаралары, хабарлама-ларды алу көздері мен тәсілдері туралы мемлекеттік немесе заңмен қорға-латын өзге де құпия болып табылатын мағлұматтар заңдарда көзделген реттерден басқа жағдайда, сондай-ақ азаматтардың жеке өміріне, ар-ожданы мен қадыр-қасиетіне қатысты мағлұматтар жария етілмейді.

4. Кәсіби міндеттерін орындау нәтижесінде жедел-іздестіру қызметі туралы өзіне мәлім болған мағлұматтарды жария еткен адамдар ҚР-ның заңдарында көзделген тәртіппен жауапқа тартылады.

Анықтау органы, тергеуші, прокурор және сотқа берілетін жедел-іздестіру қызметінің нәтижелеріне белгілі бір талаптар қойылады, оларды былай деп жіктеуге болады:

Жедел- іздестіру қызметінің қылмысты іс қозғауға бағытталған нәтижесі: қылмыстың белгілері туралы, атап айтқанда: қай жерде, қашан, қандай белгілері бойынша қылмыс анықталғаны, қандай мән-жайда қылмыс белгілері орын алғаны, ол қылмысты жасаған тұлғалар жөніндегі мәліметтер, қылмыс іздері табылған мекен-жай, қылмысқа дәлел болатын құжаттар, заттар және басқа да фактілер, яғни, қылмысты іс қозғауға негіз болатын мән-жайлар жеткілікті түрде орын алуы тиіс, демек, жедел- іздестіру қызметі нәтижесі бойынша оқиға жөнінде бір шешім қабылдай алатындай мәліметтер жиналуы тиіс.

Ал, тергеу амал әдістер мен сот іс әрекеті үшін жиналған мәліметтерде, алдын ала тергеу мен соттан қасақана тығылып жүргендер жөніндегі мәліметтер, дәлелдеу көздері туралы, қылмыстық іс туралы мәліметтер білетін тұлғалар жөнінде, қылмысқа қатысты құралдар, ақша және басқа заттар тұрған мекен-жай, дәлелдеуге негіз болатын дәлелдік құны бар заттар, құжаттар, фактілер орын алуы тиіс.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге пайдаланылатын жедел-іздестіру қызметінің нәтижесінде мыналар орын алуы тиіс: қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарының сақталуы, дәлелдемелер ретінде пайдалануға мүмкіндігінің болуы, дәлелдеме деп танылатын дәлелде іске қатысты мән-жайларды нақты анықтайтын мәліметтердің болуы, оның қайнар көзі, сол сияқты дәлелдеме болатын заттардың орын алуы, солар арқылы іс жүргізу жолымен оны дәлелдей алуға мүмкіндіктің нақты орын алуы. Оның талаптары Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130- бабында былай көрсетілген: Заң талаптарының сақталуы жағдайында алынған жедел-іздестіру қызметі нәтижелері дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді және бағалауды реттейтін осы Кодекс ережелеріне сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге пайдаланылады- деп атап айтылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 53-бабы бойынша **құпиялылықты сақтау** бойынша былай көрсетілген:

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында осы Кодексте және басқа да заңдарда көзделген мемлекеттік құпияларды (мемлекеттік, әскери және қызметтік құпия, жедел-іздестіру қызметі, анықтау және алдын ала тергеу құпиясы) мен өзге де құпияларды (коммерциялық құпия, қызмет бабында пайдалануға арналған ақпарат, дәрігерлік, жеке құпия және құпияның кез келген басқа да түрлері) құрайтын алынған мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган мемлекеттік және өзге де құпияларды құрайтын мәліметті хабарлауды немесе беруді ұсынған тұлғалар

тиісті құжаттарды сақтаудың қажеттігіне сілтей отырып, көрсетілген талапты орындаудан бас тарта алмайды, бірақ одан қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін көрсетілген мәліметтерді алудың қажеттігін растайтын, тиісті іс жүргізу қызметінің хаттамасына енгізуге жататын түсіндірме алуға құқылы.

3.Процеске қатысушылардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен танысу тәртібі заңдармен айқындалады.

3-1.Егер, сот алқабилердің қатысуымен қарайтын қылмыстық істің материалдарында мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер болса, облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төрағалық етушінің жазбаша өкімі бойынша алқабилердің мемлекеттік құпияларға қол жеткізуіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат етуді ресімдейді[35].

4. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметті қамтитын дәлелдер соттың жабық отырысында зерттеледі.

5. Өзге де құпияларды құрайтын мәліметті, сондай-ақ жеке өмірінің ішкі сырын ашатын дәлелдер, аталған мәліметтердің жариялану қаупі төнген адамдардың сұрауы бойынша соттың жабық отырысында зерттелуі мүмкін.

6. Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзудың, жеке немесе отбасылық құпияны жариялаудың нәтижесінде адамға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтелуге тиіс. [1]

7. Анықтау және алдын ала тергеу деректерінің құпиялығын сақтау тәртібі осы Кодекстің **205-бабымен** белгіленеді. Онда былай деп көрсетілген:

1. Алдын ала тергеу деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеу мүдделеріне қайшы келмесе және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, онда тек тергеушінің, анықтаушының, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сондай көлемде жария етілуі мүмкін.

2. Тергеуші қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы аталған адамдардан олардың жауапкершілігін ескерте отырып, қолхат алынады.

Заттай дәлелдемелер қылмыстық іс жүргізу кодексінің 121- бабы бойынша:

1. Егер, оларға қылмыс қаруы болды деп ойлауға негіз болса, немесе өзінде қылмыстың ізі сақталып қалса, немесе қылмыстық әрекеттің объектісі болса, сондай-ақ ақша мен өзге де бағалы заттар, қылмысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға не айыпты жоққа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар мен құжаттар заттай дәлелдемелер деп танылады.

2. Осы Кодекстің **223-бабының** төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, заттай дәлелдемелер қылмыстық процесті

жүргізуші органның қаулысымен іске қоса тігіледі және үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады. Заттай дәлелдемелерді қараудың және сақтаудың тәртібі осы Кодекстің **223-бабымен** белгіленеді.

3. Үкім шығару немесе істі қысқарту кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешілуі тиіс. Бұл ретте:

1) қылмыс қаруы тәркіленуге жатады немесе оны белгілі бір адам тиісті мекемеге береді немесе жойылады;

2) ұстауға тыйым салынған заттар тиісті мекемеге беруге жатады немесе жойылады;

3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал, мүдделі адамдар немесе мекемелер өтінген жағдайда оларға берілуі мүмкін;

4) қылмыстық жолмен жиналған ақша мен өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік және контрабандалық заттар соттың үкімі бойынша мемлекеттің кірісіне қаратылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал, соңғылары анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне көшеді. Бұл зат-тардың тиесілілігі туралы дау туған жағдайда, бұл дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешуге жатады;

5) заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттар істің бүкіл сақталу мерзімінің ішінде онымен бірге қалады, не осы Кодекстің **123-бабының** үшінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен мүдделі ұйымдарға немесе азаматтарға беріледі.

122-бап бойынша іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары:

1. Осы Кодекстің тиісті ережелеріне сәйкес жасалған, тексеру, көзін жеткізу, алу, тінту, ұстау, мүлікке тыйым салу, хат-хабарларға тыйым салу, хабарларды ұстап алу, телефонмен және басқа да сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, үлгілерді алу, мәйітті эксгумация жасау, айғақтарды қылмыс болған жерде тексеру, қылмыс болған жерде тергеу экспериментінде, тергеу әрекеттерінің барысында маман жүргізген заттай айғақтарды зерттеу кезінде анықталған, қылмыстық процесті жүргізуші адам тікелей түсінген мән-жайларды куәландыратын тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларында бар іс жүзіндегі деректер, сондай-ақ сот іс-әрекеттерінің барысы мен олардың нәтижелерін көрсететін сот отырысының хаттамасында бар қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

2. Дәлелдеме ретінде қылмыс туралы, табыс етілген заттар мен құжаттар туралы, айыбын мойындап келуі туралы ауызша мәлімдеу кезінде жасалған хаттамаларда, адамдарға олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндірулерде қамтылған іс жүзіндегі деректер пайдаланылуы мүмкін.

123-бап бойынша құжаттар:

1. Құжаттар, егер олардағы ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы болса, дәлелдемелер болып танылады.

2. Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да көрсетілген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге осы Кодекстің **125-бабында** көзделген тәртіппен алынған, талап етілген немесе табыс етілген тергеуге дейінгі тексерулердің материалдары (түсініктеме және басқа да көрсетулер, түгендеулер, тексерулер актілері, анықтамалар), сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото және кино суреттер, дыбыс және бейне жазбалар да жатады.

3. Құжаттар іске тіркеледі және онда оның сақталуының бүкіл мерзімі бойында сақталады. Алынған және іске қосылған құжаттар ағымдағы есеп, есеп беру үшін және өзге де заңды мақсаттарда талап етілген жағдайда, олар заңды иесіне қайтарылуы немесе, егер ол іс үшін залалсыз болса уақытша пайдалануға ұсынылуы не олардың көшірмесі берілуі мүмкін.

4. Құжаттардың осы Кодекстің **121-бабында** көрсетілген белгілері болған жағдайларда олар заттай дәлелдеме болып танылады. ЖІҚ-нінің нәтижелерін өз тарапынан немесе тергеу органдарының сұрауымен оларға беру туралы жедел- іздестіру қызметінің бастығы қаулы шығарып шешім қабылдайды. Ол жерде қандай органның сұрауы бойынша жедел- іздестіру қызметінің нәтижесі жіберіліп отырғаны, қандай мәліметтер, оның көлемі, қандай іс – шара нәтижесінде алынғаны, қолданылған техникалық құралдар, олардың маркалары, алынған заттар мен құжаттар, сол сияқты, қылмыстық процеске қатысушылардың және мемлекеттік құпияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі. Егер, материал жедел- іздестіру қызметі басшысының өз бастамшылығымен жіберілген болса, онда қаулыда жедел-іздестіру қызметі нәтижесін пайдалану қажеттілігінің негізі көрсетіледі. Жедел- іздестіру қызметінің нәтижесі іске қатыстылығына және соны баға-лай алатындай жеткілікті көлем формасында орын алуы тиіс.

Іс-құжат материалдары жедел-іздестіру қызметінің жабық құпия операциялары негізінде алынуы мүмкін. Бұл жағдайда, оны қызметтік немесе мемлекеттік құпиялығына сәйкес, егер жедел-іздестіру қызметінің басшысы қажет деп тапса, өз қаулысымен оның құпиялығының бетін ашып көрсетеді немес іс материалынан алып тастайды. Ал, қажет деп тапқан кезде оның құпиялығын қамтамасыз ету туралы іс-шаралар ұйымдастырылады, сол сияқты, оған қатысқандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары іске асырылады.

Материалдарды беруге дайындаған кезде оның жойылып кетпеуі, жоғалмауы жөнінде де шаралар орындалады, Мысалы: ұрылып, соғылудан сақтау, күн көзімен жойылу, магнитінің құруы, жуылып, жойылып кетуден сақтау сияқты шаралар қолданылады. Қазақстан Республикасының саяси, әскери, экономикалық, экологиялық, мемлекеттік құрылысына қауіп төндіретін, сол сияқты, ауыр қылмыстар жөніндегі кезек күттірмейтін мән-жайда материал анықтау органына, тергеушіге, прокурор мен сотқа бірден берілуі тиіс және қылмыс іздерінің сақталуы мен қылмыстың жолын кесу, алдын алу шаралары да бірден іске асырылады.

Жедел- іздестіру қызметінің нәтижелері мына жағдайларда берілмейді:

1. Қылмыстық іске байланысты жедел-іздестіру қызметіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болмаса;

2. Егер, материалды қылмыстық процесте пайдалану, құпияның жариялануына, онда қолданылған әдіс пен тәсілдің, құпия көмекшілердің ашылып қалуына қауіп төндірсе, сол сияқты қылмыстық ортаға енгізілген құпия көмекші, сол туралы жоспар, оның ұйымдастырылуы мен тактикасына қауіп төнсе; Бұл жағдайда, жедел-іздестіру қызметінің басшысы ол туралы қаулы шығарып, жедел-іздестіру қызметінің нәтижесін беруге болмайтын негіздер көрсетіліп, ол туралы сұрау салушыға хабарланады.

15.3 Жедел-іздестіру қызметінің нәтижесін заңнан тысқары қолдану тәртібі

ЖІҚ-і нәтижесінде алынған мәліметтер, қылмыстық іс жүргізу қызметінен тысқары мемлекет басшылары үшін, мемлекеттің қауіпсіздігін, саяси құрлысын тағы басқа да құндылықтарды қорғауға арналуы мүмкін. Олар мына төмендегіше тарамдалады:

- Президент және басқа инстанцияларға хабарлар дайындау үшін.
- Мемлекеттің сыртқы және ішкі саясаты, экономикалық қызметіне байланысты шараларды дайындау мен жүргізуге ықпал ететін мәңгілік жағдайларда.
- Президент және басқа тұлғаларды күзетуге байланысты мәліметтер.
- Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен күзету үшін қажетті мәліметтер.
- ЖІҚ-ін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты.
- Мемлекеттік және заңмен қорғалатын құпиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жоғарыдағылардың негізінде жедел-іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдаланушылар болып Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекеттік органдардың басшылары, сол сияқты жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырушы ведомстволар, ұйымдар, мекемелер басшылары танылады. Бірақ, бұл жерде ол хабарлар, мәліметтердің қайнар көздері, алыну тәсілдері мен әдістері көпқұпиялылықта сақталады.

ЖІҚ-нің нәтижесі ҚІЖК-не сәйкес ғана пайдаланылады, ал басқа жағдайларда заңды және жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және тергеу әрекеттерін жүргізуге ықшамды тәсілдер мен әдістер үшін әдістемелік болып танылады.

15.4 Жедел-іздістіру қызметіндегі шектеулер мен шараларды тоқтату негіздері

Жедел-іздістіру қызметіндегі шектеулерге мыналар жатқызылған:

Жедел-іздістіру қызметін жүргізу кезінде:

- аса қажет және қорғаныс қажет болған жағдайда басқа реттерде азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне нақты қатер төндіретін іс-әрекеттер жасауға;

- қандай да бір саяси партияның, сондай-ақ қоғамдық және діни бірлестіктердің мүддесі үшін әрекет етуге;

- азаматтарды құқық бұзушылыққа итермелеуге және арандатуға;

- азаматтар мен лауазымды адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектейтін зорлық-зомбылық жасауға, қатер төндіруге, бопсалауға және өзге де заңсыз әрекеттер жасауға;

- жедел-іздістіру материалдарын бұрмалауға, сол сияқты, көрінеу күмәнді не жалған мағлұматтарды пайдалануға тыйым салынады.

Жедел-іздістіру шараларын тоқтату негіздері болып төмендегілер танылады:

Жедел-іздістіру шаралары:

- жедел-іздістіру қызметін жүргізу арқылы шешу көзделген міндеттер орындалған ретте;

- алға қойылған міндеттердің шешілуі объективті түрде мүмкін еместігін растайтын жағдайлар анықталған ретте;

- тексерілетін адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша жауапқа тартуға болмайтын жағдайлар анықталған кезде тоқтатылады.

Жедел-іздістіру шаралары жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қалыптық құжаттарында көзделген мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокурорының келісімімен жүзеге асырылады, тоқтатыла тұрады, тоқтатылады.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. ЖІҚ-нің нәтижесіне түсінік беріңіз.

2. ЖІҚ-і нәтижесінің түрлеріне тоқталып өтіңіз.

3. ЖІҚ-ті нәтижесінің құжаттарын атаңыз.

4. ЖІҚ-і нәтижесін пайдалануда Заңның 14- бабында көрсетілген тәртібін атаңыз.

5. ЖІҚ-і нәтижесінің қылмыстық іс қозғауға бағытталған нәтижесінің тала-бын атаңыз?

6. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге пайдаланылатын жедел-іздістіру қызметінің нәтижесіне тоқталып өтіңіз.

7. ҚР ҚІЖК-нің 53-бабына сәйкес құпиялылықты сақтау мәселесіне тоқталыңыз.

8. Анықтау мен тергеу деректерінің құпиялылығын сақтау мәселелеріне тоқталыңыз.
9. ҚР ҚІЖК-нің 121- бабына сәйкес заттай дәлелдемелерге анықтама беріңіз.
10. Құжаттарға не жатады?
11. ЖІҚ-і нәтижесін беру тәртібін көрсетіңіз.
12. ЖІҚ-нің нәтижелерін беруге болмайтын мәселелердің мазмұнына тоқталыңыз.
13. ЖІҚ-нің нәтижелерін заңнан тысқары беру мәселелері маңызын ашыңыз.
14. ЖІҚ-нің нәтижелеріндегі шектеулер нені көрсетеді?
15. ЖІҚ-і нәтижелері шараларын тоқтату шаралары дегеніміз не?

Тест тапсырмалары

1. ЖІҚ-нің нәтижесі қандай түрде өз көрінісін табады:
- А) Хабарлар, мәліметтер, құжаттар, заттар
 - В) Тек хабар
 - С) Тек мәлімет
 - Д) Тек құжаттар
 - Е) Тек заттар
2. ЖІҚ-нің нәтижесін жария еткен адамға шара қолданылады:
- А) Заңда көрсетілген шара
 - В) Ескерту
 - С) Сөгіс
 - Д) Жұмыстан шығару
 - Е) Қылмысқа тарту
3. Құпиялылықты сақтау ҚР ҚІЖК-нің қай бабында көрсетілген?
- А) 53-бабында
 - В) 50- бабында
 - С) 101- бабында
 - Д) 90-бабында
 - Е) 6-бабында
4. ҚІЖК-і процесіне қатысушылардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен танысу тәртібі немен айқындалады:
- А) Заңмен
 - В) Бұйрықпен
 - С) Бастық нұсқауымен
 - Д) Қаулымен
 - Е) Ұйғарыммен
5. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер сотта қаралады:
- А) Соттың жабық отырысында
 - В) Алқа би қатысуымен
 - С) Ашық процесте

Д) Прокурордың қатысуымен

Е) Сот шешімімен

6. Анықтау мен тергеу деректерінің құпиялылығы ҚР ҚІЖК-нің қай бабында көрсетілген?

А) 205-бабында

В) 200- бабында

С) 150-бабында

Д) 50-бабында

Е) 150-бабында

7. Алдын-ала тергеу деректері жария етуге жата ма?

А) Жатпайды

В) Жатады

С) Ол көрсетілмеген

Д) Тергеушіге байланысты

Е) Сотқа байланысты

8. Заттай дәлелдемелерді қарау мен сақтау ҚР ҚІЖК-нің қай бабында көрсетілген?

А) 223-бабында

В) 220-бабында

С) 105-бабында

Д) 25-бабында

Е) Ондай жоқ

9. ЖІҚ-нің нәтижелерін беруге дайындау кезінде шара іске асырылады:

А) Оның жойылмауы, жоғалмауы жөнінде

В) Хатталады

С) Тігілу

Д) Істе сақтау

Е) Жойылмауы

10. ЖІҚ-нің нәтижесі заңнан тысқары Президентке беріле ме?

А) Заңда көрсетілген тәртіппен беріледі

В) Берілмейді

С) Заң тиыс салған

Д) Ол туралы белгісіз

Е) Бастықтың рұқсатымен беріледі

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Жедел-ізвестіру қызметін жүргізу бағыттары

Сұрақтары:

16.1 Жедел-ізвестіру қызметінің бағыттары түсінігі

16.2 Жедел-ізвестіру қызметінің барлау бағыты

16.3 Жедел-ізвестіру қызметінің сыртқы қарсы барлау бағыты

16.1 Жедел-ізвестіру қызметінің бағыттары түсінігі

ЖІҚ-і заңына сәйкес, оның негізгі бағыттары болып барлау, қарсы барлау: Қарсы барлау ішкі, сыртқы және қылмыстық, әкімшілік ізвестіру болып бөлінеді.

Бұның ішінде барлау мен қарсы барлау ғылыми көзқараспен толыққанды бекіген болып есептелсе, қылмыстық пен әкімшілік ізвестіру бірқалыпты мойындалмайды.

Кейбір ғылыми еңбектерде, оның ішінде, ресейліктер жоғарыдағыларды біріктіріп әмбебаптық бейнеде көреді. Олардың пайымдауынша, барлау мен қарсы барлау қызметі, жедел ізвестіру мен жеке ізвестіру қызметі деп оларды бір-бірінен бөліп, жоғарғы екеуін ЖІҚ-іне қоспайды, ал соңғыларды жеке ізвестіру деп есептейді. Бұл жағдайда, ЖІҚ-і қылмыстық, әкімшілік белгілері бар іс-әрекеттерді анықтау, алдын-алу, бетін ашу ғана болып, ал, қалғандары ЖІҚ-і заңынан бөлек жағдайда оның шегінен сырт қалар еді. Сөйтіп, ешқандай нормативтік құқықтық актілермен реттелмес еді. Бірақ, ЖІҚ-і туралы Заң жоғарыдағы бағыттар функцияларын толық қамтып реттеген.

Сонымен, барлау қызметі заң тұрғысынан қарағанда ЖІҚ-нің бір бағыты болып табылады және оның заңдық негіздері мен қағидаларына сәйкес заңды деп есептеледі.

«Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңның 2-бабында оның алдына қойылған тапсырмаларды шешуге арналған міндеттері атап көрсетілген, олар:

- азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін және меншікті (нысандарына қарамастан) заңға қарсы қол сұғулардан қорғау;

- қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу;

- қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу;

- жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жазадан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген реттерде басқа да адамдарды ізвестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету;
- мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мағлұматтардың сақталуын қамтамасыз ету; коммерциялық құпияны қорғауда кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға (меншік нысандарына қарамастан) жәрдемдесу;
- бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау;
- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

16.2 Жедел-ізвестіру қызметінің барлау бағыты

Жедел-ізвестіру қызметінің барлау бағыты негізінен сыртқа бағытталған және шет мемлекеттерге байланысты тапсырмаларды шешуге, оның ішінде соған қажетті хабарлар мен мәліметтер жинау мәселесін іске асырады[30,23].

ЖІҚ-нің барлау бағыты дегеніміз-мемлекеттің белгілі бір бағытқа бағытталған қызметі. Оны ол өзінің арнаулы ведомство қызметі арқылы, ҚР-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, барлау қажет ететін мемлекеттерде саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, әскери т.б. хабарларды жинау, алу және құпия құралдардың көмегімен барлау объектілері болатын мемлекеттерден мәліметтер жинау және сол арқылы өз ұлттық мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз-ол ұлттық мүдделердің қорғалуда болуы және сыртқы қауіптен сақтау. Ол дегеніміз саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік т.б. мемлекеттің қажеттілік мүддесі, оны іске асыру дегеніміз мемлекеттің өзінің конституциялық құрлысын, азаматтарының конституциялық құқығын, қоғам байлығы мен мемлекеттің негізін қалаушы мүддесі болып табылады. Демек, барлау қызметі туралы заң шегінде, ЖІҚ-нің арнаулы қызметі арқылы арнаулы функцияны іске асыру.

Барлау қызметі ол, жедел-ізвестіру қызметінің арнаулы функциясына кіретін, арнаулы қызмет иелері ғана жүзеге асыра алатын, жедел-ізвестіру қызметінің түрі. Кей жағдайларда бұл қызмет арнайы функциямен қатар, жедел-ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясы тапсырмаларын да шешуі мүмкін.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін және оған байланысты нақты шешімдер қабылдау, ол туралы жеткілікті көлемде хабарлар мен мәліметтер жиналғанда ғана мүмкін болады. Себебі, мемлекетаралық қатынастарға байланысты көз жұма отырып шешім қабылдау, қателіктерге ұрындырады, ал оның салдары орны толмас зардаптарға алып келеді.

Сондықтан, ҚР-ның басшылығы шет мемлекеттер жөнінде саяси, эконо-микалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік мәселелер жөнінде сөз қозғағанда, шешімдер қабылдағанда, соны шешуге жеткілікті мәліметтерді иелене алуы тиіс. Сонда ғана ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шешімдер қабылдауға мүмкіндік туады.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының басшылығы, кез келген өзге мемлекеттер сияқты, сол қаралатын мәселеге байланысты және оның дұрыс шешілуіне ықпал ететін мәліметтерді иеленіп, ол мемлекеттердің қажетті органдарына белгілі бір бағытта тиісті түрде әсер ететін әдістер мен күш-құралдарды қолдана алатын мүмкіндігі болуы тиіс, яғни мәселенің дұрыс шешілуін қамтамасыз ететін ой-пікірлер туғызу тағы басқалар жөніндегі арнаулы қызмет жұмысы болуы дұрыс.

Сондықтан, бұл саламен айналысатын арнаулы қызмет органдары, соған қажетті арнаулы құрал жабдықтар, әдістемелік тәсілдерді иеленеді.

Сыртқы істер министрлігі шегінде хабар жоғарыдағы мәселелерді шешуге жеткілікті болып табылмайды. Себебі, көп мемлекеттер халықаралық аспектіге қатысты мәселелерді құпия сақтауға тырысады және оны әр мемлекеттің құпия қызметі қорғайды. Сондықтан, осы мәселе жөнінде алға қойған міндетті шешу үшін міндетті түрде барлау органы қажет. ЖІҚ-і туралы заңның 2-бабында осы туралы былай көрсетілген: қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлуеті мен қорғаныс қабілетін нығайту. Бұл барлау қызметінің алдына қойылған міндет. Мысалы: «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңның 7-бабының а), в)пункттерінде барлаудың алдына қойылған міндеттері мынандай:

а) пункті бойынша-жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және қорғаныс әлуетін нығайту үшін өз құзіретіне сәйкес қажетті шаралар қолдану

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жайттар мен деректерді ҚР-ның мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлау.

Қоғамда болып жататын құбылыстарға сәкес барлау оның саяси, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық тағы басқа тетіктері арқылы өз көрінісін табады. Соған сәкес, барлау қызметі өз ерекшелігіне қарамай жедел-іздес-тіру қызметімен байланысты.

Сонымен, барлау қызметі заң тұрғысынан қарағанда ЖІҚ-нің бір бағыты болып табылады және оның заңдық негіздері мен қағидаларына сәйкес заңды деп есептеледі.

Осы жоғарыда көрсетілгеннің негізінде оларға төмендегідей құқықтар берілген:

1) жалпы және арнаулы жедел-ізвестіру шараларын, сараптық-криминалистік зерттеулер жүргізу,

1.а) құқыққа қайшы іс-әрекеттің жолын кесу жөніндегі жедел-жауынгерлік іс-шараларды әзірленетін арнайы әдістемелерге сәйкес жүзеге

асыру, сондай-ақ арнайы құралдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес пайдалану;

2) мақсаттары мен іс-қимылдары мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге бағытталған шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмысты топтардың ішіне енуді жүзеге асыру;

3) өздерінің іс-қимылдарымен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына жібермеу және аластау жөніндегі мәселелерді құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;

4) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды анықтауда, алдын алуда, тыюда, ашуда және тергеуде қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген шекте орындау үшін басқа органдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беру;

5) өздері жүргізіп жатқан материалдар бойынша азаматтарды ұлттық қауіпсіздік органдарына шақыру, олардан түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар алып, бұлардың көшірмелерін түсіру, шақыру бойынша келуден бас тартқан адамдарды мәжбүрлеп әкелу;

6) қылмыс жасады деген негізді сезік туғызған ретте азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру. Қылмыс жасауына сезік келтірілген адамдарды ұстау, ұсталғандардың құжаттарын қарап, жеке тексеру және олардың көлік құралдарын тексеруді, сондай-ақ олардың заттары мен құжаттарын алып қоюды жүзеге асыру;

6-1) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының **Заңында** көзделген шараларды және уақытша шектеулерді қолдану;

7) арнайы күзетілетін ерекше режимдегі аумақтарға және өзге де объектілерге кіруге әрекет жасаған және кіруге байланысты құқық бұзған, шекара аймағында заңсыз жүрген адамдарды әкімшілік жолмен ұстауды жүзеге асыру. Олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, олардан түсініктемелер алу, жеке тексеру, заттарын қарау мен құжаттарын тексеріп алып қоюды жүзеге асыру;

8) қылмыстарды болдырмау, қылмыс жасаған немесе қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мен ұстау, ұсталғандарды оларды ұстайтын жерге жеткізу, сондай-ақ оқиға болған жерге жету және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне әкелу үшін ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің қарамағындағы байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалану, иелерінің талап етуі бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары осының салдарынан келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді;

9) егер, кідіру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызса, елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, қылмысты тыю, қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мақсатымен ұйымдардың, әскери

құрамалардың және бөлімдердің аумақтары мен үй-жайларына және азаматтардың қарамағындағы тұрғын үй-жайлар мен олардың қарамағындағы жер учаскелеріне кедергісіз кіру. Азаматтардың қарамағындағы тұрғын үйлерге және өзге де үй-жайларға басып кіру оқиғалары туралы ұлттық қауіпсіздік органдары прокурорды жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу таңдалған немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қылмыс жасады деген күдікпен ұстаған адамдарға қатысты оларды ұстау үшін уақытша ұстау изоляторлары және тергеу изоляторлары бар болуы қажет. Жекелеген жағдайларда, олар ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімімен, - құқық қорғау органдары, соттар ұстаған және қамауға алынған адамдарды, сондай-ақ сотталғандарды ұстау үшін пайдаланылады;

11) мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарындағы, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарындағы арнаулы байланыс түрлерінің және шифрлау жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде бақылауды жүзеге асыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

12) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатерлерді іске асыруға, тергелуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсынуларды мемлекеттік органдарға, әскери құралымдарға, бөлімдер мен ұйымдарға енгізу.

Ұсынулардың нысанын және оларды енгізу тәртібін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды;

13) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау туралы белгіленген ережелерді немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланатын радиоэлектрондық хабар беру құралдарының қолданылуына жол бермеу;

14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, бөлімдер мен ұйымдардан өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алу;

15) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне енетін мәселелер жөнінде жергілікті өкілді және атқарушы органдарды хабардар ету;

16) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне қатысты архивтегі оперативтік, тергеу және басқа да материалдарды сақтау мен пайдалануды жүзеге асыру;

17) ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік

құралдарының ведомстволық қарастылығын шифрлау мақсатында әзірленуі және (немесе) ресімделуі бірлескен нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарын пайдалану;

17-1) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ұлттық қауіпсіздік органдарына құжаттардың бланктері мен қызметтік куәліктерді, оларды толтыру үлгілерін беру туралы орындалуы міндетті сауалдарды жолдау;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау және аталған органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдар мен бөлімшелерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құру;

19) арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарақтандыру құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және ұйымдарымен шарттар, келісім-шарттар жасасу;

20) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу. Автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйелері мен арнайы байланыс түрлерінің жүйелерін әзірлеу және жасау;

21) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері үшін шарттық негізде кадрлар даярлауды жүзеге асыру;

23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

«Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңнан басқа, барлау қызметінің құқықтық негіздеріне нормативтік құқықтық актілер, Президент Жарлықтары, Үкімет қалулары (барлау қызметін жүзеге асыруға байланысты), сол сияқты ведомстволық құқықтық-нормативтік актілер, бұйрықтар, мысалы, Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлау қызметіне байланысты ықпалдасып жұмыс атқару және тағы басқалар жатады.

16.3 Жедел-іздістіру қызметінің сыртқы барлау бағыты

Сыртқы қарсы барлау қызметі дегеніміз - шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекетін анықтау, алдын-алу және болдырмау жөніндегі мемлекеттің арнаулы қызметі.

Сыртқа барлау қызметі ЖІҚ-нің екі функциясын-құқық қорғау және арнаулы функциясын бірге атқарады.

Құқық қорғау функциясында: конституциялық құрылыс пен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қылмыстың алдын алу, жолын

кесу, бетін ашу және ЖІҚ-не сәйкес жүктелген басқа да міндеттерді атқару.

Арнаулы функциясында: Республика Президенті мен басқа да күзетілуге тиіс тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

-Мемлекеттік және басқа да құпия болып табылатын заңмен қорғала-тын құпиялылықты қамтамасыз ету.

-Ұйымдар мен мекемелердің коммерциялық құпиясының сақталуына ықпал ету.

-Мемлекеттік шекараны қорғау.

-ЖІҚ-н жүргізуші органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қарсы барлау қызметін ҚР-дағы Заңға сәйкес ҰҚК-нің бөлімдері, Президенттің күзет қызметі іске асырады.

Сыртқы барлау ішкі және сыртқы, қарсы барлау болып бөлінеді.

Ішкі қарсы барлау қызметі ҰҚК-нің және Президент күзет қызметі арқы-лы ұйымдастырылады және қызметін жүзеге асырады. Негізінен олар мем-лекеттің аумағында жұмыс атқарады. Тек , кейбір арнаулы мән-жайда ғана мемлекет аумағынан сыртқа шығуы мүмкін.

Сыртқы қарсы барлау негізінен ҰҚК-і арқылы ұйымдастырылып құры-лады. Негізінен, мемлекеттен сырт жақта құрылады. Олар шекарадан шет жақта орналасқан мемлекеттік мекемелерді, шет елдің құпия агенттері, арнаулы құралдары, тұлғалары ішке кіріп кетуден қорғайды. Сол сияқты, қылмыстық ниеті бар тұлғалардан, арнаулы қызмет иелерінен, террористерден, құқыққа қарсы әрекет ететін ұйымдардан қорғайды.

Бұдан басқа олар ҚР-сы азаматтарының қауіпсіздігін, құпиялылықты алып жүруші тұлғаларды, Қазақстан өкілдіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Оның ең маңызды міндеті шет елге барғанда Президенттің, Үкіметтің т.б. ресми тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Олардың негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Парламентін, Қазақстан Республикасының Үкіметін елдің қауіпсіздігіне төнген қауіп туралы хабардар етуге;

2) «Сыртқы барлау туралы» Қазақстан Республикасының **Заңына** сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағыт-талған шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлау және өзге де қызметін анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу жөнінде қарсы барлау қызметін жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, аумақтық тұтастығын, бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағыт-талған терроризм мен өзге де қызметті анықтауға, алдын алуға және тыюға;

5) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтауға, тыюға, ашуға;

6) Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскерилендірілген құрамалардың, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ шет ел заңды тұлғалары мен азаматтарының, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйым-дардың саяси партияларды, кәсіптік одақтарды қаржыландыруына жол бермеуге және тыюда мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

7) мемлекеттік органдарда, әскери құралымдарда, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ аталған салада олардың қызметін бақылауға міндетті. Мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат алуды ресімдейтін (қайта ресімдейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізуге;

8) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қорғаныс кешені, атом энергетикасы, көлік пен байланыс объектілерінің, аймақтардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға қатысуға;

9-1) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның аумағынан тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Республика аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға;

11) шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа құзретті органдармен бірлесе отырып шаралар қолдануға;

12) Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп шетел мемлекеттері, үкіметтері басшыларының және халықаралық ұйымдар басшыларының Қазақстан Республикасында болған кезеңінде олардың, сондай-ақ елдің аумағында өткізілетін аса маңызды қоғамдық саяси шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

12-1) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз етуге;

14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында ақпараттық-талдау жұмысын жүргізуге;

15) жұмысы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін радиоэлектронды құралдармен берілетін радиосәулелерді анықтауға;

16) шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыруға, арнаулы байланыс түрлерінің үкіметтік және өзге де жүйелерін пайдалануға, дамытуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16-1) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарында жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыруға және атқаруға;

17) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде мемлекеттік қызметтік құпия болып табылатын ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне техникалық жолмен кіруге жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

17-1) барлау, қарсы барлау және өзге де жедел-іздігіру қызметін жүргізу кезінде, осы қызметтің нәтижелері көрсетілген материалдарды іске асыру кезінде астыртын әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының немесе жедел-қызметтік қызмет материалдарына, оларға жария сипат берілгенге дейін қолжетімділікті шектеуді қамтамасыз ететін уәкілетті лауазымды адамның өкімдік қызметі арқылы ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмылу дайындығын қамтамасыз етуге;

19) ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға міндетті;

20) мемлекеттік қызметке кіретін және мемлекеттік қызметте тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуге;

21) өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға;

22) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының **заңнамасына** сәйкес өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді ұсынуға;

23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Сыртқы қарсы барлаудың негізгі функциясы арнаулыға жатады. Солай бола тұрғанмен олар ішкі қарсы барлаумен ынтымақтастықта жұмыс істей отырып құқық қорғау функциясын да бірге атқарады. Атап айтқанда, халықаралық террористік топты анықтау, оның іс-әрекетінің алдын алу, жолын кесу, қылмыстарын ашу, сол сияқты басқа да Қазақстан Республикасының мүддесіне қарсы құқықбұзушылықпен күресу жөніндегі ұйымдар, жеке тұлғалар жөнінде Қазақстан аумағында және одан тыс жерлерде орын алатын мән-жайлармен күресті ұйымдастырады

Сыртқы қарсы барлау қызметі өз жұмысында, «Жедел-іздігіру қызметі таралы» Заңның қағидаларын басшылыққа алады..

Сыртқы қарсы барлаудың құқықтық негіздеріне: ҚР-ның Конституциясы, ЖІҚ-і туралы Заң, Қылмыстық, ҚІЖК-і, әкімшілік құқық бұзушылық туралы жауапкершілік және т.б. заңдар, «ҚР-ның ҰҚК-і органдары туралы», «Президенттің күзет қызметі туралы» Заңдар, Үкімет қаулысы, ведомстволардың құқықтық нормативтік актілері жатады[23,30].

Сыртқы қарсы барлау қызметі өздерінің алдарына қойылған тапсырмаларына сәйкес төмендегідей салаларға бөлінеді:

1.Қазақстан республикасы Президенті, Президент Апараты, Үкімент, Парламент тағы басқа мемлекеттік басқарушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

2.Халықаралық терроризм және есірткі бизнесі саласы бойынша қарсы барлау.

3.Конституциялық құрылыстың сақталуын қамтамасыз ету саласы бойынша қарсы барлау.

4.Мемлекет экономикасы үшін маңызды роль атқаратын өндіріс орындары мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

5. Көлік және байланыс жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

6.Ғылыми-зерттеу қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

7.Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде орналасқан оның мекемелерінің және мемлекеттен тыс жақта іс сапармен жүрген, мемлекеттік құпиялылықты құрайтын мәліметтерді алып жүруші адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

8.Қазақстан Республикасының шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарсы барлау.

Белгілі бір кезеңдегі қажеттілігіне сәйкес бұл салалар өзгеріп, басқадай аталып немесе жойылып отыруы мүмкін, не кейбір сала сол сәттегі жағдайға байланысты маңыздылыққа ие болуы орын алады.

Өзін- өзі бақылауға арналған тапсырмалары мен сұрақтары

- 1.ЖІҚ-нің бағыттарын атаңыз?
- 2.ЖІҚ-ің бағыттары жөніндегі ғылыми көзқарастарға түсініктеме беріңіз?
- 3.ЖІҚ-ті туралы заңның 2-бабына сәйкес, олардың алдарына қойылған тапсырмаларды шешуге арналған міндеттерін көрсетіңіз?
- 4.ЖІҚ-нің барлау бағытының анықтамасын беріңіз?
- 5.Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз не?
- 6.Барлау қызметінің құқықтарын атаңыз?
- 7.Барлау қызметі қандай құқықтық актілерге негізделген?
- 8.Қарсы барлау қызметі дегеніміз не?
- 9.Қарсы бараудың құқық қорғау функциясын атаңыз?

10. Қарсы барлаудың арнаулы функциясына тоқталыңыз?
11. Ішкі қарсы барлаудың ұйымдастырылуын атап көрсетіңіз?
12. Сыртқы қарсы барлаудың ұйымдастырылуына тоқталыңыз?
13. Қарсы барлаудың негізгі міндеттері не?
14. Сыртқы қарсы барлаудың терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығының мазмұнына тоқталыңыз?
15. Сыртқы қарсы барлаудың құқықтық негіздеріне не жатады?
16. Сыртқы қарсы барлаудың салаларын көрсетіңіз?

Тест сұрақтары

1. ЖІҚ-нің негізгі бағыттары, ол:

- A) Барлау, қарсы барлау, қылмыстық және әкімшілік іздестіру
- B) Тек барлау
- C) Тек қарсы барлау
- D) Тек қылмыстық іздестіру
- E) Тек әкімшілік іздестіру

2. Қарсы барлау бөлінеді:

- A) Екіге
- B) Бөлінбейді
- C) Төртке
- D) Үшке
- E) Беске

3. Барлау мен қарсы барлау ғылыми көзқараспен бекіген бе:

- A) Бекіген
- B) Бекімеген
- C) Түсініксіз
- D) Әркімнің өз пікірі бар
- E) Көзқарас болмаған

4. Қылмыстық және әкімшілік іздестіру бағыты ғылыми көзқараспен бірқа-лыпты мойындала ма?

- A) Мойындалмайды
- B) Мойындалады
- C) Түсініксіз
- D) Әркімнің өз пікірі бар
- E) Заңға қарау керек

5. Заң тұрғысынан қарағанда барлау қызметі ЖІҚ-нің бір бағыты болып таныла ма?

- A) Танылады
- B) Танылмайды
- C) Түсініксіз
- D) Түсініктеме керек
- E) Арнайы заң керек

6. Барлау бағыты ЖІҚ-нің функциясына жатады:

- A) Арнаулы

- В) Жалпы
- С) Құқық қорғау
- Д) Әкімшілік
- Е) Үкіметтік

7. Арнаулы қызмет органдары өздеріне жүктелген тапсырманы іске асыру үшін не керек?

- А) Соған қажетті арнаулы құрал жабдық, әдістеме
- В) Ешнәрсе керек емес
- С) Заң керек
- Д) Бұйрық керек
- Е) Нұсқама керек

8. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Сыртқы істер министрлігінің мәліметтері жеткілікті ме?

- А) Жеткіліксіз
- В) Жеткілікті
- С) Қосымша әрекет керек
- Д) Олардың санын көбейту қажет
- Е) Қосымша құқық қажет

9. Сыртқы істер министрлігінің мәліметтері қандай қызмет арқылы тексеріліп толықтырылады?

- А) Барлау қызметі
- В) Ішкі істер қызметі
- С) Әкімшілік қызметі
- Д) Азаматтардың қызметі
- Е) Министрліктердің қызметі

10. Сыртқы барлау қызметі ЖІҚ-нің қандай функцияларын бірге атқарады:

- А) Арнаулы және құқық қорғау
- В) Арнаулы
- С) Жалғыз
- Д) Мемлекеттік
- Е) Әкімшілік

11. Ішкі барлау қызметінің жұмысын қай орган ұйымдастырады:

- А) Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Президенттің күзет қызметі
- В) Ішкі істер органдары
- С) Қаржы полициясы
- Д) Тек Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- Е) Тек Президенттің күзет қызметі

12. Сыртқы барлау қызметін қай орган ұйымдастырады?

- А) Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- В) Президенттің күзет қызметі
- С) Прокуратура
- Д) Сот
- Е) Ішкі істер органдары

13. Сыртқы қарсы барлау өз ішінде салаға бөліне ме?

- А) Бөлінеді

- В) Бөлінбейді
- С) Төртке бөлінеді
- Д) Алтыға бөлінеді
- Е) Бөліне береді

14. Сыртқы қарсы барлау қызметі өз жұмысында « Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңда көрсетілген басшылыққа алады:

- А) Қағидаларды
- В) Нұсқауды
- С) Ережені
- Д) Талапты
- Е) Түсінікті

15. Белгілі бір мән- жайларға сәйкес, сыртқы барлау салалары өзгеріске ұшырап отыра ма?

- А) Өзгеріске ұшырайды
- В) Өзгеріске жатпайды
- С) Тұрақты қалыпта болады
- Д) Негіз керек
- Е) Ол мүмкін емес

ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметінің қылмыстық және әкімшілік іздестіру бағыттары

Сұрақтары:

17.1 Қылмыстық іздестіру бағытының түсінігі

17.2 ЖІҚ-нің әкімшілік іздестіру бағыты

17.3 Жедел іздестіру бағыты

18.1 Қылмыстық іздестіру бағытының түсінігі

1.Қылмыстық жедел-іздестіру қызметінің бағыты негізінен қылмысты анықтауға, алдын алуға, жолын кесуге, бетін ашуға және іздестіруге бағытталған.

Осыған қажетті күштерге: құпия агент күштері, жедел іздестіру техникасы, жедел-іздестіру, ақпараттық қызмет т.б. жатады.

ЖІҚ-нің қылмыстық іздестіру бағыты, құқық қорғау бағытының бір элементі болып табылады. Криминалистикалық полиция мен қаржы полициясы жұмыстарының нәтижесі болып есептеледі және ЖІҚ-нің жалпы шаралары қағидасы негізінде іске асырылады. Өздерінің алдарына қойылған тапсырмаларды шешуге байланысты олар ұйымдасқан және экономикалық қылмыспен, есірткі бизнесімен, терроризммен, бандитизммен, қарақшылықпен, экологиялық қылмыстармен, көлік қылмыстары т.б. болып, әр органның өз құзретіне сәйкес және қылмыстық Кодексткегі қылмыс түріне қарай бөлінеді[21].

Құқыққа қарсы іс-әрекетті анықтау ЖІҚ-нің құқық қорғау функциясы бола отырып, дайындалып жатқан, болайын деп жатқан қылмыс, олардағы тұлғалар жөнінде хабарды тексеру, сараптама жасау, бағалау жөніндегі іс әрекеті. Оларды анықтаудың мақсаты: әртүрлі қылмысқа бағытталған ниеті, қылмыс жөніндегі хабардың қайнар көзін анықтау және ол хабарды алу мен тексеру болып табылады.

Олардың құралы ретінде: құпия көмекшілер, жедел-іздестіру, ғылыми-техникалық және ақпарат құралдары жатады.

Сонымен қатар, анықтау көздері болып, азаматтардың, ұйымдар мен мекемелердің ресми немесе ресми емес арыздары, ақпарат құралдарында хабарланған мән-жайлар танылады.

ЖІҚ-нің болжамдары. Ол логикаға сәйкес болып жатқан оқиғаларды түсіндіретін болжам түріндегі гипотеза, яғни фактілі деректерге негізделген болжам және олардың қисынды дұрыс түсінігі.

Сонымен **жедел-іздестірушілік болжам дегеніміз** - үзілмелі болжамды біліммен толық және шынайы ілімге негіздеген, көп сатылы өтпелі кезенді құрайтын ойлау үрдісі. Оны құрған кезде логикалық ойлау тәсілі, талдау, синтез, индукция, дедукция және аналогия үлкен роль атқарады.

Талдау тәсілі - фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды ойша жіктеуден, құрама бөліктерін бөлек-бөлек түсінуден тұрады.

Синтез-бұл талдауға қарама қайшы тәсіл, онда оның заты тұтастай, талдау арқылы бөлектенген бөліктердің өзара байланысын зерттеу болып табылады.

Сөйтіп, талдау мен синтез логикалық ойлаудың өзара байланысқан және өзара шартталған тәсілі.

Болжам құрған кезде ойлардың логикалық тәсілі ретінде **индукцияның** үлкен маңызы бар, яғни ол талдау жекеден жалпыға, фактілерді жинақтауға бағытталған тәсіл. Сөйтіп, ол тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Болжауда **дедукциялық тәсілдің** де, яғни жалпыдан жекеге талқылау да ерекше роль атқарады. Мысалы, мәйттің жанынан табылған ату қаруының ұңғысының ішінде күйік иістің болмауы, қарудан оқ атылмаған дегенге алып келеді.

Сөйтіп жедел-іздістіру кезінде алынған ақпарат арқылы болжамдарды жоққа шығаратын немесе анықтайтын мәліметтер алынады.

Қылмыстың алдын-алу - дегеніміз мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар арқылы, қылмыстың пайда болу себептері мен салдарларын анықтау және соған байланысты шара қолдану болып табылады. Сол сияқты, арнаулы шара арқылы, яғни қылмыс істеуден өз бетімен бас тартуға, тұлғаны қылмыс істеу іс әрекетінен басқа жаққа бұру, қылмыс объектісін құпиялау, қылмыс жасау құралдарын алу мүмкіндігінен айыру, оларды бүлдіру және оның алдын-алу шаралары.

Қылмыстың жолын кесу - дегеніміз ЖІҚ-нің құқық қорғау функция-сының мәжбүрлеу шаралары болып табылады. Ол әмбебаптық түрде көрініп, қылмыстың ошағын жою, алдын-алу, зардапты жою сияқты түрлерде іске асырылады. Бұлар ашық немесе құпия түрде іске асырылуы мүмкін. Оған негіз болып табылатын мән-жайлар, азаматтардың арызы, кінәсін мойындап келу, лауазым иесі адамның хабары, ақпарат құралдарындағы мәліметтер.т.б.

18.2 ЖІҚ-нің әкімшілік іздестіру бағыты

ЖІҚ-нің әкімшілік іздестіру бағыты-ол қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қорғау, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және оған байланысты туындайтын қылмыстарды анықтау, алдын-алу, ашу, тергеу мен сот органдарынан қашып жүрген тұлғаларды іздеп табу, хабарсыз кеткендерді табу, заңда көрсетілген негізде ұсталған, қамауға алынған адамдар тұрған жердегі тәртіпті қамтамасыз ету. Осыдан көрінетіні **әкімшілік іздестіру дегеніміз**-бұл ЖІҚ-н іске асырушы органдардың, күш пен құрал, жедел-іздістіру шаралары әдістемесі негізінде, ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық Кодекісінде көрсетілген нормативтік құқықтық акті-лердің талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

Ол алдына қойылған тапсырмасына сәйкес, табиғат қорғау, экономика саласындағы құқық бұзушылықпен күресу, сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамдық тәртіп пен адамгершілікті қамтамасыз ету, шекара режимін қамтамасыз ету, шетелдіктердің мемлекет аумағына келуі мен жүріп-тұруын қамтамасыз ету, құпия іс қағаздарына байланысты құпиялылықты сақтау, ұсталғандар мен қамалғандар отыратын жердегі тәртіпті қамтамасыз ету болып танылады.

Әкімшілік жауапкершілік – заңды жауапкершіліктің ерекше бір түрі. Оған заңды жауапкершіліктің мынадай ортақ белгілері тән: әкімшілік жауапкершілік құқықтық нормалардың негізінде және соларды бұзған үшін туындайды; құзіретті мемлекеттік органның заңды актісімен бекітіледі және де мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты. Сондай-ақ, ол әкімшілік мәжбүрлеудің құрамдас бөлігі болып табылады және мәжбүрлеудің барлық сипаттарына ие. ҚР-ның ӘҚБК-нің 31-бабына сәйкес он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс адам және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікте болуға тиіс. Әкімшілік жауапкершіліктің мынадай арнайы белгілері бар:

1) әкімшілік жауапкершіліктің негізі болып әкімшілік құқық бұзушылық (кейде теріс қылық) табылады;

2) ол әкімшілік жаза тағайындауға бағытталған;

3) әкімшілік жауапкершілікке тартуды заңмен сондай өкілеттіктер берілген органдар жүзеге асырады. Олардың барлығы өз қызметі барысында әкімшілік жаза қолданатын функционалдық билік субъектілері болып табылады. Ол соттар мен басқа да атқарушы билік органдары.

4) әкімшілік жауапкершіліктің субъектілері ретінде жеке адамдар және ұжымдық құрылымдар да болуы мүмкін;

5) оны қолданудың қарапайымдылығы, жедел және тиімді жүзеге асырылуында;

б) ол әкімшілік құқық нормаларымен реттелген. Заңда әкімшілік құқық бұзушылықтың нақты құрамы мен оған тағайындалатын жазалар, әкімшілік істерді жүргізетін уәкілетті органдар және іс жүргізу тәртібі нақты көрсетілген. Бұл әкімшілік жауапкершіліктің нормативтік негізін құрайды.

Әкімшілік жауапкершіліктің белгілерін талдай келе, оның мынадай үш негіздерін көрсетуге болады:

-нормативтік негізі (оны реттейтін нормалар жүйесі);

-фактілік негізі (әкімшілік санкциялармен қорғалатын құқықтық ережелерді бұзатын нақты субъектілердің әрекеті немесе әрекетсіздігі);

-процессуалдық негізі (нақты әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын нақты жазаны көздейтін құзыретті субъектілердің актісі).

Әкімшілік жауапкершіліктің туындауы үшін осы аталған негіздер болуы тиіс. Олар мынадай тәртіпте туындайды, алдымен, құқық бұзушылық үшін міндеттер мен санкциялар бекітілген құқықтық нормалар болуы керек. Сонан соң ғана әкімшілік жауапкершіліктің нақты негізі пайда болуы мүмкін, яғни құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік.

Әкімшілік жауапкершіліктің нормативтік негізі болып қолданыстағы құқықтық нормалар жүйесі табылады. Ол мыналарды бекітеді:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамын (жауапкершіліктің негізін);
- 2) әкімшілік жазалардың жүйесін және оларды тағайындау қағидаларын;
- 3) әкімшілік жаза қолдануға құзіретті субъектілердің шегін;
- 4) жауапкершілікке тартудың процедурасын, яғни процессуалдық нысанын.

Әкімшілік жауапкершіліктің негізін 2001 жылғы 30-қаңтарда қабылданған ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ӘҚБК) құрайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР ӘҚБК-нің 28-бабында былай делінген: “Жеке тұлғаның осы Кодекс бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі, немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады”.

Құқық бұзушылық жасауда кінәнің екі түрін атап өтуге болады: қасақаналық және абайсыздық. Қасақаналық тікелей және жанама түрде жасалады. Абайсыздық немқұрайдылықпен және менмендікпен жасалады.

Егер, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның залалды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа, немесе оған саналы түрде жол берсе, не оларға немқұрайды қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткіліксіз негізсіз, оның алдын алуға болады деп ұшқары ойласа, не тиісті назар салған және ескірген жағдайда оның алдын алуға болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады (ӘҚБК 29-30 баптары).

Жеке адамға әкімшілік жаза қолдану заңды тұлғаны осы құқық бұзушылық үшін жауаптылықтан босатпайды, сол сияқты, заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылыққа тартылуы да кінәлі жеке адамды осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатпайды.

Әкімшілік қызметтегі заңдылық – демократиялық түрде ұйымдастырылған қоғамның өмір сүруі мен дамуының басты нышаны. Ол азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру және бостандықтарын қамтамасыз ету, демократияны жүзеге асыру, қоғамның қызмет етуі, мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметінің ғылыми негізділігі үшін қажет. Ол мемлекеттік механизмнің (мемлекеттік органдар, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік тыңдаушылар) барлық элементтері, азаматтық қоғам және барлық азаматтар үшін міндетті.

Заң ғылымында заңдылық “мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, азаматтардың заңдар мен оларға сәйкес құқықтық актілерді бұлжытпай орындауы” ретінде түсіндіріледі. Алайда, мұндай түсінік біржақты сипатқа ғана ие. Ең, алдымен, заңдардың сапасына көңіл бөлу қажет, олардың әлеуметтік байланыстарға, құқыққа сәйкестігін бағалау қажет. Себебі,

заңдарды соқыр сеніммен орындау деспотия, тоталитаризм жағдайларында (мысалы, фашистік Германияда) ғана орын алатыны белгілі.

Қоғамдық қатынастарды реттеуші ерекше құрал ретіндегі заң нормасы сол мемлекеттегі экономиканың, мәдениеттің деңгейіне, моральдық-этикалық нормаларына сай болуы тиіс. Заңдылық – бұл, ең алдымен, жоғарғы сапалы заң нормаларының жеткілікті саны, содан кейін ғана, барлық тұлғалардың оларды қатаң сақтауы.

Тәртіпсіздікке барғандарға әкімшілік жаза қолданылады және ол жаза мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары болып табылады.

Әкімшілік жазалардың түрлеріне жататындар:

- ескерту жасау;
- әкімшілік айыппұл салу;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттың өтемін төлеп алып қою;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған, әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан алынған кірістерді, ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу;
- арнаулы құқықтан айыру;
- лицензиядан, анаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне берілген, не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру;
- жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- өз бетімен салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау;
- әкімшілік қамауға алу;
- шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру жатады.

17.3 Жедел іздестіру бағытын іске асырушы тұлғалардың күзіреттері

Жедел-іздестіру дегеніміз- анықтау, тергеу, соттан қылмыстық немесе әкімшілік жазадан жасырынып қашып жүрген, хабар-ошарсыз кеткен, мемлекеттік немесе өзге де құпия сақталатын құжаттар мен заттар, материалдық, мәдени т.б. құндылықтарды іздеу болып табылады.

Жедел- іздестіру іс-әрекетін жүргізуге негіздер болып мыналар танылады:

-Даярланып жатқан, жасалған, жасалуы мүмкін қылмыстар жөніндегі немесе қылмыстық қудалау органынан қашып жүрген, қашып кеткен тұлғалар туралы хабарлар.

-Құқыққа қарсы іс- әрекеттер туралы мәліметтер жатады.

Заң жүзінде аталған бағытпен айналысатын тұлғалардың күзіреттері аталып көрсетілген, олар:

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, өз құзыреті шегінде көші-қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны, полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, **табиғат қорғау және ветеринариялық**, көші-қон және жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер орган-дарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Әскери-тергеу органдары – олардың негізгі міндеттері әскери қылмыстарды және әскери қызметшілер жасаған, ішкі істер органдары тергеуге тиісті қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу болып табылады.

Әскери-тергеу органдарын әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-іздестіру, жедел-техникалық және өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын бөлімдер құрайды.

Әскери-тергеу органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының барлық құқықтарын пайдаланып, солардың міндеттерін атқарады.

Әскери-тергеу органдары Қарулы Күштер есебінен қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы арнаулы орган болып табылады және ішкі әскерлердегі құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстар бойынша, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жасаған басқа да қылмыстар бойынша анықтаманы жүзеге асыруға, олардың арасындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды ашуға, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін іздестіруге арналған.

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді өз құзыреті шегінде орындау үшін ішкі істер органдарының өкілеттігін пайдаланады. Бұл орайда, әскери қызметшілердің және әскери қалашықтар, ішкі әскерлердің әскери бөлімдері мен құрамалары бөлімшелерінің аумағында жүрген өзге де адамдардың құжаттарын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

Әскери полиция Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері есебінен қызметтік үй-жайлармен, автокөлікпен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі, оларды пайдалану мен ұстау шығындарын да солар көтереді.

Әскери полицияның әскери қызметшілері әскери атақтарына сәйкес айырым белгілері бар әскери нысандағы киім киіп жүреді. Бұл орайда, киімнің әскери полицияның белгіленген үлгідегі кеудеге, жеңге тағатын арнаулы айырым белгілерімен толықтырылуы мүмкін.

Ішкі істер министрлігінің және оның аумақтық органдарының құзыреті

1. Ішкі істер министрлігі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) криминалдық, әкімшілік полициясы және ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің, ішкі әскерлердің, әскери-тергеу органдарының, әскери, арнаулы полицияның және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

4) ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;

6) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлейді;

7) Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарын әзірлейді және бекітеді;

7-1) «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының **Заңына** сәйкес ведомстволық есептіліктің, **тексеру парақтарының** нысандарын, тәуекел дәрежесін **бағалау критерийлерін**, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

7-2) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

8) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі;

9) ішкі істер органдарында іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында құпиялылық режимінің сақталуына ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

11) криминалдық, әкімшілік полициясының және полицияның өзге де қызметтерінің, сондай-ақ ішкі әскерлердің, әскери полиция мен әскери-тергеу органдарының, арнаулы полицияның, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

12) ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

13) ішкі істер органдарының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге құқығы бар бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) полиция органдары бөлімшелерінің режимдік және ерекше қорғалатын объектілердегі қызметін қамтамасыз етеді;

17) авариялардың, өрттің, апатты жағдайлардың зардаптарын жою кезінде және басқа да төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйым-дастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

18) арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастырады;

19) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдар өмірінің, денсаулығының, абыройы мен беделінің және мүлкінің қорғалуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жергілікті ішкі істер органдары, ішкі әскерлер басшыларының және ұйымдар басшыларының кәсіби біліктілігін аттестаттау жүргізеді;

21) лауазымдар санаттары бойынша үлгілік біліктілік талаптарын, ішкі істер органдарының номенклатурасын, олардың қызметі туралы ережелерді, лауазымдар мен мамандықтар номенклатурасын, ішкі істер органдарының

құрылымын, үлгі штаты мен штаттық нормативтерін, жүктелім көлемінің нормативтерін әзірлеп, бекітеді және ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің деңгейін айқындайды;

22) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрларды даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

23) ведомстволық ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;

24) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

25) ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) ішкі істер органдары жүйесін жарактандыруды қамтамасыз етеді;

27) іздестіру, тергеу және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де іс жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушілердің, алдын ала жауап алушылардың жазбаша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

28) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын үйлестіреді, көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, оларды пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеу мен есепке алу, емтихан қабылдау және жүргізу құқығына арналған куәліктер беру тәртібін айқындайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерін жол қозғалысына қатысуға жібереді және оларды жүргізуге құқық береді;

29) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында, сондай-ақ ішкі істер органдарының қарауына жататын өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

30) режимдік, ерекше қорғалатын объектілерді және мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді;

31) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

32) ішкі істер органдары жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

33) соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда министрліктің мүддесін қорғауды және жергілікті жерлерде осы жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етеді;

34) сол министрліктің ішкі әскерлерінің қамауға алынғандар мен сотталғандарды күзетуін және айдап алып жүруін бақылауды жүзеге асырады;

35) ішкі істер органдары арнаулы мекемелерінің қызметін ұйымдастыруды және бақылауды, сондай-ақ айдап алып жүруді жүзеге асырады;

36) Қазақстан Республикасының көшіп кету мен көшіп келу саласындағы заңдарының сақталуын ведомстволық бақылауды және азаматтық мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;

36-1) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және тоқтату рәсімдерін, пана іздеген адамның куәлігін беруді жүзеге асырады;

36-2) босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қарау тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекітеді;

37) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысады, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

38) күзет қызметі саласында, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жеке және Заңды тұлғалардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

39) кандидатураны әкімшілік учаске халқымен жариялы түрде талқылау ескеріліп, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау тәртібін айқындайды;

40) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдары:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды, сондай-ақ ішкі әскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөнінде шаралар қолданады және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестаттаудан өткізеді;

7) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

8) ішкі істер органдарының бөлімшелерін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

9) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында өңірлік ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуды қамтамасыз етеді, құқық-

тық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

11) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларын орындалуын қамтамасыз етеді;

12) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды;

13) мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;

14) өңірдегі қылмыстың алдын алу мен оған қарсы күрестің жай-күйі туралы тұрғын халықты хабардар етеді;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, сондай-ақ алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) тікелей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) басқару деңгейіне жататын бөлімшелердің күшімен тиісті әкімшілік бірлік аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын, көлік құралдары иелерінің мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтуін бақылауды жүзеге асырады, оларды мемлекеттік тіркеу және есепке алу арқылы жол қозғалысына қатысуға жібереді, көліктерді пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есепке алады, емтихан қабылдайды және көлік құралдарын басқару құқығына арналған куәліктер береді, жол қозғалысын реттейді;

20) ішкі істер органдары ұстаған, қамауға алған адамдарды айдап алып жүруді қамтамасыз етеді;

21) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты

орны және құжаттары жоқ адамдарға арналған арнаулы қабылдау-бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

22) Алынып тасталған.

23) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

24) халықаралық шарттар негізінде ішкі істер органдарының қарауына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) заңсыз көші-қонның алдын алу, азаматтық, көшіп кету, көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелерін қарау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

26) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары:

1) қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен адамдарды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

4) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) қылмыс жасады деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) ұсталғандарды және қамалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады;

7) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, қабылдау-бөлу орындарының, арнаулы қабылдау орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

8) 2010.29.12. № 372-IV ҚР Заңымен алып тасталды .

9) кадрларды іріктеуді, орналастыруды жүзеге асырады, аттестаттау жүргізеді, көтермелейді, жазалайды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындайды;

10) мемлекеттік күзетке жататын объектілерді күзетуді жүзеге асырады;

11) қорғау нұсқамасын шығарады;

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) - қылмыстық жазалардың атқарылуын және тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстауды қамтамасыз ету бойынша атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:

1) уәкілетті орган (орталық атқарушы органның ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;

3) жазаларды атқаратын мекемелер мен органдар: құрылымында пробация қызметтері жұмыс істейтін қылмыстық-атқару инспекциялары; түзеу мекемелері;

4) тергеу изоляторлары;

5) ғылыми-зерттеу, емдеу-профилактикалық ұйымдары мен білім беру ұйымдары;

6) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталған адамдарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері құрайды.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің персоналын:

1) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері;

2) қылмыстық-атқару жүйесінде лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынасында тұратын қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыскерлері құрайды.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мекемелері әкімшіліктерінің және олардың лауазымды адамдарының қызметін

ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық- атқару жүйесі органдарының функциялары:

1. Қылмыстық-атқару қызметі саласында Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мынадай:

1) соттардың сотталған адамдарға қатысты үкімдерін, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазаны өтеудің заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстау;

3) соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастыру;

4) сотталған адамдарға түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастыру;

5) сотталған адамдардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын, сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын күзету;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі шұғыл жағдайды бақылау, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айдап апару;

8) сотталған адамдарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін атқару, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының сотталған адамдардың түзелу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайластыру жөнінде басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) жедел-ізвестіру қызметін және анықтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

10) сотталған адамдардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

12) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту мен жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

13) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тарту;

14) персоналдың кәсіби даярлығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру функцияларын жүзеге асырады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне соларда ұсталатын күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталған адамдардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру кезінде азық-түлік өнімдерін, алғашқы қажеттілік заттарын, киім-кешек, аяқ киім, газеттер, журналдар, әдебиет, дәрі-дәрмектер және қосымша емдік-профилактикалық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды қосымша сатып алуға, ұзақ мерзімді кездесулер ұсынуға және қосымша емдеу-профилактикалық және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өзге де қызметтер көрсетуге, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылар үшін қосымша ақылы тұрмыстық қызметтер жасауға ұсынылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтер жатады.

Осы аталған органдар өздеріне жүктелген тапсырмаларды іске асыру кезінде, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңның мүмкіндіктерін пайдалана отырып тәртіп пен заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Қылмыстық ізвестіру бағытына түсінік беріңіз.
2. Жедел-ізвестірушілік болжам дегеніміз не?
3. Логикалық ойлау тәсілдеріне тоқталыңыз.
4. Қылмыстың алдын алу деген не?
5. Қылмыстың жолын кесу дегенді түсіндіріңіз.
6. Әкімшілік ізвестіру бағытын атаңыз.
7. Әкімшілік жауапкершілік дегеніміз не?
8. Әкімшілік жауапкершіліктің белгілерін атаңыз.
9. Әкімшілік жауапкершіліктің негіздерін көрсетіңіз.
10. Әкімшілік қызметтегі заңдылық дегеніміз не?
11. Әкімшілік жазаның түрлерін атаңыз.
12. Жедел ізвестіру дегеніміз не?
13. Жедел ізвестіру іс-әрекетін жүргізу негіздеріне не жатады?
14. Криминалдық полицияның міндеттерін көрсетіңіз.
15. Әкімшілік полицияның міндеттеріне не жатады?
16. Әскери тергеу органдары немен айналысады?
17. Әскери полиция қызыметі неге бағытталған?
18. ІІМ-нің аумақтық органдарын атаңыз.
19. ІІМ-нің қылмыстық-атқару жүйесінің ЖІҚ-не тоқталыңыз.

Тест тапсырмалары

1. Қылмыстық ЖІҚ-нің бағыты ол:

- A) Қылмысты анықтау, алдын алу, жолын кесу, бетін ашу қызметі
- B) Қылмысты ашу
- C) Қылмысты анықтау
- D) Қылмыспен күресу
- E) Жоғалғанды іздеу

2. Талдау тәсілі ол:

- A) Фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды ойша жіктеу, құрама бөліктерін бөлек-бөлек түсіну
- B) Ойша талдау
- C) Түсініп ойлау
- D) Мағынасын түсіну
- E) Зер сала ойлау

3. Синтез ол:

- A) Затты тұтастай талдау, бөліктердің өзара байланысын зерттеу
- B) Құрамдарды анықтау
- C) Зерттеу
- D) Даралау
- E) Айқындау

4. Индукция тәсілі ол:

- A) Жекеден жалпыға фактілерді жинақтау
- B) Жеке тәсіл
- C) Жекені ұғыну
- D) Дараландыру
- E) Жекелеу

5. Дедукция тәсілі ол:

- A) Жалпыдан жекеге талқылау
- B) Жалпы тәсіл
- C) Жалпылау
- D) Жалғыз тәсіл
- E) Жекелеп ұғыну

6. Қылмыстың алдын алу ол:

- A) Мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар арқылы қылмыстың пайда болу себептері мен салдарын анықтау
- B) Себепті анықтау
- C) Іс әрекет жасау
- D) Заңды қолдану
- E) Қарсы тұру

7. Қылмыстың жолын кесу ол:

- A) ЖІҚ-і құқық қорғау функциясының мәжбүрлеу шарасы
- B) ЖІҚ-нің шарасы
- C) Іс-әрекет
- D) Іс қыймыл

Е) Қылмысты ашу

8. Әкімшілік жауапкершілік ол:

А) Заңды жауапкершіліктің ерекше түрі

В) Жауапкершілік түрі

С) Тәртіп түрі

Д) Жұмыс түрі

Е) Жаза түрі

9. Қай жастан бастап әкімшілік жауапкершілікке тартуға болады:

А) 16

В) 15

С) 14

Д) 18

Е) 20

10. Әкімшілік жауапкершіліктің нормативтік-құқықтық негіздері болып қай жүйе танылады:

А) Қолданыстағы құқықтық нормалар жүйесі

В) Заң нормалары

С) Заң

Д) Нормативтік акт

Е) Бұйрықтар

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Жедел- іздестіру қызметін прокурорлық қадағалау

Сұрақтар:

18.1 Прокурор - жедел іздестіру қызметінің субъектісі

18.2 Жедел-іздестіру қызметіндегі прокуратураның қызметі және ұйымдастыру қағидалары

18.3 Жедел- іздестіру қызметіне прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

18.1 Прокурор- жедел іздестіру қызметінің субъектісі

Қазақстан Республикасында адам және азаматтар құқығы мен бостандығын сақтау Қазақстан Республикасы Конституциясымен және оның кепіл-ділігін Президент қамтамасыз етеді.

Конституцияның негізгі мақсаты конституциялық құрылыстан басқа адам бостандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Демократиялық мемлекет ретінде саналуға талпынған елдің бірде - біреуі өз Конституциясында адам құқықтарын қорғаудың нақты тізбесін жазбауы мүмкін емес. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокуратура органдарының жұмысы негізінен қылмыстық сот жүргізу саласына тартылған адам құқығын қорғау, қылмыстарды анықтау, ізге түсу органдарының процессуалды шешім қабылдауының заңдылығын дер кезінде тексеру және заң талаптары бұзылғандығы орын алса, оны өз уақтысында түзеу туралы шара қолдану болып табылады.«ЖІҚ туралы» Заңды орындау барысында прокурорлық қадағалауды мына төмендегі тұлғалар іске асырады:

А) ҚР-ның Бас прокуроры;

Б) Оның өкілетті прокурорлары («Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 25-бабы).Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес прокуратура дәрежесі төмен прокурорлары мен ҚР Бас прокурорын бағындыратын орталықтандырылған біріккен жүйені құрайды. Олай болса, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры - Қазақстан прокуратурасының жоғары лауазымды тұлғасы. Ол прокурорлық органдардың осы жүйесін басқарады. ҚР Бас прокуроры Парламент сенатының келісімі арқылы ҚР Президентімен тағайындалады және босатылады (ҚР Конституциясының 44-бабы, 5-тармағы).

Өкілетті прокурор болып заңнамалық тұрғыдан мемлекеттік органдардың заңды орындауын қадағалайтын мемлекеттік-биліктік өкілеттіліктермен және ҚР Бас прокурорының ЖІҚ туралы заңының орындалуын қадағалау жайындағы шешімімен тікелей уәкілеттенген Қазақстан Республикасының прокуратурасының лауазымды тұлғалары танылады.

Прокурор өкілеттілігін бөлісуге мыналар құқықты:

-Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында - алдын ала анықтау және тергеу мәселелерімен айналысатын Бас прокурордың орынбасары және ҚР Бас прокурорының орынбасары Бас әскери прокурор; прокуратура органдарында - облыс, қала прокурорлары және соларға тең дәрежедегі транспорт, әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралардың прокурорлары.

-Уәкілетті прокурорларды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі сәйкес тіркеуге алынған жедел іздестіру қызметімен айналысатын органдарға жіберіледі. Уәкілетті прокурорлыққа тағайындалғанға дейін оған қатысты мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге жіберу рәсімі жүргізілуі тиіс [4].

Осылайша жедел іздестіру туралы Заңды орындау барысындағы прокурорлық қадағалауды атқарушылар:-Аумақтық прокурорлар-Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Қорғаныс Министрлігінің әскери барлау органдары, Президенттің Күзет қызметінің тиісті органдарына қатысты; -Әскери прокурорлар – Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің, ҚР Қорғаныс Министрлігінің әскери барлау органдарының тиісті органдарына, ал ҰҚК аумақтық органдарында тек қана әскери қызметтегілер, оқу және тексеру жинақтарына адамдар болып табылатын әскери міндеттегілерге қатысты құжаттарға тиісті; Транспорт прокурорлары - тиісті ішкі істер органдарына қатысты.

-Әскери бөлімше прокурорлары - Әділет Министрлігінің сәйкес органдарына, сонымен қатар жабық әкімшілік-аймақтық бөлім мен өте маңызды ҚР құпиялылық режимін қамтамасыз ету нұсқауына байланысты.

Прокурор қызметінің нормативті-құқықтық негізі ЖІҚ субъектісі ретінде 1994 жылдың 15 қыркүйегінде қабылданған «ЖІҚ туралы» Заңы мен 1995 жылдың 21 желтоқсанында қабылданған прокуратура туралы заңында баяндалған.

«Прокуратура туралы» Заң негізінде Жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың заңды орындауын қадағалау себебі, адам және азаматтар құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жасалған және дайындық үстіндегі қылмыс туралы арыздар мен хабарларды бекітілген тәртіп бойынша шешу. Қадағалау қызметіне заңда қаралған әсер ету шараларын қолдануға ұсыныс енгізу, наразылық жасау, заңсыз қаулыларды жою, қылмыстық іс қозғау сияқты мән-жайлар кіреді.

Прокурордың ЖІҚ туралы заңды бұзған тұлғаларды заңда көрсетілген жауапкершілікке тартылуын талап етуге құқы бар. Азаматтардың бұзылған құқығы мен еркіндігін қалпына келтіру, конституциялық кепілдіктерді ЖІҚ-ін іске асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан бұзылуынан қорғау және тағы басқа да себептермен тексеру жүргізгенде прокурор заңмен бекітілген прокурорлық қадағалау тәсілдерін қолдана алады. Мысалы :

-Жедел- іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардан қылмыстық іздестіруді жүзеге асыруды, егер заң талабы бұзылса тоқтатылуын талап етіп жазбаша нұсқау беруге;

-Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкері, жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру кезінде заң талаптарының бұзылуына жол берген лауазымды тұлғалардан жазбаша түсініктеме талап етуге;

-Жедел-іздестіру қызметін іске асыратын органдар басшыларының заңға қайшы ведомстволық құқықтық актілеріне, қарсылық білдіруге;

-Жедел-іздестіру қызметін іске асырудағы лауазымды тұлғалар жіберген заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізуге;

- Жедел іздестіру органдарының басшыларынан, оларға бағынышты өкілетті қызметкерлер тарапынан заң бұзылған жағдайда олардың одан арғы тексеру жұмысынан шеттетілуін талап етуге.

-Прокурор талаптары тек қана жазбаша түрде берілуі қажет және ол жерде нақты қандай заң талаптары бұзылғаны атап көрсетіліп, заң бұзушылықты орнына келтіру мәселесі де нақты аталуы тиіс.

Прокурорлық қадағалау мына жағдайларға байланысты жүзеге асырылады:

1.Жедел іздестіру бөлімшенің (оның лауазымды тұлғасының) заң бұзғандығы жөнінде прокуратураға арыз, шағым немесе мәліметтер келіп түсуіне байланысты.

2.Прокурор өз бастамасымен.

18.2 Жедел-іздестіру қызметіндегі прокуратураның қызметі және ұйымдастыру қағидалары

Прокуратураның ұйымдастыру және қызмет қағидалары дегеніміз- Конституцияда, 1995 жылдың 21 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заңдық күші бар «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Жарлығында және басқа да прокуратураның мемлекеттік нышанын көрсететін, прокурорлардың тапсырмасын және өкілдігін анықтайтын, сонымен қатар мемлекетте заңның нақты және бірқалыпты орындалуын қадағалауды іске асырудағы құқықтық амалдардың және тәсілдердің өзгешелігін және мөлшерін білдіретін негізгі талаптағы нормативтік құқықтық актілерді айтамыз.

Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі

1. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау-тексерулер және (немесе) заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізулер арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруына байланысты;
- 2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге байланысты;
- 3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуы бойынша;
- 3-1) жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық жоспары бойынша;
- 4) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

3. Тексерісті прокурор сондай-ақ өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті.

4. Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оны жүргізу мерзімін ұзарта алады.

5. Прокурорлардың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар осы Заңда және басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіп пен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп саяды.

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдігі :

1. Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

2. Прокуратураның талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар:

- 1) қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге;
- 2) тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге.
- 3) прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

3. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген талаптары (сұрау салулары, тапсырмалары, нұсқаулары) мемлекеттік органдардың, лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ прокурор белгілеген тәртіп пен мерзімде беріледі.

5. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың ұй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысуда қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар.

6. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше, берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін.

7. Прокурордың заңды талаптарын орындамау, не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

8. Прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ. Қаралып жатқан сауалдың контекстінде ғалым Н.В.Сидоровтың прокурор өкілеттілігі дегеніміз мемлекет ұсынған белгілі бір сипатта және белгілі бір бағытта әрекет ету мүмкіншілігін қабылдау құқығы деген көзқарасымен келісуге болады.

Заңдылық қағидасы жедел іздестіру қызметін іске асыратын органның лауазымды тұлғасы, сонымен қатар, оны бірге жүргізуші тұлға Қазақстан Республикасының Конституциясы мен еліміздің заң талаптарын нақты орындауға міндеттілігінен тұрады. Мемлекет және құқық теориясы заңдылықты сақтау кепілдігімен заңды нақты орындауды, құқықты дұрыс қолдануды және заң міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін қоғамдық дамудың объективті жағдайын көрсетеді.

18.3 Жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау

Қадағалаудың мазмұны мен мәні Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру, жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды

адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығын қадағалау болып табылады.

Прокурордың жедел-ізвестіру қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі **өкілеттігі** мынада көрінеді.

Жедел-ізвестіру қызметіне қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) жедел-ізвестіру қызметінің тоқтатылған немесе жүргізіліп жатқан істерін, жедел-ізвестіру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады, бұған жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарда жасырын негізде қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтер қосылмайды;

2) арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желісінде жүзеге асырудың заңдылығын тексеруді жүргізеді;

3) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар мен өтініштерді қарайды;

4) жедел-ізвестіру қызмет жүзеге асыратын органдар шығарған жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыру мен өткізу тактикасын реттейтін, Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерге наразылық жасайды;

5) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырған кезде заңның, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда өзінің қаулысымен жедел-ізвестіру шараларын тоқтатады;

6) жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырған кезде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер жөнінде қылмыстық және тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады;

7) жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырған кезде заңды бұзудың анықталған фактілері бойынша прокурорлық қадағалаудың осы Заңда көзделген өзге де актілерін шығарады;

8) заңсыз ұсталған адамдарды босатады;

9) қажет болған кезде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынысты орган тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) заңдарда белгіленген жағдайларда жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге санкция береді.

Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды Республиканың Бас Прокуроры және өзге прокурорлар заңдарда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Прокурор ЖІҚ-нің субъектісі дегенді қалай түсінесіз.

2. ЖІҚ-н қадағалауды прокуратура тарапынан кімдер жүзеге асырады?

3. Прокурор өкілетігін бөлісуге прокуратура қызметкерлерінен кімдер құқылы?

4. Аумақтық прокуратураның ЖІҚ-не байланысты құқығы.

5. ЖІҚ-не байланысты әскери прокурордың құқығы.
6. Прокурордың заң бұзушылыққа байланысты құқығы.
7. Прокурордың ұйымдастырушылық қызмет қағидасын атаңыз.
8. Прокурордың тексеру жүргізуіне негіз болатын мән- жайларды атаңыз.
9. Прокуратура органдарының құқықтық кепілдігі дегеніміз не?
10. Прокуратураның талап етуіне байланысты, тиісті органдар мен өкілетті адамдардың міндеттерін атаңыз.

Тест сұрақтары

1. Конституцияның негізгі мақсаты ол:
 - А) Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау
 - В) Мемлекет құру
 - С) Мемлекет құрлысын анықтау
 - Д) Мемлекеттермен ара қатынасты анықтау
 - Е) Шекараны бөлу
2. ЖІҚ-гі прокуратура органдарының міндеті ол:
 - А) Адам құқығын қорғау
 - В) Мемлекетті сақтау
 - С) Мемлекетті қорғау
 - Д) Қылмысты ашу
 - Е) Қылмыстың алдын алу
3. Бас прокурорды тағайындайды:
 - А) Сенаттың келісімімен Президент
 - В) Мәжіліс
 - С) Үкімет
 - Д) Парламент
 - Е) Сенат
4. Қандай заңға байланысты прокурор ЖІҚ-нің субъектісі болып танылады?
 - А) 1994 ж. Қабылданған «ЖІҚ-і туралы» Заңға
 - В) Конституцияға
 - С) Бұйрыққа
 - Д) Үкімет шешіміне
 - Е) Мәжіліс шешіміне
5. Прокурор талаптары қандай нысанда беріледі?
 - А) Тек жазбаша
 - В) Ауызша
 - С) Бұйрықпен
 - Д) Телефонмен
 - Е) Телеграмма арқылы
6. Прокурор өз бастамшылығымен тексеру жүргізе ала ма?
 - А) Жүргізе алады
 - В) Жүргізе алмайды
 - С) Рұқсат керек

Д) Нұсқау қажет

Е) Белгісіз

7.Прокурор тексерісті басқа органға жүктей ала ма?

А) Жүктей алады

В) Жүктей алмайды

С) Үкімет шешімі қажет

Д) Бұйрық керек

Е) Арыз керек

8.Прокурор өзі тексеріп жатқан мәселе бойынша түсінік беруге міндетті ме?

А) Заңда көрсетілгеннен басқада міндетті емес

В) Міндетті

С) Ол бұйрықта көрсетілсе

Д) Шешім керек

Е) талап етілсе

9.Лауазымды адамдар прокурордың шақырумен келуге міндетті ме?

А) Міндетті

В) Міндетті емес

С) Ерекше жағдайда міндетті

Д) Мәселеге байланысты

Е) Өзі біледі

10.Прокурор сауалдары орындалуға міндетті ме:

А) Міндетті

В) Міндетті емес

С) Мән- жайға байланысты

Д) Күрделі болса

Е) Қажеттілігіне байланысты

**ЖЕДЕЛ - ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДАРЫ ЖӘНЕ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ СӘЙКЕС ОҚУЛЫҚТА
КЕЗДЕСЕТІН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР:**

1.Бұл заңда **азаматтар** деп Қазақстан Республикасының азаматтары, Республикада тұрақты немесе уақытша тұратын, оның аумағына келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар танылады;

2.**Адамдарға сауал қою** - жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар нақты ақпарат (осы ақпарат бар немесе болуы мүмкін сауал қойылған адамның сөздерін) жинау;

3.**Анықтамалар алу**- қызығушылық туғызатын ақпараты бар немесе болуы мүмкін, тиісті жеке және заңды тұлғаларға ресми сауал жіберу жолы-мен жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар нақты ақпарат алу;

4.**Арнаулы жедел-ізвестіру шарасы**- заңмен қорғалатын адамның жеке өміріне араласпаушылықты, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарламалары мен почта жөнелтілімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұқпаушылық құқығына тікелей қатысты жедел-ізвестіру шарасы;

5.**Арнаулы техникалық құралдар** - жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында ақпаратты табу және оны құжаттау үшін арнаулы функциялары, бағдарламалық қамтамасыз ету мен конструкциялық ерекшеліктері бар құрылғылар, аппаратура, тетіктер, жабдық;

6.**Байқау**- жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар құбылыстарды, әрекеттерді, оқиғаларды, процестерді көру арқылы әрі өзге-ше қабылдау және анықтау;

7.**Байланыс желілеріндегі жедел іздеу** - байланыс желісі арқылы берілетін ақпаратта құқыққа қарсы әрекеттердің белгілерін табу жөніндегі жасырын іс-әрекеттер;

8.**Байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алу**- ақпаратты жи-науға, өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, іздеуге және таратуға арналған, электр-лі байланыс желілері, компьютер желілері, деректер базалары, телекомму-никациялық және ақпараттық жүйелер арқылы берілетін ақпаратты арнау-лы техникалық құралдармен жасырын алу;

9.**Бақыланатын өнім беру**- еркін өткізуге тиым салынған не айналымы шектелген, сондай-ақ қылмыстық қол сұғу объектілері немесе құрал-дары болып табылатын нәрселердің, заттардың және өнімдердің берілуіне, сатып-алуына, сатылуына, орын ауыстырылуына бақылау орнату жолы-мен қылмыстық әрекеттің белгілері туралы ақпаратты алу тәсілі;

10.**Жеке адамды белгілері бойынша іздеу және ұқсастыру**- іздеудегі адамды даярлайтын статикалық, динамикалық және геномдық белгілері бойынша, сондай-ақ сөзбен сипаттау портреті және адамды жеткілікті ықтимал дәрежеде тануға мүмкіндік беретін басқа да тәсілдер

көмегімен табуға және сәйкестендіруге бағытталған ұйымдастырушылық және нысаналық-практикалық іс-әрекеттер жиынтығы;

11.Енгізу- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның қызмет-керін не онымен бірге қызмет істеп жүрген құпия көмекшіні жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін жедел қызмет мүдделі болып отырған объектінің төңірегіне жасырын енгізу;

12.Жалпы жедел-ізвестіру іс-шарасы- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың өз қызметінің міндеттерін шешіге бағытталған, бірыңғай тактикалық, стратегиялық ой-ниетпен байланысқан іс- әрекеттер-дің жиынтығы;

13.Жедел есепке алу ісі- жедел- ізвестіру қызметін жүзеге асырушы орган жүргізетін оқшауландырылған іс жүргізу;

14.Жедел кіру- тұрғын және басқа да үй-жайларға, ғимараттарға, құры-лыстарға, көлік құралдарына, жергілікті жердің учаскелеріне оларды тек-серу мақсатында, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметінің өзге міндеттерін шешу үшін жасырын кіру;

15.Жедел сатып алу-ықтимал қылмыстық әрекет туралы ақпарат алу мақса-тында, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның хабардар болуымен және оның бақылауымен тексерілетін адамнан тұтыну немесе өткізу мақсатынсыз ақылы түрде заттар сатып алынатын жалған мәміле ахуалын орнату;

16.Жедел-ізвестіру қызметі - адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қыз-меттерінің, қылмыстық қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекет-терінен қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел- ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Жедел-ізвестіру қызметі» туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел- ізвестіру, ұйымдастыру және басқару іс-шараларының ғылыми негізделген жүйесі;

17.Құқыққа қарсы әрекеттердің іздерін табу, жасырын анықтау және алып қою, оларды алдын- ала зерттеу- қылмыс іздері сақталған немесе қылмыс жасау құралы, немесе қылмыстық әрекеттің нәтижесі бо-лып табылған материалдық объектілерді анықтау, айналымнан немесе нақ-ты адамның иелігінен алып қою; олардың өздеріне тән белгілері мен ерек-шеліктерін заңда белгіленген нысан бойынша анықтау;

18.Құпия көмекшілер - жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы ор-ганмен құпия негізде(оның ішінде келісім-шарт бойынша) қызмет істеуге келісімін берген, сонымен қатар осы органмен бұрын өзінің келісімі бойынша ынтымақтастықта болған, он сегіз жасқа толған, іс-әрекетке қабілетті жеке тұлғалар;

19.Почта-телеграф жөнелтілімдерін бақылау-іс үшін маңызы бар – мәліметтерді, заттарды, жедел хаттарды, радиограммаларды,

бандерольдерді, посылкаларды және басқа да почта-телеграф жөнелтілімдерін қарау және олардың мазмұнымен танысу жолымен алу;

20.Сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу- бейне, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

21.Телефон арқылы жүргізілген сөйлеулер туралы мәліметтер алу-телефон байланысы абонентінің кіріс және шығыс қоңыраулары туралы ақпаратты жасырын алып қою;

22.Телефон және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу- егер тексерілетін адам, күдікті, айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе үшінші бір адам телефонды және басқа да сөйлесу құрылғысын пайдаланып, тексерілетін адамға, күдіктіге, айыпталушыға арналған не басқа адамдарға беру үшін тексерілетін адамнан, күдіктіден, айыпталушыдан, ақпарат алады деген мәліметтер болса, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының не үшінші адамның сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

23.Үлгілерді алу- тірі адамның, мәйіттің, жануарлардың, заттың, нәрсенің ерекшеліктерін бейнелейтін, жедел-іздістіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар материалдық ақпарат жеткізгіштерді алып қою және анықтау;

24.Штаттағы жасырын қызметкер - лауазымдық міндеттеріне жедел-іздістіру іс-шараларын астыртын түрде жүргізе алатын, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкері;

25.Іздістіру-заңда көзделген жағдайларда тергеуден, анықтаудан немесе соттан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдардың, хабарсыз кеткен және өзге де адамдардың орналасқан жерін, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар, жоғалған құжаттар мен бұйымдарды анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, іс - жүргізу және жедел-іздістіру іс- шараларының жүйесі;

26.Судья-Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші мемлекеттің лауазымды адамы;

27.Қазақстан Республикасының прокуратурасы-мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Ол кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады.

28.Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі - адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

29.Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері-іске асырылуынан мем-лекеттің адам мен азаматтың құқықтарын, Қазақстандық қоғамның құндылықтарын және конституциялық құрылыс негіздерін қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болатын, заңнамалық тұрғыдан танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттіліктердің жиынтығы;

30.Ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер - Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыруға кедергі келтіретін немесе кедергі келтіруі мүмкін сыртқы және ішкі факторлардың (процестер мен құбылыстардың) жиынтығы;

31.Ұлттық қауіпсіздік объектілері - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, қоғамның материалдық және рухани құндылықтары, мем-лекет және оның конституциялық құрылысы;

32.Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында негізгі проблемаларды және қауіп-қатерлерді, стратегиялық мақсаттарды және нысаналы индикаторларды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін айқындайтын Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық құжаты;

33.Ұлттық қауіпсіздік субъектілері - өз өкілеттіктерін биліктің заң шығару-шы, атқарушы және сот тармақтары органдары арқылы жүзеге асыратын мемлекет, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысытын Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдары;

34.Қоғамдық қауіпсіздік - қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, рухани- имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты, әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

35.Саяси қауіпсіздік - азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар қызметі жүйесінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

36.Әскери қауіпсіздік - әскери күштерді қолдану немесе оны қолдану ние-тімен байланысты сыртқы және ішкі- қауіп қатерлерден адамның және азаматтың, мемлекет пен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделері қорғалуының жай-күйі:

37.Экономикалық қауіпсіздік - экономиканың орнықты дамуы және тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

38.Ақпараттық қауіпсіздік - елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуел-сіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адам-ның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі;

39.Экологиялық қауіпсіздік- қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі.

40.ҚР ЖІҚ-Қазақстан Республикасының жедел-іздігіру қызметі

41.ҚР ІМ- Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі

42.ҚР ҚМ- Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі

43.ҚР ҚМ ББО-Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бас барлау орталығы

44.ҚР КНБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

45.ҚР ӘМ - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

46.ҚР ПКҚ- Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі

47.ҚР ҚАМ- Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару мекемесі

48.ЖЖШ- Жалпы жедел-іздігіру шарасы

49.АЖШ- Арнаулы жедел- іздігіру шарасы

50.ЖІП - Жедел іздігіру процесі

51.ҚР ҚК –Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

52.ҚР ҚІК-Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексі

53.ҚР ҚАК-Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексі

54.ҚР ҚАЖ-Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару жүйесі

55.ҰБО- Интерполдың ұлттық бюро орталығы

ДӘРИСТІҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атауы	Сағат саны	Апта	Әдебиеттер
1.	Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы-тарихи және әлеуметтік алғышарттары	1	1	1,2,3,4
2.	ЖІҚ-і курсының жүйесі, түсінігі және мін-деттері мен функциялары.	1	2	1,2,3,4,5
3.	ЖІҚ-нің құқықтық негіздері мен қағидалары	1	3	1,3,4,5
4.	ЖІҚ-нің жеке тұлғалылығы, олардың құқықтары мен міндеттері	1	4	1,2,3,4,5
5.	ЖІҚ-ін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау органдарымен әрекеттестігі.	1	5	1,3,4,5
6.	ЖІҚ-нің формасы мен әдістері және объектілері	1	6	1,2,3,4,5
7.	ЖІҚ-ін іске асыру шаралары түсінігі және негіздері	1	7	1,2,3,4,5
8.	Жалпы жедел-ізвестіру шаралары	1	8	1,2,3,4,5
9.	Арнаулы жедел-ізвестіру шаралары	1	9	3,4,5
10	ЖІҚ-і оперативтік жағдайлары	1	10	3,4,5
11	ЖІҚ-нің түрлері	1	11	3,4,5
12	Жедел-ізвестіру процесі және оның қызыметінің нәтижелерін қолдану тәртібі		12	2,3,4,5
13	ЖІҚ-н жүргізу бағыттары	1	13	2,3,4,5
14	ЖІҚ-нің қылмыстық және әкімшілік ізвестіру бағыттары	1	14	2,3,4,5
15	ЖІҚ-н прокурорлық қадағалау	1	15	1,2,3,4,5
	Барлығы			

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

	Тақырып атауы және мазмұны	Са- ғат саны	Ап- та	Әдебиетт ер
1.	<p><u>Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы, тарихи және әлеуметтік алғышарттары:</u></p> <p>1. Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы ғылымның бір саласы ретінде.</p> <p>2. Жедел-ізвестіру қызметінің заң ғылымдарымен арақатынасы.</p> <p>3. Жедел-ізвестіру қызметінің басқа да ғылымдармен байланысы.</p> <p>4. Жедел - ізвестіру қызметінің тарихи әлеуметтік алғышарттары.</p> <p>5. Жедел-ізвестіру қызметінің қалыптасуы мен даму кезеңдері.</p> <p>6. Құқықтық мемлекеттің пайда болуы, даму кезеңдеріндегі жедел- ізвестіру аппараттарының құрылымы.</p>	1	1	1,2,3,4
2.	<p><u>ЖІҚ-і курсының жүйесі, түсінігі және міндеттері мен функциялары:</u></p> <p>1 Жедел- ізвестіру қызметі пәні курсының жүйесі сипаттамасы.</p> <p>2. Жедел- ізвестіру пәні курсының жүйесінде қаралатын мән- жайлар.</p> <p>3. Жедел – ізвестіру қызметінің негізгі ұғымдары мен түсінігі.</p> <p>4. Қазақстан Республикасы жедел ізвестіру қызметінің мақсаттары мен міндеттері.</p> <p>5. Қазақстан Республикасы жедел- ізвестіру қызметінің функциялары.</p>	1	2	1,2,3,4,5
3.	<p><u>ЖІҚ-нің құқықтық негіздері мен қағидалары:</u></p> <p>1. Жедел-ізвестіру қызметінің қайнар көзі және құқықтық негіздері.</p> <p>2. Жедел- ізвестіру қызметінің қағидалары.</p> <p>3. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырудағы заңдылық кепілдіктері.</p>	1	3	1,3,4,5
4.	<p><u>ЖІҚ-нің жеке тұлғалылығы, олардың құқықтары мен міндеттері:</u></p> <p>1. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдары.</p>	1	4	1,2,3,4,5

	2.Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының міндеттері. 3.Қазақстан Республикасы Жедел – іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен құзыреті.			
5.	<u>ЖІҚ-ін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау органдарымен әрекеттестігі:</u> 1.Қазақстанның ішінде ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының әрекеттестігі. 2.ЖІҚ-ін іске асырушы органдарының шет мемлекет органдарымен әрекеттестігі. 3.Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара әрекеттестігі.	1	5	1,3,4,5
6.	<u>ЖІҚ-нің формасы мен әдістері және объектілері:</u> 1.Жедел- іздестіру қызметінің формалары. 2.Жедел- іздестіру қызметінің әдістемелері. 3.Жедел- іздестіру қызметінің объектілері.	1	6	1,2,3,4,5
7.	<u>ЖІҚ-ін іске асыру шаралары түсінігі және негіздері:</u> 1.Жедел-іздестіру қызметінің шараларының түсінігі және маңызы. 2.Жедел-іздестіру шараларын жүргізу негіздері. 3.Жедел-іздестіру шараларын жүргізу шарттары	1	7	1,2,3,4,5
8.	<u>Жалпы жедел-іздестіру шаралары:</u> 1.Жалпы жедел- іздестіру шарасының түсінігі, маңызы. 2.Жалпы жедел-іздестіру шараларына жатқызылған іс- әрекеттер.	1	8	1,2,3,4,5
9.	<u>Арнаулы жедел- іздестіру шаралары:</u> 1.Арнаулы жедел- іздестіру арнаулы шараларының түсінігі. 2.Жедел- іздестіру арнаулы шараларын жүргізу негіздері. 3.Жедел-іздестіру арнаулы шараларын жүргізудегі құқық қорғау органдарының құқықтары.	1	9	3,4,5
10	<u>ЖІҚ-і оперативтік жағдайлары:</u> 1.Жедел- іздестіру қызметінің оперативтік-жағдайлары түсінігі 2.Оперативтік жағдайдың маңызы мен элементтері	1	10	3,4,5

	3.Оперативтік жағдайды танып - білудің әдістемесі			
11	<u>ЖІҚ-і функциясының түрлері:</u> 1.Жедел-ізвестіру қызметінің құқық қорғау функциясы, түрлері, саралануы және мазмұны. 2.Жедел-ізвестіру қызметінің арнаулы функциясы түрлері, саралануы және мазмұны.	1	11	3,4,5
12	<u>Жедел-ізвестіру процесі және оның қызметінің нәтижелерін қолдану тәртібі:</u> 1.Жедел-ізвестіру процесінің түсінігі, оның функцияларының бөлінуі. 2.Жедел-ізвестіру процесінің сатылары, түрлері 3.Жедел-ізвестіру қызметі нәтижесінің түсінігі және түрлері. 4.Жедел-ізвестіру қызметі нәтижесін, анықтау органына, тергеуші, прокурор және сотқа беру тәртібі. 5.Жедел-ізвестіру қызметінің нәтижесін заңнан тысқары қолдану тәртібі. 6.Жедел-ізвестіру қызметіндегі шектеулер мен шараларды тоқтату негіздері.		12	2,3,4,5
13	<u>ЖІҚ-н жүргізу бағыттары:</u> 1.Жедел-ізвестіру қызметінің бағыттары түсінігі. 2.Жедел-ізвестіру қызметінің барлау бағыты. 3.Жедел-ізвестіру қызметінің сыртқы қарсы барлау бағыты .	1	13	2,3,4,5
14	<u>ЖІҚ-нің қылмыстық және әкімшілік ізвестіру бағыттары:</u> 1.Қылмыстық ізвестіру бағытының түсінігі. 2.ЖІҚ-нің әкімшілік ізвестіру бағыты. 3.Жедел-ізвестіру бағыты.	1	14	2,3,4,5
